Осылайша, Ф.Шлейермахер мәтіннің тереңде жатқан, кейде бүркемелі мағыналарын анықтау міндетін, сондай-ақ туындының мән-мағынасын дәл түсіндіру мәселесін алға тартты, яғни танып білу, түйсіну, ұғыну, түсіну мен адекватты түсіндіру, яғни интерпретация процесін зерттеудің жеке саласына бөліп, герменевтиканың орталық категориясына айналдырды; таным процесінің философиялық табиғатын ашты. XIX ғ. басында Ф. Шлейермахердің еңбектерінің арқасында «Герменевтика тек филологиялық емес, философиялық сипатқа да ие болды» (Тисельтон, 2011:168). М.Хайдеггер танып білу мен өзінше түсіндіруді тіршіліктің/болмыстың негізгі формалары деп көрсетті, оның шәкірті Г.-Г.Гадамер герменевтиканы гуманитарлық ғылымдардағы әдіс ретінде ғана емес, тіршілік, онтология ілімі ретінде де түсіндірді (Гадамер, 1988); (Медведев, 2017).

Сонымен, герменевтика ежелгі грек авторлардың ерікті түсіндіруден бастап таным әдіснамасы туралы ілімге дейін, сайып келгенде, болмыс, тіршілік туралы, яғни онтология іліміне дейін ұзақ даму жолынан өтті. Бүгінгі таңда герменевтика аясында адам тіршілігіне, адамзат мәдениетіне, бүкіл Универсумға қатысты көптеген мәселелер қарастырылады.

Герменевтикалық талдау белгілі бір ережелерге сәйкес жүзеге асырылады, олардың ең маңыздылары: бірінші – зерттеу нысанының дербестік ережесі (канон автономии объекта исследования): зерттеушінің ғылыми, саяси, дүниетанымдық т.б.с.с. көзқарастары мен ұстанымдары қарастырылып отырған мәтінді тану, түсіну, түсіндірілуіне ықпал етпеу керек, яғни туындының мән-мағынасы, құндылығы мен маңыздылығы түсіндірушіге байланысты болмауы лазым. Екінші – тұтастық ережесі (канон тотальности) – мәтіннің қай тұстары, қай фрагменттері, я автор мұрасының қандайда мәтіні түсініксіз болып, зерделеуді қажет етсе де, мәтін, сондай-ақ автордың барлық мәтіндері бүтін, біртұтас, бөлінбейтін дүние, құбылыс ретінде қабылданып қарастырылуы лазым. Үшінші – интерпретация барысында міндетті түрде мына мәселелер назарда болуы қажет: автордың шығармасын жазғандағы мақсат-мүддесі, түпкі ниеті, шығармашылық тұлғасы мен статусы, туындыны туғызған тарихи-мәдени, саяси-әлеуметтік жағдаяттар, туындының жазылу, дүниеге келу тарихы және ситуативтік контексті.

Ұлттық әдебиеттану мен фольклортану ғылымдарының қалыптасып, дамуына айтарлықтай үлес қосқан Х.Досмұхамедұлы ғылыми-теориялық еңбектерінде, сондай-ақ ақын, жыраулардың мәтіндерін баспаға дайындағанда аталған принциптерді негізге ереже, әдіс ретінде қолданғанына көз жеткізілді.

1908-1912 жылдар аралығында Махамбеттің өлеңдері екі мәрте жарық көргені, алайда, екі басылымда да жеке шығармалары ғана берілгені мәлім. Х.Досмұхамедұлы ақындық, жыраулық поэзияның дарынды өкілі, жалынды ақын Махамбет Өтемісұлының шығармаларын ұзақ уақыт ел аузынан жинап, реттеп зерттеді, жеке жинақ етіп топтастырып, «Исатай – Махамбет» деген атпен 1925 ж. Тәшкенде бастырып шығарды. Бұл кітапқа Х. Досмұхамедұлы алғы сөз іспеттес «Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат» атты көлемді, мазмұны терең, мағлұмат-ақпаратқа бай зерттеу жазып жариялады (Исатай-Махамбет, 1925: 3-66). Зерттеушінің бұл мақаласы Исатай қолбасы болған, Махамбет жыршысы болған көтеріліс туралы жазылған бірінші зерттеу еңбек болғаны ақиқат.

Х. Досмұхамедұлы Махамбет шығармашылығын оны туғызған Исатай көтерілісінің контекстінде, Батыс Қазақстанда қалыптасқан, сол кезеңдерде шиеленіскен тарихи, саяси, әлеуметтік ситуациямен тығыз байланыста қарастырды. Бұл қисынды, себебі Махамбет шығармалары, негізінен, көтеріліс тұсында дүниеге келгені мәлім. Көтерілістің негізгі қозғаушы себебі – патшалық Ресейдің қазақ жерін тартып алуы, өз низамын орнатуы, сондай-ақ, хан, сұлтандардың қара халықтан қол үзіп, өз қамын ғана ойлауы, нәтижесінде халықтың ата қоныстарынан, тәуелсіздігінен айырылуы, тұрмысы нашарлап кедейленуі екенін зерттеуші дәл көрсетеді. Ол

былай жазады: «Жайлы қоныс табу, қонысты тартып алғандарды жою, хандарды, билерді, төрелерді қыру, қара қазақ баласына теңдік алып беру – міне, Исатайдың ұраны. Исатайдың ұраны өткен әсірдегі саясат партияларының программаларымен салыстыруға да келеді. Жұрттың Исатайға еруінің себебі осы» (Досмұхамедұлы, 1998: 54). Сондай-ақ автор патшалық Ресейдің басқыншылық саясатының тереңде жатқан себебін де көрсетеді: «Он сегізінші, он тоғызыншы әсірдегі патша өкіметінің жұмысы қазақты әбден бағындырып алып, қазақты көпір қылып Азияға аттау болды» (Досмұхамедұлы, 2017: 17).

Х.Досмұхамедұлы Кіші жүз қазақтарының драмалық хал-ахуалын, трагедияға толы, өмірде шынайы болған факт, оқиғаларды ел аузынан өзі жинаған ақпарат-мәліметтерге, тарихи аңыз-әңгімелерге, қолында бар еңбектерге (мыс. Добромислов, Крафт, Полферов, Сербаринов т.б.), құжаттарға сүйене отырып ғылыми тұрғыда сипаттады. Исатай көтерілісінің себеп-салдарын дұрыс көрсетіп, тарихи объективті саяси бағасын беріп, ой елегінен өткізген қорытындыларын ұсынды. «Исатайдың қимылы он тоғызыншы ғасырдағы ел әдебиетіне көп әсер берді» – деп қорытындылайды ол. Бұл еңбегімен автор өзін кәсіби тарихтанушы, әлеуметтанушы екенін танытты. Ғалымның бұл зерттеуі еліміздің басқа да аймақтарында болған ұлт-азаттық көтерілістерді түсініп саралауға жол ашады, себебі қазақ жерінде орын алған сондай қозғалыстарды тудырған тарихи-саяси, экономикалық-әлеуметтік, әскери жағдай өте ұқсас, бір типті болғаны белгілі. Сол себептен М.Әуезов «Әдебиет тарихы» (1927) монографиясында тарихи жырлар туғызған «Тарихтың дәл суретімен толығырақ танысамын деген кісі болса, қазақ тілінде шыққан Халел Досмұхамбетұлының «Исатай – Махамбет» жырының басына жазған баяншысы мен Қошмұхамбет Кемеңгерұлының «Қазақ тарихынан» деген еңбектерін қарап өтсін дейміз», – деп жазған (Әуезов, 2001: 148).

Аталған мақаласында Х.Досмұхамедұлы Махамбеттің ата-тегін, туып-өскен ортасын, тұлғалық қасиеттерін сипаттай келіп, ақынның елдің ауыр халін, мұң-шерін жүрегімен түсініп, халықтың жағдайын түзетуге, армандаған болашағын қамтамасыз етуге, сол жолда жанын құрбан етуге іштей дайын болғандығын дәл көрсетеді: «Махамбеттің өзі де жас кезінде Жәңгірдің нөкерінде екен. Исатай ханға қарсы бола бастағанда-ақ Исатайға еріп кеткен. Өтемісұлы Махамбет батыр – бастан-аяққа дейін қасында жүрген, жауымен жауласып, дауымен дауласып, өлімге басын қиған Исатайдың қанды көйлек жолдасы» – деп нақтылайды (Досмұхамедұлы, 1998: 62).

Х. Досмұхамедұлы халық үшін хан ордасын тастап, қару алып, жауға қарсы шапқан, жалынды сөзін жай оғымен қатар жұмсаған Махамбеттің жалынды, өршіл, биік рухты өлеңдерін жоғары бағалағаны белгілі. Ғалым: «Махамбеттің өзі әрі батыр, әрі жырау, әрі домбырашы болған. Махамбеттің жыраулығы күшті болды. Махамбеттің сөзі көп болған. Көбі жойылған. <.. >. Махамбет сөзінің ішінде ел ішіне көп жайылғаны – Баймағамбет сұлтанға айтқаны. <.. >. Махамбеттің Байкеге айтқан сөзіндей қазақ арасында еш уақытта ханға сөз айтылған емес» – деп көрсетеді (Досмұхамедұлы, 2017: 48, 60).

Зерттеуші-ғалым Махамбет шығармашылығының қайнар көзін, оны туғызған органы, тарихи, саяси, әлеуметтік хал-жағдайды анықтаумен қатар, кей өлеңдерінің айтылу/шығарылу тарихына, қызметіне (функциясына), идеялық бағыты мен мақсатына, тыңдаушы қауымның ерекшелігіне т.б.с.с., яғни ситуативтік контекске де назар аударып отырған. Мысалы, «Ереулі атқа ер салмай» өлеңінің дүниеге келу тарихын былай баяндайды: «Көштен адасып, далаға қонып, ашығып, тоңып, ертеңгі күні қар астынан тұрғанда ғой Исатайдың: «Қазақ ел болам десе шай ішпесін, құс төсек төсенбесін, қималы етік кимесін» – деп, қазаққа сәлем айтатыны. Исатайдың сөзіне «Ереулі атқа ер салмай» деген таңданарлық ғажап өлеңін айтып Махамбет батырдың жауап беретіні де сол күні ғой» – деп жазады (Досмұхамедұлы, 2017: 37).

Х.Досмұхамедұлы Махамбеттің жыраулығы күшті, шығарған өлеңі көп болғанын, алайда көп өлеңі сақталмағаны туралы бірнеше мәрте жазады. Ғалымның жазуынша Орал, Торғай, Бөкейлік, Маңғыстау елдерінде Махамбеттің сөздерін айтатын жыршылар күні кешегіге дейін көп болған, «Айтушылардың көбі бірақ Махамбеттің түрлі сөзін қосып шатастырып айтқан».

«Исатай-Махамбет» жинағына алынған мәтіндер жөнінде ғалым мынадай мәлімет береді: «Біздің бастырып отырғанымыздың негізіне Мұрат ақыннан естіп едім деп, Шөрекұлы Ығылман ақынның жазып бергені алынды. Қолымыздағы нұсқаларды салыстырып құрастырғанда, бабтарға бөлгенде сөздердің орны алмасып кетуі мүмкін. Бала күнінен осы сөзге құлағы қанық Махамбеттің еліндегі ақсақал, қарасақалдары біздің келтіріп отырған өлеңімізді дұрыс дейді» (Досмұхамедұлы, 2017: 60).

Қорыта айтқанда, Х.Досмұхамедұлы «Исатай-Махамбет» жинағын дайындау барысында герменевтиканың негізгі талаптарын орындаумен қатар, ақын өлеңдерінің жиналған нұсқаларын салыстыра зерттеп, авторлық түпнұсқаға мейлінше жақын мәтінді анықтауға еңбек еткен. Басқаша айтқанда, автордың герменевтика аясында пайда болған мәтінтану саласы бойынша да ғылыми ізденістерге қадам жасағанын көреміз. Сондай-ақ Х.Досмұхамедұлы Махамбеттің поэзиялық мұрасын толық күйінде бірінші боп қалың оқырманмен таныстырды, ғылыми айналымға енгізді, ал Махамбет шығармашылығына арналған зерттеулерімен махамбеттанудың негізін қалады.

Абай өлеңдерінің басылымын (1922) дайындау ісіне де Халекең үлкен жауапкершілікпен келіп, кәнігі ғылыми дайындығын танытты. Ұлы ақын өлеңдерінің ішкі дүниесі мен сыртқы пішінінің таңғажайып үйлесімдігін, философиялық мән-маңызын, жоғары көркемдігін, осыдан шығатын күдіреттілігін танып, жоғары бағалаған ғалым ұлы Абай мұрасының халық үшін, әсіресе, сол аласапыран кезеңдерде аса маңызды, өте керек екенін жақсы білді.

Кітапқа жазған «Оқушыларға ескертпе» және «Дұрыстаушылардан» (У.Омаровпен авторлық бірлестікте жазылған) атты шағын алғы сөз іспеттес тараушаларда «Абайдың терең ойлы, көркем өрнекті сөздері ел ішінде бұл күнге дейін жарытып жайылмап еді» – деп, өкінішін білдіреді (Абай, 1922: 4). Оның себебін «Қазақ емлесімен дұрыстап жазылмағандықтан, жаңылыс басылған сөздері



көп болғандықтан мәнісін айырып оқу қиын еді», деп көрсетеді де әрі «Осы мезгілде білім жолындағы жұмыстарға «толық Абай» өте мұқтаж, тым керек болып тұр» – деп, ойың нақтылайды (Абай, 1922: 2-6).

Ғалым өзі жазғандай аталған «кемшіліктерді жоюға, сөздерін анықтап дұрыстауға, түсінігі кемдеу сөздерді жоруға қолдан келгенше» еңбектенеді және Абайда жиі кездесетін кірме сөздерді түсіндіру, есімдері кездесетін жазушы, философтар жайлы мәлімет беру мақсатымен 100 анықтама-түсінік жазады. Оны жазғанда түрлі сөздіктерді пайдаланады, өз заманындағы білімді кісілердің көмегіне жүгінеді.

Осы ғылыми түсініктемелердің соңында Х.Досмұхамедұлы 1922 жылы, яғни 102 жыл бұрын: «Абай тек өлеңші емес, терең саналы адам, философ. Жазған сөзін түсінуге ой керек. Кейбір сөзін, сөйлемін, өлеңнің өздерін түрліше жоруға болады. Біз мәдениетті жұрт болсақ, Абайдың жүз бет өлеңіне мың бет жору (комментарий) жазылған болар еді... Надандығымыз кеміп, көзіміз ашылған сайын Абайдың қадірі де көтеріле бермекші» деп қорытындылайды (Абай, 1922: 284).

Демек Х.Досмұхамедұлы «тану», «ұғыну», «түсіну» философиялық категорияларды терең түсініп, зерттеу құралы етіп, ұлы Абай мұрасын танып білу, түсіну қажеттігін алға тартты. Зерттеушінің бұл жазғандары Ф.Шлейермахердің герменевтика деген ол – «біреудің сөзін (сөйлеуін) түсіну», «түсіну өнері», «мәтінді түсіну туралы ілім», «автордың ойы – ең бастысы, сондықтан зерттеуші авторды өзінен гөрі жақсы түсіну керек» деген қорытындыларын еске түсіреді. Және де бұл жерде мәселе герменевтиканың бірінші шарты, Г.-Г.Гадамер «предметное понимание» деп атаған ұғымымен байланысты (Гадамер, 1991:78), (Потоцкий, 1991:92). Сонымен қатар Х.Досмұхамедұлы – ақын өлеңдерінің ғылыми басылымын дайындаудың жолын, методикасын көрсетуші, Абай өлеңдері текстологиясының теориялық-практикалық негізін салушы.

Х.Досмұхамедұлы фольклорлық үлгілерді жариялау ісіне де зор ыждаһатпен, кәсіби тұрғыда қараған. Бұған «Кенесары, Наурызбай» тарихи жырының басылымы дәлел бола алады. Басылымға жазылған «Түзетушіден» деп аталған кіріспеде ғалым жарияланымның мақсаты мен міндеттерін және мәтінді баспаға дайындаудың ұстанымдарын нақты көрсетеді. Ол былай дейді: «1) Алатаудағы соғыс туралы Нысамбай ақынның шығарған сөзінің дұрыс нұсқасын беру; 2) Ел арасындағы Нысамбай сөзі аталып, сыңар езу сөйленіп жүрген сөздердің әсерін жою; 3) Мектептерде оқылатын ана тілі үшін тарихи поэманың жақсы үлгісін беру; 4) Ел әдебиетінен алынған сөздерді қалай етіп шығару туралы қолдан келгенше үлгі көрсетіп, жол салу» (Досмұхамедұлы, 1998: 90).

Бұдан біз ғалымның бұлжымас азаматтық позициясын, фольклордың өскелең ұрпаққа тәрбие берудегі ақпараттық-танымдық, философиялық, эстетикалық маңызын терең түсінгенін, оны ана тілінің қазынасы, сақтаушысы ретінде ұғынғанын аңғарамыз. Зерттеушінің «ел арасындағы Нысамбай сөзі аталып, сыңар езу сөйленіп жүрген сөздердің әсерін жою», ақынның шығарған сөзінің дұрыс нұсқасын беру керектігін мақсат еткені, ел арасынан жыр нұсқаларын іздестіріп, жинақтап, жүйелеп, салыстырып зерттегені ғылым үшін де, оқырман үшін де аса қажет іс болғаны күмән

туғызбаса керек. Себебі, фольклорлық туынды – ұжымдық шығармашылықтың жемісі. Дегенмен, кез келген мәтінді әу баста ауызша шығарып, дүниеге әкелетін сол ұжымның өкілі, кезінде аты-жөні белгілі болған адам. Уақыт өте шығарушының аты ұмытылып, халық жадында тек мәтін сақталады. Ал, ауызша шығарылып айтылатын мәтіннің ел арасына таралу барысында өңдеу-жөндеуге түсетіні заңдылық. Ол түрлі трансформацияға ұшырап, нұсқалары пайда болады.

«Кенесары, Наурызбай» жырына сюжеттік негіз болған оқиғалар XIX ғасырдың қырқыншы жылдары, яғни тарихи тұрғыдан алғанда, кеше ғана өткен. Сол кездің өзінде-ақ халқымыздың өмірінде, қоғамда күрделі тарихи-әлеуметтік, саяси-экономикалық өзгерістер қарқын ала бастағаны белгілі. Нәтижесінде халқымыздың өмір сүру низамы күрт өзгерді, бұл өз кезегінде фольклордың әрі қарай дамып, қызмет ететін ортасының жойылуына, жоғалуына әкелді. Сонымен бірге, Кенесарының көтерілісі, оның қайғылы аяқталуы, Нысанбайдың оны жырлауы мен нұсқаны Диваевтің жинауы қысқа мерзім ішінде болғандықтан бұл жыр айтарлықтай өзгерістерге ұшырамай, «фольклорлану» процесіне толық түсіп үлгермей, Халекенге, оның информаторларына бастапқы қалпында жетті деген үміт орынсыз емес. Ғалым баспаға дайындап, жарыққа шығарған «Кенесары, Наурызбай» жырының шығарылу, айтылу, таралу, жиналу ерекшеліктері осы іспеттес XVIII, XIX ғғ. көптеп дүниеге келген тарихи жырлардың шығу тарихын терең түсініп, тануға жол ашады. Бұл жыр М.О.Әуезовтің тарихи жырларға берген «Ел тіршілігінде анық болып өткен тарихи оқиғадан туады, <..>, атақты адамдардың басынан кешкен өмір, қолымен істелген жыры болады. <..>. Бұл әңгімелердің көбі сол оқиғалардың ішінде болған, көзі көргеннің әңгімесі» (Әуезов, 2001: 144) деген анықтамасын растай түседі.

Халекеннің жырды Әбубәкір Диваевқа 1897 жылы берген Жүсіпбек Басықараұлы екенін, ал Жүсіпбек сумұрын жаппас Ораз деген ақынға жаздырып алғанын көрсеткені ғылым үшін өте құнды. Сондай-ақ, ол жырда кездесетін кісі есімдеріне, жер-су атауларына, түсініксіз сөздерге түсінік және Абылай, Қасым мен Кенесары хандар жөнінде тарихи анықтама берген. Осы ғылыми түсініктерді жазғанда Х.Досмұхамедұлы: «Шәкәрімнің тарихын, Ахмет төре Кенесарыұлының Смирновқа «Кенесары мен Сыдық төре туралы» жазып берген сөздерін, орыс тілінде Түркістан туралы, әсіресе Жетісу туралы жазылған көп кітаптарды пайдаландық. Бұл – бір. Екінші, Қоңырқожа Қожықұлынан, Мұхаметжан Тынышбайұлынан, Жанқараш немересі Сатарқұл Диканбайұлынан, Ишанғали Арабайұлынан, Кенесары немересі Әзімхан Ахметұлынан, тағы басқалардан алынған мағлұматтарды пайдаландық» – дейді (Досмұхамедұлы, 1998: 90).

Демек Х.Досмұхамедұлы «Кенесары, Наурызбай» жырына бүгінгі эдициялық мәтінтану шарттарына толық жауап беретін ғылыми түсініктеме жазған деп қорытынды жасауға болады.

#### **4. Нәтижелер**

Х.Досмұхамедұлы Махамбет шығармашылығын оны туғызған Исатай көтерілісінің контекстінде қарастырып, көтерілістің негізгі қозғаушы себебі –

патшалық Ресейдің Қазақ еліне қарсы ұйымдастырған бірнеше ғасырға созылған әскери, саяси, экономикалық, идеологиялық экспансиясы екенін дәл көрсетті. Махамбет шығармашылығының қайнар көзін, оны туғызған ортаны, тарихи жағдаяттарды жан-жақты тексерді. Кіші жүз қазақтарының саяси, әлеуметтік хал-жағдайын құжаттарға сүйене отырып, ғылыми тұрғыда сипаттады. Исатай көтерілісінің себеп-салдарын нақтылап, тарихи объективті саяси бағасын беріп, ой елегінен өткізген қорытындыларын ұсынды. Бұл еңбегімен автор өзін кәсіби әдебиеттанушы, тарихтанушы екенін танытты.

Х.Досмұхамедұлы «Исатай-Махамбет» жинағын дайындау барысында герменевтиканың негізгі талаптарын орындаумен қатар, ақын өлеңдерінің жиналған нұсқаларын салыстыра зерттеп, авторлық түпнұсқаға мейлінше жақын мәтінді анықтауға еңбек етті.

Дарынды жырау Нысанбай жырлаған «Кенесары-Наурызбай» жырының дұрыс нұсқасын, басқаша айтқанда жыраудың сөзіне мейлінше жақын мәтінді ел арасынан іздестіріп беруді әрі «Ел әдебиетінен алынған сөздерді қалай етіп шығару туралы қолдан келгенше үлгі көрсетіп, жол салуды» мақсат еткен Х.Досмұхамедұлының бұл бағытта қыруар еңбек еткеніне оның ғылыми түсініктерді жазу барысында пайдаланған әдебиеттер тізімі дәлел. Халық санасында ұлт-азаттық күрестің символына айналған Кенесары көтерілісіне Халекең объективті тарихи-саяси бағасын берді. Нысанбай жырлаған сюжеттің арқауы болған қайғылы оқиғалардың астарын, сол кезеңдердегі қазақ-қырғыз қарым-қатынастарының түпкі себептерін, үшінші жақтың араласқанын жақсы білген зерттеуші әділдік, объективтік танытады.

Ұлы Абай өлеңдерінің жинағын баспаға дайындағанда Х.Досмұхамедұлы ақынның түпкі ниетін танып білуді, түсінуді әрі оқырманға түсіндіріп жеткізуді өзінің мақсаты, парызы деп білді, сол жолда еңбек сіңірді.

## 5. Қорытынды

Зерттеу нәтижелері бойынша мынадай қорытынды жасауға болады. ХХ ғасыр басында жаңадан қалыптасқан қазақ саяси элитасының көрнекті өкілі Халел Досмұхамедұлы филология саласында жазған еңбектерімен өзін үздік ойлы ғалым екенін танытты.

Ол, біріншіден, туған халқы үшін ең маңызды зәру мәселелерді күн тәртібіне қойып, ғылыми ұжым мен қалың оқырманның назарын аударды. Сондай мәселелердің бірінші қатарына ғалым тіл мәселесін қойды. Оның «Тіл – жұрттың жаны. Өз тілін білмеген ел – ел болмайды. < ... >. Тілінен айрылған жұрт – жойылған жұрт» деген сөздерімен көпшілік таныс. Тілмен қатар Халекең халық сөз өнері (фольклор мен ақын, жыраулардың поэзиялық мұрасы) үлгілерін ел аузынан жинап, зерттеп, ғылыми айналысқа енгізу мәселесіне үлкен мән берді. Ғалым «Сана» журналын шығарушылардың алда тұрған мақсат-міндеттерінің бірі – «Қазақ-қырғыз жұртының тілімен, әдебиетімен жақсы таныстыру», – деп көрсеткен болатын.

Екінші, ғалым «Исатай – Махамбет», «Кенесары – Наурызбай» жинақтарын баспаға дайындау барысында герменевтика қағидаларын негізге алды: екі жинақта да зерттеу нысанының дербестік ережесі (канон автономии объекта исследования)

мен тұтастық ережесі (канон тотальности) орындалған. Сондай-ақ зерттеуші автордың (Махамбет), жыршының (Нысанбай) туындыларын дүниеге әкелгендегі мақсат-мүддесін, түпкі ниетін, туындыны туғызған тарихи-мәдени, саяси-әлеуметтік жағдайларды және ситуативтік контекстерді зерттеді.

Үшінші, Х.Досмұхамедұлы «тану», «ұғыну», «түсіну» деген философиялық категорияларды зерттеу құралы етіп, ұлы Абай мұрасын танып біліп, түсіну қажеттігін алға тартты. Жазғандарына мейлінше үңіліп, тереңдігіне мойынсұнып, бас ұрып, оқырмандарымен бөлісіп, Абай шығармашылығын әрі қарай танып, зерттеп, ұлттық қазына етуге үндеді.

Төртінші, Х.Досмұхамедұлының «Исатай-Махамбет», «Кенесары – Наурызбай», Абай өлеңдерінің жинағына жазған түсініктері оның герменевтика қағидаларымен бірге герменевтика аясында пайда болған эдициялық мәтінтану ережелерін де орындағаны, ол үшін күрделі ғылыми ізденістерге барғаны айқындалып отыр. Шындығына келгенде зерттеушінің аталған үш жинаққа жазған пікірлері бүгінгі эдициялық мәтінтану шарттарына толық жауап беретін, қазақ ғылымында алғашқы, жоғары деңгейде жазылған ғылыми түсініктің үлгісі екені даусыз.

Х.Досмұхамедұлының өмірі – Отанға, өзінің армандары мен ғылымға деген қалтқысыз қызмет етудің үлгісі. Оған демократшылдық идеалдар мен жалпыадамдық гуманистік құндылықтарды ұстану, өз халқына, туған жеріне деген сүйіспеншілік, жақсылық пен әділдіктің жеңісіне, ғылым мен ағартушылыққа деген мызғымас сенім тән болды.

Жоғары білімді, еуропалық деңгейдегі білім иесі Х. Досмұхамедұлы өзінің ғылыми еңбектерінде батыс ғылымының жетістіктерін, үздік методологиясын қолданды.

Өкінішке қарай, өзімен бірге еңбектері де репрессияға ұшырады.

Алайда, бүгінгі таңда ХХІ ғасыр ғылымы аясында да оның еңбектері айтарлықтай ғылыми-практикалық әлеуетке ие.

#### Әдебиеттер:

1. Абай. Ибраһим Құнанбайұлының өлеңдері. Таңдамалы өлеңдері. Үшінші басылуы. Абай. Избранные стихотворения. 3-е издание. – Ташкент, 1922.
2. Әуезов М.О. Әдебиет тарихы // Мұхтар Әуезов. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 4-том. Зерттеулер, оқулықтар, әдеби нұсқалар. 1924-1930. – Алматы, 2001. – Б. 5-236.
3. Гадамер Г.-Г. Истина и метод. Основы философской герменевтики. Пер. с немецкого, общая редакция и вступит. статья Б.Н.Бессонова. – Москва, 1988.
4. Гадамер Г.-Г. Актуальность прекрасного. – Москва, 1991.
5. Досмұхамедұлы Халел. Еңбектері. Бірінші том. Жан саулығы. Құрастырған проф.Ф.Әнес. – Алматы, 2017.
6. Досмұхамедұлы Халел. Таңдамалы. Избранное. Қазақ тарихы, әдебиеті мен тілі, медицина, биология, табиғаттану салаларына қатысты зерттеу мақалалары және оқулықтарынан үзінділер. Құрастырған Ф.Әнес. – Алматы, 1998.
7. Исатай-Махамбет. Бірінші бөлім. – Ташкент, 1925.
8. Креминский В.И. Особенности герменевтической интерпретации художественного произведения (Электронный ресурс) / В.И.Креминский // Культура народов Причерноморья. – 2000. – Том 14: – режим доступа: [http://elib.cremia.edu/index.php?option=com\\_content\\_task=view\\_id=66](http://elib.cremia.edu/index.php?option=com_content_task=view_id=66).

9. К.Нұрпейісов. Саяси көзқарас, халық азаттығы үшін күрес, Алашорда үкіметі // Нұрпейісов К., Құлқенов М., Хабижанов Б., Мектепов А. Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы. – Алматы, 1996. – Б.59-113; Нұрпейісов К. Алаш хәм Алашорда. – Алматы, 1995.
10. Медведев Н.В. Герменевтика Гадамера и социально-гуманитарное познание. – Тамбов: Грамота. 2017. №7 (81). – С. 123-127. Адрес журнала: [www.gramota.net/editions/3.html](http://www.gramota.net/editions/3.html)
11. Мектепов А. Әдебиеттанушы ғалым, этнограф-тарихшы, профессор // Нұрпейісов К., Құлқенов М., Хабижанов Б., Мектепов А. Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы. – Алматы, 1996. – Б.114-156.
12. Потоцкий А.А. Герменевтика и методология художественного познания // Труды БГТУ. Серия 6, История, философия. 2022.№2 (263). – С.90-93.
13. Сыздықова Р., Әнес Ф. Халел шындыры. Профессор Халел Досмұхамедұлының өмірі мен шығармашылығы хақында шағын шолу // Халел Досмұхамедұлы. Таңдамалы. Избранное. Құрастырған Ф.Әнес. – Алматы, 1998. – Б. 11-26.
14. Тисельтон Э. Герменевтика. Перевод с английского Ольги Розенберг. – Черкассы, 2011.
15. Шлейермахер Ф. Герменевтика. – Перевод с немецкого А.Л.Вольского. – СПб., 2004.

#### References:

1. Abai. (1922) Poems of Ibrahim Kunanbayuly. Selected poems. Third edition. Abai. Selected poems. 3rd edition. – Tashkent. (in Kaz)
2. Auezov M.O. (2001) History of literature // Mukhtar Auezov. Complete collection of fifty volumes of his works. Volume 4. Studies, textbooks, literary versions. 1924-1930. – Almaty. – P. 5-236. (in Kaz)
3. Dosmukhameduly Khalel. (2017) Works. Volume one. Soul health. Compiled by prof. G. Anes. – Almaty. (in Kaz)
4. Dosmukhameduly Khalel. (1998) Selected. Selected. Research articles and excerpts from textbooks on Kazakh history, literature and language, medicine, biology, natural science. Compiled by G. Anes. – Almaty. (in Kaz)
5. Gadamer G.-G. (1988) Truth and method. Fundamentals of philosophical hermeneutics. Trans. from German, general edition and introduction. article by B.N. Bessonov. – Moscow. (in Russ)
6. Gadamer G.-G. (1991) The relevance of the beautiful. – Moscow. (in Russ)
7. Isatay-Makhambet. (1925) Part One. – Tashkent. (in Kaz)
8. Kreminsky V.I. (2000) Peculiarities of hermeneutic interpretation of a work of art (Electronic resource) / V.I. Kreminsky // Culture of the peoples of the Black Sea region. – Volume 14: – access mode: [http://elib.cremia.edu/index.php?option=com\\_content&task=view&id=66](http://elib.cremia.edu/index.php?option=com_content&task=view&id=66). (in Russ)
9. K. Nurpeisov. (1996) Political views, the struggle for people's freedom, the Alashorda government // Nurpeisov K., Kulkenov M., Khabizhanov B., Mektepov A. Khalel Dosmukhameduly and his life and work. – Almaty. – P.59-113; Nurpeisov K. Alash and Alashorda. – Almaty, 1995. (in Kaz)
10. Medvedev N.V. (2017) Gadamer's hermeneutics and social and humanitarian cognition. – Tambov: Gramota. №7 (81). – P. 123-127. Journal address: [www.gramota.net/editions/3.html](http://www.gramota.net/editions/3.html) (in Russ)
11. Mektepov A. (1996) Literary critic, ethnographer-historian, professor // Nurpeisov K., Kulkenov M., Khabizhanov B., Mektepov A. Khalel Dosmukhameduly and his life and work. – Almaty. – P.114-156. (in Kaz)
12. Pototsky A.A. (2022) Hermeneutics and methodology of artistic knowledge // Trudy BGTU. Series 6, History, philosophy. No. 2 (263). – P. 90-93. (in Russ)
13. Syzdykova R., Anes G. (1998) Halel Peaks. A brief overview of the life and work of Professor Khalel Dosmukhameduly // Khalel Dosmukhameduly. Optional. Selected. Compiled by G. Anes. – Almaty. – P. 11-26. (in Kaz)
14. Schleiermacher F. (2004) Hermeneutics. – Translated from German by A.L.Volskogo. – St. Petersburg. (in Russ)
15. Thiselton E. (2011) Hermeneutics. Translated from English by Olga Rosenberg. – Cherkasy. (in Russ)

**Ә. Өскен<sup>1\*</sup>, Д. Қамзабекұлы<sup>2</sup>, М. Екіджі<sup>3</sup>**

<sup>1,2</sup>Д.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

<sup>3</sup>Еге Университеті, Түркі Әлемі Ғылыми-Зерттеу Институты, Измир, Түркия

E-mail: <sup>1</sup>oskenasem@gmail.com, <sup>2</sup>dikhan.kamzabek@mail.ru, <sup>3</sup>metin.ekici@ege.edu.tr

ORCID: <sup>1</sup>0000-0001-7291-9858, <sup>2</sup>0000-0001-5622-3834, <sup>3</sup>0000-0002-9400-8462

## **ЯСАУИ ЖӘНЕ АБАЙ – АЛАШ ЖҰРТЫНЫҢ РУХАНИ ТҰҒЫРЫ**

**Аңдатпа.** Күллі түркі жұртының ұстазына айналған Қожа Ахмет Ясауидің сопылық ілімі Орталық Азия, Еділ бойы, Анадолы, жалпы Шығыс елдеріне тарап, барша халықты ізгілікке тәрбиелей білді. Алланы сүю, ізгілік, мейірімділік, махаббат, жақсылық, кемелдікке ұмтылу, екі дүниені ғылым-білім арқылы тануға үйрететін сопылық ілім XII ғасырда жанданып, күллі өркениетті өзіне қарата алды. XIX ғасырдан бастап орыс мәдениеті арқылы Батыстық мәдениеттің ықпалы күшейген қазақ жерінде «Шығыста жарқырай туған шолпан жұлдыз» болып – Абай Құнанбайұлы дүниеге келді. Абай да, Ясауи да өз дәуірінің озық ойлы ірі рухани реформаторы болатын. Абай өлендері мен Ясауи хикметтері бір-бірімен үндес, мағыналас келіп отырады. Екі ойшыл өз шығармаларында ғылым, ізгілік, мейірімділік, еңбекқорлық пен Алланы ғылым арқылы сүюді насихаттайды. Ясауи ілімінен бастау алған бұл рухани ізденіс Абай шығармалары арқылы XX ғасыр басында ұлт рухын биіктеткен Алаш кезеңіне оң әсерін тигізді. Батыс пен Шығыстың ойшылдары мұрасымен етене таныс XX ғасырдағы ұлт зиялылары, Абай шәкірттері шығармашылығында Ахмет Ясауи қолтаңбасы көрініс табады. Бұл мақалада мәдени мұрамыз, рухани тұғырымыз – Ясауи, Абай және Алаш зиялы өкілдері шығармаларының әдеби және идеялық байланысы зерттелінеді.

**Кілт сөздер:** ғылым, Құран, сопылық, қазақ мұсылмандығы, Алаш, руханият.

**А. Өскен<sup>1\*</sup>, Д. Камзабекұлы<sup>2</sup>, М. Екіджі<sup>3</sup>**

<sup>1,2</sup>Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

<sup>3</sup>Университет Еге, Научно-Исследовательский Институт Тюркского Мира, Измир, Турция

E-mail: <sup>1</sup>oskenasem@gmail.com, <sup>2</sup>dikhan.kamzabek@mail.ru, <sup>3</sup>metin.ekici@ege.edu.tr

ORCID: <sup>1</sup>0000-0001-7291-9858, <sup>2</sup>0000-0001-5622-3834, <sup>3</sup>0000-0002-9400-8462

## **Ясауи и Абай – духовный пьедестал народа Алаш**

**Аннотация.** В казахских степях было немало ученых, которые, как поступками, так и своими произведениями, могли стать сподвижником для своей нации. Суфийское учение Ходжа Ахмеда Ясауи, ставшего учителем всех тюркских народов, распространилось на народы Средней Азии, Малой Азии и Востока. Суфийское учение Ясауи в XII веке, стоит у истоков всей цивилизации, которое учит любить Аллаха, а также к доброте, гуманизму и познанию Аллаха. С XIX века на казахской земле, где через русский язык росло влияние западной культуры, появился в мир Абай как «сияющая звезда, рожденная на Востоке». Абай Кунанбайұлы, обладавший совершенным умом, одновременно освоивший восточную и западную литературу, был возрожденцем пути, проложенного Ахметом Ясауи. Соответственно, и Абай, и Ясауи были великими реформаторами своего времени. Стихи Абая и хикметы Ясауи сочетаются в гармонии и значении. В своих произведениях два мыслителя пропагандируют науку, гуманность, доброту, трудолюбие, и все это через любовь к Аллаху. Этот духовный поиск, восходящий к учению Ясауи, через произведения Абая оказал положительное влияние на период Алаша, который поднял дух нации в начале XX века. В своих произведениях алашской интеллигенции, отражено суфийское учение великого мыслителя Ахмета Ясауи, под влиянием творчества Абая. В данной статье исследуется

литературная и идейная связь произведений представителей культурного наследия – Ясави, Абая и Алаша.

**Ключевые слова:** наука, Коран, суфизм, казахский мусульманин, Алаш, духовность.

**A. Osken<sup>1\*</sup>, D. Kamzabekuly<sup>2</sup>, M. Ekici<sup>3</sup>**

<sup>1,2</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

<sup>3</sup>Ege University, The Research Institute for Turkic World, Izmir, Turkey

E-mail: <sup>1</sup>oskenasem@gmail.com, <sup>2</sup>dikhan.kamzabek@mail.ru, <sup>3</sup>metin.ekici@ege.edu.tr

ORCID: <sup>1</sup>0000-0001-7291-9858, <sup>2</sup>0000-0001-5622-3834, <sup>3</sup>0000-0002-9400-8462

## Yesevi and Abai – the spiritual pedestal of the Alash people

**Abstract.** There have not been few sages in the Kazakh steppes who have led their nation with both their deeds and their words. The science of sufism of Hodja Ahmet Yesevi, the teacher of all Turkish peoples, spread among the peoples of Central Asia, Anatolia and the East, he advised and taught Decency to all people. The Sufi teaching of Yesevi in the XII century, stands at the origins of the entire civilization, which teaches to love Allah, as well as kindness, humanity and knowledge of Allah. Since the XIX century, Abai was born like a “Shepherd Star born shining in the East” in the Kazakh lands, where the influence of Western culture began to strengthen through Russian culture. Abai Kunanbaiuly, who is a wise person and has an equal foundation in Eastern and Western literature, has revived the path opened by Ahmet Yesevi in his time. Both Abai and Yesevi were great reformers of their era with advanced thinking. The poems of Abai and the wisdom of Yesevi are compatible with each other and similar in meaning. Both thinkers advise to love Allah through science, goodness, compassion, diligence and knowledge in their works. This spiritual search, going back to the teachings of Yesevi, through the works of Abai had a positive impact on the period of Alash, which raised the spirit of the nation at the beginning of the twentieth century. Therefore, it is possible to see the signature of the great thinker Ahmet Yesevi in the works of Alash intellectuals who grew up reading Abai’s poems. This article examines the literary and ideological connection between the works of representatives of cultural heritage – Yesevi, Abai and Alash.

**Keywords:** science, the Koran, Sufism, Kazakh Islam, Alash, spirituality.

### 1. Кіріспе

Адамзаттың өркениеті мен мәдениетінде ерекше орны бар ислам діні ғылым мен білімге ерекше мән берді. Ол туралы қасиетті Құран Кәрімнің сүрелері мен аяттарында да жазылған. Қасиетті кітаптың алғашқы аяты «Жаратушының атымен оқы!» деп түсті. Бұл бұйрық – тек Құранды ғана емес, әлемді, адамды, әлемнің жаратылыс сырлары мен ғаламды зерттеп-зерделей оқу дегенді білдіреді. Құранның мәні мен мазмұнын құрайтын сүрелерден ғылым мен ғалымдарға деген құрмет айқын көрінеді.

Шығыс ғұламаларының ішінде «Мәдинада — Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет» деңгейінде насихатталып, күллі түркі жұрты сопылық ілімнің бастауында тұрған пәлсапашы, ұлы ақын, ғұлама Құл Қожа Ахмет Ясауидің сопылық ілімі бүгінгі әлемдегі түркі дүниесінің барша жеріне тарап, дүниетанымның бастау-бұлағына айналды. Мұның арғы жағында дәстүрлі Имам ағзам Әбу Ханифа жолы тұрғаны да ақиқат.

Ахмет Ясауиді күллі түркі жұртына танымал етіп, абыройын асқақтатып тұрған – терең, пәлсафалық танымы мол «Диуани хикмет» еңбегі. Бұл кітап жай ғана кезеңдік насихат еңбегі емес, заман өткен сайын құндылығы биіктей беретін асыл қазынамыз.

Сопылық ілім – зүһд (аскетизм), адамның ішкі әлемін ізгілікпен толтыру, нәпсіні тазарту, рухтың дәрежесін көтеру және Алланы тану жолындағы кіршіксіздік деген сөз. Ал, хақиқатқа иман келтіру арқылы пендеге тән нәпсілік қасиеттен арылып, дүниелік ғылым мен діни ілімді қатар игерген және жұртқа хақ тағаланың хақиқатқа алып барар жолын көрсеткен сопылық ілімді ұстанған рухы биік тұлғалар – сопылар деген түсінік қалыптасқан. Сопыларды «бү дүнианың ұстаздары» деп те атайды. Сондай-ақ, олар – Алладан түскен төрт кітаптың бірі – Құранның сүре және аят түсініктерін жалпы мұсылман халқына түсінікті, әдеби және кисса түрінде жеткізіп отырушылар. Құранда Алланың адамды сүйіспеншілікпен жаратқаны айтылса да, көр ішінде жауап алатын сәттер немесе ақырзамандағы ақтық есеп беру сияқты сынақтар арқылы адам Алладан қорқып тіршілік етуіне көбірек мән берілген. Әсіре қорқыныш адам мен Алла арасын рухани алыстата түсері анық. Ал, сопылар – адамзатты Алламен рухани табыстырушы. Сопылар – Алла мен адам арасын байланыстыратын тазалық пен сүйіспеншілікті насихаттаушылар. Адам Алланың қаһарынан қорықпай, оның адамды ерекше махаббатпен жаратқан мейіріміне сеніп, жаратушы Хақты сүйюі керек.

## **2. Зерттеу әдістері мен материалдары**

### **2.1 Зерттеу әдістері**

Мақалада зерттеу нысаны ретінде Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» еңбегіндегі сопылық ілімнің кейбір тармақтары Абай Құнанбайұлының «Қара сөздері» мен өлеңдерімен салыстырылды. Сондай-ақ, қазақтың дара ақынындағы «Алланы тану» ілімі идеялық тұрғыда Алаш зиялыларының еңбектерімен байланыстырылды.

### **2.2 Материалға сипаттама**

Аталған тақырып яғни Ясауи ілімі бұған дейін Ш.Құдайбердіұлы («Үш анық»), Намық Кемал Зайбек («Ясауи жолы»), С.Битенов (Қожа Ахмет Иассауи. Диуани Хикмет (Даналық жолы), Ә.Дербісәлі, М.Шафиғи, С.Дәуітұлы, М.Жармұхамедұлы, Н.Келімбетов, Д.Кенжетай, Б.Қорғанбеков, Т.Қыдыр т.б. ясауитанушы ғалымдар тарапынан зерттелді. Абайдың шығысы мен сопылық ілімге қатысты пайымын зерделеген Мұхтар Әуезов зерттеулерінен бастап, А. Байтұрсынұлы, М.Мырзахметұлы, Ғ.Есім, Ж.Ысмағұлов, Ж.Дәдебаев, С.Негимов т.б. ғалымдардың еңбектерін атап өтеміз. Ал, Алаш зиялыларының еңбектерін Абай ілімімен байланыстырып қарастырған Қ.Мұхаматханұлы, Р.Сыздық, Р.Нұрғали, Т.Жұртбай, С.Жүсіп, А.Ісмақова т.б. ой-пікірлері біз үшін маңызды.

## **3. Талқылау**

Қожа Ахмет Ясауи «Диуани хикмет» еңбегінде ең әуелі Алланы ерекше махаббатпен сүйгендігін және Аллаға ессіз ғашық екендігін айтады.

*Қырық тоғызда ғашық отында күйіп-жандым,*

*Мәжнүндей ақыл-естен қажып-талдым.*

*Түрлі-түрлі жапа шектім, мойын ұсындым,*

*Заты ұлық қожам, сиынып келдім саған, - дейді. (5-хикмет) (Қожа Ахмет Иассауи, 2004: 18).*



Ясауи Алланың мейірімі мен шапағатына ғашық болды. Оның хикметтерінен: Алла адамды басқа тіршілік иелеріне қарағанда ерекше махаббатпен жаратты. Адамзат та Аллаға дәл сондай махаббатпен жауап беріп, үйлесімділікті сақтауы керек деген ой тұжырымын аңғарамыз.

Күллі шығыс ғұламалары, сопы-шайырлары бір Аллаға ғашық болып, ақиқаттың ақ жолын іздеп, адамзат үшін пайдасы мен маңызы зор еңбектер жазып қалдырды. Дәл осы сопы-шайырлар мен Қожа Ахмет Ясауидің ізгі ақ жолын қазақ топырағында арада жеті-сегіз ғасырдай уақыт өткен соң:

*Махаббатпен жаратқан адамзатты,*

*Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті* (Құнанбаев, 1968: 289), - деп қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы (1845-1904) қайта жаңғыртады. Ясауи айтқандай Абай да Алла адамды ерекше махаббатпен жаратқан болса, сен де Алланы дәл солай сүй дейді. Бұл жерде сүю деген – Алланың құдыреті мен шексіздігін, мейірімі мен шапағатын сезініп, түсініп, иман келтіру деген сөз.

Қожа Ахмет Ясауи шәкірттен де, жолын қуушылардан да, рухани мұрагерден де кенде болмаған. Солар арқылы сопылық ілімі XIII–XV ғасырлар арасында Хорезм, Мәуренаһр, Анадольға дейін жеткен. Шәкірттері Ясауи ілімін әлемнің түкпір-түкпіріне таратудан еш жалықпады. Қазіргі қазақ топырағында, тарихи Түркістанда, бұрынғы Ясы қаласында пайда болған бұл сопылық ілім XIX ғасырда қазақ топырағында қайта туып, қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының шығармаларында көрініс тапты. Абай ақындық жолын Шығыс шайырларының жырларын оқып, алғашқы өлеңін соларға еліктеп те жазған. Мысалы:

*Фзули, Шәмси, Сәйхали,*

*Науаи, Сағди, Фирдауси,*

*Хожа Хафиз – бу һәммәси*

*Мәдәт бер я шағири фәрияд* (Құнанбаев, 1968:9), – деп шығыстың жеті шайырынан бата сұрайтын өлеңі бар. «Шағири» – бұл жерде арабша – ақын, фәрияд парсыша – теңдесі жоқ, асыл дегенді білдіреді. Абай шығыстың теңдесі жоқ бұл жеті ақынын ерекше құрметтеген. Бұл ақындардың теңдесі жоқ, ерекше болуының себебі де – олардың сопылық ілімді игергендігінде еді. Астрономия, медицина, математика, философия секілді ғылым салалырымен терең таныс болған Фзули, Шәмси, Сәйхали, Науаи, Сағди, Фирдауси, Хожа Хафиз сынды бұл ғұлама ғалымдар, ғылымды Алланы тану жолында ақиқатқа жетелейтін саты деп түсінген еді.

Абай шығыс шайырларының шығармашылығы мен өмірін өзіне үлгі етті. Алайда Ахмет Ясауи шығармашылығындағы сопылық ілім мен көне түркі дүниетанымын жақсы білген шәкірт Абай медреседе оқып жүрген кезінен бастап алысты меңзеді. Содан кейін қалыптасқанда жазған өлеңдері мен қара сөздеріндегі тұжырымдамалық идея, танымы мен тәлім-тәрбиелік ұстаным Ясауи ілімімен ұштасып жатыр. Ясауи де, Абай да – озық ойлы ірі реформатор. Жаңа дәуірдің, жаңа кезеңнің өз артықшылықтарын терең түсінген ғұламалар халықты озық ойлауға, біліммен қарулануға үндеді.

Исламдық шығыспен байланыстағы күллі түркі әлемі секілді қазақ мұсылмандығының да рухани тұғыры сопылық дүниетанымда жатыр. Яғни Ясауи мен Абайды байланыстырып тұрған негіз – діни құндылықтар. Абай – дін жолында тазалықты, тереңдікті Алланы сүюмен байланыстырып, ғылым-білім арқылы келетін адамгершілікті уағыздаған хакім. Сопылық дүниетанымның бақытқа жеткізу жолын іздеуші, халқына жөн көрсетіп, жол сілтеуші елшіл тұлға.

Сопылық ілімді насихаттаушыларды: іргетасын қалаушылар және жаңа заманға бейімдеушілер, – деп екі топқа бөлер болсақ, Ясауи – іргетасты қалаушы, Абай – дін қағидаттарын жетік білген ағартушы. Ясауи сопылыққа тән шарттардың барлығын рухани сезініп және орындап, практикалық тұрғыда ілімді салаландырды. 63 жасында қылуатке түсіп, пәнилік нәрселерден, пенделіктен бойын тазалап, тек Алланың ақ жолында тәуекел етіп, адамзатқа арналған «Диуани хикмет» еңбегін жазды. Абай сопылық ілімнің негіздерін жақсы біліп, айналасына шуақ төкті. Мұны «Ғақлиясының» 38-қара сөзінде жан-жақты ашып жазды. Абайдың діни сауаты өте жоғары болды. Абайтанушы ғалым М.Әуезов кеңес кезінде: *«Абайдың діні – ақылдың, сыншыл ойдың діні, ...адамгершіліктің діні»,* – деп, мәселенің шет жағасын тұспалдап айтты (Әуезов, 1959: 128). Бүгінгі абайтанушы-профессор Тұрсын Жұртбай: *«...Абай дінді – ғылым деп түсінген. Ғылым болғандықтан да ол өзінің пайымдауларына сол діннің ішкі таным заңдылығына мойынсұна отырып, уағыздың ой ырғағының ағынымен жүзе отырып пікір түйеді. Абай медреседегі біліммен шектелмеген. Ол өзі сенген діннің тарихы мен таным тамырын түбегейлі зерттеп, исламияттың ұлы ойшылдарының қатарына көтерілді»,* – (Жұртбай, 2020: 216) дейді. Қалай дегенмен де, Ясауи мен Абайды байланыстырған – сопылық ілімнің өмірге, ғылымға, адами қасиеттер мен адамзаттық мәселелерге деген көзқарасы.

Ахмет Ясауи «Диуани хикмет» еңбегінде сәби шақтан қартайған шағына дейінгі басынан өткен оқиғалар мен өмірден түйген ой-пайымдарын өлең түрінде баяндайды. Жас күнінде балалықпен істеген қателіктерін, жастық шақта жастықтың уымен жасаған күнәларын баяндай келіп, қырық жастан кейін барып бозбалалық ермекті түгел доғарып, толықтай тақуалыққа бой түзегенін айтады. Алтыншы хикметінде:

*Қырық бірде ықылас қойдым жол табам деп,  
Жолдастардан құпия көрсем, күнәсін жабайын деп.  
Пірімнің ізін аулап сүйейін деп,  
Заты ұлық қожам, сыйынып келдім саған.  
Қырық үште Хақты іздеп, нала қылдым,  
Көз жасымды ағызып сел қылдым.  
Жапан кезіп, өзімді уали қылдым,*

*Заты ұлық қожам, сыйынып келдім саған (5-хикмет),* – деп жырлайды Ясауи. (Қожа Ахмет Иассауи, 2004: 17)

Ясауи қырық жасқа дейінгі іс-әрекеттерінен жиіркеніп (дүние табу, әйел затына ғашық болу, түрлі пендешілік пен нәпсі), «не қылғайсың күнәларым таудан да ауыр» деп тәңірінен жылап тұрып кешірім сұрайды.

Сөйтiп, сопылық iлiмнiң бастауында тұрған Құл Қожа Ахмет Ясауи қырық жасынан бастап Аллаға ғашық болып, сопылыққа толығымен бет бұрады. Ал, алпыс үште пайғамбар жасына жеткен Ясауи айналасын қоршаған жаманшылықтан бойын алшақ ұстап, сопылықтың жоғары деңгейiне көтерiлуi – Алла алдындағы парыз бен мiндет үйлесiмдiлiгiн аңғартады.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай да қырық жасынан кейiн:

*Жасымда ғылым бар деп ескермедiм,*

*Пайдасын көре тұра тексермедiм.*

*Ер жеткен соң түспедi уысыма,*

*Қолымды мезгiлiнен кеш сермедiм»* (Құнанбаев, 1968: 24), – дедi. Абайдың өкiнетiн тұстары да, ғылымға, жазуға, рухани кемелденуге бет бұрған кезеңi де – 1885-1888 жылдар шамасы. Осы уақытта ол:

*Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман,*

*Шошымын кейiнгi жас балалардан.*

*Терiн сатпай, телмiрiп, көзiн сатып,*

*Теп-тегiс жұрттың бәрi болды аларман...* (Құнанбаев, 1968: 28).

Немесе:

*Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек,*

*Ашуың – ашыған у, ойың – кермек.*

*Мұңдасарға кiсi жоқ сөздi ұғарлық,*

*Кiм көңiлдi көтерiп, болады ермек?..* – дейдi (Құнанбаев, 1968: 25)

Абай «қартайдым, қайрат қайтты, ұйқы сергек» деп қайғы басып, мұңын шағып, ойын бөлiсетiн кiсi таппай шағымданған кезiнде 41 жаста екен. Бұл екi өлең де 1886 жылы жазылған. Бiрiншiсi арқылы ақын өз қоғамының көлеңкелi тұстарына тоқталып, кейбiр бай, болыс, билердiң қасиетсiз тiрлiктерiн ащы тiлiмен түйреп отыр. «Терiн сатпай, телмiрiп, көзiн сатқандарды» қатаң айыптап, адал еңбекпен мал табуға шақырады. Ал, екiншi өлеңiнде Абай заманының зарын, адамының әрекетiн терең танымымен таразыға салады. Мұндағы ақынның қартайып, қайғы ойлауы – қартайғандығының емес кемелденгенiнiң, ақыл-парасаты толысқанының, алайда мұңдасарға дос таппай қиналғанының көрiнiсi едi.

Абайтанушы кейбiр ғалымдар: «Абай ғылымды толықтай түсiнiп, ғылымға бет бұрған кезi қырық жастан асқаннан кейiн, - дейдi. Расымен де оның пәлсапалық «Қара сөздерi» («Ғақлия»), поэмалары мен өлеңдерiнiң көбi 40 жастан асқаннан кейiн жазылған.

Абайдың «Күншығысым – күнбатыс, күнбатысым – күншығыс боп кеттi» деп айтатыны да 40-жастан асқан яғни 1885 жылдар шамасы болатын. Бiлiм-ғылымға бұрынғыдан да тереңiрек үңiлген ақын қоршаған орта мен өз қоғамын тану үшiн ғылымға бар зейiнiн салды. Майшаммен отырып қаншама кiтаптарды қарап, оқып-тоқуы молайып, ғылым деген шексiз әлемге енiп кеткен Абай Батыс пен Шығыс даналығынан қорытынды шығарумен болды.

*«Дүниеде ғылым заһири (сыртқы ғылым) бар. Олар айтылмыштарды нақлия деп те айтады. Бұл нақлияға жүйрiктер ғалым атанады. Құдай тағаланың*

затына пендесінің ақылы жетпесе, дәл сондай гашиқпын демек те орынсыз. Гашиқмағишұқлыққа (суюші) халиқ бірлән махлұқ ортасы мунәсибәтсіз (байланыссыз) алла тағаланың пендесін махаббат уа мархаматбірлән жаратқанын біліп, махаббатына махаббатбірлән гана елжіремекті – құдаға гашиқ болды дейміз», – дейді (Абай, 1993: 94). Оның ойынша, әуелі сыртқы ғылымды игерген, толыққан адам ғана ішкі ғылымды (Алланың ғылымын) игереді. Сол үшін де ақын: «Әрбір ғалым – хақим емес, әрбір хақим – ғалым» – дейді (Абай, 1993: 95). Сыртқы ғылымды игерген ғалымның хақим (дін мен ғылымды қатар меңгерген) бола алмасы, ал кез-келген хақим дәрежесіне көтерілген рухы биік адамның ғалым бола алары анық.

Ахмет Яссауи «Диуани Хикмет» атты еңбегінің 32-хикметінде:

*Өтті ғұмырым, шаригатқа жете алмадым,*

*Шаригатсыз тарихатқа өте алмадым.*

*Ақиқатсыз мағрипатқа бата алмадым,*

*Жолы қатты пірсіз қалай өтер, достар,* – дейді. (Яссауи, 1995:98). Яғни, «шаригат» – ислам заңдары мен әдет-ғұрпының жинағы, «тарихат» – сопылықтың идеясы, мұрат-мақсаты, «мағрипат» – дін жолын танып, оқып білу, ал «хақиқат» – Құдай және оған жақындау. Ясауи тағы да:

*Шаригат шамын жаққанша,*

*Тарихат сырын айтқанша,*

*Ақиқат жолын тапқанша,*

*Көптің көзін ашқанша,*

*Күн шығып, қайғы батқанша,*

*Мағрифатқа ден қойған –*

*Шайхы Ахмет Ясауи* (Ясауи, 1995:119), – дейді 41-хикметінде.

Тағы бірде Ясауи:

*Шаригаттың ақ сауытын кимегенше,*

*Тарихаттың пырағына мінбегенше,*

*«Жазибджунун» ғаламына бармағанша,*

*Хақиқаттың майданына кіріп болмас,* – дейді 77 хикметінде (Қожа Ахмет Ясауи, 2007: 102).

Ясауидің ойынша, «шаригатсыз» «тарихат», «тарихатсыз» «мағрипат», «мағрипатсыз» «хақиқат» жоқ. Бұлардың бәрін бір-бірімен байланыстырып, бірін екіншісіне алып барар қасиетті жол – білім және ғылым.

Абай Құнанбайұлы да өзінің 38-қара сөзінде дәл осы Ясауидің ілімінде айтылған дүниелерді қайта жаңғыртады. Ол: «Ғылым – Алланың бір сипаты, ол - хақиқат, оған гашиқтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр» (Абай, 1993:83), – дейді. Абай ғылым Алланы тануға, ақиқатты тануға апарар жол екенін айтып отыр. Оны Ясауиша түсіндірер болсақ: ғылым – мағрифат, хақиқат – Алланың жолын танып, оған жақындау.

Жоғарыда Ясауи мен Абай шығармашылығына байланысты тұжырымдамаларымызды сараптай келе, Абайды сопы болды деп айтсақ, бұл шындыққа сәйкеспейді.

Себебі сопылық элементтер ақын поэзиясында көп кездеспейді. Ол сондай-ақ, сол 38-қара сөзінде: «...Пенделіктің кәмалаты әулиелікбірлән болатұғын болса, күллі адам тәркі дүние болып һу деп тариқатқа (дін жолы) кірсе, дүние ойран болса керек. Бұлай болғанда малды кім бағады, дұшпанды кім тоқтатады, киімді кім тоқиды, астықты кім егеді, дүниедегі алланың пенделері үшін жаратқан қазыналарын кім іздейді», – (Абай, 1993:92) дейді. Адамның бәрі Алла жолына түсіп, сопы болып кетсе, осы дүниелік адамзатқа тән күнделікті күн көру харекеті мен міндеттерді кім атқарады? Абай осыны айтып отыр. Тіпті ақын сопылық жолға түсуіне тіршіліктен тыныштық керек екенін ескеріп, оған дайын емес екенін де айтады. Қырық жастан асқан Абай, енді қалған өмірін қайтіп, не қылып өткіземін, - деп өз-өзіне сұрақ қойып: «Софылық қылып, дін бағу? Жоқ, ол да болмайды, оған да тыныштық керек. Не көңілде, не көрген күніңде бір тыныштық жоқ, осы елде, осы жерде не қылған софылық?» (Абай, 1993:7), – деген сөзі сопылықты теориялық тұрғыдан түсініп, ерекшелігін терең білгенін аңғартады. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының өмірінен, танымынан оқушысын хабардар етеді.

Абай «бірінші қара сөзінде»: «Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік...», – деп енді қалған өмірін «ел бағумен», «мал бағумен», «ғылым бағумен», «софылық қылып, «дін бағумен» және «балаларды бағумен» жүйесіз өз қоғамында айналыса алмайтынын айта келіп: «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» (Абай, 1993:7), – дейді. «Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да» деп жалпы қоғамнан көңілі қалған Абай ел бағу, мал бағу, ғылым бағу, бала оқыту сынды дүниелермен айналыса алмайтынын айтады. Бұлармен айналысу үшін, әрине, ақында жан тыныштығы болу керек. Ал жанын түсінбейтін қоғамда қандай жан тыныштығы болсын? Айтқанға көнбеген надан жұртымен алысып, шаршап, халқынан көңілі қалған Абайдың ақ қағаз бен қара қаламға жүгініп, қалған өмірінде көрген-білгендерін, өмірден түйгендерін қағаз бетіне түсіруге арнағаны, 63 жасында дүние-тіршіліктен бас тартып, бар өмірін жаратушы бір Аллаға арнап, пенделіктен баз кешкен Қожа Ахмет Ясауи өмірін еске түсіреді.

Еуропаның Гетесі, орыстың Пушкині, өзбектің Науаиі секілді әр ұлттың болмысын танытатын тұлғалары бар. Қазақтың рухани рәмізі – Абай. Қазақ пен Абай – егіз ұғым. Ақын ұлтын жанындай сүйді. Жанындай сүйгенінің дәлелі сол, ол қазақтың бойындағы бар кемшілігін ашып, кейіп отыра, ғибрат алсын, ойлансын деді. Абай тазалық пен адалдықтың, мәрттік пен елшілдіктің үлгісін жырлады. Тура жолды өсиет етіп, көрсетіп кетті. Сондықтан да, ол – халықтың адастырмас шамшырағы, алтын қазығы.

Абай қырықтан соң ел тірлігіне айналысуды қойып, ақ қағаз бен қара сияны адал серігіне айналдырырып, «өз сөзім – өзіме дедім де жаза бердім» десе, Ясауи да жер

астындағы қылуатке түсіп, өнегеге толы «Диуани хикмет» еңбегін жазды. Шын мәнінде, Абай мен Ясауи тағдырлас еді. Екеуі де өмір бойы надандықпен күресіп, «соқырдың көзін емес, көңілін ашуға» қызмет етті. Ясауи айналасын қоршаған надан, зұлымдар тобынан көңілі қалып, өзін олардан аулақ ұстап, пайғамбарымыз Мұхаммед (ғ.с.) көп өмір сүруді күнә деп білгені ұстанымын басшылыққа алды. Ол діншілдерге тән ерекше қорқыныш үрейімен өткен өмірін түгел еске алып, жасаған іс-әрекетіне мынадай баға береді:

*Хақ, Салиқтарға жетемін деп, жүрдім жылап.*

*Рухым тулап, күйдім,*

*Жанға сая таба алмадым,*

*Әркез ұшқан шыбындай жер астына кірдім міне*

*Құл Қожа-Ахмет, айтсаң насихат өзіңе бақ,*

*Ғашық болсаң, жаннан безіп, пір жолын тап.*

*Надандарға айтсаң сөзің болмас қабыл,*

*Бекем болып жер астына кірдім, міне (8-хикмет) (Қожа Ахмет Иассауи, 2004:22).*

*Ей, достар, пәк ғашықты қолға алдым,*

*Ғашық сырын шешуге шын сезіммен толғандым.*

*Бұл дүниені дүшпан тұтып, жүрдім, міне,*

*Махаббат жолында Мәнсүрдей болдым, міне. (9-хикмет) (Қожа Ахмет Иассауи, 2004:22) – деп 10-11-хикметінде жалған дүниеден, айналасындағы адамдардан көңілі қалғанын аңғартып, пенделіктен бойын арылту мақсатында қылуатке түскендігін жырлайды. Ясауи да, Абай да – өз заманынан ерте туған ғұламалар. Олардың жанын ешбір адам баласы түсінбегендігінен – бірі бұл өмірден баз кешіп қылуатке түсіп, «Диуани хикметті» жазуға кіріссе, екіншісі де тіршіліктен қол үзіп, «Ғақлия» («қара сөз») мен өлеңдерін жазуға отырды.*

Абай өмір сүрген кезеңде, яғни XIX ғасырдан бастап қазақ жерінде орыс отары мен орыс мәдениеті арқылы батыс мәдениетінің ықпалы күшейді. Адамзат мәдениетіндегі Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, Ахмет Иүгінеки, Ибн Сина қатарлы ұлы тұлғалардың данышпандық ілімдерінің қазақ даласынан жойылып бара жатқан кезі еді. Көптеген құндылықтарымыз ескіріп қалды. Бұрынғы басқару жүйесі, дуалы ауыз қариялардың өсиет сөздері мен берген тәрбиесі орыс билігі үшін қажетсіз дүниеге айналды. Өркениеттер арасындағы қақтығыста жаңа заманға бейімделе алмаған көптеген ұлт құрдымға кетіп жатты. Осы сәтте қазақтың бағына Абай дүниеге келді. Абай XIX ғасырда қазақ даласына бақ боп қонған, Шығыста жарқырай туған шолпан жұлдыз еді. Ұлы ақын Шығыс пен Батыс әдебиетін қатар игеріп, екі әдебиеттің озық дәстүрлерін қазақ әдебиетіне алып келді. Ол қазақ әдебиетіндегі «жаңашыл реформатор» ақын ретінде, қазақ өлеңіне түр жаңалықтарын енгізе отырып, халқына терең ғибратты өлең үлгілерін қалдырды. Ол жаңаның басы болып, қазақ жазба әдебиетінің негізін салды.

*Абай ауыл молдасынан сауатын ашқаннан соң Семейде Қазанның Маржани медресесін бітіріп келген Ахмет Риза ашқан оқу орнында үш жыл оқиды. Абай білім*

алған Ахмет Риза мешіт-медресесі ислам мен түркі ғылыми әлемінде аса үлкен реформаторлық – жәдиттік ілімнің қалыптасуына негіз болған ғұлама Шаһабуддин Маржанидің ағартушылық бағытын ұстанған оқу орны еді. Жәдиттік бағыттың негізгі ерекшелігі – X-XII ғасырларда Шығыс ғалымдары негізін қалаған «Алланы ғылым арқылы тану керек» деген ілімді ұстанды. Ресми деректерге қарағанда, қазақ арасында төңкеріске дейін 100-ге тарта жәдит мектебі болған (Қамзабекұлы, 2002: 62). Абайдың дінге, ғылымға жәдит әдісімен қарағанын өлеңдері мен қара сөздері дәлелдей түседі.

Жәдит медреселерінде «Шаригат», «Тарихат», «Мағрифат» атты үш негізден тұратын тарихи, пәлсапалық қоғамтану ғылымдарын тереңдетіп оқытты. Түркі, араб, парсы тілдері және шығыс поэзиясы мен сөз өнерінің заңдылықтары, математика, жағырафия, жаратылыстану пәндері негізгі дәріс ретінде жүргізілді. «Алланы – ғылым мен ақыл-сана арқылы тану керек» деген үрдісті оқу бағдарламасына енгізді», – (Кеңшілікұлы, 2021: 19) дейді әдебиетші Амангелді Мырзабек. «Жәдит әдісінің бастаушы-білгірі әл-Маржани концепциясы мынадай болды: 1. Әрбір мұсылман ижтихадқа (ойлануға, сындарлы пікір білдіруге, ашықтыққа) ие; 2. Бастапқы исламға қайту. Яғни ислам әу баста қайратты, ғылыми ойлы болса, кейін бұрмаланып, тоқырауға ұшырады. Ғұлама соңғы кезде ойланушы мутакаллимдердің орнын соқыр мукаллидтер басты, осыны қайта түзеу керек», - дейді (Қамзабекұлы, 2002: 83)

Татар оқымыстысы Маржани ағартушылығынан бастау алып, И.Гаспыралының оқу-әдісімен «усул-и-жәдид» деген атаумен байланысын тапқан бұл жәдит қозғалысы XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында қазақ жеріне татар оқымыстылары арқылы жетті. Бірақ, Маржанидің ағарту идеясымен толықтай негізделген болмаса да, оқу-ағарту саласында жаңа қозғалыс ретінде дамыды. Ал, кейін татар оқымыстысы И.Гаспыралы оқушыларды оқып-жазуға үйрететін жаңа әдіс ойлап тауып, ғылымның әр түрлі саласымен таныстыратын оқу-құралдары жазылды. И.Гаспыралы да Маржани идеясына сәйкес – «Алланы ғылым арқылы тану керек» деген үлгіні ұстанды. Бірақ, И.Гаспыралы әдісінің Маржани үлгісінен айырмашылығы – ғылымды ғылыми жетістіктері айқын нәтиже беріп, ғылым жолы дамыған Батыстан (Еуропа елі) үйрену керек, – деген идеяны ұстанды.

Абай пәлсапалық діни көзқарасын танытатын 38-қара сөзінде: «Ұлы жаратушы Алла тағаланың өзіне тән сегіз ұлы сипаты бар. Олар: 1. Хаят – тіршілік, тірі болу; 2. Ғылым; 3. Құдірет – күш; 4. Басар – көру, көруші; 5. Сәміг – есту, естуші; 6. Ирада – тілеу, қалау; 7. Қалам – сөз, сөздер; 8. Тәкин – болдыру (Абай, 1993, 83), - дейді. Жаратушы Алланың осы сегіз ұлы сипаты туралы ол: «Бұлардың хәммасы Алла тағаланың зәтия (өзіне лайық) суббутия уа фиғлия (өзі істейтін) сипаттары дүр. Мен мұнда сіздерге төртеуін білдіремін. Оның екеуі – ғылым, құдірет. Сегіз сипаттан қалған алтауы – бұларға шарқ (түсіндіру, түсініп беру)», - дейді (Абай, 1993: 84).

Алла тағаланың сегіз сипаты ішінен ғылым мен құдіретті басты орынға шығарған Абай, қалған алты сипатты осы екі сипатқа түсінік берушілер, – деп

түсіндіреді өзінің 38-қара сөзінде. «Ол сипаттармен тағриптамасақ (анықтап білу) бізге мағрифатулла (Алланы тану) қиын болады», – деген Абай, Алланың сегіз ұлы сипатының ішінен өзі екшеп, бөліп алған дәл осы екі сипат арқылы яғни, құдірет пен ғылым арқылы Алланы танып білуді ұсынады. «Алланы, оның басты сипаты ғылым арқылы тану керек деген ұлы ойшыл Абай, дүниені яғни, қоршаған ортаны тану, ақиқатты тану, өзін-өзі тану, өз адамдығын бұзбай жаман нәрседен қашып, жақсы пайдалыны үйрену де ғылымнан, – дей келіп, адам бойындағы күллі жақсы қасиеттердің бәрі де ғылым арқылы келеді, – деген аса күрделі ой қорытындысын түйіндейді өзінің 38-қара сөзінде» (Махан, 2020)

Демек, Абайдың осындай көзқараста болуына кезіндегі Маржанидің оқу-ағарту саласына қосқан «Алланы ғылым арқылы оқып-тану» көзқарасы әсер еткені сөзсіз. Татар оқымыстылары арқылы тараған «жәдит» деген атауға ие бұл әдіс санаулы жылдарда Ресейдің күллі мұсылман аймағына, тіпті шетел – Үндістанға дейін тарайды. Ал, қазақ топырағына «жәдит» оқу әдісін алып келіп, осы әдіс арқылы оқыту керектігін ұйғарып, әр түрлі ғылым саласын үйрететін оқулықтар дайындап, оқу бағдарламасына қосқан «жәдит» әдісінің қазақ жеріндегі негізін салушылар – Алаш (қазақ) оқымыстылары болды. Алаш зиялылары сондай-ақ, Абайдың ізін жалғастырушы шәкірттері еді.

Алаш зиялыларының бетке ұстар өкілі Ахмет Байтұрсынұлы: «Усул жәдит, яки төте оқу жолы бар екенін білеміз, бірақ сол жол қазақ арасында аз таралған соң, біздің мақсатымыз да – сол оқуды қазақ арасына көбірек жаю» (Байтұрсынұлы, 1989: 233), - деп жәдитке тілеуқорлығын ашық жазды.

Абай білім алған медресе туралы А.Машанов: «Қарқаралыда, Семейдегі медреселерде Маржанидің тікелей өзінен тәлім алған адамдар оқытқан. Абай – Семейде сол Маржани шәкірттерінен оқығандардың бірі. Абай еңбектерінде Маржанидің қозғаған мәселелері көп кездесетіндігі осыдан. Ш.Маржанидің «Ахли ғылым ай басында» деген тамаша сөзі бар. Абайдың «ғашарани уа-мубашарани» деп келетін қағидасы Ш.Маржанида айтылған» (Ысқақов, 1976: 192), – деп жазады.

Алланы ғылым-сана арқылы тану керек деген Маржанидің шәкірттері жәдитшілердің мынадай ұстанымы болды:

«Біріншіден, дүниәуи математика, химия, жаратылыстану, жағырафия пәндерін меңгеруді, дінді ғылым дәрежесіне көтеруді көздеді.

Екіншіден, архалықтың өзінің тіл ерекшелігіне сай жазу-сызуын қалыптастырып, дыбысталуы бойынша әріптермен белгілеуді мақсат етті. Сол арқылы «Құранды» да әр ұлттың өз тіліне аударып отырып, оның мағынасын сол тілде жеткізіп, түсіндіріп, талдап, дінді «жаттаумен» емес, санамен сіңіруді шарт етіп қойды» (Қамзабекұлы, 2008: 38).

Абайдың «Ғылым – Алланың бір сипаты, ол - хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр» (Абай, 1993: 83), – деп жоғарыда айтқан Алланы ғылым арқылы тану деген сөзінің ХХ ғасырдағы нақты іске асырушылары һәм ізін жалғастырушылары – Алаш зиялылары болды. Алаш зиялылары, біздің зерттеуіміз



бойынша, Алланың бір сипаты болып табылатын – ғылымды бірінші орынға қойды. Олар ғылым, білім, оқу ағарту саласымен айналысып, әр түрлі оқулықтар жазып, халыққа білім беріп, сауатсыздықты жойды.

«Қазақ даласында И.Гаспыралының жүзеге асырған А.Байтұрсынұлы өзі жасаған «Төте жазу әліппесі» арқылы жәдиттік идеяны насихаттаған «Қазақ» газетін дүниеге әкелді. Гаспыралы мен Байтұрсынұлы бастамасына Ә.Бөкейхан, Мұстафа Шоқай, Міржақып Дулатов, Ғұмар Қараш, Мұхамеджан Сералин, Мағжан Жұмабаев сияқты қазақ ұлтшылдары қолдау көрсетті. Олар қазақ қоғамының мешеулігінің, ескіргендігінің негізгі себебі халықтың сауатсыздығында (надандық), молдалардың білімсіздігінде жатыр деп санады. Осының бәрінен шығаратын жол қоғамды оқу-ағарту, И.Гаспыралы жүйесі бойынша жаңа әдіспен оқыту деп білді. Бұл сол заман уақыты үшін маңызды прогресшіл идея болған еді» (Боранбаев, 2014: 124), – деп жазады Боранбаева Б.

*Алаш оқымыстыларымен бір шептегі елшіл тұлға, ойшыл ақын Ғұмар Қараш «Тумыш» атты жинағында:*

*Надан шейх діннің соры, күннің соры,  
Бір қашпа, надан шейхтан мың кері қаш.  
Құран – шам, ақыл – басшы, ғылым – құрал,  
Құралсыз шекпе сапар, жолың болмас.  
Айырылма жатсаң-тұрсаң құранды ұста,*

*Жол бастар қараңғыда ол бір компос, (Жұмағұлов, 2005: 38) – деп, дін-ұлт-ғылым – тұтас ұғым екенін айтады.*

Дін мен сауат, дін мен ғылым түрлі өткелектен өтті. Әрине, зайырлы кезеңге дейінгі алғышарт талабы мүлде бөлек. Абай өзінің 38-қара сөзінде ақын: «Бұл заманның молдалары хаким атына дұшпан болады. Бұлары білімсіздік, бәлкі бұзық фиғыл, әлинсан гәддү ләма жәһилгә (Адамның көңілі жаманшылыққа ауып тұрады) хисап. Олардың шәкірттерінің көбі біраз ғараб-парсыдан тіл үйренсе, бірліжарым болымсыз сөз бахас үйренсе, соған мәз болып, өзіне өзгешелік беремін деп әуре болып, жұртқа пайдасы тимек түгіл, түрлі-түрлі зарарлар хасил қылады. «Най-найменен», мақтанменен қауымды адастырып бітіреді. Бұлардың көбі әншейін жәһил (бұзық) түгіл, жәһилләр кібік (бұзық адамдар сияқты) талап болса, қайда хақ сөздер келсе, қазір инсапқа қайтсын һәм гибраттансын», – деп, жұртқа білім үйретпек түгілі өздері ғылымның не екенін түсінбейтін молдаларға еш көңілі толмай, сауатсыз елінің болашағын ойлап, қайғырады.

*Ал, Ясауи 54-хикметінде:  
Дүния мендік дегендер, жәһан малын жегендер,  
Құзғын құстай арамға, белшесінен батпақшы.  
Молда, мүфти болғандар, жалған дұға қылғандар,  
Ақ-қараны бұрғандар, жәһаннамға кетпекші.  
Қази, имам болғандар, жалған үкім қылғандар,  
Ол балшыққа иленіп, аяқ асты қалмақшы.*

*Арам жеген әкімдер, пара жеген «кәпірлер»*

*Өз бармағын шайналап, қорқып тұрып қалмақшы* (Қожа Ахмет Ясауи, 2007: 77), - деп дүние үшін халықты алдап, әділеттен айнып, жалған үкім шығарып жүрген молдаларды сынайды. Ясауи қауымды білім-ғылыммен сусындатуға тиіс дін иелерінің дүниеге құнығуына ашынып отыр.

Алланы танып, жән-тәнімен діннің жолына түсу қаймана адамның қолынан келмес. Ерік-жігері күшті, рухани әлеуеті жоғары, ілімі толыққан адам ғана сол бір шетсіз-шексіз Алланы тану іліміне қарай сапар шегеді.

*Күйінбей Құл Қожа Ахмет қайтсін енді?*

*Өртенсін ішің-тысың жансын енді!*

*Ақ сөзін адал досқа айтсын енді!*

*Жоқ болса мағрифатың жөнделмес Ол!* (107-хикмет), (Қожа Ахмет Ясауи, 2007: 146), – деп мағрифатың (ілімін) жетпесе, Аллаға шынайы ғашық бола алмайсың дейді. Мұны Абай: *«Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан руза, қылған қаж ешбір гибадат орнына бармайды»*, – деп бір ауыз сөзбен түйіндейді (Абай, 1995: 90).

Халқына еш пайдасы жоқ надан молдалардың зардабы туралы Ясауи мен Абайдан соң Алаш ардақтылары да біршама мақала жазып, оларды жаңа жаққа шақырды. Бұл ретте Әлихан Бөкейхан: *«Қырда кім болса сол молла болады. Аз ғана оқу білетін қазақ я қашықын ногай, я сарт, я тәжік. Сол адамдар бек надан һәм нәрсені ... білмейді һәм солар надан болған соң қазақтарға ауып, оларды мейлінше бұзады. Қай қазақ моллаға нанбайды, ашық күнді жауын қыламын деп тұрған соң... (Құдайындай иланады). Қазақтар молланы кінәсіз деп ойлайды, себебі моллаларды діннің қуаты дейді... Қазақтардың ойлауынша, моллаларға аз қарсы келген – күнәһар. Сол надан моллалар не айтады соған нанады. Содан қанша залалдар бар»* (Бөкейхан, 2016: 37), – деп, ғылымды Алланың бір сипаты деп білмеген, оны білуге де тырыспаған сауатсыз дін иелерін сынайды. Бұл сынның негізгі себебі – қайсыбірінің молдалық кәсібін мал таппақ үшін, жан сақтамақ үшін пайдаланып жүргендігі еді. Бұл туралы Абай: *«Біз ғылымды сатып, мал іздемек емеспіз. Мал бірлән ғылым кәсіп қылмақпыз. Өнер – өзі де мал, өнерді үйренбек – өзі де ихсан»* (Абай, 1993: 98), – деп, ғылымды адамзатқа пайда келтіремін деп үйренетіндерді иманигүлге, нағыз иманды, «толық адамға» теңейді. Ал пайда ойлаған ғылым үйретушілер мен үйренушілерді ол: *«Адамға хәлінше ихсанды болмақ – қарыз іс. Бірақ өзгелердің ихсанына сүйенбек дұрыс емес. Моллалар тұра тұрсын, хусусан бұл заманның ишандарына бек сақ болыңдар. Олар – фитнә ғалым, бұлардан залалдан басқа ешнәрсе шықпайды. Өздері хүкім шаригатты таза білмейді, көбі надан болады. Онан асып өзін-өзі әһіл тариқат біліп және біреуді жеткізбек дағуасын қылады. Бұл іс олардың сыбағасы емес, бұлардың жеткізбегі мұхал, бұлар адам аздырушылар, хаттә дінге де залалды. Бұлардың сүйгені – надандар, сөйлегені – жалған, дәлелдері – тасбығы менен шалмалары, онан басқа ешнәрсе жоқ»* (Абай, 1993: 98), – деп өз заманының нағыз қас-дұшпаны ретінде көрсетеді. Осы кез – Абайдың:

*Ойында жоқ бірінің  
Салтыков пен Толстой,  
Я тілмаш, я адвокат*

*Болсам деген бәрінде ой*, (Құнанбаев, 1968: 56) – деп, материалдық байлықты рухани құндылықтан жоғары қойған билік пен қоғамға ащы сын айтатын кезеңі.

Сауатсыздықтан, дүниеқоңыздықтан, пайдакүнемдіктен және адамзаттың рухани өсуіне зиян келтіретін өзге де жамандықтардан алшақтап, ізгілік пен өнер-білімге жетелейтін бір ғана жол – ғылым жолы. Ал, Алладан түскен төрт кітаптың бірі – Құран Кәрімнің өзі ғылымды білмекке, дүниені тануға иландырған болса, ғылымды танып, меңгеруге үйрететін бір ғана құрал бар. Ол – кітап.

Ғылым-білім үйрететін, адамзат құндылығын мазмұнына жинаған кітап туралы Абай былай деп жазды:

*Пайда ойлама, ар ойла,  
Талап қыл артық білуге.  
Артық ғылым кітапта,  
Ерінбей оқып көруге* (Құнанбаев, 1968: 56).

Жәдитшілдер Алланың бір сипаты ғылымды жағырафия, химия, математика сияқты дүниауи пәндер арқылы оқып, үйрену керек деп түсінді дедік. Абай мен Ш.Маржаниды, И.Гаспыралыны өздерінің ұстазы санаған Алаш оқымыстылары жәдит әдісінің қазақ жеріндегі ізін жалғастырушылары ретінде ғылымның әр түрлі салалары бойынша оқулықтар (дүниауи пәндер) жазғаны белгілі. Нәтижесінде, А.Байтұрсынұлы, Т.Шонанұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Н.Төрөқұлұлы – тіл білімі, Ә.Бөкейхан, Т.Шонанұлы, Е.Омарұлы, М.Есболұлы – география, астрономия, жер тарихы, геометрия, М.Дулатұлы, С.Қожанұлы, Қ.Сәтбай – есеп құралы, математика, алгебра, М.Жұмабайұлы – педагогика, Ж.Аймауытұлы – психология, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Күдеріұлы, Қ.Кемеңгерұлы – жаратылыстану саласы, М.Әуезов – әдебиеттану, С.Сәдуақасұлы – театртану т.б. пайдалы еңбектер жариялады.

#### **4. Зерттеу нәтижесі**

Ясауи хикметтерінде Алланың ақ жолымен жүріп, оған ессіз ғашық болуды – амалдардың ең үлкені деп санайды. Ол: *«Ғишықсызларны иманы жоқ, ей йаранлар»* (Үсеви, 2017: 220), - дейді. Абай да: *«Әрбір наданның біз тарихатқа (сопылық жол) кірдік деп жүргені - біз бұзылды дегенімен бір болады»* (Абай, 1993: 94), - дейді.

Қазақтың ойшыл ақыны Абай «надан адам – иманы жоқ, ілімі жоқ адам» деп біледі. Ондай адам Аллаға қалай ғашық болсын? Алланы қалай танысын? Надан адамның сопылық ілімге түсінбестен, иман келтірместен кірдім дегені шатастым дегені. Сопылық ілімнің бастауында тұрған Аллаға шексіз ғашықтық, оған иман келтіру және адамзат тарихында маңызы зор ғылым-білімді игеру – Ясауи мен Абай ілімінің басты идеясы еді.

Надандықтан құтылудың дара жолы – білім-ғылым. «Алланы ғылым арқылы тану керек» деген Абай мен Ш.Маржани, И.Гаспыралыны өздерінің ұстаздары санаған Алаш қайраткерлері «Хақ жолы» – халықтың көзін ашу, оқу-білімге шақыру, ғылым

үйрету керектігін жете түсініп, ғылымның әр түрлі саласына арналған оқулықтар жазумен айналысты.

### **5. Қорытынды**

XII ғасыр ғұламасы, түркі-мұсылмандарының пірі, сопылық ілімге серпін беруші Қожа Ахмет Ясауи күллі Шығыс халықтарының рухани-мәдени өсуіне орасан зор әсері етті. Сопылық жолдың қазіргі Қазақстан жерінде, Түркістан шаһарында жанданған Ясауи ілімі немесе хикметтеріндегі даналық Орталық Азия, Еділ бойы, Анадолы өлкелеріне ғұламаның шәкірттері арқылы тарап, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатыр. Ясауидың сопылық даналықтары шайырлар мен ғұламалардың шығармаларына негіз болуы – ілімнің рухани құнарында және ағартушылық мазмұнында дер едік. XIX-XX ғасыр басындағы қазақ данасы, ойшыл ақыны Абай Құнанбайұлы ізденістері Ясауи ілімімен үйлесіп жатса, мұны рухани сабақтастық деп қабылдаймыз.

Сонымен, Абайдың пәлсапалық ой-пікірін, дүниетанымдық көзқарасын қарастырғанда өңірдің рухани тарихындағы Ясауидай даналарды айналып өту мүмкін емес. Қазақ менталитетіне сіңісті болып кеткен, болмысынан еш ажырамас «сопылық ілім» ақын шығармашылығында көрініс табуы – табиғи заңдылық. Әрине, жоғарыда айтылғандай, Абай сопылық ілімді сол қалпында қабылдай салған жоқ. Абай сопылық ілімді өзіндік пайымдарымен қазақша түрлендіре отырып, қазақтың ұлттық ұғымына сай етіп насихаттады.

Ал, татар дін қайраткерлерінің реформалық ізденістері мен И.Гаспыралының бастамасы «жәдит» қозғалысын өмірге әкелсе, ол исламның ағартушылық қуатын өзіне негіз етіп алды. Олар діннің қайнар бұлағы саналатын қасиетті мәтіндерді қайта қарастырып, ғалымдар арасындағы пікірталас қазанында қайнатып, ой-қорытындыларын газет бетіне жариялады.

Мұсылман ағартушылығының қазақ жерінде өзіндік орнының ерекше болуы -қалыпты жағдай. Себебі, ең біріншіден, қазақ халқы – мұсылман. Сондықтан қазақтың мәдени-рухани жетілуінде ислам айрықша рөлге ие. Ал, байырғы Шығыс мұсылман өркениетінен кейін қазақ халқының қайта оянуында Абай ілімінің әсері мол. Ресей үкіметі қанша тиым салса да мұсылманшылық бағыт, яғни Алланы тану, Алланы ғылым арқылы тану қағидаты қазақ ағартушылығының бір бағдары ретінде өмір сүре берді.

Алаш ардақтылары ғылымда ислам мүмкіндігінің ерекше екенін әл-Маржани, И.Гаспыралы, Абай еңбектері арқылы үйреніп, көңілдеріне тоқыды. Ақиқатты білу, әділетті табу, Алланың сипаттары арқылы Жаратқанға жақындау, оны тану әу баста мектеп-медресе бітірген ұлт зиялыларына түсінікті еді.

Қожа Ахмет Ясауи дамытқан сопылық ілім салт-салтымыз бен ұлттық дәстүрімізбен біте қайнасып, бүгінде ортақ мәдениетіміздің құрамдас бөлігіне айналды. Тақуалық, рухани тазалық, ар-ождан, жан дүние, болмыс кіршіксіздігі секілді қасиеттерді – кемелдікке жеткізетін ар ілімінің аясында қарастыру орнықты.

Ұлт руханиятының көрсеткіші – діні, тілі, мәдениеті, әдебиеті. Ал осы рухани қазынамызды барынша сақтап қалу үшін күрес сонау патша заманынан бері

жалғасып келеді. Патшалық Ресей, кейінгі кеңес үкіметі дінді мүлдем терістеп, жойып жіберуге тырысқандығының да бір себебі – қазақты өз негізінен айыру еді. Бірақ қазақ бар жерде рухани мұрасы бар, рухани қазына бар жерде Ясауи бар, Ясауи бар жерде Абай бар, Абай бар жерде Алаш бар. Бұл төрт рухани дінгек – елдіктің рухани арқауы. Себебі Ясауи, Абай, Алаш – бір-бірімен байланысып жатқан мәдени мұрамыз, рухани тұғырымыз.

#### Әдебиеттер:

1. Абай. Қалың елім қазағым. Шығармалары. – Алматы: Жалын, 1995. – 382 б.
2. Абай. Қара сөз. Поэмалар. – Алматы: Ел, 1993. – 269 б.
3. Айтжанов Б. Ислам өркениеті және білім мен ғылым. [Электронный ресурс] – URL: <https://kozhalar.kz/20219408-islam-orkenieti-zhane-bilim-men-ghylym>. 20.01.2021.
4. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы, 1959. – 408 б.
5. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
6. Боранбаев Б. Ғұмар Қараш. Қоғамдық саяси қызметі. Монография. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2014. – 232 б.
7. Бөкейхан Ә. Таңдамалы – Избранное. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1995. – 487 б.
8. Бөкейхан Ә. Шығармалары. – Астана: Сарыарқа, 2016. – 604 б.
9. Zhakupov Zh., Sarekenova K., Aimukhambet Zh, Sagidolda G., Omirbekova Zh, Akhmetova M., Tuyakbayeva R. (2023) Language and Cultural Codes in Ahmed Yasawi's Diwani Hikmet: A Linguacultural Study // Eurasian Journal of Applied Linguistics, 9(3). – P. 238-246. <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.903021>
10. Дербісәлі Ә. Көне Отырардан шыққан ұлы ғұламалар – әл-Фарабилердің саны 33-ке жетті. [Электронный ресурс] –URL: [https://www.inform.kz/kz/kone-otyrardan-shykkkan-uly-gulamalar-al-farabilerdin-sany-33-ke-zhetti-absattar-derbisali\\_a2718230?](https://www.inform.kz/kz/kone-otyrardan-shykkkan-uly-gulamalar-al-farabilerdin-sany-33-ke-zhetti-absattar-derbisali_a2718230?) – 2014, 19-қараша.
11. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.
12. Есімов Ғ. Хакім Абай: (даналық дүниетанымы). – Алматы: Атамұра. 1994. – 320 б.
13. Жолдыбайұлы Қ. Имани гүл. – Алматы, 2011. – 384 б.
14. Жұртбай Т. Соқтықпалы, соқпақсыз заманда өсті... (Абай және оның әлеуметтік ортасы). – Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспаханасы, 2020. – 497 б.
15. Кеңшілікұлы А. Шығыстың соңғы шынары. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 350 б.
16. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. – Астана: Фолиант, 2002. – 474 б.
17. Қамзабекұлы Д. Жәдитшілдік – ұлттық рухани серпілу негізі. // Ақиқат. 2008 №1. – Б. 34-41.
18. Қожа Ахмет Яссауи. Диуани Хикмет (Даналық жолы). С.Битенов. – Алматы: Сөздік-Словарь. 2004. – 196 б.
19. Қожа Ахмет Яссауи. Диуани хикмет. – Астана: Фолиант, 2007. – 480 б.
20. Құнанбаев А. Шығармалар. Екі томдық. I-том. – Алматы: Жазушы, 1968. (қаз)– 319 б.
21. Махан Н. Абайдың діни көзқарасы. [Электронный ресурс] – URL: <https://abai.kz/post/110631>. 18.04.2020.
22. Сарсенбеков Н.Ж. Ахмет Яссауи хикметтерінің экзистенциалық сипаты. // Адам әлемі. № 4 (90) 2021. – Б. 43-52. <https://doi.org/10.48010/2021.4/1999-5849.05>
23. Яссауи Қожа Ахмет. Хикметтер. – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1995. – 128 б.
24. Ысқаков Б. Қазақ-татар әдеби байланысы. – Алматы: Ғылым, 1976. – 305 б.

#### References:

1. Abai. (1995) My people are a big Kazakh. Works. – Almaty: Zhalyn. – 382 p. (in Kaz).
2. Abai. (1993) Words. Poems. – Almaty: El. – 269 p. (in Kaz).
3. Aitghanov B. (2021) Islamic civilization and education and science // [Electronic resource]. Available at: <https://kozhalar.kz/20219408-islam-orkenieti-zhane-bilim-men-ghylym>. (in Kaz).

4. Auezov M. (1959) Thoughts of different years. – Almaty. – 408 p. (in Kaz).
5. Bartursynov A. (1989) Works. – Almaty: Zhazushy. – 320 p. (in Kaz).
6. Bokeikhan A. (1995) Favourites. – Almaty: Qazaq ensiklopediasy Bas redaksiyası. – 487 p. (in Kaz).
7. Bokeikhan A. (2016) Works. – Astana: Saryarqa. – 604 p. (in Kaz).
8. Boranbayev B. (2014) Gumar Karash. Public political activity. Monograph. – Almaty: Arys. – 232 p. (in Kaz).
9. Derbisali A. (2014) The number of great scientists – Al-Farabi from ancient Otrar has reached 33. [Electronic resource]. Available at: [https://www.inform.kz/kz/kone-otyrardan-shykkkan-uly-gulamalar-al-farabilerdin-sany-33-ke-zhetti-absattar-derbisali\\_a2718230?](https://www.inform.kz/kz/kone-otyrardan-shykkkan-uly-gulamalar-al-farabilerdin-sany-33-ke-zhetti-absattar-derbisali_a2718230?). (in Kaz).
10. Dulatov M. (1991) Works. – Almaty: Zhazushy. – 384 p. (in Kaz).
11. Esimov G. (1994) Hakim Abai: (worldview of wisdom). – Almaty: Atamura. – 320 p. (in Kaz).
12. Joldybauly Q. (2011) Imani gul. – Almaty. – 384 p. (in Kaz).
13. Jurtbai T. (2020) He grew up in the distant, difficult times ... (Abai and his social environment). – Nur-Sultan: L.N.Gumiliyov atyndagy EEU baspahanasy. – 497 p. (in Kaz).
14. Iskakov B. (1976) Kazakh-Tatar literary relations. – Almaty: Gylym. – 305 p. (in Russ).
15. Kamzabekuly D. (2008) Jaditanism is the basis of National Spiritual Revival. – Aqiqat. No. 1. – P. 34-41. (in Kaz).
16. Koja Ahmet Iassauyı. (2004) The Path of Wisdom. S. Bitenov. – Almaty: SÓzdik-Slovar. – 196 p. (in Kaz).
17. Kenshilikuly A. (2021) The Last Psalmist of the East. – Nur-Sultan. – 350 p. (in Kaz).
18. Qamzabekuly D. (2002) Alash and literature. – Astana: Foliyant. – 474 p. (in Kaz).
19. Qoja Ahmet Yesevi. (2007) Diuani hikmet. – Astana: Foliyant. – 480 p. (in Kaz).
20. Qunanbaev A. (1968) Essays. In two volumes. Volume I. – Almaty: Zhazushy. – 319 p. (in Kaz).
21. Mahan N. (2020) Religious views of Abai // [Electronic resource]. Available at: <https://abai.kz/post/110631> (in Kaz).
22. Sarsenbekov N. Zh. (2021) Existential nature of the wisdom of Akhmet Yassawi. // Adam alemi No. 4 (90). – P. 43-52. <https://doi.org/10.48010/2021.4/1999-5849.05> (in Kaz).
23. Yesevi Qoja Ahmet. (1995) Hikmets. – Almaty: Atamura – Qazaqstan, – 128 p. (in Kaz).
24. Zhakupov Zh., Sarekenova K., Aimukhambet Zh, Sagidolda G., Omirbekova Zh, Akhmetova M., Tuyakbayeva R. (2023) Language and Cultural Codes in Ahmed Yasawi's Diwani Hikmet: A Linguacultural Study. Eurasian Journal of Applied Linguistics, 9(3). – P. 238-246. <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.903021> (in Eng)

**S.V. Ananyeva<sup>1\*</sup>, K.N. Galai<sup>2</sup>, A.S. Demchenko<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan*

<sup>2</sup>*Peoples' Friendship University of Russia named after Patrice Lumumba, Moscow, Russia*

<sup>3</sup>*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

*E-mail: svananyeva@gmail.com, galay\_kn@pfur.ru, alenchika@mail.ru*

*ORCID: 0000-0001-7349-1590, 0000-0001-7564-2014, 0000-00002-0635-9247*

## STYLISTIC PECULIARITIES OF K.I. SATPAYEV'S RESEARCH ON LITERATURE, ART AND THE EPISTOLARY HERITAGE OF THE SCIENTIST

**Abstract.** Encyclopedic knowledge in many fields of science, in Kazakh folklore, literature, history, culture amazed contemporaries the first president of the Academy of Sciences of Kazakhstan K.I. Satpayev. The first printed work of the future academician is connected with the artistic poetic world – with the Kazakh song and music culture. No less interesting are the letters, the addressees of which lived in Moscow and Leningrad, Almaty and Vinnytsia, Dushanbe and Zyryanovsk. The traditions of the epistolary genre have their origins in the cultural layers of previous eras and millennia. Realistic tendencies in the creation of a letter as a document of the era are based on the natural talent of the author, a high level of education and his refined culture. In terms of genre, letters are divided into political, journalistic, private. The creative manner of K.I. Satpayev, whose name relates to the history of the formation and development of industry in Kazakhstan, included scientific and precise thinking, logic and evidence, chronology. The letters of the academician and first President of the Academy of Sciences of Kazakhstan are unique in style, combining clarity and personal involvement in the events of his epoch. Self-knowledge and self-analysis are the dominant features of the epistolary texts of an outstanding personality of national significance. The scientific novelty and relevance of this article is determined by the fact that a rich epistolary heritage is introduced into scientific circulation, capturing important milestones in life, essential aspects of the biography and scientific fate of K.I. Satpayev. The wise mentor of youth treated the upbringing of the scientific generation in a fatherly manner. The famous scientist is modest and strict with himself, but caring towards the participants of the Great Patriotic War, cultural figures, teachers, young scientists, schoolchildren, and children of fellow scientists. Thanks to the letters, the portrait of the world-famous geologist, the organizer of science, who was extremely demanding of himself, becomes more understandable, sincere and heartfelt.

**Acknowledgments:** The study was carried out within the framework of the program -targeted funding BR24992920 “Research of the scientific and cultural heritage of academician K.I. Satpayev – the path to the development of scientific schools of Kazakhstan”.

**Keywords:** article, letter, diary, note, science, style, epic.

**С.В. Ананьева<sup>1\*</sup>, К.Н. Галай<sup>2</sup>, А.С. Демченко<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан*

<sup>2</sup>*Патрис Лумумба атындағы Ресей халықтар достығы университеті, Мәскеу, Ресей*

<sup>3</sup>*Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*

*E-mail: svananyeva@gmail.com, galay\_kn@pfur.ru, alenchika@mail.ru*

*ORCID: 0000-0001-7349-1590, 0000-0001-7564-2014, 0000-00002-0635-9247*

## Қ.И. Сәтбаевтың әдебиет, өнер және ғалымның эпистолярлық мұрасы туралы зерттеулерінің стильдік ерекшелігі

**Аңдатпа.** Қазақстан ғылым Академиясының тұңғыш президенті Қ.И. Сәтбаев ғылымның көптеген салаларындағы, қазақ фольклорындағы, әдебиетіндегі, тарихындағы, мәдениетіндегі энциклопедиялық

білімі замандастарын таңғалдырды. Болашақ академиктің алғашқы баспа жұмысы көркем поэтикалық элеммен - қазақ ән-музыка мәдениетімен байланысты болды. Мәскеу мен Ленинград, Алматы және Винница, Душанбе және Зырян қалаларында өмір сүрген адресаттарға жіберілген хаттары да қызықты. Эпистолярлық жанрдың дәстүрлері алдыңғы дәуірлер мен мыңжылдықтардың мәдени қабаттарынан бастау алады. Хатты дәуірдің құжаты ретінде құрудағы реалистік үрдістер автордың табиғи дарындылығына, жоғары білім деңгейіне және оның талғампаз мәдениетіне негізделген. Жанрлық жағынан хаттар саяси, публицистикалық, жеке болып бөлінеді. Қ.И. Сәтпаевтың есімі Қазақстан өнеркәсібінің қалыптасуы мен даму тарихымен байланысты болып, оның шығармашылық нақышы ғылыми және тура ойлауды, қисындылық пен дәлелділікті, хронологиялықты қамтыды. Академик және Қазақстан ғылым Академиясының тұңғыш Президентінің хаттары оның өзі өмір сүрген кезімен тұстас келген оқиғаларға айқындық пен жеке қатысқандығын үйлестіретін стилімен ерекше. Өзін-өзі тану және өзін-өзі талдау - мемлекеттік масштабтағы көрнекті тұлғаның эпистолярлық мәтіндерінің доминанты. Бұл мақаланың ғылыми жаңалығы мен өзектілігі ғылыми айналымға маңызды өмірлік кезеңдерді, Қ.И. Сәтпаевтың өмірбаяны мен ғылыми тағдырының маңызды жақтарын бейнелейтін мол эпистолярлық мұраның енгізілуімен анықталады. Жастардың дана тәлімгері ғылыми ауысымды тәрбиелеуге қатысты болды. Белгілі ғалым кішіпейіл және өзіне қатал, дегенмен Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, белгілі мәдениет қайраткерлеріне, мұғалімдерге, жас ғалымдарға, мектеп оқушыларына, ғалым әріптестерінің балаларына қамқорлық жасады. Хаттардың арқасында элемге әйгілі геолог ғалымның портреті, ғылымның ұйымдастырушысы, өзіне аса қатал болса да, түсінікті, жанға жақын және жүрекке жылу беретін бола түсті.

**Алғыс:** зерттеу BR24992920 «Академик Қ. И. Сәтпаевтың ғылыми-мәдени мұрасын зерттеу – Қазақстанның ғылыми мектептерін дамыту жолы» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында орындалды.

**Кілт сөздер:** мақала, хат, күнделік, ескертпе, ғылым, стиль, эпос.

### **С.В. Ананьева<sup>1\*</sup>, К.Н. Галай<sup>2</sup>, А.С. Демченко<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Российский университет дружбы народов имени Патриса Лумумбы, Москва, Россия

<sup>3</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

E-mail: svananyeva@gmail.com, galay\_kn@pfur.ru, alenchika@mail.ru

ORCID: 0000-0001-7349-1590, 0000-0001-7564-2014, 0000-00002-0635-9247

## **Стилевое своеобразие исследований К.И. Сатпаева о литературе, искусстве и эпистолярного наследия ученого**

**Аннотация.** Энциклопедические знания во многих областях науки, в казахском фольклоре, литературе, истории, культуре поражали современников первого президента Академии наук Казахстана К.И. Сатпаева. Первый печатный труд будущего академика связан с художественным поэтическим миром – с казахской песенно-музыкальной культурой. Не менее интересны письма, адресаты которых жили в Москве и Ленинграде, Алма-Ате и Виннице, Душанбе и Зырянске. Традиции эпистолярного жанра уходят своими истоками в культурные пласты предшествующих эпох и тысячелетий. Реалистические тенденции в создании письма как документа эпохи имеют в своей основе природную одаренность автора, высокий уровень образования и его изысканную культуру. В жанровом отношении письма подразделяются на политические, публицистические, частные. Творческая манера К.И. Сатпаева, имя которого связано с историей становления и развития промышленности Казахстана, включала научное и точное мышление, логичность и доказательность, хронологичность. Письма академика и первого Президента Академии наук Казахстана своеобразны по стилю, сочетающему ясность и личную причастность к тем событиям, в период которых ему выпало время жить. Самопознание и самоанализ – доминанты эпистолярных текстов выдающейся личности государственного масштаба. Научная новизна и актуальность данной статьи определяется тем, что в научный оборот вводится богатое эпистолярное наследие, запечатлевшее важные жизненные вехи, существенные стороны биографии и научной судьбы К.И. Сатпаева. Мудрый наставник молодежи по-отечески относился к воспитанию научной



смены. Известный ученый скромен и строг к себе, но заботлив по отношению к участникам Великой Отечественной войны, деятелям культуры, учителям, молодым ученым, школьникам, детям ученых-коллег. Благодаря письмам, портрет самого ученого-геолога с мировым именем, организатора науки, сверхтребовательного к самому себе становится более понятным, душевным и сердечным.

**Благодарность:** Исследование выполнено в рамках программно-целевого финансирования BR24992920 «Исследование научно-культурного наследия академика К.И. Сатпаева – путь к развитию научных школ Казахстана».

**Ключевые слова:** статья, письмо, дневник, заметка, наука, стиль, эпос.

## 1. Introduction

The classical model of scientific research into the biography of a famous person allows for a holistic reconstruction of his life, work, and path to science. Scientific knowledge, thanks to the cognitive strategy of the classical model of objective study of an individual's biography, is aimed at a comprehensive reconstruction of the life of the main character of the work. Biography as an object of scientific knowledge is becoming increasingly attractive to researchers. To a certain extent, the biography of a scientist, as well as the range of his interests, are reflected in letters, notes, diaries. The author of letters differs from the author of articles, the style, manner of writing are transformed, the pictorial and expressive means change. Letters contain more personal, autobiographical information. Autobiographical memory is an important component of creativity, including scientific.

He devoted his entire life to geological science. He discovered and explored the untold wealth of the Kazakh steppes. His scientific research made a huge contribution to the development of the country's economy. Since his student years, K. Satpayev showed interest in Kazakh folklore, literature, and art. And throughout his life, filled with many events and scientific discoveries, he studied history, oral folklore, and fiction of his native people with unflagging interest. He published articles. And in letters, he argued with his opponents, revealing his creative laboratory.

The stylistic trends of socialist realism of the 1930s, 1940s, 1950s and 1960s replaced each other, which influenced the style of a particular author: writer, scientist, publicist, journalist. In Moscow, under the editorship and with a preface by K.I. Satpayev, a scientific edition of the epic "Er Edige" (1927) was published. The history of its publication receives new light in the memoirs of Sh. K. Satpayeva, a literary scholar and teacher, the daughter of K.I. Satpayev, and in his letters.

## 2. Materials and methods

### 2.1 Research methods

The system-synergetic paradigm of text study is predominant at this stage of development of the humanities. The system approach most fully reflects the principles of studying a work of art and all the work of a scientist as an organic whole in the synthesis of structural-functional and genetic ideas about the object. Receptive aesthetics helps to reveal the relationships "work – reader", "reader – work". In comparative poetics, which studies the differences between literary phenomena, post-structuralist approaches to text analysis and deconstruction are in demand. The heuristic potential of comparative poetics is high, revealing the originality of the author's style and manner of writing.

**2.2 Research materials** – articles by K.I. Satpayev on the problems of Kazakh art, literature, culture. The authenticity of events, their recording, detailed description of what was happening – predominantly the texts of letters. The epistolary heritage of the scientist-geologist allows us to “read” many of K.I. Satpayev’s scientific studies anew and carefully.

### 3. Discussion

“He achieved unprecedented heights in science by creating a metallogenic map,” recalls N. Niretina, Head of the archive of Academician K. Satpayev at the Institute of Geological Sciences.

He is credited with discovering the Ulatau-Dzhezkazgan copper deposit. In 1932, a geological exploration technical school was opened in Semipalatinsk.

Being a famous geologist, K.I. Satpayev moved from Dzhezkazgan to Alma-Ata in 1941. In 1942, he was appointed Chairman of the Presidium of the Kazakh branch of the USSR Academy of Sciences. Dreaming of creating the Academy of Sciences of Kazakhstan, K.I. Satpayev trained scientific personnel. The correspondence of K.I. Satpayev and V.I. Vernadsky, the first President of the Academy of Sciences of Ukraine, a full member of the USSR Academy of Sciences, has been preserved. It was V.I. Vernadsky who recommended geologist Satpayev to the President of the USSR Academy of Sciences V.L. Komarov for the post of President of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR.

The President of the USSR Academy of Sciences V. Komarov wrote a submission to the Government of the Kazakh SSR on the organization of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. On June 1, 1946, the Academy of Sciences of the Kazakh SSR was created.

According to the recollections of his wife Taisiya Alekseevna, Kanysh Imantaevich argued for the need to open 11 new research institutes.

In the scientific works of K.I. Satpayev there are statements about Chokan Valikhanov, Abay Kunanbayev, Ibray Altynsarin, Zhambyl, Alisher Navoi, Rudaki... The outstanding scientist writes about «Leyli-Majnun», «Farhat and Shyryn» and the philological heritage of Mikhail Lomonosov. The article by K.I. Satpayev «On the National Theater of Kazakhstan» (1927) is the first article about the activities of the only Kazakh national theater in Kyzylorda. K.I. Satpayev raises the problem of searching for genre diversity, the multidimensionality of the Kazakh theater, the growth of professional skill, and the creation of Kazakh ballet.

Literature and art were within the orbit of academic interests of Academician K.I. Satpayev. In 1953, the President of the Academy of Sciences of Tajikistan, outstanding scientist and statesman, founder of Tajik Soviet literature Sadridin Aini turned 75. K.I. Satpayev immediately responded to this joyful event with a telegram to Stalinabad, wishing the hero of the day “long” life, good health and further creative success for the benefit of our Great Motherland” (Satpayev, 1998).

The congratulatory telegram reflects the spirit of the times, which is confirmed by the name of the capital of Tajikistan – Stalinabad, and the style of those years: “... further creative success for the benefit of our Great Motherland.”

Scientific thought creates “a special associative field, confirming the importance of the transition from ideology to issues of personal existence” (Ananyeva, 2024: 28). In the legacy of K.I. Satpayev “on social and humanitarian sciences, a large, important part is

made up of works on culture, literature and art" (Satpayeva, 2010: 399). Sh.K. Satpayeva systematized information concerning the works of K.I. Satpayev on literature and art.

His studies "Kazakh Tales and Jokes", "Previous Kazakh Games", "On the National Theater of Kazakhstan", "An Outstanding Work of Kazakh Soviet Literature" (about the epic novel by M.O. Auezov "The Path of Abai"), "Lomonosov – the Founder of National Science" and others are of great scientific interest. K.I. Satpayev raises the problem of searching for genre diversity, the multidimensionality of the Kazakh theater, the growth of professional skill, the creation of Kazakh ballet. During the Great Patriotic War, he writes about the need for a stenographic record of Murun's tales zhirau (Sengirbaeva).

On January 12, 1942, Deputy Chairman of the Presidium of KazFAN (Kazakh Branch of the Academy of Sciences. – *SA, KG, AD*) K.I. Satpayev and Director of the Institute of Language, Literature and History of KazFAN N.T. Sauranbayev wrote a report to the Chairman of the Council of People's Commissars of the Kazakh SSR Comrade N.U. Undasynov about the need for a stenographic record of the tales of Murun-Zhirau (Sengirbaeva). The storyteller is 81 years old. Lives in the city of Shevchenko. Since the age of 18, he has been known as a professional storyteller - the singer of "Songs about the forty Crimean heroes". The first creator of songs – Sypra-Zhirau (we leave the spelling of those years. – *S.A., K.G., A.D.*). He lived 500 years ago and passed on his knowledge to Abil-Zhirau, then Nurun-Zhirau and finally Murun-Zhirau.

"Songs... " consists of 40 parts. A song about each hero (the main characters of the songs are listed in the report) is sung for 7 to 10 days. In terms of structure, "Songs about the forty Crimean heroes" resemble the famous Kyrgyz epic "Manas" but are twice as long.

Scientists pay special attention to the content, plot and composition of the epic monument, specifying: "To lose forever such an exceptionally valuable document is a great loss" (Satpayev, 1998). The unique Kazakh epic was recorded. The appeal of the heads of scientific departments was heard.

The epistolary genre (from the Greek epistole – letter, message) is "a text in the form of a letter, sent to the addressee to communicate certain information" (stylistics.academic.ru). Sometimes the title of a research work itself says a lot. D.S. Likhachev's "Letters about the Good and the Beautiful" are well-known.

In K.I. Satpayev's "Notes from a Diary", the style of the young author is striking: "The steppe grasses had long since turned yellow, and signs of late autumn were all around. And the shores of the lake seemed shrouded in snow. There were many Kazakh yurts there, and people stripped to the waist were bustling around them. What was so strange? "Everything became clear up close" (Satpayev, 1998). The inquisitiveness of the future geologist is evident in this passage. "It turns out that it was not snow that was whitening the shore, but heaps of already extracted salt; long, narrow wooden walkways were built along the banks and into the depths of the still, grayish water; the extracted salt was transported along them in wheelbarrows" (Satpayev, 1998).

During these same years, P. Vasiliev, who lived only twenty-six years, published his famous poem "Salt Riot", built "on such an interweaving of figurative means of Kazakh and Russian folklore that the monstrous image of the "black baibichi" created by the poet is colorful and memorable:

People are falling down on the felt there.  
And fear dances in their eyes:  
Black bay bicha – plague  
They sent us to be burned at the stake!"

(Ananyeva, Krivoshchapova 2014: 47).

Both K.I. Satpayev and P. Vasiliev know the nomadic life of the Kazakh people, the details of everyday life. Kazakh folklore images and motifs give a special flavor to the poetic lines of the Russian poet of Kazakhstan, for whom his native Irtysh region has forever entered his work. « Be you twice and thrice cursed, salt! Salt that dried up the earth and stems! Salt that separated the hands of loved ones!» (Ananyeva, Krivoshchapova, 2014: 47).

K.I. Satpayev's diary notes is accurate and objective. Up to one and a half million poods of salt were mined annually at the Koryakovo salt mine. "More than a thousand people worked at the mine, almost all of them Kazakhs. The horsemen, naked to the waist, descended from the gangways into the water, broke up the salt layers with picks and crowbars, then raked them into a pile with shovels. The salt collected on the shore in numerous piles was taken out in carts to the Chernoyarsk pier" (Satpayev, 1998). The lines of K.I. Satpayev's "Notes from a Diary" are imbued with sympathy for those working in the salt mines: "How much human labor this cost! There was no need to ask about it – the exhausted, tired appearance of the workers, the deep, unhealed wounds on their legs and arms spoke volumes. It was then that I first realized why our people consider salt sacred!..." (Satpayev, 1998).

#### **4. Research results**

After the performance of 25 Kazakh songs by K.I. Satpayev, "an excellent connoisseur and good performer of Bayanaul songs", they were included in the collection "500 Kazakh songs and kuys", compiled by the famous researcher of Kazakh musical art A.V. Zataevich. The Russian ethnographer emphasizes that the young engineer is «an excellent connoisseur and good performer of Bayanaul songs, who gave a number of very valuable messages for this collection not only in the field of tunes and melodies, but also texts, and supplied the latter with Russian translations" (Satpaeva, 2010: 406).

Following Sh.K. Satpaeva, we also believe that perhaps K.I. Satpaev's unique performance of Kazakh songs and his translations will one day be found in the archives and museums of Russia, which "would enrich the national culture, literature and art" (Satpaeva, 1999: 75).

Working primarily in the field of earth science, K.I. Satpayev pays special attention to the following aspects of the problems: science and technical progress, science and productive forces of Kazakhstan. He is very careful and reverent to the memory of scientists. "Vladimir Afanasyevich Obruchev was a tireless traveler and promoter of scientific knowledge. "He accomplished a scientific feat by carrying out a huge amount of work on the study of Siberia" (Satpayev, 1998). He takes care of Zataevich's daughter, Olga, who was her father's literary secretary. From specific individuals and concern for their future (transfer of a student to Moscow State University), K.I. Satpayev moves on to large-scale projects. He is busy with the construction of new premises for an incomplete secondary school

(Lesnaya Pristan, Zyryanovsky District, East Kazakhstan Region). He solves the problem of indigenization of scientific personnel, brushing aside the absurd fuss around himself and his name, considering anonymous letters a banal hoax.

He is attentive to the work of the judicial system. In a letter dated January 13, 1921, he recommends sending correspondence for the rapid consideration of cases to the village of Bayan aul in Pavlodar district.

In the letter of August 30, 1927, the personal perception of its author is important: "If we consider the route Aulie-Ata – Karatau – Dzhusaly – Karsakpai – Atbasar, then I crossed almost the whole of Kazakhstan meridionally. This road was extremely important for me. Over the entire vast distance, I had the opportunity to personally observe changes in the relief, soil, vegetation, climate and life of people" (Satpayev, 1989). The observations are of scientific interest, they include special terms (chestnut soils, non-irrigated crops). And at the same time, the letter of August 30, 1927 conveys well the author's style, scientific with elements of fiction. "Airtau in translation means "bifurcated mountain", obviously indicating the observation of the Kazakhs ... Airtau almost adjoins the Ulutau Mountains. The latter amazed me with their grandeur. "And the sharp differences in heights... Their sharp, bare and severe peaks just breathe with antiquity, beautiful gray hair..." (Satpayev, 1998). The final conclusion of the letter attracts attention: "It seems ridiculous and wild, with such rich and vast hayfields, to suffer from jute. Apparently, we, Kazakhs, still know very little about our homeland" (Satpayev, 1998).

In 1945, he plans to build new buildings for the Academy of Sciences in the form of a special academic ensemble designed by academician A.V. Shchusev. He sees the horizons of scientific development.

The author of the letters, "if his name has become famous, is aware that sooner or later, when he is no longer alive, everything that came from his pen may be worthy of public attention" (Demkova, 1985: 178). The works of K.I. Satpayev were aimed at finding "philosophical meanings and moral guidelines" (Sabyrzhanova, Ananyeva, 2024: 301).

## 5. Conclusion

The central concept of linguopolitical personology is the linguistic personality of a politician or scientist, reflected in the texts created by them. It is important to reveal the idiosyncrasy of the scientist, the dominants and constants of his texts, which are reflected in the order of their creation; to pay attention to the stylistic originality of his works, the style of his statements, judgments using evaluative vocabulary.

K.I. Satpayev's scientific research on science, education, and culture is distinguished by the stamp of an individual manner of presenting the material and narration. The style of letters depends on the addressee.

In a report dated October 8, 1951 addressed to the Secretary of the Central Committee of the Communist Party (Bolsheviks) of Kazakhstan, Comrade Zh. Shayakhmetov, "the reason that prompted me to take up the 'Tale of Edig' at that time (1927 – S.A., K.G., A.D.)" K.I. Satpayev explains his "general fascination with materials of oral folklore in 1920-1924, during his work as a people's judge in the Bayan-Aul region and in his early years as a

Түркі фольклорлық шығармаларының өзегі болған қаһармандар жүрек жұтқан, өзі үшін емес, елі үшін туып, өмір суретін, ерекше қасиеттерді бойына сіңірген нағыз батыр ретінде суреттеледі. Мұндай дастандар тарихи шындыққа жақындығымен де, кейде «бас кейіпкерлердің шамадан тыс ерлігімен» де ерекшеленеді. Бұған татар халқының «Жик Мәргән» дастаны да мысал болады (Татар халық ижаты, 1978). Бұл дастанда басқа түркі халықтарының батырлық жырларына тән тарихи шындық деңгейі белгілі бір дәрежеде жоғалғанымен, сюжеттік бірлігі, жалпы идея, композициялық тұтастық сақталған.

### 3. Талқылау

Қазіргі уақытта тіл, фольклор, этнография, тарих, география мәселелеріне қатысты ғылыми зерттеулерде ономастикаға, әсіресе, оның топонимика сияқты бөліміне жалқы есімдер туралы ғылым ретінде қызығушылық артып келеді. Топонимдер кез келген ұлттық тіл лексиконының ажырамас бөлігі, ұлттық сана-сезімнің өнімі, белгілі бір ұлттың әлемінің тілдік бейнесін білдірудің құралы және тәсілі бола отырып, халықтың тарихи өткені туралы, оның көші-қоны мен қоныстану жолдары туралы этникалық маңызды ақпаратты сақтау және ұрпақтан ұрпаққа беру қабілетіне ие. Сондай-ақ олар адамдардың өмірлік, коммуникативтік кеңістігінде сенімді бағдарлар рөлін атқарады (Ыбыраев, 1993:65). Осының бәрі белгілі бір халықтың топонимдерін зерттеуді өзекті етеді.

Жалпы, лингвистикалық топоним мен фольклорлық топоним – көп жағдайда бір нәрсе емес. Фольклорлық мәтіндегі белгілі бір топонимнің мазмұнын, оның пайда болу себептері мен тәсілдерін түсіндіру – жалпы алғанда, өлке тарихының көрінісі (Қарабаев, 2021:74). Бірақ бұл – ауызша дәстүрдің ерекшеліктерін ескеретін фольклорлық сана призмасынан өткен ерекше толғау. Сондықтан да, фольклорлық топоним мен жалпы тілдік топонимнің мазмұны бірдей бола бермейді. Оның үстіне, фольклорлық мәтінде сөз үлкен семантикалық амплитудаға және белгілі бір

ұлттық-мәдени коннотацияға ие болады, сондықтан фольклордағы жалқы есімдер мен жер-су атауларының күнделікті ауызекі сөйлеуге қарағанда семантикалық жағынан жүгі ауырлау келеді. Жоғарыда аталған түркі халықтарының қаһармандық эпостарын мысалға ала отырып, топонимика мен фольклор арасындағы байланыс ерекшеліктерін, фольклорлық мәтіндегі топонимдердің негізгі қызметтерін анықтап, олардың қолдану ерекшеліктерін көрсетуге тырысамыз.

«Ер Тарғын» көркемдік-идеялық жағынан қазақ батырлар жыры ішіндегі таңдаулылардың бірі саналады. Жырдың негізгі идеясында ерлік, елжандылық, жақсылық пен жамандық күресі, адал махаббат, ел қорғау секілді өзекті мәселелер көтерілген. Шығармада халқымыздың басынан кешкен тарихи-әлеуметтік оқиғалары, дүниетанымы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, ұлттық санасы, рухани тіршілігі, наным-сенімі мен арман-мұраты көрініс береді. Бас кейіпкердің ел тағдырын ойлаған, оның тәуелсіздігі үшін басын бәйгеге тіккен, оған қамқор, пана болған ерлік, адамгершілік бейнесі суреттеледі. Бұл жырдың аса бір құндылығы – тарихта болып, аты аңызға айналған, халқымыздың дана ойшылы Сыпыра жыраудың кеменгер кейіпкер ретінде көрінуі. Жыршы Сыпыра жырауды шығармаға қосу арқылы сюжеттегі штрих-детальдерді әрлендіреді, осы бір ғана кейіпкерді арқау етіп, жалпы халқымызға тән даналық ойды, пәлсапалық терең дүниетанымды көрсетеді, айтпақ ойын аса шеберлікпен жеткізеді.

Бұл жырда түркі эпостарына тән ғажайып туу мотиві орын алмаған. Тіпті Тарғынның кім екендігі де айтылмайды, жыр бірден Тарғынға қатысы жоқ оқиғаларды суреттеумен басталады. Бас кейіпкердің әрекеті ғашығы Ақжүністі Еділ бойын мекендеген ноғайлы жұртына алып келуімен басталады. Зер салатын болсақ, Еділ өзені – ноғайлы дәуірінде пайда болған барлық батырлар жырының басты өзегі. «Эпостың негізі – тарихи шындық. Әсіресе, ол эпосты тудырған ортаға, халықтың жер-су атауларына тікелей қатысы бар» (Пангереев, 2018:188) деген Ш.Ыбыраевтың пікіріне сүйенетін болсақ, шынында да, топонимдерің эпоста атқаратын қызметтерінің бірі – тарихи оқиғаны халыққа нанымды жеткізу. Ендігі талдайтын су атауымыз – *Жайық* өзені. Бұл өзен жырда жеке өзен ретінде емес Еділ өзенімен қатар қолданады. Мысалы:

*Еділ-Жайық* екі су

Ерінбей жортып, дүние-ай,

Бас-аяғын көрген ер! (Бабалар сөзі, 2005:24) – деген жыр қатарларынан Еділ мен Жайық өзендері оқиға орын алған орын, бас кейіпкердің соғыста қатысқан алаңы, эпикалық кеңістік екенін білу арқылы батырдың өміріне қатысты екенін көреміз. Бұған себеп – кейіпкердің өткен өмірін аңсау түрінде берілген «дүние-ай» деген күрсінуді.

Сонымен қатар жырда *Қараша*, *Құбан*, *Самар*, *Ақтөбе*, *Бозан* секілді атаулар да кездеседі. Алайда бұл атаулардың жырда не жер атаулары екенін, не су атаулары екенін білу қиын, бірақ олардың жырдағы орны айрықша, мысалы:

Ауан, ауан, ауан су,

Ауандап үлкен балық жүзген су,

Қараша, Құбан – қанды су,  
Ақтөбе, Бозан – данды су,  
Үш өзен, Самар – жанды су  
Су болғалы ежелден,  
Кәпір менен пұсырман  
Ерлеріменен даулы су,  
Даулы жерде тұрмаймын!  
Мен кетемін, кетемін,  
Кеткенменен, айдалаға кетпеймін,  
Айналып *Еділді* өтемін! (Бабалар сөзі, 2005:27).

Осындағы жер-су атаулары талай жорықтарға себеп болғанын, бұл жерлерге кәпір мен мұсылмандар таласқандарын айқын көруге болады. Жоғарыда атап кеткен жер-су атауларынан басқа жырда *Қытай*, *Қырым*, *Самарқан* топонимдері де кездесіп отырады. *Қырым*, *Қытай* атауларының дастандағы оқиға болған жерге мүлдем қатысы жоқ. Бұл топонимдердің ауыспалы мәнде қолданылып тұрғаны анық.

Ер Тарғын жырында аты таныс емес, немесе қияли топонимдер де кездеседі. Біздің ойымызша, бұның себебі ертегілік сарынның басым болуында. Бұл жырда махаббат пен ерлік мәселесі қатар жүреді.

Қарақалпақтың «Ер Сайым» дастаны бас кейіпкердің ауыр өмірін суреттеумен басталады. Ер Сайымның әкесі Қуладин кедей диқан болған екен, бас кейіпкер алты жасқа келгенде Хорезм халқы ауыр күндерді басынан кешеді. Жыр төмендегі өлең қатарларымен басталады:

Халыққа дүния тар еди,  
Кимлер көріп кемликти,  
Кимлер көріп зорлықты,  
*Хорезмнің* елинде,  
*Ақжурим* деген шәхәрде (Қарақалпақ фольклоры, 2005:111)

*Хорезм* атауы қарақалпақ дастандарының көпшілігінде кездеседі. Жырдағы оқиғаның Хорезмнің *Ақжурим* қаласында орын алғанын дастан сюжетінен білеміз. Хорезм топонимі жырда ең көп кездесетін атау болғандықтан, оны дастан оқиғасының негізгі өзегі деп айтуға болады. Қарақалпақ халқының Ер Зийуар атты дастаны да дәл осы тарихи топонимдермен басталады (Кенбайева, 2022).

Осы жырда кездесетін келесі атау – *Қоңырат*. Бұл атау жырда *Қоңырат ели*, *Қоңырат журты*, *Қоңырат урууы*, *Қоңырат елаты*, *Қоңыратлы* этнотопоним формасында кездеседі. Ел, журт, елат терминдері көпшілік ғылыми әдебиеттерде «халық тығыз жайласқан орын» дегенді білдіреді. Бұл терминдер көбіне ойконимдермен қатар қолданып, жер-су атауларын жасайды. Алайда, олар түркі халықтарының фольклорлық шығармаларында көп кездесе бермейді. Мысалы,

*Қоңырат* деген елінде  
Бар екен бир аш дийқан  
Аты екен Қуладин  
Жалғыз баласы бар екен (Қарақалпақ фольклоры, 2005:116)

*Қоңырат* сөзі ру атымен байланысты, бұл ру монғол дәуірінен бұрын Арал бойын мекендеген түркі тайыпаларының құрамында өмір сүрген. Қоңырат сөзінің түр-түсті білдіретін қоңыр сөзіне ешқандай қатысы жоқ. Алпамыс дастанын зерттеуші Ж.Хошниязов монғолдар Дешти-Қыпшақ жерін жаулап алғаннан кейін жергілікті қоңырат пен монғолдың қоңыраты араласып, бұрынғы атымен бірігіп кеткен деген болжам жасайды (Толібаев, 2021:101). Келесі өлең жолдарынан дастанның бас кейіпкері Қоңырат руынан екенін білеміз:

Атын *Хорезм* дейдилер,  
Туўған елим *Қоңырат*,  
Сыймас ишиме дәртим,  
Тар болды туўған журтым,  
*Хорезмнің* жеринде,  
*Қоңратлы* елинде,  
Сүрдим армансыз дәўран,  
Лалалықтың дәртинен,  
Балалықтың дәртинен,

Душпан болды маған хан (Қарақалпақ фольклоры, 2005:125)

– деген өлең жолдарынан Хорезм ханы тарапынан елінен қудаланғаннан кейінгі бас кейіпкердің туған жерін тастап бара жатқандағы қимастық сезімі көрінеді. Бұл «Ер Сайымда» кездесетін Қоңырат этнотопонимі дастан сюжетіне деректілік дарытады. Туған жерден қудалану мотиві жоғарыда айтылған Ер Тарғын жырына өте жақын. Дастанда кездесетін топонимдер жырда мекендік, ақпараттық, деректілік қызмет атқарады. Топонимдердің барлығы дерлік қазіргі Қарақалпақстан территориясынан орын алған.

Ендігі кезекте татар халқының көркем эпикалық жырларының бірі – «Жик Мәргән» дастанына тоқталайық. Түркі фольклорындағы эпостық шығармаларда батырдың есіміне оның басты қасиет-қабілеті айқындауыш сөз ретінде қосылады. Мәселен, «Жик Мәргән» дастанында «мерген» компоненті батырдың мергендігін көрсетеді. Бұндай атау түркі-моңғол тілдерінде көп ұшырасады. Жик Мәргән есімін ер жетіп, осы қабілетін көрсеткен соң ғана алады. Жалпы, түркі фольклорында жиі кездесетін «түс көру» мотиві жоғарыда айтып кеткен екі жырда да кездеспейді, алайда Жик Мәргән дастанынан орын алып отыр. Дастан сюжетіне сәйкес Агыйдел жағасын мекендеген тайпаның көсемі Тугзак есімді жесір әйел екенін мына жолдардан білуге болады: «Тугзак әби бер атаклы яу башының бикәсе иде. Ул чакта Агыйдел буге батырларының көчләрен сыный торган майдан Жаек буге берлә Чулман аръягы иде. Тугзак әбинең бие дә, яу чаба торган атаклы батырларын жыеп, Агыйдел белән Чулман буена ерак яуга киткән иде». Қазақшаға аударсақ: «Тугзак ана атақты рубасының әйелі болған. Ол кезде Акеділ батырларының күш-қуатын сынайтын жер Шұлманның арғы жағында болатын. Тугзак өзінің атақты садақ атушы батырларын жинап, Ағыдел мен Шұлман өзеніне ұзақ аңға шыққан». Жырдың басталуы Тугзак ана мен оның тоғыз ұлы Жайық пен Чулман өзендерінің бойына аңға, балық аулауға

кеткен сәттерін суреттеумен басталады. Байқауымызша, дастанның басталуы қарақалпақтың «Ер Сайым» дастанына ұқсас келеді.

Сюжет желісі бойынша, Тугзак жесір қалғаннан кейін тайпасын Еділ өзенінің қарсы жағалауына көшіріп алып кетеді. Көшіп барған жердің ханына салық төлеуге қарсы шыққан Тугзактың еліне хан шабуыл жасайды. Дастанда дұшпандар «қара урман халқы» деп аталады. Руаралық қақтығыстарда жеңілген рудың қайта күшеймеуі және кек алудың алдын алу үшін хан тарапынан Тугзактың руы толығымен жойылады. Алайда, Тугзак пен оның немересі тірі қалады. Тугзак ана немересін қайыққа отырғызып, Еділ өзенінің қарсы жағасына қашырып үлгереді де, өзі дұшпандардың қолына түсіп, қаза табады. Осылайша, дастандағы оқиға кульминациялық нүктеге келіп жетеді, бірақ тірі қалған сәбидің арқасында дастан сюжеті шиеленісіп, әрі қарай өрбиді. Қашып құтылған балаға жабайы жыртқыштар қамқор болады. Ол жасөспірім шаққа келгенде, түсіне әкесі кіріп, оған барлық оқиғаны баяндап береді. Содан соң күн батысқа жол сілтеп, оның туған жері, бауырлары сол жақта екенін айтады. Баланың түсіндегі әкесінің берген аяны осылай аяқталады: «Синен исемең Жик булсын! Жәяң нык булсын!» (Татар халық ижаты, 2010:96) – дейді де, көзден ғайып болады. Бұл қарасөзбен жазылған үзіндіден басты кейіпкерді әкесінің батысқа – Еділге қарай бағыттауын байқаймыз. Осы түстен соң Жик Мәргән қасына мықты деген жігіттерді жинап, кезінде ауылын қанға бөктірген ханнан кек алуға жолға шығады. Шайқастың басында басымдық танытқан Жик Мәргән соңында жау еліне тұтқынға түседі. Бұндай сюжеттік оқиға эпикалық дәстүрге қайшы (Abdulhanova, 2019). Түркілік эпостарда тән сюжет бойынша, басты қаһармен женуі немесе өлуі керек еді. Жырдағы мұндай «жаңаша, күтпеген оқиға» сюжеттік желіге кейінгі әдебиеттің дамуы әсер еткенінен хабар береді.

Бұл дастандағы ең көп кездесетін атау – Агыйдел (Ақ Еділ) гидронимі. В.В.Радлов тарапынан жазып алынған «Идегей» (Едіге) дастанының бірнеше нұсқаларында да Агыйдел атауы кездеседі. Осы дастанның татар нұсқасында кездесетін топонимдерге жасалған этномәдени талдау нәтижесінде, Еділ өзені тек бай, терең өзен ғана емес, сонымен қатар дастанда туған жер образын бейнелейді:

Идел-йорт, Идел-ана.

И Идел-йорт, Идел-йорт,

Идел эче имин йорт...

Ашлык белән тулган йорт...

Берілген өлең жолдарында Еділ гидронимі түркі халықтарының танымында қалыптасқан киелі ұғым – «қара шаңырақ», «ата қоныс» секілді сөз тіркестерімен сипатталып отыр.

Татар халқының фольклорлық шығармаларына талдау жасағанда сол халқының көпшілігі татарлар болып келетін аймақтардағы ең үлкен өзендердің атаулары «идел» сөзінің қатысуымен жасалғанын байқадық. Идел гидронимі басқа гидронимдердің жасалуында да кездеседі: Чульман иделе – Кама өзені, Ағыидел – Ақ өзен, Нократ Идел – Вятка өзені), Қара Идел – Қара өзен, Кук Идел – Көк өзен. Біздің ойымызша,



бұл татар халқының дәстүрлі мәдениетіне байланысты болу керек. Еділ бойының кең байтақ аумағында тұратын татарлар өздерінің тұратын жерлеріндегі әрбір өзенді мөлдір, тұщы және таза бұлақпен салыстырады. Сондықтан да жырларда оны жай ғана «идел» («өзен») деп атамай, оны «ақ идел» («ақ, нұрлы өзен») поэтикалық тіркесімен белгілеген. Сөйтіп, эпитет біріккен сөзге айналып, Ағыйдел формасындағы жалқы есімге айналып отыр. Татар тілінің заңдылықтарына сәйкес «Идел» (Еділ) сөзі өзен мағынасын береді. Сонда «Ағыйдел» дегеніміз – ақ өзен деген сөз.

Атақты татар ғалымы, фольклорист Ф.И.Урманчеев «Тюркский героический эпос» атты еңбегінде Алып батыр туралы аңыз келтіреді. Сол аңыз бойынша Волга (Еділ) өзенінің түркі атауы Итиль Болгар қаласының құрылысына атсалысқан Алып батырдың баласының атымен байланысты болуы мүмкін деп болжам жасайды (Урманчеев, 2015:25).

Жик Мәргән дастанында Еділ өзенімен қатар Жайық өзені де кездеседі. Сюжет желісі бойынша, Тугзак ханның шабуылға ұшырап, жеңілетін жері Еділ мен Жайық өзендерінің бойында орналасқан. Сонымен қатар назар аударатын негізгі деталь – «Ер Тарғын» жырында кездесетін су мотиві. Тіршіліктің бастауы ретінде көрінетін су татар халықтарында да үлкен мәнге ие екенін байқаймыз. Ал Жаек деп кездесетін өзен – Жайық, Чулман деген – қазіргі атауы Кама деген өзен. Бұл өзендерінің мағынасында келіп, олар да оқиғаның кеңістіктік сипатын анықтап қана қоймай, сюжеттік желінің аталған өзендер аралығында қамтылғанын алға тартады. Мифологиялық, ертегілік мотивтерде Еділ-Жайық өзені фольклорда қатар қолданылып, «егіз» сипатта өрбиді (Кенбаева, 2022). Қара сөзбен жазылған бұл дастанның жырды зерттеймін деген ізденушілерге әлі де берері мол. Дастанның бүкіл сюжеті жыраудың негізгі идеясын ашуға бағынады. Бұл дегеніміз – халықтың қаһармандығы мен ерлігін көрсету. Дастанды баяндаудың ертегі сарыны патриотизм идеясын айқын көрсетуге мүмкіндік береді. Қорытындылайтын болсақ, бұл дастан – татар фольклорында қаһармандық эпос және ол архаикалық белгілер мен сюжеттік оқиғалар негізінде танылады.

#### **4. Зерттеу нәтижелері**

Зерттеу нәтижесінде эпостық жырларда суреттелетін оқиғалар терең тарихи сипатқа ие болғанымен, олардың сюжеттері мен мотивтері мифологиялық хронотипке қатысты. Басты кейіпкерлердің саяхаты мен ерліктерінің арқасында тыңдаушылар Еуразия даласының ұлан-ғайыр кеңдігімен және Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан жер-су атауларымен танысады. Олардың саяхаттары түркі халықтарының ең маңызды және қасиетті мекендері арқылы өтеді.

Жалпы, топонимдердің функционалдық мақсаты туралы айтатын болсақ, фольклорлық шығармада топонимдердің атқаратын функциялары төмендегідей:

1. Номинативті: бұл топонимдердің фольклорлық мәтіндерде атқаратын негізгі қызметі болып есептеледі. Топонимдер, ең алдымен, баяндау әрекеті немесе жанында болатын нақты географиялық объектіні анықтайды және сол объектіні атайды.

2. Ақпараттық: фольклорлық мәтіндегі топонимдердің ақпараттандыру функциясының мәнін асыра бағалау мүмкін емес, өйткені осы функция берілген

топонимдер уақыт пен кеңістікте түрлі этномәдени ақпараттың сақтаушылары мен ретрансляторлары болып табылады.

3. Бағдарлау: Топонимдердің тағы бір қызметі – фольклорлық мәтіндегі басқа ешқандай құрылымдық-семантикалық байланыс сияқты оларға тән емес кеңістіктегі бағдарлау қызметі.

4. Дүниені модельдеу: Нақты және қиял топонимдер дүниенің көркем географиялық және саяси бейнесін жасауға қатысады.

5. Сюжет құрау: Қандай да бір оқиға туралы баяндауға енгізілген топонимдердің тізімі баяндауды қысқа әрі қозғалысқа толы етеді.

6. Символикалық: Батырдың тағдырына байланысты жер-су атаулары шығарманың астарлы мәтінін құрап, символға айналады.

Жалпы, топонимдердің функциялары туралы айтатын болсақ, батырлық жырларда топонимдердің атқаратын қызметтері алуан түрлі және мәнді деген қорытынды жасауға болады. Топоним көпфункционалы және, әдетте, бір уақытта бірнеше қызмет атқарады.

## 5. Қорытынды

Зерттеуіміздің мақсаты болған топонимика мен фольклор арасындағы байланыс ерекшеліктерін анықтауда біз мынадай қорытындылар жасадық. Фольклорлық шығармаларда кездесетін топонимдерді зерттеу Евразия кеңістігін мекендеген түркі халықтарының топонимикалық жүйесін одан әрі зерттеу үшін маңызы зор, бай әрі бірегей материал деп есептейміз. Фольклорлық шығармаларда, әсіресе, эпостарда кездесетін топонимдерді реал және қиял топонимдері деп бөлшектеп қарастыруға болады. Жырларда орын алған топонимдер жырды нақтырақ, шынайы, географиялық тұрғыдан мазмұнды қылып көрсетеді. Ал, түркі халықтарының фольклорлық шығармаларында кездесетін топонимдерге анализ жасау немесе олардың қызметтерін анықтау сол халықтардың мәдени-тарихи дамуын қайта құруға, тарихи деректерді толықтыруға және дәлелдеуге, сол халықтардың тарихи оқиғаларға көзқарасын нақтылауға мүмкіндік береді.

Фольклор жер-су атауларын, жалқы есімдерді сақтау арқылы өзін де сақтайды және, осылайша, жойылып бара жатқан атауларды, оларға қатысты тарихи, қияли мәліметтерді болашақ ұрпаққа жеткізеді. Біз фольклорлық топонимиканы неғұрлым тереңірек, егжей-тегжейлі зерттеу, эпостардан басқа халықтық жанрлардағы топонимикалық лексиканың қызмет ету ерекшеліктерін анықтау, сондай-ақ түркі халықтарының топонимикасы саласындағы классификациялық және салыстырмалы зерттеу жұмыстары арқылы осы ғылыми еңбегіміздің болашағын көреміз деп есептейміз.

## Әдебиеттер:

1. Abulhanova Z.R., Mingazova L.I., Zakirova I.G., Yuldybaeva G.V. (2019) Tatar Folk Custom 'Farewell to Ice': Based on the Proceedings of the Expeditions. Revista Turismo Estudos & Práticas. № S2. – P. 1-6. <https://doi.org/10.30853/filnauki.2020.9.28>

2. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т. 44: Батырлар жыры. – Астана: «Фолиант», 2007. – 496 б.

3. Давлеткулова Л. Н. Топонимы в лингвокультурологическом аспекте. – Челябинск, 2014. – 220 с.
4. Karabaev M.I., Duzmagambetov E.A., & Bayadilova-Altybayeva A.B. (2021) Mythological Aspect of Some Kazakh Toponyms. International Journal of the Humanities and Natural Sciences (4-2). – P.71-75. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/mythological-aspect-of-some-kazakh-toponyms>
5. Kenbayeva A.Z., Bekmasheva A.N., Umarova G. S., Shakirova K.M., Tuimebekova A.A. (2022) Functioning of Toponymic Lexis in Turkic Epic Literature. Eurasian Journal of Applied Linguistics, 8(3). – P.45-54. DOI: <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.803004>
6. Kenbayeva A.Z., Pangereyev A.Sh., Mambetova G.Zh. (2022) The study of place names in the Karakalpak heroic epos «Yer Ziyuar». Keruen, no. 2, V. 75. – P. 72-81. DOI <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.2-05>
7. Қарақалпақ фольклоры. Т. 27-42. – Нөкіс: Илим, 2001. – 424 б.
8. Мурзаев Э.М. География в названиях. – М.: Наука, 1982. – 176 с.
9. Ondar M.V., Koshkendey I.M., Khomushka C.O. (2018) Toponyms in the Folklore of the Tuvans (Based on the Material of the Heroic Epos and Folk Songs). New studies of Tuva. (3). – P. 4. DOI: <https://doi.org/10.25178/nit.2018.3.4>
10. Tolibayev K. Y. The Specifics of Perception in the Karakalpak Epic Poems of Toponyms “mysyr”, “isfakhan”, “rum”, “crimea”. Theoretical & Applied Science (3), 2020. – P. 129-132. DOI: <http://dx.doi.org/10.15863/TAS.2020.03.83.28>
11. Татар халык ижаты: Әкиятләр. – Казан: Татарстан китап нәшрияте, 1977. – 407 б.
12. Урманче Ф.И. Тюркский героический эпос. – Казань: ИЯЛИ, 2015. – 448 с.
13. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 296 б.

#### References:

1. Abulhanova Z.R., Mingazova L.I., Zakirova I.G., Yuldybaeva G.V. (2019). Tatar Folk Custom «Farewell to Ice»: Based on the Proceedings of the Expeditions. Revista Turismo Estudos & Práticas, № S2. – P. 1-6. <https://doi.org/10.30853/filnauki.2020.9.28> (in Eng)
2. Babalar sozy (2006). The words of the ancestors: One hundred volumes. – Foliant. – 496 p. Retrieved from <https://sozdikqor.kz/sozdik/?id=152> (in Kaz)
3. Davletkulova L.N. (2014). Toponymy in the linguistic and cultural aspect. – Chelyabinsk. – 220 p. (in Russ)
4. Ibraev Sh. (1993). Epic world. Poetics of Kazakh heroic poems. – Almaty: Gylym. – 296 p. (in Kaz)
5. Karabaev M.I., Duzmagambetov E.A., Bayadilova-Altybayeva A.B. (2021). Mythological Aspect of Some Kazakh Toponyms. International Journal of the Humanities and Natural Sciences (4-2). – P. 71-75. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/mythological-aspect-of-some-kazakh-toponyms> (in Eng)
6. Karakalpak folklore (2001). V 27-42. - Nokis: Ilim. – 424 p. (in Kaz)
7. Kenbayeva A.Z., Bekmasheva A.N., Umarova G.S., Shakirova K.M., Tuimebekova A.A. (2022). Functioning of Toponymic Lexis in Turkic Epic Literature. Eurasian Journal of Applied Linguistics, 8(3). – P.45-54. DOI: <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.803004> (in Eng)
8. Kenbayeva A.Z., Pangereyev A.Sh., Mambetova G.Zh. (2022). The study of place names in the Karakalpak heroic epos «Yer Ziyuar». Keruen, no. 2, V. 75. – P. 72-81. DOI <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.2-05> (in Eng)
9. Murzaev E.M. (1982). Geography in names. - M.: Nauka. – 176 p. (in Russ)
10. Ondar M.V., Koshkendey I.M., Khomushka C.O. (2018). Toponyms in the Folklore of the Tuvans (Based on the Material of the Heroic Epos and Folk Songs). New studies of Tuva (3), 4. DOI: <https://doi.org/10.25178/nit.2018.3.4> (in Russ)
11. Tatar folk creation: Fairy tales. Vol. 1. (1977). – Kазan: Tatarstan Kitab Nashriyate. – 407 p. (in Tat)
12. Tolibayev K.Y. (2020). The Specifics of Perception in the Karakalpak Epic Poems of Toponyms “mysyr”, “isfakhan”, “rum”, “crimea”. Theoretical & Applied Science (3). – P.129-132. DOI: <http://dx.doi.org/10.15863/TAS.2020.03.83.28> (in Eng)
13. Uрманче F.I. (2015). Turkic heroic epic / Fatyh Ibrahimovich Uрманче. – Kазan: IYALI. – 448 p. (in Russ)

**З.Т. Кәрімхан<sup>1\*</sup>, Қ.Ә. Әубәкірова<sup>2</sup>, А.А. Касымова<sup>3</sup>**

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КЕАҚ, Семей, Қазақстан  
E-mail: zangaralash2020@gmail.com<sup>1\*</sup>, kz.aubakirova@gmail.com<sup>2</sup>, kassymova@gmail.com<sup>3</sup>  
ORCID: 0000-0003-4900-4240<sup>1</sup>, 0000-0002-1872-9591<sup>2</sup>, 0000-0002-8783-888X<sup>3</sup>

## МЕМУАРЛЫҚ ПРОЗА ЭВОЛЮЦИЯСЫ: КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБАЛАРЫНАН БҮГІНГІ КҮНГЕ ДЕЙІН

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ әдебиетіндегі мемуарлық жанрдың қалыптасу негіздері, генезисі және хронологиясы сараланған. Зерттеу нысаны ретінде көне түркі жазбалары, жыраулар поэзиясы және ХХ ғасырдағы қазақ прозасы мен поэзиясында кездесетін мемуарлық сипаттағы шығарма мәтіндері алынды. Түрлі формада, прозада, поэзияда көрініс тапқан мемуар жанрындағы мәтіндерге эмпирикалық зерттеу жүргізіліп, биографиялық параллель, контент анализ, салыстырмалы-салғастырмалы зерттеу тәсілдері негізінде мемуарлық мәтіндердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары, ерекшеліктері айқындалды. Зерттеу нәтижесінде, бірінші жақтан сөйлеу арқылы тарихи оқиғаларды сипаттаған авторлар Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк жазбаларында мемуарлық элементтер анықталып, алғашқы мемуар үлгілері ретінде танылды. Ал, Орта ғасырлардағы түркі авторлары Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди», Қадырғали Жалайыридың «Жылнамалар жинағы», Захириддин Бабырдың «Бабырнама» шығармалары мен ХХ ғасыр басындағы алаш әдеби кезеңіндегі мемуарлық шығармалардың құрылымдық және көркемдік ерекшеліктері, тарихи дереккөз ретіндегі құндылығы, автор психологиясын анықтаудағы бағамы т.б. айқындалды. Алаш кезеңіне жататын Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржәкып Дулатұлы сынды алаш қайраткерлерінің жазбалары, естеліктері мемуар жанры ретінде сұрыпталып, классификацияланды. Қазақ мемуаристикасы хронологиясының кеңестік кезең мемуарларындағы социалистік реализм әсері анықталып, тәуелсіздік кезеңіндегі мемуарлық мұралардың демократтық сипаттары, сөз еркіндігі мен ой бостандығы, тарихи-мәдени контекстегі ерекшеліктері айқындалды.

**Алғыс:** Мақала AP22688434 «Қазақ әдебиетіндегі мемуаристика: ХХ ғасыр басындағы мұраны кешенді зерттеу» жобасы аясында әзірленді.

**Кілт сөздер:** мемуар, автобиографиялық шығарма, әдеби дәстүр, психологизм, таным.

**Z. T. Karimkhan<sup>1\*</sup>, K. A. Aubakirova<sup>2</sup>, A. A. Kassymova<sup>3</sup>**

Shakarim university, Semey, Kazakhstan.

E-mail: zangaralash2020@gmail.com<sup>1\*</sup>, kz.aubakirova@gmail.com<sup>2</sup>, kassymova@gmail.com<sup>3</sup>  
ORCID: 0000-0003-4900-4240<sup>1</sup>, ORCID, 0000-0002-1872-9591<sup>2</sup>, 0000-0002-8783-888X<sup>3</sup>

## Evolution of memoir prose: from ancient turkic inscriptions to the present day

**Abstract.** The article analyzes the foundations and chronology of the memoir genre in Kazakh literature. The memoir genre has been established in both Kazakh and world literature from ancient times, highlighting the significance of personal life and creativity of the author, as well as events from certain periods of society. The importance of memoirs lies not only in their artistic value but also in their didactic function and historical source value. The origins of Kazakh memoiristics trace back to ancient Turkic written monuments and have continued to evolve to the present day. During this time, memoirs have formed as a distinct genre with defined

rules and standards. The research employs empirical methods to analyze memoir works in Kazakh literature, comparing them with global memoiristics to identify genre-specific elements and features. The study reveals that the first examples of memoirs can be found in the works of Kultegin, Bilge Kagan, and Tonyukuk, where authors describe historical events from the first-person perspective, showcasing memoir elements. Additionally, the genre features of works by medieval Turkic authors such as Muhammad Haydar Dughlat, Qadirgali Zhalayir, and Zahiriddin Babur, as well as memoirs from the early 20th century during the Alash literary period, are examined. Memoirs and recollections from Alash period figures such as Shakarim Kudaiberdiuly, Alikhan Bokeikhan, Akhmet Baitursynuly and Mirzhakyp Dulatuly are classified as memoirs. The study also identifies the influence of socialist realism in Soviet-era memoirs and explores the democratic nature, freedom of speech, and cultural-historical context of memoirs from the independence period.

**Acknowledgment:** This article was prepared within the framework of project AP22688434 «Memoiristics in Kazakh Literature: Comprehensive Study of the Heritage of the Early 20th Century».

**Keywords:** memoir, autobiographical work, literary tradition, psychologism, cognition.

**З.Т. Каримхан<sup>1\*</sup>, К.А. Аубакирова<sup>2</sup>, А.А. Касымова<sup>3</sup>**

НАО «Университет имени Шакарима города Семей», Семей, Казахстан

E-mail: zangaralash2020@gmail.com<sup>1\*</sup>; kz.aubakirova@gmail.com<sup>2</sup>, kassymova@gmail.com<sup>3</sup>

ORCID: 0000-0003-4900-4240<sup>1\*</sup>, 0000-0002-1872-9591<sup>2</sup>, 0000-0002-8783-888X<sup>3</sup>

## Эволюция мемуарной прозы: от древнетюркских надписей до наших дней

**Аннотация.** В статье рассматривается основа, генезис и хронология мемуарного жанра в казахской литературе. В качестве объекта исследования были взяты древнетюркские сочинения, стихи поэтов-импровизаторов жырау, произведения мемуарного характера, встречающиеся в казахской прозе и поэзии XX века. Эмпирическое исследование проводилось на текстах жанра мемуаров, выраженных в различных формах, прозе, поэзии, и на основе биографических параллелей, контент-анализа, сравнительно-сопоставительных методов исследования определялись сходства и различия, особенности мемуарных текстов. В результате исследования мемуарные элементы были выявлены в произведениях Культегина, Бильге Кагана и Тонькока — авторов, описывающих исторические события посредством речи от первого лица, и признаны первыми образцами мемуаров. А структурно-художественные особенности произведений средневековых турецких авторов «Тарих-и Рашиди» Мухаммада Хайдара Дулати, «Сборника летописей» Кадиргали Джалайри, «Бабырнама» Захириддина Бабыра и воспоминаний алашского литературного периода начала XX века, их значение как историческое. источники, определяющая норма психологии автора и т. д. определен. Сочинения и воспоминания таких деятелей Алаша, как Шакарим Кудайбердиулы, Алихан Букейхан, Ахмет Байтурсунылы, Миржакип Дулатулы, относящиеся к алашскому периоду, были отсортированы и классифицированы как жанр мемуаров. Определено влияние соцреализма в мемуарах советского периода, хронологии казахских мемуаров, демократические характеристики мемуарного наследия периода независимости, свобода слова и свободы мысли, особенности историко-культурного наследия. контекст был определен.

**Благодарности:** Статья была подготовлена в рамках проекта AP 22688434 «Мемуаристика в казахской литературе: Комплексное исследование наследия начала XX века».

**Ключевые слова:** мемуар, автобиографическое произведение, литературная традиция, psychologism, познание.

### 1. Кіріспе

«Мемуар – француз тілінен алынған сөз. Француз тілінен аударғанда «естелік» деген мағына береді. Алайда мемуарлық туындыға тек естеліктер ғана емес, күнделік

жазбалар, хаттар, баяндаулар және т.б. жатады. Демек, мемуарлық шығармалардың анықтамасы да алуан түрлі болатыны заңдылық» (Әдебиеттану терминдер сөздігі, 1998: 246).

Әдебиеттану ғылымында мемуарлық шығармаларға қатысты зерттеулер біршама. Мемуарлық шығармалар адамның ғұмырбаяны, өмірден көрген-білген жайлардың түйіні десе, енді бір ғалымдар мемуарлық шығармалар адам жанының айнасы дейді. Сондай-ақ мемуарлық шығармалар тарихи дереккөз, қоғамның саяси-әлеуметтік жағдайының хабаршысы деген тұжырымдар да бар. Ал мемуар жанрында кездесетін бір адамның көзқарасы тарихи дереккөз ретінде кәдеге жарамайды деген тұжырымдардың болуы да шын мәнінде мемуардың көпқырлы жанр екендігін айғақтайды.

Ғұмырнамалық шығармалар әлем әдебиетінде, әсіресе батыс және орыс прозасында ертеден өзіндік ерекше орын алған деп айтуымызға болады. Мәселен, француз жазушысы Сен-Симонның (1675-1755) «Естеліктері», америкалық саясаткер ғалым Б. Франклиннің (1706-1790) «Менің күй-жайым», неміс қаламгері И.В. Гетенің (1742-1832) «Поэзия және ақиқат», орыс жазушысы А.И. Герценнің (1812-1870) «Былое и думы» және басқа да еңбектерін атаймыз.

Қазақ әдебиетіндегі мемуарлық шығармаларды қарастырмас бұрын мемуарлық туынды деген ұғымға берілген анықтамаларды анықтап алудың қажеттілігі туындайды. Отандық және шетелдік әдебиет зерттеуші ғалымдардың аталған мәселе бойынша пікірлерін келтірелік:

«Мемуарлар – оқиғаға тікелей қатысқан адамдардың немесе сол оқиғаның замандастарының өткен күндерді еске алып жазған шығармалары. Мемуарлар әдебиеттегі ерекше жанр және өмірбаяндар, саяхат жазбалары, күнделіктер сияқты бірнеше түрге бөлінеді» (Литература, 2002:198) деп берілсе, «Мемуар, «memoire», «memoira» – жады, белгі семантикасынан бертін, әдеби мағынада, жазушының өмірі, қоғам, ондағы адам жөніндегі ой түйгені, өткергенінен естеліктері, күнделік, хат, жазба ретті белгі, пікірлері көрсеткіштерін беретін әдеби шығармаларға ұлғаяды» деп әдебиеттанушы ғалым Н. Ақыш жанр анықтамасына қатысты өз ойын білдіреді (Ақыш, 2009: 38).

«Біздіңше, – деп жазады Н. Ақыш, – мемуар, әдеби түрдің басқалары сияқты, тіпті көне ертеден бастау алады. Бәлкім ол, жазу, сызу шықпастан да бұрын өз элементтерін адамдар бейнесін қалдыру, жоқтау ретінде де жүргізе келгендей. Жазу пайда болған шақтың алғашқы кездерінде ол ескерткіштік ретпен, болмаса елден-елге ұзақ жол шегушілердің көргенін таңбалар жазбалары сипатты келулері де мүмкін. Осыдан, мәдениеті тездеу дамыған елдерде, сауда-саттығы жол кешкен жұрттарда мемуардың көрдім-білдім түрлі жазбалары, ертелеу жазулары болуы ықтимал (шығыс жұртымен су жолы елдерінде). Сондай-ақ жорықтар ізінен, ия жеке адамдық ескерткіштен табылар мұралар да таңбасын қалдыратын сөзсіз, жазба мәдениетінсіз жасамады. Мұнда да мәдениетті жұрттың еңбегі бекер тұрмайды. Бұларды ертеден Грек, Рим жұртшылығы мұралары, шығыстағы Орхон-Енисей

жазбалары, қазақтағы ауызекі жоқтау түрлері де дәлел» деп, мемуар жанрының қалыптасуына да өзіндік тұжырым жасайды (Ақыш, 2009:39).

Расында да көбінесе Азияның орталық бөлігінде жатқан түркі әлеміне тән тастағы сурет-таңбалар да мемуарлықтың алғашқы белгілері болып табылуы мүмкін. Көркем әдебиеттегі символдарға қатысты зерттеу жүргізген Б.Ахмер мен Ж.Аймұхамбет халық ауыз әдебиетіндегі шығармаларда және мифтік таным негізіндегі көне мәтіндерде мемуар жанрына сәйкес келетін, яғни, бірінші жақтан баян қылатын жазбалардың бар екенін растайды (Ахмер, Аймұхамбет, 2023). Демек, бірінші жақтан баян ететін мемуар жанрына толыққанды мемуар ретінде бекімесе де, шарттары мен талаптары жағынан сәйкес келетін мәтіндер ежелден бар деген сөз.

Қазақ әдебиетіндегі мемуарлық элементтердің көрінісі тым ертеден. VII ғасырдың жәдігерлігі болып саналатын «Күлтегін», «Білге қаған» және «Тонкөк» жазбалары баяндаушы автор тұрғысында бірінші жақтан жазылғандығы белгілі (Исабекова, 2011:224). Бұл жазбалардан Шығыс Түркі қағанаты билеушілері өмірінің мемуарлық сипаты бар. Сондай-ақ мемуар сипатында жазылған Абай Құнанбайұлының қарасөздері мен Алаш қайраткерлерінің хаттары, жазбалары, естеліктері мен күнделіктері тарихи дереккөз ретінде де аса құнды. Совет өкіметі кезінде жазылған қазақ әдебиетіндегі зиялы қауымның өзара хат алмасулары мен күнделіктері, тәуелсіздік кезеңінде жазылған ой-тұжырымдар мен ғұмырбаяндар да толыққанды зерттелген жоқ. Десе де жанр ретінде мемуарлық шығармалар аса құнды және бағалы екендігі уақыт өте келе айқындалып келеді. Себебі әр мемуарлық жазбаның астарында тарихи шындық пен бір адамның жан сыры, сондай-ақ күллі қоғам көрінісі тұратындығы да шындық. Ұсынылып отырған зерттеу жұмысында көне түркі жазуларынан бастап бүгінгі күнге дейін қалыптасу кезеңінен өткен мемуар жанрының хронологиясы мен эволюциялық даму динамикасына шолу жасалды.

## **2. Зерттеу әдістері мен материалдары**

### **2.1 Зерттеу әдістері**

Зерттеу барысында мемуарлық прозаның қазақ әдебиетіндегі орнын, оның жанрлық ерекшеліктерін және тарихи маңыздылығын айқындау мақсатында кешенді зерттеу тәсілдері қолданылды. Мысалы, салыстырмалы зерттеу тәсілі арқылы қазақ мемуарлық шығармаларын әлем әдебиетіндегі мемуарлық туындылармен салыстыра отырып, өзара ерекшеліктері анықталды. Сондай-ақ жалпы әдеби үрдістердегі орны, жанрдың ұлттық және мәдени-танымдық ерекшеліктері да сараланды. Тарихи-әдебиеттану әдісі арқылы мемуарлық шығармалардың жазылған кезеңімен байланысы тарихи контексте сұрыпталып, мемуарлардың тарихи дереккөз ретіндегі құндылығы айқындалды.

Мәтіндік талдау әдісі арқылы мемуарлық шығармалардың құрылымдық, стилистикалық және мазмұндық ерекшеліктері зерделенді. Мәтіндік талдау авторлардың жеке стилін, өмірлік тәжірибесі және көзқарасын, шығармашылық бейнелердің қалыптасу жолдарын тануға мүмкіндік береді. Ал контекстуалдық зерттеу әдісі мемуарлық шығармаларды белгілі бір мәдени және тарихи контекстте

қарастыруға мүмкіндік береді. Контекстуалдық зерттеу арқылы мемуарлық жанрдың ұлттық сана-сезімді қалыптастырудағы рөлі және қазақ мәдениетіндегі орны анықталды. Бұл ретте алаш кезеңіндегі естеліктер мен хаттардың тарихы құндылығымен қатар дидактикалық ерекшелігі, танымдық тереңдігі және психологизм мәселелері талқыланды. Тұтас алғанда кешенді зерттеу әдістері мемуарлық прозаның қазақ әдебиетіндегі орнын айқындап, оның жанрлық және тарихи-мәдени таным тұрғысындағы құндылығын айқындауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері қазақ әдебиеттануының теориялық және практикалық аспектілерін байытуға бағытталған.

## 2.2 Материалға сипаттама

Мемуарлық прозаның элементтері көптеп кездесетін алғашқы шығармалар легі – көне түркі әдеби шығармалары. Бұл кезеңдегі мемуарлық шығармалар үлгісіне Орхон-Енисей жазбалары мен орта ғасырларда жазылған әдеби туындыларын жатқызуға болады. Атап айтқанда, Мұхаммед Хайдар Дулаттың «Тарих-и Рашиди», Қадырғали Жалайыридың «Жылнамалар жинағы», Захириддин Бабырдың «Бабырнамасы», т.б. Сондай-ақ ұсынылып отырған зерттеу жұмысы шолу арқылы тұтас қазақ мемуарлық мұрасының хронологиясын анықтау мақсатында жазылғандықтан, көне түркі әдебиетінен бастап, орта ғасыр еңбектерін шолып, Абай Құнанбайұлы шығармашылығы мен алаш қайраткерлерінің жазбаларын, советтік кезеңдегі мемуарлық үлгіде жазылған шығармалар легі мен қазіргі қазақ әдебиетіндегі мемуарлық проза үлгілерін талдауға арналған. Әр кезеңнен бір-екі шығарма алынып, оның жанрлық және идеялық-көркемдік ерекшеліктері айқындалды. Сондай-ақ әрбір кезеңнің жазу мәнеріндегі айырмашылықтары мен ой-тұжырымдары өзара салыстырылып, жалпы мемуар жанрының қалыптасу үрдісі айқындалды.

## 3. Талқылануы

Қазақ мемуарлық мұрасының бастау көзі – Захириддин Бабырдың «Бабырнама» жазбасы. Захириддин Мұхаммед Бабыр – әлем әдебиетінде танымал тұлға. Бабыр – жазушы-ғалым ретінде өз артынан едәуір әдеби мұра қалдырған адам. Оның біздің заманымызға жеткен еңбектерінің ішінен «Бабырнаманы», «Мубайин» атты өлеңдер жинағын, «Хәтти Бабри» атты өзі жасаған жаңа алфавитті, махаббат тақырыбына жазылған көптеген ғазалдары мен төрт жолдық өлең шумақтарын ерекше атуға болады. Бабыр сонымен бірге музыка, поэзия және соғыс туралы да көптеген трактаттар жазған. Бірақ өкінішке қарай, оның бұл еңбектері біздің заманымызға жетпеген. Біз үшін ең маңызды туындысы – «Бабырнама» (Бабыр, 1990:320). Бабырнама шағатай тілі, яғни қазіргі түркі халықтарының ортақ әдеби тілінде жазылды.

«Керуен» журналында жарияланған «Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» еңбегіндегі психологиялық көзқарастары» атты мақалада «З.М. Бабыр берік иманға ие бола отырып, адамдардың мінез-құлқын, ең алдымен олардың иманына, тақуалығына және исламның үкімдерін орындауына қарай оң немесе теріс баға беріп, осы мәселе бойынша өзінің берік көзқарасын білдіреді» (Үсенова, 2024:270-284) дейді. «Мысалы, әкесі Омар Шейх мырза туралы: «Қанапия мәзһабты, таза



сенген кісі еді. Бес уақыт намазын тәрк қылмайтын. Өмірінде қазаларын түгендеген. Көп уақытын құран оқумен өткізетін», – дей келе, тағы бірде «Бұрынғы кездерде көп ішімдік ішетін еді, кейінірек аптада бір не екі рет ішетін болды. Кейінірек есірткіні көбірек қолданатын еді. Есірткіден кәйіп болған кездері миы істемей қалатын еді. Жетімнің жебеушісі еді. Өмір қасіретін көп көрген, ұдайы нард ойнайтын еді, кейде құмар ойнап тұратын еді» (Жеменей, 2023:29-30), – деп суреттейді».

Ағылшынның белгілі шығыстанушы ғалымы Аннет Беверидж «Бабырнаманы» ұзақ жылдар бойы жан-жақты зерттеп, оны 1905 жылы ағылшын тіліне қайта аударма жасап шықты. А. Беверидж «Бабырнаманың» ғылыми тұрғыдан аса құнды зерттеу екенін дәлелдей келіп, Бабырдың бұл шығармасы ағылшынның атақты тарихшысы Э. Гиббон (1737-1794 ж.) мен ұлы физик И. Ньютон (1643-1727 ж.) мемуарларынан кем түспейтін, солармен терезесі тең тұрған еңбек деп бағалайды.

Үшінші бір бастау көз ретінде Қазақ хандығы тұсындағы ғұмырнамалық жылнамалар мен әйгілі жыраулардың бірінші жақтан айтылған көлемді толғауларын алып қарастыруға болады. Мысалы, М. Дулатидің «Тарихи-Рашиди» (Дулати, 2003:616), Қ. Қосымұлының «Жылнамалар жинағы» (Сыздықова, 1991:269) еңбектерін, Қазтуған, Доспамбет, Ақтамберді, т.б. жыраулардың толғау-дастандарын алуға болады.

Аталған туындылардан кейін ХХ ғасырда классикалық қазақ әдебиеті қалыптасқан тұста арнайы тұтастай мемуарлық шығармалар жазылмаса да, Ахмет Байтұрсынұлы меңзегендей, қалам қайраткерлерінің ұлт алдындағы басты парызы – халықты теңдікке жеткізу жолындағы күрестің бәрінен де маңызды екені айқындалды. Яғни жұртты қалың ұйқыдан оятатын әдеби тәсілдердің алдыңғы орынға шыққаны айқын. Бұл жолда ақын-жазушылар ғана емес, саясат серкелері де басқа мамандық иелері болғанына қарамастан, өздері өмір сүрген орта мен дәуір туралы, қоғам мен ел-жұрт өмірі турасындағы, ірі оқиғалар мен тарихи бетбұрыстар жайлы жазбалары зерттеуге де тұрарлық.

Алаш кезеңі әдебиетінің тууына әсер еткен – Абай шығармашылығы десек қателеспейміз. Абай мұрасында мемуарлық туындының қандай элементтері кездеседі дегенге ойшылдың «Қара сөздерінен» мысалдарды көптеп кездестіре аламыз. Айталық, «Бірінші қара сөзде» Абай: «Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын» (Құнанбайұлы, 1995: 158) деуінен өзі туралы, ойы, өмір туралы көзқарасы нақты сипатталған. Яғни автор не туралы ойлайды, өмір, қоғам, айналасы жайлы қандай ойда, ендігі өмірі жайлы не толғандырады деген сауалдарға жауап іздейді. Қазақ қоғамында кең етек алған ел билеу, мал жайғау, дінді күту, ғылымды ойлау, бала бағу сынды әрекеттерді сараптай келе, оларға түрлі сын-жауаптарын келтіреді де, «ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін,

ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» деп тоқтайды.

Алаш кезеңіндегі мемуарлық шығармалардың қатарына қалам қайраткерлері Ш.Құдайбердіұлы, Ә. Бөкейханның, А. Байтұрсынұлының, М. Дулатұлының, Ж.Аймауытұлының, С. Торайғырұлының, М. Әуезовтің, М. Жұмабайдың, т.б. еңбектері осы жанрдың тұңғыш тәжірибелері болды.

Мәселен, данышпан Шәкерімнің өзінің азамат болып қалыптасуына, ақындық болмысын айқындауға хәкім Абайдың әсері туралы «Әкеміздің бір шешесінен туған – Ибраһим мырза, қазақ ішінде Абай деп атайды. Сол кісі мұсылманша һәм орысша ғылымға жүйрік, һәм Алланың берген ақылы да бұл қазақтан дана бөлек кісі еді. Ер жеткен соң сол кісіден тәлім алып, әр түрлі кітаптар оқып, насихатын тыңдап, аз ғана ғылымның сәулесін сездім» деп тебіреніспен еске алуы мемуарлық шығарма табиғатына тән құбылыс. Абай тұлғасын ұлықтаған Алаш қайраткерлері Әлихан Бөкейхан бас болып, некролог арнап, шығармашылық мұрасын жинап, бастыруды қолға алып ұйымдастырған тарихи факт.

«Мен 1921 жылы Семей уезінде тергеуші болып қызмет еттім. Күз уақыты еді. Өзіме қараған аудандағы елдерді аралап жүріп, Қызыл Адырға келсем, аудан биі Қ. жолдас сессия құрып жатыр екен. Халық есепсіз көп жиналған: Семей уезінің 7-болысынан, Қарқаралы, Өскемен сықылды өзге уездерден, тіпті Жетісудың Аягөзінен де мал даулап, ақы сұрап келгендер бар екен. Қ. жолдас Семей уезінен қызметке жақсы, ұрыға рақымсыз атанған билердің бірі саналатын. Жұмыстың көптігінен Қ-ның басы қатып, дамыл көрмей, мезгілімен тамақ ішуге де уақыты болмай, ертеден қара кешке шейін сөйлеумен дауысы да қарлыққан екен» (Дулатұлы, 2013:305) деп басталатын «Сол қыздың атын ұмыттым» деген туынды Міржақып Дулатұлының шығармаларында әңгіме ретінде беріліп жүр. Біз бұл шығарманы әуелі автордың өзі қатысатындығынан, оқиға бірінші жақтан баяндалғандығынан, сөйлемдердің грамматикалық, стилистикалық және құрылымдық ерекшелігі және жазудың ментальды ерекшелігі сақталғандығынан мемуарлық туынды деп танимыз.

Совет үкіметі тұсында қазақ әдебиетінде ондаған мемуарлық роман жарық көріп, жанрлық тақырыптық жағынан дамып, қанат жая түскендігін көреміз. Атап айтқанда С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», С. Ерубаевтың «Менің құрдастарым», І.Жансүгіровтың «Жолдастар» және т.б. романдар жарық көріп, мемуарлық туындылар көшін бастады. Алайда бұл романдардың барлығы да советтік дәуірде үстемдік құрған соцреализм әдісі тұрғысында жазылғандығын, оларда өмір шындығын бейнелеп, баяндауда біржақтылыққа ұрыну сипаты жиі ұшырасатынын көреміз. Мысалы, С. Мұқановтың «Өмір мектебі» романында осындай жайттар жиі ұшырасады.

Еліміз егемендік алғаннан кейінгі кезеңде сөз еркіндігі, ой бостандығы күшейгеннен кейін жазушылар өмірлік дерек негізінде ғұмырнамалық жанрда шығармалар жаза бастады. Олардың көтерген тақырыптары, пайдаланған формасы,

айтар идеялары, ұстанар концепциялары әр түрлі болғанымен, шығармаларын жазатын жанры біреу ғана – ғұмырнама (автобиография). Әсіресе, қазақ ғұмырнамалық романдарының ішінде көлем мен көркемдігі тұрғысынан ерекше деп танылатын С. Мұқановтың «Өмір мектебі», Қ. Жұмаділовтың «Таңғажайып дүние» романдарының қоғамдағы тарихи кезең ақиқатын бейнелеудегі шеберлік қырлары ерекше. Мемуарға жататын осындай материалдардан тек естелік қасиет қана байқалуы тиіс деп ойлау біржақтылық болар еді. Себебі, адам өмірінің ескерткішінен табылар жазбалардың көбінің мемуар – ескерткіштенуі жиі ұшырайды. Мәселен, Л.Н. Толстойдың «Ясная поляналық күнделігі» күн аттарымен белгіленер күнделіктен гөрі, жазушының өткенді жазып қалдыра берген жалпы әңгіме жазбалары сипаттас. Мұны Л.Н. Толстой «...Менің жазбаларым менің оңаша ауылдық өмірімде болып жатқан оқиғаларымның күнделік дәптері іспеттес» (Толстой, 1964:667), – деп атады.

Академик Рахманқұл Бердібай – мемуарлық әдебиет туралы біршама зерттеу жасаған ғалым. Мемуарлық туындыға ғалым мынадай анықтама береді: «Мемуар – авторлардың өздері қатысқан немесе куә болған тарихи оқиғалар, қоғамдық қайраткерлердің өнегелі өмірлері туралы көркем естеліктер жазбалары» (Бердібаев, 1968:86).

Автордың өзі қатыспаған, куә болмаған оқиғалар да шығармада орын табуы мүмкін. Алайда мұндай жағдайда ол авторлық шығарманың ішіндегі баяндау екені аян.

Бүгінгі қазақ мемуаристикасының қалыптасу жайы ұлттық әдебиетіміздегі мемуарлық дәстүрлердің негізгі жолын ескере отырып, күрделене жаңарған, жаңа мазмұнмен түлеп, түрлене көркейген жанр екені айқындалып келеді. Мәселен бұл бағытта Орхон-Енисей жазба ескерткіштері назар аудартады. Ескерткіш бойынан биография мен естелік элементтерінің ұшқындарын табамыз. Бұл бүгінгі мемуаристикамыздың, оның ішінде ғұмырнамалық форманың ұлттық саласы сонау көнеден екенін еске алғызады. Алғашқы мемуар ұшқындарының туу себептері ескерткіш авторларының соңына белгі қалдыру ғана мақсатынан емес сияқты. Тонкөктің «Түрік білгіш қағанының еліне осы ескерткішті бағыштаған, Мен» деуінде халыққа тәрбиесін мирас етпегі де, үлгі етіп ұрандауы да жоқ емес. Мүмкін мұндай ескерткіш қалдыру сол кездің дәстүрі үшін аса маңызды болған тәрізді. Орхон-Енисей жазбалары сияқты ескерткіштердегі өмірбаян элементтері сол болған адамның өзі туралы айтқандарына жүйеленеді.

Мемуарлық шығармалар бір адамның өміріне байланысты болғанымен, оның типтік сипаты да болады. Бұған көптеген мысалдарды таба аламыз. Әйгілі орыс сыншысы В.Г. Белинскийдің мына пікірін келтірелік: «Ұлы ақын өзінің «мені» туралы айта отырып, бүкіл адамзат туралы әңгімелейді. Өйткені оның табиғатынан адамзаттық хал-жағдайы білініп тұрады. Сондықтан да оның жабырқау тартқан көңілінен әрбір адам өз мұңын түсіне алады. Одан ақынды ғана емес, сондай-ақ адамды, адамзаттың бауырын таниды» (Белинский, 1955:420). Әр адамның, оның

ішінде қоғамда биік орны бар шығармашыл тұлғаның өзіндік «мені» сол мемлекетте, тіпті әлемнің өзге де түкпірінде тұратын көптеген оқырмандардың «менімен» үндесіп жатуы мүмкін. Мемуарлық туындыларда әсіресе көбірек ұшырасатын монологтар мен қандай бір күрделі ситуациялардан шыға білген батылдығы сан мыңдаған адамға рухани күш-қуат беретін қаһармандар жиі ұшырасады. Әрине, бұл қаһарман – автордың өзі. Ол – шығармашыл бейне болуы да мүмкін.

Осы орайда орыстың тағы бір сыншысы Г.Н. Чернышевский: «...Адамдардың өмірі туралы парасатты түсінікке, жеке тамаша сезімдер образына жетелейді, олардың туындыларын оқи отырып, біздер барлық жат және жаман қасиеттерден арыламыз, ізгілік пен сұлулықтың көркемдігін танимыз, барлық жақсыны қастерлейтін боламыз, оларды оқи отырып, біздердің өзіміз жақсы мейірімді, текті адамдарға айналамыз» (Чернышевский, 1947: 313) деген еді. Алып-қосары жоқ пікір деп танып, мемуарлық туындыны оқи отырып, өмірде көріп жүрген кейбір өмір құбылыстарына немесе, көзі тірі, әлде өмірден өткен белгілі тұлға туралы бұған дейін қалыптасқан оң, теріс пікірлеріміздің 180 градусқа өзгеріп шыға келуі де мүмкін екендігін де бағамдаймыз.

Ғұмырнамалық туынды болудың да өзіндік белгілі бір шарттары болуға тиіс. Осы тұрғыда ғалым-зерттеушілердің пікірлерін қарастыру жөн болмақ. Орыс әдебиеттанушы ғалымы С. Моминский «Мемуарлық-автобиографиялық жанр туралы» еңбегінде мемуарлық-автобиографиялық жанрының түбегейлі қасиеттері мен туу заңдылықтары өте терең жататынын, мемуар құрамы біршама келісімді болатынын айта келе – мемуарларда, әдетте бірнеше жанр түрлері араласып келіп отырады: естеліктер, жазбалар, күнделіктер, өмірбаяндық» (Моминский, 1986: 262), – деп мемуарлық туындыны жиынтық жүйеде алып қарастырады. Сонымен қатар мемуарлық романдардың алуан түрлері бар екендігін де ескерген жөн: «Әлемдік әдебиетте орны ерекше саналатын еуропалық шығармалардың арасында роман жанрының толып жатқан түрлері бар, мәселен: әлеуметтік роман, серілік роман, бұзақылық роман, этнографиялық роман, саясаттық, қылмыстық, әдет, фантазиялық, философиялық, өндірістік, психологиялық, махаббаттық, өмірбаяндық романдар, т.б.» болып келеді (Атымов, 1975:312).

#### **4. Зерттеу нәтижесі**

Әлем әдебиеттану ғылымында мемуар жанры шығарманың мазмұнына, мақсатына және формасына байланысты бірнеше түрге бөлінеді. Қазақ мемуаристикасы нақты ғылыми негізде мемуар жанрының классификациясын бекіткен жоқ. Алайда әр кезеңде жазылған әр түрге жататын мемуарлық шығармаларға шолу жасай отырып, зерттеу нәтижесінде мемуарлық шығармалардың негізгі категориясын 6 түрге бөліп, қарастырамыз:

1. Автобиографиялық мемуарлар: Бұл шығармалар автордың өміріне арналған ғұмырнамасы. Автор өзінің өмірі, даму жолындағы маңызды оқиғалары, ой-тұжырымдары мен әрекеттері туралы баяндайды. Мұндай автобиографиялық мемуарға «Бабырнама» шығармасын жатқызуға болады. Себебі, бұл шығармада автор өзінің өмірін, ой-тұжырымын, басынан өткен қилы оқиғаларын баян етеді.

2. Тарихи мемуарлар: Бұл шығармаларда негізгі назар тарихи оқиғаларға аударылады, ал, автор сол оқиғаға қатысқан немесе куә болған адам ретінде суреттеледі. Автор көзімен көрген оқиғаны баяндап, тарихи контекстті тереңірек түсінуге көмектеседі. Мысалы, алаш қайраткерлерінің жазбаларын, ұрпақтарының естеліктерін тарихи мемуар ретінде қарастыруға болады.

3. Әдеби мемуарлар: Мұндай мемуарларды көбінесе жазушылар мен ақындар жазады. Олар өздерінің шығармашылық жолы, оларға әсер еткен факторлар және жұмыс істеген әдеби ортасы туралы баяндайды. Әдеби мемуарлар жазу процесі, басқа жазушылармен кездесулер және олардың әдеби стилінің дамуы туралы ойлардан тұруы мүмкін. Мұндай категорияға алаш қайраткерлерінің жазбаларын, хаттарын, естеліктері мен күнделіктерін, совет кезеңіндегі жазушылардың естеліктерін, эсселерін жатқызуға болады. Сондай-ақ, Абай Құнанбайұлының қара сөздерінде әдеби мемуар жанрының элементтері бар екенін атап өту керек.

4. Эссе-мемуарлар: Бұл мемуар түрі автордың өміріндегі жеке тақырыптар мен аспектілерге, мысалы, қарым-қатынастар, рухани өсу, кәсіби мансап және т.б. назар аударады. Олар жиі эссе түрінде жазылады және автордың тәжірибесі арқылы терең ашылады. Мұндай мемуарға кәсіби түрде ақыл-кеңес ретінде жазылған жазбаларды жатқыза аламыз.

5. Саяхаттық мемуарлар: Бұл шығармаларда авторлар өз саяхаттары мен оқиғаларын сипаттайды. Мұндай мемуарларда автор кездескен мәдениеттердің сипаттамасы, табиғат туралы ойлары және саяхаттармен байланысты жеке тәжірибелері жиі кездеседі. Мысалы, Ш. Уәлихановтың «Ыстықкөл сапарының күнделігі», М. Әуезовтың «Америка эсерлері» туралы жазбасы, қазіргі кезеңдегі Т. Жұртбайдың «Жолы болған жолаушы» атты еңбегі саяхаттық мемуарға жатады.

6. Куәлік мемуарлары: Бұл мемуарлар соғыс, апат, репрессия тәрізді қиын жағдайда орын алған жайларды баян етеді. Автор жеке тәжірибесі мен сол оқиғаларға куәлік етіп, белгілі бір жағдай немесе адам туралы естелігін жариялайды, маңызды әлеуметтік мәселелерге назар аударады. Мысалы, алаш қайраткерлерінің абақтыда отырып жазған хаттары, репрессия кезінде түрлі жағдайлар туралы баянхаттар, алаш зиялылары ұрпақтарының жазбалары да куәлік мемуарына жатады.

Бұл категориялар тұтас мемуар жарының жанрлық ерекшелігін анықтау үшін жасалған, алайда бір мемуарлық шығармада бірнеше категорияның шартына сәйкес келетін, бірнеше түрдің элементтерін біріктіретін мемуар да болуы мүмкін.

Ғұмырнамалық туындылардың қайсысын мемуарлық деп тану мәселесінде де бірізділік жоқтығын да атап өткеніміз жөн. Мысалы, советтік филолог-ғалым К.А. Данелян автобиографиялық-ғұмырнамалық және мемуар-естеліктер деп бөлуді ұсынады: «Балалық шақтан баяндай келетін шығармалар автобиографиялық-ғұмырнамалық болады. Ал «ғұмырнамалық детальдары аз және кейіпкер өмірдің есейген сәтінің бір мезеттік сәттерін (мейлі көп жылдар болса да) үзік-үзік оқиғаларын қамтитын мемуарлар – мемуар естеліктер боп қарастырылуы жөн» (Данелян, 1959: 450). Демек, аталған ұсынысқа сәйкес алып қарағанда, қазақ әдебиетіндегі көптеген ғұмырнамалық туындыларды мемуар-естеліктер қатарына жатқызуға болады.

Мемуарлық проза жанрын зерттеуші америкалық ғалым Сьюзан Лауденслагер: «Мемуарлық шығармалар шын мәнінде адам жанының жан-жарасын, психологиялық күйзелістері мен сезімдерін шынайы суреттейтін, адам психологиясының ең түркірінде жатқан ой-аңсарларын жеткізетін психологиялық шығармалар» деп баға берген (Brison, 2002). Л. Джонотон болса, «Мемуарлық шығармалар тек адамның емес, сол кезеңге сай келетін келетін күллі болмыстың, яғни, қоғамның тіршіліктің, қоршаған ортаның кейпін суреттейді» – деп, мемуарлық шығарманың құндылығы тек әдеби шығарма ретінде емес, тарихи дереккөз ретінде атқаратын қызметімен ерекшеленетінін баса айтады (Johnathan, 2018). Ал, Джонс болса, мемуар жанрына жақын жазба ретінде қазіргі таңдағы интерфейс жазбаларын да қарастыру қажет. «Мұндай мәтіндерде адам психологиясына қатысты көптеген ақпарат болады» - дейді (Johns, 2023). Ағылшын ғалымы Ф. Хинслей де: «Кейде тарихи оқиғалардың шынайылығын анықтауда естеліктер мен мемуарлардың, күнделіктер мен хаттар-жазбаларлардың маңызы біз ойлағаннан да бағалы болмақ», – деп, мемуарлық прозаның тарихи дереккөз ретіндегі қаншалықты құнды екендігін ғылыми-зерттеу еңбектерінде атап көрсетеді (Hinsley, 2010).

Көптеген ғалым-зерттеушілердің пікірінше, кез келген мемуарлық туындыға жатады-ау деген туындының, көлеміне қарамастан, шынайы түрдегі мемуарлық болып табылуы үшін оның бойында мынадай сипаттар табылатын болуы керек делінеді:

«– мұнда баяндау бірінші жақтан жүреді;

– грамматикалық, стилистикалық және құрылымдық ерекшелігі болады;

– жазудың ментальды ерекшелігі сақталады» (Байтанасова, 2012:119), – деп мемуарлық шығарманың негізгі белгісін бөліп көрсетеді әдебиеттанушы ғалым Қ.М. Байтанасова. Демек, мемуарлық туынды міндетті түрде бірінші жақтан айтылуы керек.

Ал, араб ғалымы М.Мунир Құрандағы Жүсіп пайғамбардың қиссасы туралы мәтінді философиялық герменевтикалық әдіс арқылы талдай келе: «Құранда кездесетін Жүсіп пайғамбардың басынан кешкен оқиғалар екінші жақтан баяндалса да, шынайы оқиға ретінде тек Жүсіп пайғамбарды емес, күллі Исраил ұпақтарының сөзі ретінде қабылданады» - деген тағы бір ғылыми контексте өзгеше ойтұжырымымен бөліседі (Munir, 2023: 219). Демек, мемуар мәтіндерінде бір адамның атынан баяндалатын оқиға үнемі тек бір автордың көзқарасы ғана емес, тұтас бір ұлттың немесе мәдени топтың атынан айтылған дерек болуы да мүмкін. Мемуар жанрындағы әр мәтін әртүрлі сипатта алуан түрлі ой иірімін қамтитын аса күрделі жанр болғандықтан, әр мәтін жеке текстологиялық талдауды қажет етеді. Әсіресе, діни контексте жазылған мәтіндердің текстологиясы аса күрделі. Бұл жөнінде Діни мәтіндердегі пайғамбарлардың сөзі кейде құдайдың, кейде жанның кейде рухтың сөзі болуы мүмкін деп, бір ойдың өзі бірнеше тараптан берілетіндіктен, естеліктер әсері туралы Хемиданың да еңбектерінде көптеген дәлел табуға болады (Hemida, 2024).

Көркем шығарманың табиғатына әсер ететін негізгі факторлар саясат, қоғам, идеология, тарихи жағдайлар өзгергенде, көркем туындылардың келбеті де өзгеріске түсетіні белгілі. Әсіресе, мұндай факторлық әсердің ерекше күштілігін совет өкіметі орнап, коммунистік партия билеген кешегі социалистік қоғамдағы әдебиеттерден көреміз. Мұнда тұтас дәуірге татитын ұлы өзгерістердің қалай орнағанын, қалыптасып өркендеуін, нәтижесінің мәнін ашып көрсететін шығармалар жазылған.

## 5. Қорытынды

Қазақ мемуарлық әдебиеті жанр ретінде әртүрлі тарихи, мәдени аспектілерді қамтитын күрделі әрі бай мұра. Мемуар жанрының автобиографиялық, тарихи, әдеби, эссе-мемуар, саяхаттық мемуар және куәлік мемуарлары сияқты түрлерге бөлінуі оның кең, ауқымды жанр екендігін көрсетеді. Мемуарлық сипаттағы шығармалар арқылы авторлар тек өз өмірлері мен ойларын ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы маңызды оқиғаларды, мәдени құндылықтарды және тарихи кезеңдерді де бейнелейді. Сондықтан мемуарлық жанрда жазылған шығармалар бірінші жақтан баяндалған мәтін сипатында тарихи дереккөз ретінде бағаланады. Мемуар жанры қазақ әдебиетінде ұлттық болмыс пен тарихи сананы қалыптастыруда маңызды рөл атқарған. Қазақ мемуарлық әдебиеті жанрларының көптүрлілігі ұлттық әдебиетіміздің байлығы мен тереңдігін айқындайды. Мемуарлар арқылы авторлар өз кезеңінің тарихи және әлеуметтік жағдайларын баяндап қоймай, түпкі астары мен мәселенің себебін ашып көрсетумен де ерекшеленеді. Автобиографиялық, тарихи, әдеби, эссе-мемуарлар сияқты мемуар жанрының әр түрі өзіне тән ерекшелігімен қазақ мемуаристикасының дамуына үлес қосып, бірі адам жанының психологиялық ерекшеліктерін тануға мүмкіндік берсе, енді бірі тарихи дереккөз ретінде құнды болмақ. Мемуарлық шығармалар ұлттық сана мен мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде маңызды рөл атқарады.

## Әдебиеттер:

1. Ақыш Н.Б. Қазақ мемуарлық романы: филол. ғыл. докторлығы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған автореферат. – Алматы, 2009. – 325 б.
2. Ахмер Б., Аймухамбет Ж. Символдың мәтін түзіліміндегі қызметі // «Keruen», 80 (3) 2023. – Б. 52-62 <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3-04>
3. Ахметов З., Шаңбаев Т. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы: «Ана тілі», 1998. – 383 б.
4. Бабыр З. Бабырнама. – Алматы: «Жалын», 1990. – 320 б.
5. Байтанасова Қ. Өмірбаяндық туындылардағы танымдық қабылдау // ЕҰУ хабаршысы. Филология сериясы. № 2(87). 2012. – Б.111-119 б.
6. Белинский В.Г. Полн. Собр. Соч. – Москва: АНССР, 1955. – Т.18. – 420 с.
7. Бердібаев Р. Қазақ прозасындағы замандас бейнесі. – Алматы: Қазақстан, 1968. – 86 б.
8. Brison, S.J. (2002) Aftermath: Violence and the remaking of a self // Princeton University Press. <https://archive.org/details/aftermathviolenc0000bris/page/n3/mode/2up>
9. Данелян К.А. Дневники и мемуары. – Москва: «Гослитиздат», 1959. – 450 с.
10. Дулати М. Тарих-и Рашиди. Хақ жолындағылар тарихы. – Алматы: «М.Х.Дулати қоғамдық қоры», 2003. – 616 б.
11. Дулатұлы М. Алты томдық шығармалар жинағы.1-том: Өлендер, роман, пьеса, әңгімелер / Құраст.: Г. Дулатова, С. Иманбаева. – Алматы: Мектеп, 2013. – 368 б.

12. Johnathan E. L. Memory in Memoir & Biography: Science, Place, and Agency // The City University of New York, 2018. [https://academicworks.cuny.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=3517&context=gc\\_etds](https://academicworks.cuny.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=3517&context=gc_etds)
13. Johns F. (2023) Reading and writing at the interface // London Review of International Law, 11 (3). – P. 547–561 <https://doi.org/10.1093/lril/lrae001>
14. Исабекова Ұ. Орта ғасырдағы түркі тілдерінің даму тарихы. – Астана: «Сарыарқа», 2011. – 224 б.
15. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы: өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қара сөздер. Т.2 / Абай Құнанбайұлы. – Алматы: Жазушы, 1995. – 336 б.
16. Литература: Энциклопедия. – Москва: Олма-Пресс Образование, 2002. – 349 б.
17. Моминский Б. Мемуарлық автобиография. – Алматы: «Жазушы», 1986. – 262 б.
18. Munir M. Moses Glorino Rumambo Pandin. The Prophet Joseph on Qur'an and The Historical Philosophical Perspective and Its Relevance for Human Development // Qubahan Academic Journal (QAJ), Vol.3, No.4, 2023. P. 219-233 <https://doi.org/10.58429/qaj.v3n4a175>
19. Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. – Алматы: «Қазақ университеті», 1991. – 269 б.
20. Толстой Л.Н. Избранные произведения в 2-х томах. – Ленинград. «Лениздат», 1964. – Т.1. – 667 с.
21. Үсенова Н., Дүйсенбай Г., Жемей И. Зәһириддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» еңбегіндегі психологиялық көзқарастары // «Керуен» журналы, 83 (2). 2024. Б. 270-284 <https://keruenjournal.kz/main/article/view/837>
22. Чернышевский Н.Г. Избранные произведения в 3-х томах // Пол. Собр. Соч. – Москва: «Худ. Литературы», 1947. – 313 с.
23. Hemida D. (2024) A Sufi conception of order: Ibn 'Arabī's discourse on governance // Journal of Islamic Studies. – № 35 (1). – P. 46–81. <https://doi.org/10.1093/jis/etad016>
24. Hinsley, F.H. (2010) Power and the Pursuit of Peace: Theory and Practice in the History of Relations Between States. Cambridge University Press. – 390 p. <https://doi.org/10.1017/CBO9780511622458>

#### References:

1. Akysh, N.B. (2009). Kazakh Memoir Novel: Author's Abstract for the Doctor of Philology Degree. – Almaty. – 325 p. (in Kaz)
2. Ahmer B., Aimukhambet Zh.( 2023). Character function in text building // «Керуен», 80 (3). – P. 52-62 <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3-04> (in Kaz)
3. Akhmetov, Z., & Shangaev, T. (1998). Dictionary of Literary Terms. Almaty: Ana Tili. – 383 p. (in Kaz)
4. Babur, Z. (1990). Baburnama. Almaty: Zhalyyn. – 320 p. (in Kaz)
5. Baytanassova, Q. (2012). Cognitive Perception in Biographical Works. ENU Bulletin. – 119 p. (in Kaz)
6. Belinsky, V.G. (1955). Complete Works (Vol. 18). Moscow: ANSSR. – 420 p. (in Russ)
7. Berdibayev, R. (1968). The Image of the Contemporary in Kazakh Prose. Almaty: Kazakhstan. – 86 p. (in Kaz)
8. Brison, S.J. (2002). Aftermath: Violence and the Remaking of a Self. Princeton, NJ: Princeton University Press. Retrieved from <https://archive.org/details/aftermathviolenc0000bris/page/n3/mode/2up> (in Eng)
9. Danelian, K.A. (1959). Diaries and Memoirs. Moscow: State Publishing House of Literature. – 450 p. (in Russ)
10. Dulati, M. (2003). Tariq-i-Rashidi (History of the Followers of the Truth). Almaty: M.H. Dulati Public Foundation. (in Kaz)
11. Dulatuly, M. (2013). Six-Volume Collection of Works (Vol. 1). G. Dulatova & S. Imambayeva (Eds.). Almaty: Mektep. – 368 p. (in Kaz)
12. Jonathan, E. L. (2018). Memory in Memoir & Biography: Science, Place, and Agency. The City University of New York. Retrieved from [https://academicworks.cuny.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=3517&context=gc\\_etds](https://academicworks.cuny.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=3517&context=gc_etds) (in Eng)
13. Johns F. (2023). Reading and writing at the interface // London Review of International Law, 11 (3). – P. 547–561 <https://doi.org/10.1093/lril/lrae001> (in Eng)



14. Isabekova, U. (2011). *The History of the Development of Turkic Languages in the Middle Ages*. Astana: Saryarka. – 224 p. (in Kaz)
15. Kunanbaiuly, A. (1995). *Complete Two-Volume Collection of Works: Poems and Translations, Poems, Proverbs (Vol. 2)*. – Almaty: Zhazushy. – 336 p. (in Kaz)
16. Literature (2002): *Encyclopedia*. – Moscow: Olma-Press Education. – 349 p. (in Russ)
17. Mominsky, B. (1986). *Memoir Autobiography*. Almaty: Zhazushy. – 262 p. (in Russ)
18. Munir M. (2023). *Moses Glorino Rumambo Pandin. The Prophet Joseph on Qur'an and The Historical Philosophical Perspective and Its Relevance for Human Development // Qubahan Academic Journal (QAJ), №3(4). P. 219-233* <https://doi.org/10.58429/qaj.v3n4a175> (in Eng)
19. Sydykova, R., Koigeldiev, M. (1991). *Kadirgali bi Kosymuly and His Chronicles Collection*. – Almaty: Kazakh University. – 269 p. (in Kaz)
20. Tolstoy, L. N. (1964). *Selected Works in 2 Vol.* – Leningrad: Lenizdat. – 667 p. (in Russ)
21. Usenova N., Duysenbai G., Zhemenev I. (2024). *Psychological views of Zahiruddin Muhammad Babur in his work "Baburnama // «Keruen», 83 (2). – P. 270-284.* <https://keruenjournal.kz/main/article/view/837> (in Eng)
22. Chernyshevsky, N.G. (1947). *Selected Works in 3 Volumes // Complete Works*. – Moscow: Art Literature. – 313 p. (in Russ)
23. Hemida D. (2024) *A Sufi conception of order: Ibn Arabī's discourse on governance // Journal of Islamic Studies, 35 (1). – P. 46–81.* <https://doi.org/10.1093/jis/etad016> (in Eng)
24. Hinsley, F. H. (2010). *Power and the Pursuit of Peace: Theory and Practice in the History of Relations Between States*. Cambridge University Press. – 390 p. <https://doi.org/10.1017/CBO9780511622458> (in Eng)

**Е. Хуатбекұлы<sup>1\*</sup>, А.З. Нурақбаева<sup>2</sup>, Г. Абиханова<sup>3</sup>**

<sup>1</sup> М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup> Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан

<sup>3</sup> Қ.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

\*E-mail: <sup>1</sup>erema\_k91@mail.ru, <sup>2</sup>aigulnurakbay@gmail.com, <sup>3</sup>gulzhanat.abihanova@ayu.edu.kz

ORCID: 0000-0002-7426-2973<sup>1</sup>, 0009-0004-6102-4548<sup>2</sup>, 0009-0000-5079-6842<sup>3</sup>

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫ: ЖАНРЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР МЕН МИКРОЖАНР ҮЛГІЛЕРІ

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі қазақ прозасындағы өзгерістер, жанрлық ізденістер мен тенденциялар талданады. Қазіргі қазақ прозасы жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайларға байланысты елеулі өзгерістерді бастан кешіруде. Ең байқалатын тенденциялардың бірі – микрожанрлардың қалыптасуы мен дамуы. Бұл мақала осы өзгерістерді зерттеуге, қазіргі қазақ әдебиетіндегі жанрлық ізденістер мен нақты үлгілерді талдауға арналған. Зерттеудің өзектілігі жаңа әдеби формаларды, олардың қазіргі қазақ прозасы контекстіндегі рөлі мен мәнін түсіну қажеттілігінен туындап отыр. Қазіргі қазақ микрожанрларының мысалдарына қазақ прозасындағы микрожанрлардың сұранысы мен белсенді дамуын көрсететін Әлібек Байбол мен Жалғас Қазыбектің шығармаларына талдау жасалады. Бұл жұмыстар мәтінді кішірейту авторларға терең және эмоционалды туындыларды жасай отырып, негізгі баяндау сәттеріне назар аударуға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Қазіргі қазақ прозасындағы микрожанрлардың маңызы айқындалып, тың қорытындылар жасалады. Бұл жанрлардың қазіргі аудитория сұранысын қанағаттандыратын және қазақ әдебиетінің жаңа формалары мен әдістерімен байытатын келешегі зор бағыт екені атап өтіледі. Микро-әңгіме, микро-новелла сияқты микрожанрлар әдеби процестің маңызды бөлігіне айналып, дәстүрлі жанрларға жаңаша көзқарас ұсынып, қоғамның өзгермелі қажеттіліктерін көрсетеді.

**Алғыс:** Мақала BR20281009 «Қазіргі әдебиеттану мен өнертанудың өзекті мәселелері» атты іргелі ғылыми зерттеулер аясында жүзеге асырылды

**Кілт сөздер:** проза, әдебиет, микрожанр, микроәңгіме, минимизация

**Е. Хуатбекұлы<sup>1\*</sup>, А.З. Нурақбаева<sup>2</sup>, Г.Д. Абиханова<sup>3</sup>**

<sup>1</sup> Институт литературы и искусства имени М. О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

<sup>2</sup> Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

<sup>3</sup> PhD, Международный Казахско-Турецкий Университет имени Ходжа Ахмед, Ясауи, Туркестан, Казахстан

\*E-mail: <sup>1</sup>erema\_k91@mail.ru, <sup>2</sup>aigulnurakbay@gmail.com, <sup>3</sup>gulzhanat.abihanova@ayu.edu.kz

ORCID: 0000-0002-7426-2973<sup>1</sup>, 0009-0004-6102-4548<sup>2</sup>, 0009-0000-5079-6842<sup>3</sup>

## Современная казахская проза: жанровое исследование и микрожанровые образцы

**Аннотация.** Современная казахская проза переживает значительные изменения в связи с новыми социокультурными условиями. Одной из наиболее заметных тенденций является формирование и развитие таких микрожанров, как микроновелла и микрорассказ. Данная статья посвящена изучению

этих жанровых изменений, анализу жанровых поисков и конкретных моделей в современной казахской литературе. Актуальность исследования обусловлена необходимостью осмысления новых литературных форм, их роли и значения в контексте современной казахской прозы. В качестве примеров современных казахских микрожанров анализируются произведения Алибека Байбола и Жалгаса Казыбека, показывающие востребованность и активное развитие микрожанров в казахской прозе. Эти работы показывают, что сокращение текста позволяет авторам сосредоточиться на ключевых моментах повествования, создавая глубокие и эмоциональные произведения. Определено значение микрожанров в современной казахской прозе и сделаны выводы. Отмечается, что данные жанры являются перспективным направлением, удовлетворяющим запросы современного зрителя и обогащающим казахскую литературу новыми формами и методами повествования. Микрожанры, такие как микрорассказ и микроновелла, стали важной частью литературного процесса, предлагая новый подход к традиционным жанрам и отражая меняющиеся потребности общества.

**Благодарности:** Статья выполнена в рамках фундаментального научного исследования BR20281009 «Актуальные проблемы современного литературоведения и искусствоведения».

**Ключевые слова:** проза, литература, микрожанр, микрорассказ, минимизация

**E. Khuatbekuly<sup>1\*</sup>, A.Z. Nurakbayeva<sup>2</sup>, G.D. Abikhanova<sup>3</sup>**

<sup>1</sup> M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup> Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

<sup>3</sup> PhD, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan

\*E-mail: <sup>1</sup>erema\_k91@mail.ru, <sup>2</sup>aigulnurakbay@gmail.com, <sup>3</sup>gulzhanat.abihanova@ayu.edu.kz

ORCID: 0000-0002-7426-2973<sup>1</sup>, 0009-0004-6102-4548<sup>2</sup>, 0009-0000-5079-6842<sup>3</sup>

## Modern kazakh prose: genre research and microgenre samples

**Abstract.** Modern Kazakh prose is experiencing significant changes due to new socio-cultural conditions. One of the most noticeable trends is the formation and development of micro-genres such as micro-novella and micro-story. This article is dedicated to the study of these genre changes, the analysis of genre searches and specific models in modern Kazakh literature. The relevance of the study is due to the need to understand new literary forms, their role and meaning in the context of modern Kazakh prose. As examples of modern Kazakh microgenres, the works of Alibek Baibol and Zhalgas Kazybek are analyzed, showing the demand and active development of microgenres in Kazakh prose. These works show that shortening the text allows authors to focus on key moments of the narrative, creating deep and emotional works. The specific significance of microgenres in modern Kazakh prose and the conclusion. It is noted that these genres are a perspective direction that satisfies the needs of the modern viewer and enriches Kazakh literature with new forms and methods of storytelling. Micro-genres, such as micro-stories and micro-novellas, have become an important part of the literary process, offering a new approach to traditional genres and reflecting the changing needs of society.

**Acknowledgments:** The article was written within the framework of fundamental scientific research BR20281009 "Current problems of modern literary criticism and art criticism".

**Keywords:** prose, literature, microgenre, microstory, minimization

### 1. Кіріспе

Қазіргі қазақ прозасы жаһандық әдеби үдерістер мен ұлттық мәдени дәстүрлердің тоғысқан тұсында елеулі өзгерістер мен жаңарулар кезеңін бастан өткеруде. Қазіргі прозаның сыртқы келбетін қалыптастыратын маңызды үрдіс – жанрлық әртүрлілік және жаңа формалардың, соның ішінде микрожанрлардың пайда болуы. Қазақ прозасының жаңа көкжиектерін ашатын, баяндау-стильдік

шешімдерінің өрісін кеңейтетін бұл өзгерістерді зерделеу бізге қазіргі әдеби үрдістерді және олардың оқырман қауымға әсерін жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді.

Роман, повесть сияқты дәстүрлі жанрлар әдебиетте басты орынға ие, бірақ осы үлкен формалар аясында шағын жанрлық формалар – микрожанрлар барған сайын көпшілік назарын аударып келеді. Микрожанрлар икемділігімен және қысқалығымен ерекшеленеді, бұл авторларға форма мен мазмұн бойынша тәжірибе жасауға, уақыттың қазіргі сұранысына тез жауап беретін шығармаларды дүниеге әкелуге мүмкіндік береді. Эссе, әңгіме, новелла, анекдоттар, миниатюра және шағын әңгіме сияқты жанрлар жазушыларға адамдар арасындағы қарым-қатынастың, психологиялық тәжірибелердің және әлеуметтік құбылыстардың нәзік иірімдеріне көңіл бөлуге жетелейді.

Жанр үнемі дамып, түлеп отырады. Әр жанр әдеби түр ретінде туып, даму барысында өз басынан мынадай өзгерістерді кешіреді: пайда болады, дамиды, кейде жоғалады. Орыс әдебиеттанушысы Ю.Н.Тынянов «дайын жанрлардың» болмайтынын, олардың әрқайсысы дәуірден дәуірге ауысу барысында маңызды мәнге ие болып, негізгі назарға іліксе, кейде, керісінше, кейінге қарай ысырылады, басқасына орын береді немесе тіпті мүлде жоғалып кетуі мүмкін екенін жазады (Тынянов, 1977:255).

Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы барлық салаларға өз әсерін тигізуде. Қоғам, сана өзгерген тұста әдебиет те, оларға қойылар талап та, оны таныту шаралары да жаңартылуы заңдылық. Ал мұның бәрі қазіргі әдебиеттегі минимизация тенденциясын ғылыми тұрғыдан сараптау қажеттілігін көрсетеді.

Испандық социолог М.Кастеллс АҚШ-та, Жапонияда, Тайваньда, Оңтүстік Кореяда, Гонконгта, Қытайда, Батыс Еуропада (Англия, Франция), Ресейде (әсіресе Сібір мен Мәскеу облысындағы академиялық кампустарда) зерттеулер жүргізді. Ол адам қызметінің барлық салаларын қамтитын ақпараттық технологиялардағы революцияның қазіргі әлеміне әсер етудің іргелі салдарын бағалауға мүмкіндік беретін тұтас теорияны тұжырымдады. Өз зерттеуінде М.Кастеллс қазіргі заманғы мәдениетті «нағыз виртуалдылық мәдениет» ретінде сипаттайды және ол оның жазбаша электрондық хабарламаның сипаттамаларын анықтайтын интерактивті коммуникация құралдарына тәуелділігін атап көрсетеді. Хабарламаны жіберу мен қабылдау арасындағы уақыт аралығының елеусіздігі, тікелей жауап беру мүмкіндігі «жеделдетілген режимде» байланысқа әкеледі, ал хабарламаның басты артықшылығы - ақпараттық мазмұнды сақтай отырып, қысқалық екендігін баса айтады (Кастельс, 2000: 429).

Бұл тақырыптың өзектілігі жаңа әдеби формаларды, олардың қазіргі қазақ әдебиеті контекстіндегі рөлі мен маңызын түсіну қажеттілігінен туындап отыр. Зерттеудің мақсаты – қазақ прозасындағы жанрлық өзгерістерді талдап, микрожанрларды анықтап, оларға талдау жасау, үлгілерін қарастыру, даму тенденциялары мен ерекшеліктерін анықтау. Осы тұрғыда қазіргі қазақ

прозасындағы микрожанрлардың үлгілерін табу және анықтау бүгінгі әдебиеттану үшін өзекті мәселе.

Ендеше, қазіргі қазақ прозасының жанрлық өрісін микрожанрлық формаларға ерекше назар аударып зерттеу – әдебиеттану ғылымының кезек күттірмейтін мәселесі. Бұл зерттеу осы шағын әдеби формалардың өзіндік ерекшеліктерін, олардың жаңа мағыналар мен ойларды жеткізудегі қызметтері мен мүмкіндіктерін, қазіргі қазақ әдебиетінің жалпы құрылымындағы орнын талдауды қамтиды. Бұл жұмыста микрожанр, оның ішінде өте қысқа әңгіме - short short story қазіргі қазақ прозасы негізінде қарастырылады.

## **2. Зерттеу әдістері мен материалдар**

Бұл зерттеу жұмысының нысаны – қазіргі заманғы өте қысқа әңгімелер. Зерттеу материалдарына жазушы-драматург, әдебиеттанушы Әлібек Байболдың «Үн... Түн...» атты микро-әңгімелер циклы және Жалғас Қазыбектің «Аққұйын», «Аққұйын-2» кітаптары іріктеліп алынды.

### **2.1 Зерттеу әдістері**

Материалдарды қарастыру барысында зерттеуге алынып отырған тақырыптың өзектілігіне және дәйекті мәтіндердің болуына баса мән берілді. Тақырыпқа байланысты материалдар сұрыпталып алынып, сипаттау, салыстырмалы талдау, ішінара мәтіндерге салыстыру жұмысы негізінде шағын көлемде сараптаулар жүргізілді.

### **2.2 Материалға сипаттама**

Зерттеу жұмысында пайдаланылған негізгі материалдар – жазушы-драматург, әдебиеттанушы Әлібек Байболдың «Үн... Түн...» атты микро-әңгімелер циклы және жас қаламгер Жалғас Қазыбектің «Аққұйын», «Аққұйын – 2» кітаптары.

Әдебиеттану ғылымында микрожанр әлі зерттелмеген, тың тақырып. Сондықтан іріктеліп алынған материалдар жайлы зерттеу, талдау жұмыстары жүргізілмеген. Бұл мақала тыңға түрен салып, әдебиеттану қоржынына қомақты үлес қосар зерттеу болады деген ниеттеміз.

## **3. Талқылау**

XX ғасырда «қалта» форматындағы кітаптар пайда болды. Өмірдің өзгерген ырғағы, кеңістікте жылдам қозғалу мүмкіндігі, басылымдар санын реттейтін кітап нарығының заңдары негізінен 20-21 ғасырлардағы романның көлемін анықтайды. Дегенмен, қазіргі әдебиеттің дамуына әсер еткен бұл тенденциялар редукцияның тек үлкен формада ғана емес екендігін көрсетті. Бүгінгі әдебиет нағыз «минималистік бумды» бастан өткеруде, сондықтан қысқа прозаның өзі қысқарып барады.

Микрожанр танымалдылығының күрт артуы мәтіндердің жаңа формаларының пайда болуына әсер етуде. Интернетте әдеби процесс дамуы динамикалық түрде жүргендіктен, жаңа формалар мен жанрлар пайда болады, кейбірі жойылады және таңғажайып жылдамдықпен қайта туады. Сондықтан микрожанрларды зерттеу бірқатар мәселелерге байланысты қиындық тудыратындығын айта кету керек. Әдебиеттегі микрожанрды зерттеп, өз кандидаттық диссертациясын жазған ресейлік

әдебиеттанушы М.Лебедева: «Егер «short story» сюжеттік новелла болса, онда «short-short story» сол принциптерге негізделген өте қысқа новелла», - деп микрожанрдың өз ішіндегі түрлеріне зерттеу жүргізеді және микрожанрдың ерекшеліктеріне тоқталып өтеді. Өз диссертациясында М.Лебедева қазіргі орыс прозасындағы микрожанр үлгілерін зерделеп, оның бар екендігін микрожанр түрлеріне мысалдар келтіре отырып тұжырым жасайды (Лебедева, 2017: 4).

Көркем әдебиеттің минималистік түрлері жай ғана ХХІ ғасыр құбылысы емес. Бұл жанрлардың тамырын афоризмдер, паремиялар және апотегмалар болған ежелгі дәуірден табуға болады. Ғасырлар бойы мұндай қысқа формалар дамып, қазіргі кезде толыққанды жанрларға айналды.

Антикалық дәуірде афоризмдер мен апотегмалар терең ойды бірнеше сөзбен жеткізе алатын қысқа мәлімдемелердің танымал түрлері болды. Мұндай жанрлар орта ғасырларда әңгіме, әзіл-қалжың, астарлы әңгіме, мақал-мәтелдер кең тараған кезде өз жалғасын тапты. Қайта өрлеу дәуірінде бұл жанрлар мазмұнның кеңеюіне және баяндау құрылымының күрделенуіне байланысты өзгерістерді бастан өткерді (Pasco, 1991: 407).

Микро-әңгімелер жанр ретінде соңғы жүз жылда айтарлықтай дамуды бастан кешірді. Бұл жанрдағы алғашқы шығармалар ІХХ-ХХ ғасырда пайда болды, анығырақ айтсақ, 1920 жылы Қытайдың «Миншэн» журналында алғашқы микро-әңгіме жарияланды. Бұл жанрды Қытайда Лао Ше және Ба Цзинь сияқты жазушылар одан әрі танымал етті. Бұл микрожанр өзінің қысқалығымен және ойды жеткізудегі дәлдігімен ерекшеленді, бұл оны көпшілік аудитория арасында ерекше ықыласпен қабылданды. «Микро-әңгіме» термині Қытайдың танымал журналдарында қысқа әңгімелер жариялаған жазушылардың арқасында кеңінен танымал еді. Олардың қысқалығы мен күнделікті өмірді дәл көрсете білуі жұмысшылардың, шаруалардың, солдаттардың назарын аударды. Бұл жанр қоғамдық өзгерістердің символына айналып, әдебиет сыншылары да, жалпы оқырман да оң қабылдады (Алламбергенова, 2021: 475).

Қазіргі әдебиетте микро-әңгімелер жаһандық құбылысқа айналды. Өртүрлі елдерде бұл жанр «шағын роман», «қысқа әңгіме», «алақан әңгіме», «екі минуттық әңгіме» сияқты көптеген атауларға ие. Атаулардағы айырмашылыққа қарамастан, бұл жанрлардың барлығын минимализмге және мағынаның шоғырлануына деген ұмтылыс біріктіреді (Stevens, 1998: 182).

Сан алуан жанрларда, әсіресе микрожанрларда ұсынылған қазіргі қазақ прозасы қоғамда болып жатқан өзекті әлеуметтік-мәдени үдерістердің көрінісі. Жазушы, драматург Әлібек Байбол мен жас қаламгер Жалғас Қазыбектің шығармашылығы – қазақ әдебиетіндегі шағын формаларды қолданудың жарқын үлгісі. Екі автор да өз шығармаларында минимализмді белсенді қолданады, бірақ микрожанрларға деген көзқарастары мен мазмұнды білдіру тәсілдері өртүрлі, бұл қазіргі қазақ прозасының жанрлық өрісінің жан-жақтылығын көрсетеді.

Белгілі жазушысы, драматург Әлібек Байбол өз шығармашылығында микро-әңгіме формасын белсенді пайдаланады. «Үн... Түн...» микро-әңгімелер циклінде

автор минималистік стильді терең мазмұнмен шебер үйлестіреді (Байбол, 2019). Әрбір әңгіме – маңызды тақырыптар мен мәселелерді қозғайтын қысқа, бірақ эмоцияға бай шығарма.

Ә.Байболдың микро-әңгімелерінде қажетсіз детальдар жоқ ықшам да қысқаша баяндалған. Бұл негізгі сәттерге және эмоцияларға назар аударуға мүмкіндік береді және әрбір бөлікті қанығырақ және есте қаларлықтай етеді. Байбол ықшамдылықты оқырманға әсер етудің құралы ретінде шебер пайдаланады және оқырман жадында ұзақ сақталатын шығармалар жасайды.

Құрғақ сюжетті аса ұнатпайтын қаламгер әр шығармада, әр материалда оқырманға бір хабар, бір идея жеткізуге тырысқанын байқаймыз. Прототип те, сюжет те өмірден алынғаны, қазірге қоғамдағы келелі тақырыптарды толғағанын көреміз. Жазушы өзі түйсінген, жүрегімен, санасынан өткізген дүниелерді көркем шығармада қолдануға тырысқан.

Әлібек Байболдың бір ерекшелігі – ол жанр талғамайтын жазушы. Микрожанрмен ғана шектелмейтін, драмалық шығармалар мен романдар жазып жүргендіктен, оның жазушылық шеберлігі шыңдалған, қаламы ұшталған. Мұны «Үн... Түн...» микро-әңгімелер цикліндегідей, автордың күрделі де көп қатпарлы ойларды оқырманға қысқалық пен нақтылық арқылы жеткізу қабілетінен-ақ байқаймыз. Мұнда Ә.Байбол минималистік әдебиеттің дәстүрін ұстанады, мұнда қысқалық өз алдына мақсат емес, оқырманға әсер етуді күшейту тәсілі ретінде қызмет етеді. Ә. Байбол ықшамдалған форманы тек эмоцияны білдіру үшін ғана емес, маңызды емес бөлшектерге алаңдамай, негізгі түйіндерге назар аудару үшін пайдаланғанын көреміз. Бұл стиль әлем әдебиетінде, мысалы, Антон Чехов шығармаларында байқалатын тәсілге ұқсайды, мұнда қысқалық тереңдікпен тығыз байланысты. Әйгілі жазушы А.Чехов айтқандай, қысқа жазу, аз сөзбен телегей ойды жеткізіп, теңіз сезімді сезіндіру шынымен асқан таланттың жемісі.

Ә.Байбол шығармашылығында мәтін көлемінің қысқаруы ғана емес, сонымен бірге қысқа сөйлемдер мен диалогтар арқылы эмоционалды шиеленіс тудыру мүмкіндігі бар екенін атап өткен жөн. Оның «Басеке» немесе «Ми» сияқты шағын әңгімелері адам тәжірибесінің барлық спектрін бірнеше сөзбен жеткізе алатынының тамаша мысалдары болып табылады. «Су асты айсбергі» түсінігі осы жерде көрінеді, мұнда мәтіннің астында үлкен мағыналық қабат жасырылған. Байбол да қазіргі көптеген жазушылар сияқты прозаның дәстүрлі түрлерін қайта ой елегінен өткізіп, оларды молырақ, жинақы етеді.

Қазақ прозасындағы микрожанрлардың тағы бір жарқын мысалы – Жалғас Қазыбектің қысқа әңгімелері. Ж.Қазыбек «Аққұйын» кітабында қысқалығымен, жинақы баяндалуымен ерекшеленетін шағын әңгімелерін жинақталған (Қазыбек, 2024: 216).

Ж.Қазыбектің қысқа әңгімелері қазақ мәдениеті мен қоғамына қатысты маңызды тақырыптар мен мәселелерді қозғап, дәстүрлі мотивтерге жаңа көзқарастар ұсынады. Микроәңгіме қысқалығы мен ықшамдығы авторға терең ойлар мен

сезімдерді жеткізуге мүмкіндік береді, оларды кең аудиторияға қолжетімді және түсінікті етеді.

Өте қысқа әңгімелер - бұрын соңды қазақ әдебиетінде ұшыраспаған жанр болғанымен автор жас болса да, әңгімелерінде бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселелерді қозғайды. Әр әңгіме оқырманға түрлі ой салып, сан бояулы эмоциялар мен толқыныс торабына апарды. Бұл кітапта ана мен бала, әке мен қыз, аға мен іні арасындағы қарама-қайшы тартыстар, шын ғашықтың сыры, жақынынан айырылған жанның мұңы да бар.

Жалғас Қазыбек өз кезегінде әлеуметтік-мәдени мәселелерге назар аударып, микро-әңгімеге басқаша көзқарас ұсынады. Оның «Аққұйын» кітабында сезім мен тебіреністі жеткізіп қана қоймай, кең ауқымды қоғамдық мәселелерді көтеретін шағын әңгімелер бар. Ә. Байболға қарағанда, Ж.Қазыбек микро-әңгімелерінде әлеуметтік хабарды жеткізу құралы ретінде пайдаланады, күрделі, кейде күнгірт тақырыптарды зерттейді. Мысалы, әңгімелерде ұрпақтар арасындағы қарым-қатынас, жоғалған құндылықтар мен әлеуметтік қақтығыстар жиі көтеріледі, бұл шығармаларға әмбебап сипат береді.

Ж.Қазыбек әңгімелерінің ерекшелігі – мәтіннің түпкі түйінін, мәнін түсіндіруге жетелейтін тақырыптың жоқтығы (*Кесте 1*). Бұл оқырманға өзінің эмоциялары мен өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, өз бетінше мағынаны толықтыруға мүмкіндік береді. Ж.Қазыбек жағдаяттың драматургиясын көрсететін қысқа, бірақ орынды диалогтарды белсенді қолданады. Бұл оның шығармаларын мәнді етіп қана қоймайды, сонымен қатар әдебиеттегі интерактивтілікке қарай құлаштаған заманауи тенденцияны көрсетеді, мұнда оқырман мәтіннің бірлескен авторы болады, өзіндік интерпретациялар қосады, сюжетті өз қиялында өрбіте түседі.

### Кесте 1 – Микрожанр үлгілері

Әлібек Байболдың «Үн... Түн...» микро-әңгімелер циклінен үзінді	Жалғас Қазыбектің «Аққұйын» кітабынан үзінді
<b>Басеке</b> Ұятсыз боп ұйықтап, басеке боп оянды.	Кеше менің 5 жасар қарындасым газға тамақ пісіріпті. Жұртқа палау ұнады.
<b>Ми</b> – Қайда бет алдың, бала? – деді соқыр шал. Ол: – Митануға! – деді де, есікті тарс жапты.	Бір несие. Екі күнәһар.
<b>Емделеді</b> Айдардың махаббат сезімі «жаман ауруға» шалдықты.	- Баламның туған күні келе жатыр? - Не пісіресіз? - Жеті нан.
<b>Бас</b> Басын жу, бірақ шашына тиіспе.	- Ештеңесіз өлген жаман ғой, иә? - Ештеңе істемей өлген ше?



Әлібек Байбол мен Жалғас Қазыбектің шығармаларын талдай отырып, олардың қысқа прозаға көзқарасындағы бірнеше негізгі айырмашылықтарды анықтауға болады. Ә.Байбол эмоциялық құрамдас бөлікке баса назар аударады, мұнда әрбір сөз бай ішкі атмосфераны құруға қызмет етеді. Оның микро-әңгімелері жекелендірілген, көбінесе терең философиялық ойларды қамтиды және автордың өмірлік тәжірибесін жеткізеді. Ж.Қазыбек әлеуметтік және мәдени мәселелерді көрсету үшін шағын форманы пайдаланады, сондықтан оның микро-әңгімелері әлеуметтік бағытта, мәтіндері драмалық және кесінді (*Кесме 1*).

Дегенмен, екі автор да қысқалықты құрал ретінде пайдаланудың ұқсас тәсілдерін көрсетеді. Олардың шығармалары қазақ прозасының мазмұнды ғана емес, форманы да бағалайтын заманауи оқырман сұранысына жауап беретін минимализм және микрожанрлар бағытында белсенді дамып келе жатқанын көрсетеді. Авторлар жанрдың түрлі қырларын көрсете отырып, қазақ әдеби дәстүрін байытуға, оны заман талабына сай бейімдеуге өз үлесін қосуда.

#### **4. Зерттеу нәтижесі**

Қазақ прозасының микрожанрлық үлгілері әдеби эксперимент контексінде ғана емес, сонымен бірге көркем ой толғаудың жаңа түрлерін таныту құралы ретінде де маңызды болып келеді. Бұл шығармаларда оқырманның алдында өзінің «Менін» іздеу, ұлттық мәдени мұраны жаһандану жағдайында түсіну, сондай-ақ адамның қоршаған ортамен қарым-қатынас мәселесі сияқты өткір әлеуметтік-философиялық мәселелер көтеріледі. Олар көбінесе қазақ қоғамында болып жатқан өзгерістер динамикасын көрсететін көркемдік қызмет атқарады және ұжымдық бейнелерден өзін-өзі көрсетудің дараланған түрлеріне өтуді көрсетеді.

Зерттеу нәтижесі ретінде ұсынылған тұжырымдар:

- Қазіргі қазақ прозасы шағын прозаның түрлеріне, әсіресе микрожанрға белсенді түрде бейімделуде. Бұл цифрлық дәуірге тән минимализмге және мәтіндерді қысқартуға бағытталған жаһандық үрдіске байланысты. Әлібек Байбол мен Жалғас Қазыбек шығармаларының мысалдары қысқалық пен мағынаның ХХІ ғасырдағы қазақ прозасының маңызды сипатына айналғанын көрсетеді.

- Микроповесть, микро-әңгіме сияқты микрожанрдағы қазіргі қазақ прозасы оқырмандар арасында ғана емес, авторлар арасында да танымал бола түсуде, бұл оның әдеби үдерістегі маңызды рөлін растайды. Микрожанрлар авторларға ойлар мен сезімдерді ықшам түрде жеткізуге мүмкіндік береді, бұл оқырманның назары жиі ауытқыған және көлемді мәтіндерді оқуға уақыт аз болатын цифрлық дәуірде өте маңызды. Микрожанрлар сонымен қатар мәтіннің әрбір элементі белсенді қабылдау мен түсінуді талап ететін автор мен оқырман арасындағы қарқынды өзара әрекеттесуге ықпал етеді. Ә.Байбол мен Ж.Қазыбек шығармаларындағы минимализм мен қысқалық тек әдеби стильді ғана емес, ақпараттың жылдам беріліп, лезде эмоционалды реакцияны қажет ететін заманауи элементтер әрекеттесу тәсілін де білдіреді.

- Қазақ микропрозасының аясында жанрлардың будандастырылуы байқалады. Микро-әңгімелер көбінесе драманың, философияның және әлеуметтік сынның

элементтерін қамтиды. Бұл авторларға дәстүрлі жанрлардың шекарасын кеңейтуге және заманауи оқырмандардың сұранысын қанағаттандыратын бірегей формаларды жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, Ә.Байбол шығармаларында минимализм мен философиялық тереңдікті аңғаруға болады, ал Ж.Қазыбек әлеуметтік мәселелерді драмалық сюжеттермен үйлестіреді.

- Ә.Байбол, Ж.Қазыбек сынды қазақ авторлары микроәдебиет дамуының әлемдік тенденциясына сай келеді. Олардың шығармалары барлық мәдениеттерге қатысты тақырыптарды: адамдар арасындағы қарым-қатынас, әлеуметтік өзгерістер, өмір мен өлім туралы философиялық сұрақтарды көтергендіктен, қазақстандық және халықаралық оқырмандармен резонанс тудырады. Бұл авторлардың микро-әңгімелері де әдеби өрнектің жылдам, бірақ терең формаларын іздейтін заманауи оқырмандардың сұранысына жауап береді.

Осылайша, зерттеу нәтижелері қазіргі қазақ прозасында микрожанр белсенді дамып, оқырмандар арасында сұранысқа ие болып келе жатқандығын көрсетеді. Микрожанрлар әдеби процестің маңызды элементіне айналып, авторлар үшін жаңа мүмкіндіктер туғызып, оқырмандардың жадында ұзақ сақталатын қысқа, бірақ бай шығармалармен цифрлық дәуірге тән минимализмге және мәтіндерді қысқартуға бағытталған жаһандық үрдіске сай әрі қарай дамуын жалғастырады. Бұл оқырмандардың назары жиі шашыраңқы және үлкен мәтіндерді оқуға уақыт азайып бара жатқан цифрлық дәуірде өте маңызды.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер қазақ әдебиеті пәнінің ХХІ ғасыр басындағы кезеңін оқытуда, сондай-ақ студенттердің ғылыми жұмыстары мен магистрант, докторанттардың зерттеу жұмыстарында пайдаланылады.

## **5. Қорытынды**

Қазіргі қазақ прозасы жаһандық әдеби тенденцияларды ғана емес, сонымен қатар Қазақстандағы нақты мәдени-әлеуметтік процестерді бейнелейтін микрожанрлардың айтарлықтай дамуын көрсетеді. Микро-әңгімелер мен қысқа прозаның басқа да түрлері өзінің қысқалығы мен мәнділігіне байланысты оқырмандар арасында танымал бола түсуде. Әлібек Байбол, Жалғас Қазыбек сынды авторлардың шығармаларын зерттеу қазақ қаламгерлерінің терең ойлар мен сезімдік тәжірибелерді жеткізу үшін осы формаларды белсенді түрде қолданатынын көрсетті.

Қазіргі қазақ микропроза әдебиетінің маңызды қасиеті – күрделі тақырыптарды ықшамдап, қысқа жеткізе білуінде. Байбол мен Қазыбектің еңбектері қысқа да мазмұнды мәтіндер іздеп жүрген заманауи оқырмандардың сұранысын қанағаттандырып қана қоймай, әлемдік әдеби үдеріске сай келіп, қазақ әдебиетінің халықаралық аренада өзекті бола алатынын растайды. Микрожанрларды пайдалану авторларға өзіндік және есте қалатын шығармалар жасай отырып, өз идеялары мен эмоцияларын білдіруге жаңа мүмкіндіктер ашады. Микрожанрлар сонымен қатар авторларға драма, әлеуметтік сын және философия элементтерін біріктіре отырып, формамен тәжірибе жасауға мүмкіндік береді.

Қазіргі қазақ прозасын жанрлық зерттеу, микрожанр үлгілеріне талдау жасау Қазақстан әдеби тәжірибесінде прозаның шағын түрлерінің маңызды орын алатынын атап көрсетеді. Бұл формалар әдеби экспериментке ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар қазіргі қоғам мен мәдениеттің шындығын бейнелеудің маңызды құралына айналады және қазіргі отандық әдебиеттегі шағын әдеби формалардың айтарлықтай өсіп-өркендеуі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Әдебиеттанушы ғалым Н. Худайбергенов өз мақаласында жазушы Мәдина Омарованың шығармашылығын талдай келе: «Біз М.Омарованың заманауи тақырыптағы шығармаларынан қазіргі қазақ әдебиетіндегі жанрлардың минимизациясы үрдісін байқаймыз», - деп тұжырым жасаған (Худайбергенов, 2024: 180). Демек, ұлттық әдебиетімізде минимизация үрдісін, микрожанр үлгілерін талдап-таразылау өзекті де өткір мәселе.

Ғалым, академик З.Қабдолов айтпақшы: «Әр дәуірдің әдебиеті - сол дәуірдің айнасы. Сөз өнерінің өмір шындығын «шындап» қана қоймай, келешекке – келер ұрпақтан ұрпаққа «шегелеп» қалдыратын құдіретті күші де осы арада жатыр» (Қабдолов, 2002:7).

Қорытындылай келе, микрожанрлар қазіргі қазақ прозасындағы келешегі зор бағыт деп тұжырымдауға болады. Олардың танымалдығы мен өзектілігі оқырмандардың сұранысы мен үмітін қанағаттандыратынын көрсетеді. Бұл кезеңде микрожанрларды зерттеу енді ғана басталып жатыр, әрі бұл бағыттағы жұмыстар олардың әдеби үдерістегі рөлі мен маңызын тереңірек түсінуге көмектеседі деп ойлаймыз.

Олай болса, алдағы уақытта қазақ әдебиетінің өрісін байытуға, жан-жақтылыққа, оның ерекшеліктеріне ықпал ететін микрожанрлармен тәжірибелер жүргізіледі деп күтеміз.

#### Әдебиеттер:

1. Allan H. Pasco. (1991). On Defining Short Stories. *New Literary History*, Vol. 22, No. 2, Probing: Art, Criticism, Genre. – P. 407-422 (16 p.).
2. Алламбергенова С.М. Исторический ракурс хронологии этапов развития названия жанра микро-рассказ в современной китайской литературе // *Uzbekistan-China: development of cultural, historical, scientific and economic relations*. Vol. 1, No. 1. 2021. – P. 475-482. <https://doi.org/10.24412/2181-1784-2021-1-475-482>
3. Байбол А. «Үн... Түн...» атты микро-әңгімелер циклі. [Электронды ресурс]. URL: [https://adebiportal.kz/kz/news/view/alibek-baiboldyn-un-tun-atty-mikro-angimeler-cikly\\_\\_22285](https://adebiportal.kz/kz/news/view/alibek-baiboldyn-un-tun-atty-mikro-angimeler-cikly__22285) (қаралған күні 18.01.2024)
4. Кастельс М. Информационная эпоха: экономика, общество и культура: Пер. с англ. под науч. ред. О.И. Шкаратана. — М.: ГУ ВШЭ, 2000. — 608 с.
5. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 290 б.
6. Қазыбек Ж. Аққұйын.– Алматы: Мазмұндама, 2024. – 216 б.
7. Лебедева М. Н. Микрожанры современной прозы: Автореферат дис. ... кандидата филологических наук. — Тверь: Твер. гос. ун-т, 2016. – 12 с.
8. Stevens D. (1998). *Micro Fiction: An Anthology of Really Short Stories* Jerome Stern. *Harvard Review*. No. 14. – P. 182-184 (3 p.).
9. Тынянов Ю.Н. Поэтика. История литературы. Кино. – М., 1977. – С. 255-269.

10. Худайбергенов Н. (2024). М. Омарованың пьесаларындағы дәстүрлі және модернистік айшықтар. «Керуен» ғылыми журналы, 84(3). – Б. 169–180. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.3-13>

#### References:

1. Allan H. Pasco. (1991). On Defining Short Stories. *New Literary History*, Vol. 22, No. 2, Probing: Art, Criticism, Genre. – P. 407-422 (16 p.). (in Eng)
2. Allambergenova S.M. (2021). Historical Perspective on the Chronology of the Stages of the Development of the Genre Name Micro-Story in Contemporary Chinese Literature. *Uzbekistan-China: Development of Cultural, Historical, Scientific, and Economic Relations*, Vol. 1, No. 1. – P. 475-482. <https://doi.org/10.24412/2181-1784-2021-1-475-482> (in Russ)
3. Baybol A. The Cycle of Micro-Stories titled «Un... Tün...». [Electronic Resource]. URL: [https://adebiportal.kz/kz/news/view/alibek-baiboldyn-un-tun-atty-mikro-angimeler-cikly\\_\\_22285](https://adebiportal.kz/kz/news/view/alibek-baiboldyn-un-tun-atty-mikro-angimeler-cikly__22285) (accessed on 18.01.2024) (in Kaz)
4. Castells M. (2000) *The Information Age: Economy, Society, and Culture*: Translated from English under the scientific editing of O.I. Shkaratan. – Moscow: HSE University. – 608 p. (in Russ)
5. Qabdolov Z. (2002) *The Art of Speech*. – Almaty: Sanat. – 290 p. (in Kaz)
6. Qazybek Zh. (2024) *Aqquyyn*. Summary. – Almaty: Mazmundama. – 216 p. (in Kaz)
7. Lebedeva M.N. (2016) *Microgenres of Contemporary Prose*: Abstract of PhD Dissertation in Philology. – Tver: Tver State University. – 12 p. (in Russ)
8. Stevens D. (1998). *Micro Fiction: An Anthology of Really Short Stories by Jerome Stern*. *Harvard Review*, No. 14. – P. 182-184 (3 p.). (in Eng)
9. Tynianov Y.N. (1977) *Poetics. History of Literature. Cinema*. – Moscow. – P. 255-269. (in Russ)
10. Khudaibergenov, N. (2024). Traditional and modernist features in the plays of M. Omarova. *The Scientific Journal «Keruen»*, 84(3). – P. 169–180. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.3-13> (in Kaz)

***K.E. Abiyr***

*Abai Kazakh National Pedagogical University,*

*Almaty, Kazakhstan*

*E-mail: Karligash\_80@mail.ru*

*ORCID: 0000-0002-8293-3052*

## **REPRESENTATION OF NATIONAL IDEALS AND HEROIC SPIRIT IN NOVEL-DIOLOGY RAIYMBEK BATYR BY ZH. TURLYBAIULY**

**Abstract.** In this article, relying on the works of scientists-researchers and analysing the heroic epic, the theme of the image of Rayimbek Batyr in the oral folk art is considered. In Kazakh literature the collective images of Rayimbek Batyr complement each other, a versatile view of the hero's image is considered, paying special attention to the multifaceted description, a gallery of images of the brave man is created. The purpose of the article is to study the transformation of the image of Raiymbek batyr from the point of view of national interests, his role in the history of the country, heroism of Raiymbek, who became our national motto, reflecting the principle of folklore and literary continuity. The relevance of the research in the article is that it shows the heroism and courage in the trials endured by heroes such as Raiymbek, thanks to whom the country gained independence and became a fundamental state. In the course of achieving the set goal, the state archives were reviewed, valuable information about heroes-heroes was used, work was done to analyse research papers, conclusions of scientists studying the image of Raiymbek Batyr. The results of the analysis showed that the plot structure of the novel is systematized on the basis of similar motifs and parallels inherent in archaic, heroic, historical, romantic, and epic epics in the world folklore heritage, including national folklore. In the era of modern globalisation, in order not to disappear as a nation, education by the example of such heroes as Rayimbek is one of the urgent problems of our time. We consider the value of the article and the practical significance of the results of the work to be the assertion that the work is a spiritual mirror of the Turkic world, a spiritual phenomenon that is promoted as a teaching of global exploits and serves the good of humanity.

**Keywords:** heroism, literary continuity, motif, spiritual phenomenon, folklore heritage

***Қ.Е. Абиыр***

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,*

*Алматы, Қазақстан*

*E-mail: Karligash\_80@mail.ru*

*ORCID: 0000-0002-8293-3052*

## **Ж. Тұрлыбайұлының Райымбек батыр атты роман-дилогиясындағы ұлттық мұрат және қаһармандық рухтың бейнеленуі**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне сүйене келе әрі батырлық жырды талдай отырып, халық ауыз әдебиетіндегі Райымбек батыр бейнесі тақырыбы қарастырылады. Қазақ әдебиетіндегі Райымбек батыр жайындағы туындылар бірін-бірі толықтырып, батыр бейнесіне түрлі биіктен қарап, сан қырынан сипаттауға баса назар аударып, образдар галереясын жасағаны сараланады. Мақаланың мақсаты – фольклор және әдеби сабақтастықтың принципін көрсетіп, Райымбек батыр бейнесінің трансформациясын зерделеу, есімі ел жүрегінен өшпес орын алып, ұлттық ұранымызға айналған Райымбектің қаһармандығын, ел тарихындағы рөлін көрсетіп, ұлттық мүдде тұрғысынан

The characters in the stories of young authors struggle with the problems occurring in the society of their time. The fate of modern society is men's addiction to alcohol, lack of household, psychological stress, the plight of boys and girls orphaned by their parents at a young age, cruelty in society, difficult life in single-parent families, non-compliance with modern life requirements, the problem of moving from village to city, unemployment, paid education, the cost of renting an apartment in a big city etc.

In the article by S.Yu. Vorobyova "Gender Policy" by a Female Author (using the novels of L. Ulitskaya as an example), methodological principles for determining the

gender component in the process of analyzing artistic texts are formulated. Using four novels by L. Ulitskaya as an example, the dynamics of the discursive gender model of the world and man are shown. Feminist consciousness has drawn attention to the methods of representation in the text, to their dynamics in the process of searching for the ideal character type of a female author, by vividly demonstrating the possibility of creating "interpretative" forms of final and open dialogic discourse, combining them together, as well as presenting the categories of masculinity and femininity, L. Ulitskaya confirms the predominance of women's writing, which is able not only to adequately express the idea of femininity, but also to evaluate the idea of femininity (Vorobyova, 2016).

A proposal for another gender study in Russian literature can be seen in this work. The authors present in the textbook possible options for the gender aspect of the study of a literary work. The material of literary texts analyzes the gender picture of the world in women's literature of the XX-XXI centuries. The literary analysis of the gender aspect of a work should be carried out, first of all, with the help of its own categorical and terminological apparatus of literary science (Arzamazov, 2020: 8).

#### **4. Results**

The works describing the image of a woman, beauty, mind, qualities, nature in Kazakh prose and poetry are reflected in the myths of oral literature, fairy tales, legends, lyrical and epic poems. For example, "Kyz Zhibek", "Aiman and Sholpan", etc. Most researchers say that in the life and worldview of nomads, women, like men, were very free, brave, intelligent, skillful citizens who performed in groups and led battles.

During the Great Patriotic War, Kazakh writers portrayed women a lot. This is because the woman and the small children who worked in the rear lived in front of their eyes. Such examples can be seen in the memoirs of writers. From this it can be seen that the image of a woman or a man in a work of art is described depending on the time in the work, that is, on what historical event was described.

There are also differences in the portrayal of female characters by male and female writers. In modern women's prose, female authors also touch on new topics in the idea, content and form of the work. Neither the female characters of old classic novels nor the female characters of modern youth prose expect any help from men. They can withstand the difficulties encountered in their fate, thanks to their intelligence, strength, consciousness, endurance and heroism. It should be understood that although we know that a woman is a gentle being, she wants to admit that she is just as much a living being as men.

The term "gender" began to be used in literary studies to understand the phenomenon of "women's writing". At the end of the 20th century, the concepts of "text written by a female author" and "female text" appeared. In this regard, different points of view have arisen in literary studies. Some say that there is no neutral "female text" in literature, and proponents of the second point of view say that there are significant differences between female and male texts.

The works of O. P. Demidova, N.L. Pushkareva, S. R. Okhotnikova, K. Binswanger are devoted to the study of the "female language" at the level of the text of literary works and

the definition of the female literary tradition, the study of female images in literature and the phenomenon of "female reading".

Defining the writing characteristics peculiar to women writers is one of the main issues of gender literature. We believe that there are significant differences in the texts of men and women. Modern women's prose and poetry are analyzed from a gender perspective, but its methodological basis in literary studies has not yet been fully formed. In the gender analysis of the text in Western science, there is a concept of "women's writing". It is necessary to turn "women's" texts into one of the main areas of research in Kazakh literature. The consideration of gender issues through the study of the characteristic style of women writers is in itself a separate area that requires systematic research.

In the voluminous article "reflection of gender stereotypes in Kazakh literature" by Ye. Adayeva identifies the following main areas of gender research in literature:

- It involves weighing the changes, demands and desires in women's existence in a certain period, as well as the quality-truce that distinguishes men;
- Examines whether the image of a woman or a man in a work of art corresponds to the stereotypes of masculinity (*masculus*) and femininity (*femina*) formed by society;
- Patriarchy in literary texts presupposes the exposure of cultural stereotype;
- To determine what important role the gender specificity of the author plays in depicting the female image in the work and the reader in perceiving the female image;
- Defining the specifics of writing characteristic of women writers (Adayeva, 2022: 215).

The author of the article "Gender studies in modern Ukrainian literary studies" identifies the following main areas of gender research in modern Ukrainian literary studies: "... a new reading of the works of male and female authors from a gender point of view; "women's literature" and the formation of related scientific terms: "women's prose", "women's poetry", "women's novel"; to determine the features of women's poetry and prose, to develop the concept of "women's writing" based on the material of Ukrainian, Russian, American, Asian, Slavic literature; theoretical understanding of the methodology of gender studies, etc. (Baidalova, 2013: 227).

After independence, the number of women writers in prose increased. Despite the fact that prose writing is inherent in humanity, there are differences in the unusual picture of the world that occurs in the artistic work of a female author or a male writer, in the special attitude of the author to the main character, in the special nature of the author's consciousness, in the style of writing. To determine the general interaction of the author's feeling and thought from the beginning to the end of the work, to show the features of the transmission of methods of transformation by artistic means, such as metaphor.

Another aspect of the gender study of literature is the field of gender representation of national identity. Each nation has its own peculiarities in creating a work. Its features include the cultural characteristics of each nation, the history of the people, traditions and customs, peculiarities of worldview, tastes related to beauty. In the artwork, we find a national character regarding Kazakh characters, national colors describing the beauty and tenderness inherent in the Kazakh woman.

The article is aimed at considering gender issues in Kazakh literature, so I tried to give a complete answer to questions about how well gender issues have been studied in literary studies. The article reveals the history and general nature of gender issues in Kazakh literature. The conclusions of the gender approach analyzed above can be used to revise well-known literary texts in Russian literature and form a new point of view.

### **5. Conclusion**

This study briefly analyzes the emergence of aspects of gender issues in Kazakh literature. When considering gender issues in prose works, the opinions of foreign and domestic scientists are used. There are many unresolved issues in considering gender orientation, its object of feminism, and fiction written in literature by men.

Male writers are also interested in the topic of women and attitudes towards women. We believe that distinguishing between women's and men's literature, defining a special style of women's and men's prose, the genre of prose, the emotions and feelings of the characters, the time of writing, the history of creation, the place of the work in national and world literature is one of the most promising and priority areas of modern literature. Gender studies make it possible to recognize cultural structures in traditional literary works, analyze them from the point of view of ideas about the concepts of "male text" and "female writing" and find forms reflecting the signs of female experience. Gender studies contribute to the formation of a new approach to literary works. In the first decade of the new century, "women's literature", its poetics, stylistics, theoretical and historical-literary phenomenon should be comprehensively considered within this problematic field.

All the information they receive about the world, and all the information they transmit to the world about people, writers create in the form of short stories, that is, in the form of concrete prose with semantic integrity and a certain plot coherence. In our opinion, the gender analysis of the text is not limited to considering only the visual system of the work and the social context.

Men and women are biologically, psychologically and culturally different by nature. There are two differences, namely men and women. Masculinity and femininity are a natural difference between men and women physically and biologically, where men are stronger than women and women are weaker than men. In societies around the world, men are often considered superior to others. And there are "second-sex" names applied to women. In everyday life, the word "gender" often refers to perceived and natural differences between men and women. In literary studies, the term refers more specifically to how people define themselves and how they are judged by others based on their gender.

Ideas about gender have historically influenced the production, distribution, consumption and popularization of literature. Women's works came from different genres of the great literature of the world. In world literature, gender studies have made a significant contribution in terms of the analysis and development of works in this field.

The methodological tools used to study gender studies in literature are insufficient to evaluate women's creativity. Women have their own algorithm, for example, as general concepts, themes, plots, perspectives, language, etc. and they should be judged by their

own criteria, it is necessary to pay attention to women's writing and perceive women's works simultaneously as their historical and social product. Therefore, gender aspects in literature should reflect the abundance of female identity.

The study of the characteristic features of writing of prominent female representatives of modern Kazakh literature requires systematic study. Considering gender studies in our national literature, its development is among the main tasks of modern literary science.

#### References:

1. Abdygapparova Zh. (2022) "Gender issues in Kazakh literature at the beginning of the XX century" // Bulletin of Yassawi University, №4 (126). – P. 64-78. <https://doi.org/10.47526/2022-4/2664-0686.06> (In Kaz)
2. Adaeva Ye. (2022) Manifestation of gender stereotypes in Kazakh literature. Gender and Society of Kazakhstan. Almaty: printing house" DELUXE printing". – 280 p. (In Kaz)
3. Arzamazov A.A. (2020) Women's writing strategies in Udmurt literature: poetry of Anastasia Shumilova. Bulletin of Ugric Studies. Vol. 10, № 1. <https://doi.org/10.30624/2220-4156-2020-10-1-7-16> (in Russ.)
4. Baidalova E.V. (2013) Gender studies in modern Ukrainian literary studies \ Gender and literature in the countries of Central and South-Eastern Europe / Ed. by I.E. Adelheim. – M., Institute of Slavic Studies of the Russian Academy of Sciences. – 252 p. (In Russ)
5. Baktybayeva, A. T. (2023). The comical in modern female prose of kazakhstan (on the example of works of g. kurgulina). Russian Linguistic Bulletin, 9(45). <https://doi.org/10.18454/RULB.2023.45.9>. (in Eng)
6. Dictionary of gender terms (2002) / Edited by A. A. Denisova; Region. societies. org. "East-West: Women's innovative projects. – M.: Information-XXI century. – 256 p. (In Russ)
7. Kaldybay A.B., Abdigaliyeva G.K. (2023). A literary review of studies related to gender stereotypes in the world and Kazakhstan society. Bulletin of Karaganda University № 1(109) p. 273-284 <https://doi.org/10.31489/2023HPh1/273-283> (In Kaz)
8. Kenzhebaeva A.A. (2000) « The uniqueness of the image of a woman in female prose « Cand. of philological Sciences diss.- Almaty. – 143 p. (In Kaz)
9. Ladzekpo, G., Attiye, J., & Davi, S. (2024). Exploring Gender Roles and Stereotypes in Literature: An Analysis of Contemporary Works. International Journal of Gender Studies, 9(2), 25–40. <https://doi.org/10.47604/ijgs.2782> (In Eng)
10. Sarsenbayeva Zh., Yakici A. (2021). The image of women in modern kazakh prose and psychological aspects in creating them. «Keruen» scientific journal. Volume 73, Number 4. ISSN 2078-8134. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.4-17> (In Eng)
11. Vardanyan O.A. (2003) "On the issue of the gender nature of poetic texts" // Collection of abstracts of the Third International Conference "Gender: language, culture, communication" November 27-28, Moscow 2003. – P. 26-27 (In Russ)
12. Vorobyova S. Y. (2016) Gender "politics" of a female author (on the example of L. Ulitskaya's novels) Proceedings of the Saratov University. A new series. Philology. Journalism. – vol. 16. – No.2. – pp. 195-202. (In Russ)
13. Western literary criticism of the twentieth century: an encyclopedia. – Moscow: Intrada, 2004. – 560 p.
14. Zholshaeva M., Mambetov Zh. (2022) Typology of the image of women in modern youth prose. Gender and Society of Kazakhstan. Almaty: printing house" DELUXE printing". – 280 p. (In Kaz)

#### Әдебиеттер:

1. Адаева Е. Қазақ әдебиетіндегі гендерлік стереотиптер көрінісі. Гендер және қазақстан қоғамы. Алматы: «DELUXE Printery» баспаханасы, 2022. – 280 б.
2. Арзамазов А.А. (2020) Стратегии женского письма в удмуртской литературе: поэзия Анастасии Шумиловой // Вестник угроведения. Т. 10, № 1. <https://doi.org/10.30624/2220-4156-2020-10-1-7-16>
3. Әбдіғәппарова Ж. «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі гендерлік мәселелер» // Ясауи университетінің хабаршысы, №4 (126), 2022. – Б. 64-78. <https://doi.org/10.47526/2022-4/2664-0686.06>

4. Байдалова Е.В. Гендерные исследования в современном украинском литературоведении // Гендер и литература в странах Центральной и Юго-Восточной Европы / Отв. ред. И.Е. Адельгейм. – М., Институт славяноведения РАН 2013. – 252 с.
5. Варданян О.А. «К вопросу о гендерной природе поэтических текстов» // Сборник тезисов Третьей международной конференции «Гендер: язык, культура, коммуникация» 27-28 ноября, Москва 2003 г. – С. 26-27
6. Воробьева С. Ю. Гендерная «политика» автора-женщины (на примере романов Л. Улицкой) Известия Саратовского университета. Новая серия. Филология. Журналистика. – 2016. – Т. 16. – №2. – С. 195–202.
7. Baktybayeva, A. T. (2023). The comical in modern female prose of kazakhstan (on the example of works of g. kurgulina). Russian Linguistic Bulletin, 9(45). <https://doi.org/10.18454/RULB.2023.45.9>.
8. Қалдыбай А.Б., Әбдіғалиева Г.Қ. (2023). Әлемдегі және Қазақстан қоғамындағы гендерлік стереотиптерге қатысты зерттеулерге әдеби шолу. Қарағанды университетінің хабаршысы № 1(109). – Б. 273-284. <https://doi.org/10.31489/2023НPh1/273-283>
9. Ladzeko, G., Attiye, J., & Davi, S. (2024). Exploring Gender Roles and Stereotypes in Literature: An Analysis of Contemporary Works. International Journal of Gender Studies, 9(2). – P. 25–40. <https://doi.org/10.47604/ijgs.2782>
10. Жолшаева М., Мәмбетов Ж. Қазіргі жастар прозасындағы әйелдер бейнесінің типологиясы. Гендер және қазақстан қоғамы. Алматы: «DELUXE Printery» баспаханасы, 2022. – 280 б.
11. Западное литературоведение XX века: энциклопедия. – Москва: Intrada, 2004. – 560 с.
12. Кенжебаева А.Ә. «Әйел прозасындағы әйел образының ершелігі» фил.ғыл.канд. дисс.- Алматы, 2000. – 143 б.
13. Словарь гендерных терминов / Под ред. А. А. Денисовой; Регион. обществ. орг. «Восток-Запад: Женские инновационные проекты. – М.: Информация-XXI в., 2002. – 256 с.
14. Sarsenbayeva Zh., Yakici A. (2021). The image of women in modern kazakh prose and psychological aspects in creating them. «Keruen» scientific journal. Volume 73, Number 4. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.4-17>



**Н.Ж. Мағазбеков<sup>1\*</sup>, Қ.Қ. Мәдібаева<sup>2</sup>, С.А. Мұқатаева<sup>3</sup>**

<sup>1,2,3</sup>М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,

Алматы, Қазақстан

E-mail: [nur\\_magazbekov@mail.ru](mailto:nur_magazbekov@mail.ru), [kapi-51@mail.ru](mailto:kapi-51@mail.ru), [mukataieva81@mail.ru](mailto:mukataieva81@mail.ru)

ORCID: <sup>1</sup>0000-0003-2601-9714, <sup>2</sup>0000-0002-2396-1467, <sup>3</sup>0000-0001-9481-3990

## АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ

**Аңдатпа.** Отандық әдебиеттану саласындағы маңызды бағыттардың бірі – абайтану. Абай Құнанбайұлы шығармашылығы осы уақытқа дейін тек әдебиеттану шеңберінде ғана емес, өзге де салалардың зерттеу нысанына айналып үлгерді. Ақын мұрасын тану мақсатында Алаш қайраткерлерінің мұрасынан бастап қазіргі кезге дейін көптеген ғылыми еңбектер жарық көрді. Әр кезеңде абайтану саласының әр түрлі мәселелеріне көңіл бөлінді. Себебі Абай Құнанбайұлы мұрасы әдебиетіміздің, мәдениетіміздің, тарихымыздың – жалпы ұлттық руханиятымыздың ажырамас бөлігі. Өйткені ақын мұраларында қазақ елінің әлеуметтік жағдайы, тарихы мен мәдени болмысы жан-жақты ашылады. Сонымен қатар әр өлеңінен ақынның қоғамдық, мәдени-эстетикалық, философиялық көзқарастары айқын көрінеді. Аталған жұмысымызда Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі, ұлт болмысы, мінезі кеңінен ашылатын тұстары нақты өлең жолдары, мысалдар арқылы кеңінен қарастырылады. Сондай-ақ, ақын шығармаларындағы ұлттық мінез типологиясы, болмыс қырлары жан-жақты талданады. Абай шығармаларындағы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі, Абай танымындағы ұлттық мінез типологиясы секілді өзекті тақырыптар талданып, ұлт мінезін түзеу, рухани кемелдендіру мұратының мәні, қыры айқындалады. Сол арқылы Абай танымындағы құндылықтар жүйесін жаңа қырынан танып, зерделеуге мүмкіндік ашылады.

**Алғыс:** Мақала BR18574216 «Уақыт пен кеңістіктегі мәдени құндылықтар транзиті» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында жазылды.

**Кілт сөздер:** Абай, абайтану, құндылықтар жүйесі, руханият, ұлттық мінез

**Н.Ж. Мағазбеков<sup>1\*</sup>, Қ.Қ. Мәдибаева<sup>2</sup>, С.А. Мұқатаева<sup>3</sup>**

<sup>1,2,3</sup>Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова,

Алматы, Казахстан

E-mail: [nur\\_magazbekov@mail.ru](mailto:nur_magazbekov@mail.ru), [kapi-51@mail.ru](mailto:kapi-51@mail.ru), [mukataieva81@mail.ru](mailto:mukataieva81@mail.ru)

ORCID: <sup>1</sup>0000-0003-2601-9714, <sup>2</sup>0000-0002-2396-1467, <sup>3</sup>0000-0001-9481-3990

## Система ценностей в произведениях Абая

**Аннотация.** Одним из важных направлений в области отечественного литературоведения является – абаеведение. Творчество Абая Кунанбаева уже стало объектом изучения не только в рамках литературоведения, но и в других областях. В целях признания наследия поэта было опубликовано множество научных трудов, охватывающих как наследие деятелей Алаша, так и наши дни. На каждом этапе уделялось внимание различным вопросам в области абаеведения. Потому что наследие Абая Кунанбаева является неотъемлемой частью нашей литературы, культуры, истории, нашей национальной духовности в целом. Кроме этого наследие поэта всесторонне раскрывает социальное положение, историю и культурную самобытность казахского народа. В то же время каждое стихотворение ярко отражает социальные, культурно-эстетические и философские взгляды поэта. В данной работе мы подробно рассмотрим систему общечеловеческих ценностей, национальную идентичность и характер в произведениях Абая Кунанбайұлы на конкретных стихах и примерах. Также всесторонне анализируется

типология национального характера и аспекты бытия в творчестве поэта. Анализируются такие актуальные темы, как система национальных и общечеловеческих ценностей в творчестве Абая, типология национального характера в учении Абая, а также выясняются сущность и аспекты идеала совершенствования характера нации и духовного совершенства. Это откроет возможность понять и изучить систему ценностей в философии Абая с новой точки зрения.

**Благодарности:** Статья написана в рамках программно-целевого финансирования BR18574216 «Транзит культурных ценностей во времени и пространстве».

**Ключевые слова:** Абай, абаеведение, система ценностей, духовность, национальный характер

**N.Zh. Magazbekov<sup>1\*</sup>, K.K. Madibayeva<sup>2</sup>, S.A. Mukatayeva<sup>3</sup>**

<sup>1,2,3</sup>M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

E-mail: nur\_magazbekov@mail.ru, kapi-51@mail.ru, mukataieva81@mail.ru

ORCID: <sup>1</sup>0000-0003-2601-9714, <sup>2</sup>0000-0002-2396-1467, <sup>3</sup>0000-0001-9481-3990

## The system of values in Abai's Works

**Abstract.** One of the important areas in the field of domestic literary criticism is – Abai studies. The work of Abai Kunanbayev has already become an object of study not only within the framework of literary criticism, but also in other areas. In order to recognize the poet's legacy, many scientific works have been published, covering both the legacy of Alash figures and our days. At each stage, attention was paid to various issues in the field of Abai studies. Because the legacy of Abai Kunanbayev is an integral part of our literature, culture, history, our national spirituality as a whole. In addition, the poet's legacy comprehensively reveals the social status, history and cultural identity of the Kazakh people. At the same time, each poem clearly reflects the social, cultural, aesthetic and philosophical views of the poet. In this work, we will consider in detail the system of universal values, national identity and character in the works of Abai Kunanbayev using specific verses and examples. The typology of national character and aspects of being in the poet's work are also comprehensively analyzed. Such topical themes as the system of national and universal values in Abai's works, the typology of national character in Abai's teachings are analyzed, and the essence and aspects of the ideal of improving the character of the nation and spiritual perfection are clarified. This will open up the possibility of understanding and studying the system of values in Abai's philosophy from a new point of view.

**Acknowledgements:** The article was written within the framework of the program-targeted funding BR18574216 "Transit of cultural values in time and space".

**Keywords:** Abai, Abai studies, value system, spirituality, national character

### 1. Кіріспе

Қазіргі кезге дейін абайтану саласының әр кезеңдерінде ақын мұрасын саралау мақсатында көптеген зерттеу еңбектері жарық көрді. Әр еңбекте ақын мұрасысан қырынан қарастырылып, ондағы айтылған өзекті мәселелер белгілі бір ғылыми аспектіге сай талданып келеді. Сол арқылы Абай Құнанбайұлы мұрасымен жақын танысуға болады.

Ақын шығармашылығы абайтану кезеңдерінде бірнеше деңгейде қарастырылды. Әр кезеңде абайтанушы ғалымдар Абай Құнанбайұлы мұрасын кеңінен қарауға, талдауға тырысқаны белгілі. Бірақ кеңестік кезеңде әр түрлі кереғар пікірлер айтылып, көптеген тақырыптар толық деңгейде зерттеу нысанына айнала алмай, жабық күйінде қалды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін барып ақын мұрасын ұлттық таным тұрғысынан зерттеп, зерделеуге мүмкіндік туды. Әсіресе оның философиялық көзқарастары, кітапханасы мен ақындық мектебі бойынша көптеген ғылыми еңбектер

1990-жылдардан бергі уақытта ғана жарыққа шықты. Аталған еңбектерде Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылық мұрасы жөнінде тың ізденістер мен жаңаша көзқарастар орын алды. Тәуелсіздік кезең абайтануы мол ғылыми базамен толықты.

Әр жылдары ақын шығармашылығындағы құндылықтар жүйесі, концептілер жаңа қырынан зерттеле бастады. Тек әдебиеттану ғылымының аясында ғана емес, пәнаралық ғылымдар тоғысында қаралды. Соның негізінде ақын мұрасына, шығармалар мәні жаңа сипат алды. Ақын өлеңдері мен қарасөздерін зерттеу арқылы адам мен болмыс, ұлт, қоғам жөніндегі ойларын, қалыптастырған құндылықтар жүйесін танимыз.

## **2. Зерттеу әдістері мен тәсілдері**

### **2.1 Зерттеу әдістері**

Мақалада тақырыпты кеңінен ашу мақсатында феноменологиялық, тарихи, филологиялық зерттеу ыңғайлары аясындағы әдіс-тәсілдері (герменевтикалық, концептуалды, контекстуалды, салыстырмалы-тарихи) аралас қолданыс тапты.

### **2.2 Материалға сипаттама**

Абай мұрасындағы құндылықтар жүйесі, олардың тегі мен типологиясы тақырыптарын өздерінің зерттеу еңбектерінде Қ. Мұхамедханов, М. Мырзахметұлы, Р. Сыздық, З.Ахметов, Ж. Ысмағұлов, Ж. Дәдебаев, Т. Жұртбай, С.Қасқабасов, Қ. Мәдібай, А.Еспенбетов, С. Қирабаев, А.Темірболат, Ш.Ибраев, Б. Ердембеков, А. Қартаева, С.Қорабай, Ж.Әубәкір, Т.Шапай, т.б. секілді филолог ғалымдар тәуелсіздік алғаннан кейін осы мәселелер төңірегінде жарыққа шығарды. Абайдың өлеңдеріндегі философиялық ойлар жүйесі, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар мәселесі жаңаша сипатта пайымдалатынын кейінгі зерттеулер, монографиялар мен академиялық басылымдар айғақтайды. Осы ретте М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында соңғы 25-30 жыл шамасында атқарылған жұмыстарды олардың нәтижесі ретінде 1995-, 2020-жылдары жарық көрген академиялық басылымдарды атап өтуге болады. Ақын мәтіндерінің жаңғырған нұсқалары да ұлттық болмыс пен мінез аспектіінде қайта зерделеуді қажет ететін тұстардың бар екендігін айқындайды.

## **3. Талқылау**

Қазақ әдебиетінде де әр кезеңдері осы тақырыптар қарастырылып келді. «Дала философиясы» деп аталатын терең ілімді бар ақылымен, жүрегімен таныған ата-бабаларымыз елдік, бірлік, адамгершілік деп аталатын ұғымдар жүйесін ұлттық болмыс тұрғысынан ұштастыра білді. Осы кезекте жалпы «болмыс», оның ішінде «ұлттық болмыс» не деген заңды сұрақ туындайды. Ұлттық болмыс – белгілі бір ұлт мінезіне, танымына тән ерекшеліктер. Осы ерекшеліктер әр халықты, ұлтты бір-бірінен ажыратып, даралап тұрады. Ұлттық болмыс негізі – құндылықтар жүйесі. Абай шығармаларының тағы бір ерекшелігі – жалпы адам болмысы, адамның ойлау жүйесі талқыға түседі. Сол үлкен философиялық ойдан ұлттық болмыс бөліктерін тарқатып, қазақ танымын ашады.

Абайдағы айтылатын ұлттық болмыс қырлары өзінен кейін Алаш қайраткерлерінің шығармашылығына арқау болды. Себебі Абай өмірі мен шығармашылығы туралы жазған мақалалары болсын немесе басқа тақырыпта жазған шығармалары болсын, ел болудың, ұлт болудың негізгі тетіктерін көрсетеді. Ол тетіктер бірнеше ғасыр сұрыптталып, сараланып келіп, Абай шығармашылығында жаңаша өріс тапқан.

XXI ғасырда қоғамдағы көптеген мәселелер басқа бағытқа ойысып, өзгеру үстінде. Әсіресе қазіргі жиі айтылатын жаһандану заманында әлем бейнесі, тарихы жаңарып отыр. Осы жаңашылдық ұлт болмысына, танымына әсер етіп отырған жағдайы бар. Сол кезекте ұлттық құндылықтарымызды, болмысымызды сақтап қалу ісіне мән беруіміз қажет. Бұл тұрғыдан алғанда Абай Құнанбайұлы мұрасы негізге алатын басты қағида.

Тарихқа мән беріп қарайтын болсақ, Абай өмір сүрген дәуір бірнеше кезеңдердің бір-бірімен бетпе-бет келуі. Ескі ғұрыптармен жаңа дәуір, жазба және ауыз әдебиеті секілді ескі және жаңа ұғымдар арасында әр түрлі қарама-қайшы оқиғалар туындады. Бұл кезең сол қоғамдағы адамдардың психологиясы, өмір сүу тәртібіне едәуір әсер етті. Әсіресе қазақ арасы үлкен өзгеріске ұшырады. М. Әуезовтің роман-эпопеясында осы тарихи оқиғалардың тоғысындағы орын алған жағдайлар, адамдар арасындағы тартыс жан-жақты бейнеленген. Сондықтан роман атын «Абай жолы» деп беруінің өзі қазақ жолының Абай жолымен бір екендігін көрсету. Өйткені Абай мұрасы – ол барша қазақтың қазынасы.

Ақын өлеңдерінде, ең алдымен, Абайдың өзінің танымы, психологиялық күйі көрініс табады. Өмір сүрген қоғамындағы орын алған жағдайлардың ақын жүрегіне қатты әсер етіп, кеудесі қайғыға толуы – ұлы адамдарға тән қасиет. Ғалым А. Салқынбай «Абай сөзінің лингвопоэтикасы» (Салқынбай, 2015) деп аталатын еңбегінде Абай поэзиясындағы сөздің мәні мен мағынасын, лингвопоэтикалық сырын қарастырады. Ақынның көптеген өлеңдерінен мысалдар келтіре отырып, бағалау субъектісін, нысанын айқындайды. Осы орайда ақынның «Ем таба алмай» деген өлеңіне мән берелік:

«Ем таба алмай,  
От жалындай,  
Толды қайғы кеудеге.  
Сырласа алмай,  
Сөз аша алмай  
Пендеге» (Абай, 2020:162).

Ақын қандай дерттің емін таба алмай отыр? Қоғамының ақсап тұрғанына ем таба алмай, шарасыз күй кешеді. Соның әсерінен көңілі, ойы уайымға, қайғыға батады. Сондықтан осындай бағытта өлеңдер жазып, ішкі мұңын қағазға түсірді. Осы сарындас өлеңдер Абай поэзиясында өте көп кездеседі. Олардың барлығында ақын ішкі сырын, көңіл-күйін бөліседі. Бұл өлеңінің соңында осы уақытқа дейінгі хал-күйін:

«Мен паң едім,  
Бейғам едім,  
Ештеңеден қайғысыз.  
Тез дерттендім,  
Кейде өртендім,  
Кейде мұз», – (Абай, 2020:163).

деп сипаттап келіп, өзінің рухани трансформациясын тілге тиек етіп, басқа күйге ұшырағанын жеткізеді. Оның түпкі мәні, әрине, ақынның тұлғалық толысуын, ішкі эгоны басқара келе көпшілік қамына басымдық беретін деңгейге жеткендігін айғақтайды. Жас жүрегінің жанғанын, тыныш жатудың өзі күш болғандығы ақынның бар ойының, ақыл-қайратының елге арналғандығын, елінің мұңын «көздің жасы, жүректің қаны» арқылы ойлағанын байқаймыз. Әлем әдебиетінде осылай ел тағдыры жайлы ұлттық деңгейде ойлайтын тұлғалар көп кездеспейді. Абай феноменінің бір қыры да осыған байланысты деп ойлаймыз.

Абай Құнанбайұлының бір ерекшелігі өз шығармаларында бедер тапқан ойды, қаузалған мәселені ақын шәкірттеріне де жеткізіп отырған. Осылайша, Абайдағы айтылатын идея шәкірттерінің шығармаларына да арқау болды. Сол арқылы халық арасына кеңінен таралды.

Абай өмірі түрлі қарама-қарсы ұғымдарға, ел ішіндегі тікетіретерге толы болды. Өз өлеңдері мен қара сөздерінде ішкі күйін, болып жатқан оқиғалардың жанына қаншалықты әсер еткендігін ашық жазған. Бірнеше өлеңдерін оқып отырып уақыт пен кеңістік ұғымдарының берілу ерекшеліктерін байқауымызға болады.

«Ішім өлген, сыртым сау» деп айтуының өзінен ақынның ішкі әлеміндегі болып жатқан дүниелерді белгілі бір деңгейде түсіне аламыз. Адам өмірінің кезеңдерін талдап жазған. Балалық кезеңінен бастап, қарттық кезге дейінгі сәттерде адам ойы мен ісінің ерекшелігі, мінезі жан-жақты талданып беріледі. Әр кезеңге тән іс-әрекет, Кәрілік пен жастық, жалғыздық пен көптік, өмір мен өлім. Осы ұғымдар ақын ойына, өмірлік ұстанымының қалыптасуына тікелей әсер етті. Бұл мәселелер ақынның төл өлеңдерінде ғана емес, аудармаларында да жаңаша сипат алған. Пушкин, Лермонтов, Крылов шығармаларынан аударылған өлеңдерінде ақын ойы басқа арнада жалғасын табады. Себебі ақын жоғарыда келтірген ақындарды аудару кезінде өз ойымен үндес, пікірлес шығармаларды таңдап аударғанын байқаймыз. М.Ю. Лермонтовтан аударылған өлеңдер ішінде жүрген «Әм жабықтым, әм жалықтым» деп аталатын өлеңінде де ақын ойы Лермонтовпен үндескен. Жалығып, жабыққан сәтте маған кім сүйеу болар алар екен, кім үміт берер екен деген жүректен шыққан ойы көрініс береді. Осы арада Абай мен Лермонтов арасындағы байланыс жөнінде Мұхтар Әуезовтің мына пікіріне сүйенеміз: «Ел ішіндегі қаққы-соққы, алыс-жұлыстан кекесінмен ашу алып шығып, ызамен сызарып, уайыммен уланып келгенде Лермонтовтың құлақ күйі бұның өз күйі, өз сарынындай болып, дөп келе кетеді. Сонан соң Лермонтовтан әрі аударарды, әрі үлгі алып күйіне күй қосарды».

Абай елу тоғыз жасында дүниеден өтті. Бірақ ақын өлеңдерін, әсіресе шығармашылығының басында жазғандарын оқып отырсақ, егде жасқа келген адам образы көз алдымызға елестейді. Қырық жасқа енді аяқ басқан шақтан бастап «қартайдық», «жастықтың оты, қайдасын» деп өткенін еске алады. Жасы орта кезеңнен енді асып отырса да, ақын ел қамын, адамзат жайын ойланғандықтан «қартайдық, қайғы ойладық» деп айтып отыр. Адамзат мәселесі ойшылды ерте есейтті. Ел ішіндегі қарама-қайшылықтарды көру арқылы ақын жүрегі бейғам жастық шағын аңсағаны байқалады. Ерте кезден ғылым, білімге көңіл бөлмегенін, дүние сырына ерте үңілмегенін өкінішпен айтады. Мысалы, мына өлеңінде ақынның жастық шағын аңсауы айқын аңғарылады:

«Жастықтың оты, қайдасын,  
Жүректі түртіп қозғамай?  
Ғылымның біліп пайдасын,  
Дүниенің көркін болжамай» (Абай, Т.1, 2020:136).

Бұл өлең жолдарынан түсінетініміз, жастықтың оты – зор адами әлеует. Жалын атып тұрған жастық шақта ғылымға, болмысты тануға ұмтылу – ойлы адамның әрекеті. Соны орынды пайдалану арқылы дүниенің көркін болжауға болады. Оқу-білім жолына кеш келгендігі, уақытының көп бөлігінің босқа өткендігі туралы ақын ойы «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деп аталатын өлеңінде айтылады. Шамамен жасы қырыққа келген шақта жазған өлеңінде жастық шағының ғылым-білім қуумен емес, басқа арнада өткеніне іштей қынжылады.

Абай шығармашылығында кездесетін ұғымдардың бірі – hareket қылу. Hарекет қылу дегенді елге, жерге, отбасына пайдалы іс жасау деп түсіне аламыз. Пайдалы іс нағыз адал еңбекпен, ізденіспен келеді. «Түбінде баянды еңбек – егін салған» деп аталатын өлеңінде де hareket қылып, адал еңбек ету тұжырымы қозғалады:

«Түбінде баянды еңбек – егін салған,  
Жасынан оқу оқып, білім алған.  
Би болған, болыс болған өнер емес,  
Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған» (Абай, 2020:388).

Бір шумақтан тұратын өлеңде үлкен ой, ақын мұраты жатқанын байқаймыз. Билікке ұмтылып, болыс болуды қалайтын адамдар әрекетінің жалғандығын, оқу-білім іздену, адалынан еңбек ету ісінің нағыз өнер екендігін түсінеміз. Ақын қуыскеуде мәнсапқорлықтан білім-білік жинап, соны ел игілігіне жаратудың, адал еңбекпен нан табудың әлдеқайда пайдалы екендігін айтады. Идеялық арнада бұл өлең «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңімен сарындас. Баланы қызмет қылып, шет алу үшін оқытпа, үйреніп-білсін деп оқыт деген өсиет мәні екі туындыда да басты назарда. Жалпы ақын поэзиясындағы мұндай ой қайталаудың кездесуін Абай

дәуіріндегі қоғамдық үрдіспен сабақтас зерделеу қажет. Ойшыл оқу мен білімге ден қойған қазақтың ішкі ниетін түзеуге тырысады.

Бұл мәселе қай кезең болмасын әрқашан өзекті. Өйткені әр уақыттарда адамзат қоғамын алға сүйреген, өркендеу процесін жандандырған тұлғалар мансапқорлық, атаққұмарлық секілді әдеттерді шетке қалдырып, білім жолында болған. Уақытының көп бөлігін ағартушылық жолға арнау арқылы ғылым салаларының дамуына әсер етті.

Абайдың отыз сегізінші қара сөзін үлкен философиялық трактат ретінде қарастыруымызға болады. Көлемі жағынан болсын, қозғалған тақырып жөнінде болсын басқа қара сөздерінен жанры жағынан да өзгеше.

Абай Құнанбайұлының қара сөздерінде қазақ арасында кеңінен танымал мақал-мәтелдер, нақыл сөздер талданады. Бұл мақал-мәтелдердің ерекшелігі, негізгі мән-мағынасының түсіндірілу жолы айтылып, қазақ арасына танылуына мән береді. Ақын «бесінші қара сөзінде» қазақ жиі айтатын мақалдарға тоқталады. Оларға мысал ретінде мына мақалдарды жатқызып отыр: «Түстік өмірің болса, күндік мал жи», «Өзінде жоқ болса, әкең де жат», «Қайраны жоқ көлден без, қайыры жоқ елден без» және т.б. Қара сөздің алғашқы бөлімінде осы секілді бірнеше мақал, нақыл сөздерді санамалап беріп, одан кейінгі негізгі бөлімде осы мақалдар арқылы қазақтың ойлау жүйесін, қалауын түсіндіреді. Яғни, сол кезеңдегі адамдардың ғылым, әділет үшін қам жемей, әр түрлі амалдар арқылы мал табу жөнінде қам жейтін әрекетін кеңінен аша түседі. Әрине қазақ арасында осындай қылықтардың болғаны анық. Заманында білім, ғылымның негізгі мәнін түсінбей, жаңашылдыққа жаны, тәні қарсы адамдар тобы болғандығы тағы да мәлім. Дегенмен, өркениетті ел болудың алғышарттарын түсіне алған, соған жетуді барынша қалаған адамдар білім іздеп, қолында бар малын сол ілім жолында жұмсады. Оған Абай айналасындағы ақын шәкірттері, қазақ қоғамындағы көзі ашық адамдар тобы дәлел бола алады. Жалпы ақынның бұл қара сөзінен ұққанымыз, қазақ арасындағы осындай ой ойлайтын адамдардың теріс пікірін көпке ұғындырып, ондайлардан бойды аулақ ұстап, саналы, ойлы адам есіне алуы тиіс мәселелерді тарқатады. Ұят, ар деген қазақ барынша қастерлейтін ұғымдарды әрақашан жадымызда ұстау жүру қажеттілігін еске салады. Ақын тек бұл қара сөзінде ғана емес, басқа да қара сөздерінде аталған ойды жалғай түседі. Мысалы «алтыншы қара сөзінде» қазаққа танымал «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік» деген мақалды қарастырған. Мұндағы бірлік, тірлік ұғымдарының мағынасын тоқталған. Әсіресе қазақ арасындағы «бірлік» ұғымы қалай түсіндіріліп жүргенін мысалға алады. Абайдың айтуынша, бірлік дегеніміз асқа, малға, киімге ортақтық емес, ақылға құрылған бірлік. Ақылмен, біліммен бірігіп, сол жолда еңбек етсе бірлік сонда мықты болмақ. Сол секілді «тірлік» ұғымын қорқақтық, еріншектік секілді кері мінездерді күнелтумен шатастырмай, көкірегі тірі, адал еңбекпен мал тауып, жігер қылса нағыз «тірлік» сол болмақ (Абай, Т.2, 2020).

#### **4. Зерттеу нәтижесі**

Абай ойының тереңдігін, философиясының негізгі өзегін танытатын бір желісі – «толық адам» ілімі. «Толық адам» ілімін жеке тұлғаның рухани кемелдену жолындағы


басты бағдары ретінде тануымыз қажет. Бұл ілім ақын өлеңдері мен қара сөздерінде жиі қолданылады. «Толық адам» ілімі өз бойына ақын шығармашылығындағы бірнеше ұғымдарды сіңірген. «Жүрек» культі», «үш сүю», «жауанмәрттілік» секілді ұғымдар бір-бірімен байланыса отырып Абайдың пәлсапалық әлемін құрайды. Толық адам ілімін көп жылдар бойы зерттеген ғалым Мекемтас Мырзахметұлы бұл туралы: «Толық адам (толық инсаният) дегеніміз Абайдың танытуында, әрбір адам ақылымен, білімімен, мал-дәулетімен біреулерге әділет, шапағатымен жақсылық жасау немесе ақыл, қайратты жүректің қалауымен жүргізіп, оларды тек ізгілікті істерге қызмет еттіру жолы болып шығады» (Мырзахметұлы, 2014:75), – дейді. Абай Құнанбайұлы «Толық адам» бойынан қандай қасиеттер табылу қажет деген сұраққа «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде былай деп жауап береді:

«Адам болам десеңіз,  
Тілеуің, өмірің алдында,  
Оған қайғы жесеңіз.  
Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек бекер мал шашпақ –  
Бес дұшпаның білсеңіз.  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым, ойлап қой –  
Бес асыл іс көңсеңіз» (Абай, 2020:31).

Осындағы әр мәселеге назар аудару арқылы тұлға бойындағы жақсы, жаман қасиеттердің мағынасын, қайсысының қажет екенін тани аламыз.

Бұл өлеңде берілген әр жақсы, жаман мінез әр қоғамда адам бойынан табыла береді. Бірақ соның ішіндегі қайсына басымдық беру, сол бойынша өмір сүру адамның өз қолында.

### Сызба 1 – «Абайдағы рухани құндылықтар жүйесі»





«Бес асыл іс» деп аталатын жүйеге ішіне кіретін қасиеттер графикалық нысанда көрсетілгендей бір-бірімен байланысып отырады. Олардың әрқайсысы жеке-жеке келгенде үлкен ілімнің негізін құрай алмайды. Ұғымдар басы біріккенде кезде ғана философиялық ілімнің негізгі жүйесіне айналады. Ақынның бұл өлеңі көлемі жағынан да, айтатын ойы жағынан да ауқымды, өзекті. «Адам болу» деген тұжырым негізі осы категориялардың негізінде жасалады.

Көрсетілген жақсы мінездер қоғамның әр мүшесінің бойында табылуы қажет. Айтылғандардың барлығы – адам болудың ережесі. Өмірде өз орнын тауып, кемелдікке ұмтылған тұлғаның бойында табылуы қажет қасиеттер. Аталған қасиеттерді бойымызға сіңіру арқылы рухани кемелдену жолына түсеміз. Жалпы адам табиғаты дүние жаратылуынан кейінгі философтарды қызықтыратын тақырып. Адам болмысын, табиғатын, сырын танып-білуге байланысты әдебиет тарихында неше түрлі шығармалар жазылды. Әр ұлт, өркениет өкілдері өздерінің танымы арқылы адам бойындағы ерекшеліктердің, тұлғалық қасиеттердің дамуына әсер ететін факторларды іздестірді. Қоғаммен байланыстырды. Осы мәселеге назар аударсақ, қоғамдағы өзгерістердің адам жанына, рухына әсері өте ерекше. Өйткені адам болмысы, танымы тарихи факторлармен өте тығыз байланыста. Қазақ тарихын алатын болсақ, жаугершілік заманда қазақ болмысында ұлттық құндылықтар жүйесі жақсы дамыды. Ел басына күн түскен шақта бір тудың астына жиналып, елдіктің, ерліктің қамын ойлап жауға шапты. Одан кейінгі кезеңдерде Патша үкіметінің қарамағына өткеннен кейін де ұлт рухын оятатын оқиғалар орын алып, елдік мәселелесі көтеріліп тұрды. Осыдан кейін саяси идеология қазақ жерін толық танып болғаннан кейін қазаққа тән бұрынғы жоралғылар, мінезіндегі ерекшеліктер ақырын болсын жойыла бастады. Рухани даму жолы дүние жинау мәселесінің тасасында қалды. Осы кезеңдерде қазақ арасында ағартушылық идеяны Ы. Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, А. Құнанбайұлы жандандырды. Ел ішін оқу, білімге шақырып, жаңа жол ұсынды. Қазақ тарихындағы бұл кезең жаңа ғасырдың басы болды. Бұл жолда адам ойын сан-саққа жіберетін, жақсы мен жаманды айыруға кері әсерін тигізетін «нәпсіден» тиыла алуымыз қажет. «Нәпсі – адамның жауы» деген ұғымды көптеген ойшылдар еңбектерінде кеңінен қарастырған. Сопылық әдебиет өкілдерінің шығармаларында да нәпсіге ермеу, ішкі менінді тану деген секілді сұрақтарға жауап іздейді. Абайда да осы мәселе жаңа сипатта жалғасын табады.

XIX ғасырдағы қазақ халқының жағдайын түсініп, уақытты бос өткізбей еңбек етуге, шаруа істеуге шақырып, адамды қанаттандырып отырады. Оған мысал ретінде «Қуанбандар жастыққа» деген өлеңдегі ақын ойын мысалға келтіреміз:

«Қуанбандар жастыққа,  
Елірме күлкі, мастыққа.  
Көзің қайдан жетеді  
Достық пенен қастыққа?» (Абай, 2020:368).

Идеялық арнасы «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңімен сарындас келетін бұл туындыда Абай философиясындағы өмірге деген прагматизм көрініс табады. Өмір сүру деген ұлы ұғымның өзін рационалдылық тұрғысынан пайымдау ұмтылысы зерделенеді. Дүниенің парқын білуге, адами құрмет пен беделдің бағасын түйсінуге шақырған өлең, шын мәнінде, қай заманда да өзекті. Өзгенің айдауы мен жетегіне мойынсынбай, өз ішкі меніне құлақ асу, әр естіген ақылды сана сарабына салу сынды кеңестер бүгінгі таңда да өзектілігін жойған жоқ.

Досыңмен, дұшпаныңның арасын ажыра алмайтын жастық кезеңінде бос күлкіге, мастыққа салынып адам уақытының бос өтпеуін, әр сәтінің ізгілік жолында, іздену бағытында болуы қажеттігін назарға алады. Сондай-ақ:

«Құрбыңның қызық дегенін  
Сөз екен деп ап шықпа.  
Адалдан тапқан тыйынды  
Сал да сақта қапшыққа» (Абай, 2020:368).

«Еңбек» культінің сипатын ашу үшін жалқаулық, салақтық, еріншектік ұғымдарын нысан ретінде алып, солардан арылса адам еңбекқор болып, мал тауып байлықтың кілтін табатынына тоқталады. Осы талдаулар арқылы данышпан Абайдың еңбек етіп, қор жинау ісін терең түсініп, қазақ халқын соған жетелегені анық байқалады. Талай ғасырлар бойы көшпелі тұрмыс тіршілігіне үйренген халық үшін жаңа, тың көзқарас болды. Адалынан ақша тауып, дүниенді жақсылыққа бағыттау арқылы қауымды тура жолдың бойында ұстаймыз. Ақын заманындағы малы бар, ақшасы көп ауқатты адамдар білім жолына қарағанда партия ісіне, сайлауға көп малын салғызатын. Ақынның бұл ойы немере інісі, шәкірті Шәкәрім Құдайбердіұлының «Насихат» деп аталатын өлеңінде жалғасын тапқан:


«Кел, байлар, балаңды оқыт, ғылым ізде,  
Қазақты бастайтұғын қару сізде.  
Партияға шашқанша осыған сал,  
Қолында қорегің бар кезіңізде» (Құдайбердіұлы, 2008:167).

Қапшыққа жинаған қорегінді ғылымға салу идеясы Абайдың өзінде ғана емес, барлық ақын шәкірттерінің шығармаларында кездеседі. Халық арасындағы ауқатты адамдарды осындай ізгі жолға шақыру арқылы білімнің, ғылымның өте қажет екенін, ұлт үшін керек екенін қоғамға түсіндіреді.

XXI ғасыр – технологияның қатты дамыған кезеңі. Алдыңғы ғасырларда мемлекет идеологиясы әдебиет, мәдениет бағытын басшылыққа алса, қазіргі таңда жаңа технологиялар рухани құндылықтарды шетке шығаруда. «Адам бол» деген идея формулировкасы классификацияға ұшырады. Соның әсерінен жас буын болмысы қазақы танымнан алшақтау кетіп қалды. Кемелденуге апаратын қасиеттер

өзектілігін жоғалтты. Оған әкеп соқтырған негізгі себеп – әдебиет пен руханият басқа ғылымдардың көлеңкесінде қалуы. (Seisenbiyeva, Begmanova, Aitova, Tulebayeva, Madibayeva, 2022), К.Қазіргі қоғамдағы көзі ашық, көкірегі ояу дейтін адам бойынан мына қасиеттер табылуы шарт:

Сызба 3 – «Адам бойындағы мінездер жүйесі»



Қазіргі заман адамы бойынан табылуы қажет қасиеттер

Бір ыдыс ішіндегі көрсетілген «білімді, тәрбиелі, интеллектуал» деген қасиеттердің қазіргі таңдағы мағынасы өзгерген секілді. Осы аталған қасиеттер бір адамның бойынан табылғанымен «ұлт» үшін кәдеге аспаса барлығы бекер болмақ. «Интеллектуал» деген ұғым адам жанының, ойының тереңдігін білдірмейді. Абай айтқан жүрегіңе терең сүңгуге жәрдемдесе алмайды. Неге? Өйткені адам өзінің болмысын, өзінің болмысы арқылы ұлт, адамзат танымын білу үшін білім, тәрбиемен қатар Абай айтқан «үш сүюді», «жәуанмәртлік», «кемел инсан» қағидаттарын меңгеруі қажет. Солардың бәріне ұмтылған шақта ғана ақын мұратының мәніне жетеміз. Профессор Ж.Дәдебаев Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы ел бірлігі туралы ойы жөнінде: «Ақынның елдің ынтымағы мен бірлігі туралы сөзі жүйелі, ойы көп құрамды, күрделі. Бір ойдан келесі ой, бір тұжырымнан келесі тұжырым туады. Алдыңғы тұжырым кейінгі тұжырымның алғышарты, негіздемесі қызметін атқарады» (Абайтану, XXII, 2017:15), – деп ой білдіреді.

Жалпы ақынның өмір бойы ұстанған жолы, ұстанымы – білім-ғылымды насихаттау. Ағартушылық деп аталатын идеяны қозғауы барлық шығармаларында айқын аңғарылады. Себебі сол кезең ағартушылыққа қатты зәру болды (Қалиева, 2021).

Абайдың өз халқын, ортасын аяусыз сынаудағы әрекеті елін, жерін шексіз сүюден орын алған. Халқым түзелсе екен, өркениетті елдердің қатарына қосылса

екен деген ақын ойы барлық шығармаларының негізгі арқауы болды. Осы мәселе кезінде кері түсіндіріліп, ақын мұрасын тану кезінде түрлі тосқауылдар орын алды. Абай Құнанбайұлы шығармаларымен қатар ақын шәкірттерінің мұрасын зерттеудің өзі қиынға соқты. Дегенмен қазіргі таңда ақын мұрасының қай қырын зерттесек те негізгі алатынымыз Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармалары. Абайдың өмірбаянынан бастап шығармаларының жазылу, жиналу тарихына дейін М. Әуезов көп іс атқарды. Осы кезекте М. Әуезовтің шәкірті Қ. Мұхамедхановтың да еңбегін естен шығармауымыз қажет. Абайдың ақын шәкірттерінің өмірі мен шығармаларын жинастырып, текстологиялық еңбектер жазуы абайтану саласын белгілі бір деңгейде дамытты.

Бұл мақаланың негізгі мақсаты – Абай шығармалары негізінде жеке тұлғаның кемелдену жолын айқындау. Яғни жаңа ғасырдағы, қоғам дамуындағы тұлға мінезі, танымы. Осыдан бірнеше ғасыр бұрын өмір сүрген ата-бабаларымыздың мінезі, тұрмысы белгілі түрде өзгеше болды. Себебі ол кезеңдегі қоғамдық, басқарушылық құрылым ата-баба заңына, шарифат негіздеріне сүйенді. Тәртіп, сана, болмыс осы заңдардың шеңберінде қалыптасты. Кейін келе әр түрлі әлеуметтік, экономикалық қарым-қатынастардың орын алуы бұл ұғымдарға басқаша қарауды қажетсінді. Қоғам формациясының өзгеруінің әсерінен қазаққа тән ерекшеліктер қоса өзгеріске ұшырады. Әсіресе тарихи тұрғыдан алатын болсақ, Қазақ хандығының патша үкіметінің қол астына кіруінен бастап ел іші түрлене бастады. Мұндай әрекетке, орын алған жағдайларға байланысты ел ішіндегі ұлт-азаттық күрестер болғаны тарихтан мәлім. Бұл күрестер қазақтың еркіндікті, азаттықты сүйген халық екенінің бір көрінісі. Бұған қарастан басқарушы саясат өзінің саяси құралдарын жүзеге асырып, осы рухани даму жолын, қазаққа тән батылдықты, батырлықты жоюға тырысты. Соның салдарынан адамдар мінезі, ұлттық мүдде әлсіреп қалды. Осының барлығы жыраулар, ақындар поэзиясына арқау болып, халық жағдайы негізгі нысанға алынды.

XIX ғасырда қазақ жерінде мектептер ашылып, білім ісі жандана бастады. Оқу процесі молда, медресі білімінен басталып ары қарай жалғасты. Абай Құнанбайұлы да алғаш молдадан сабақ алып, кейін оқуын медреседе жалғастырды. Бірақ Абайдың дүниетанымының қалыптасуына оның ортасы әсер етті. Абайтану саласында ақынның қалыптасуына үш үлкен қайнар себеп болғаны айтылады. Олар:

1. Қазақ ауыз әдебиеті;
2. Шығыс әдебиеті;
3. Батыс әдебиеті.

Қазақ ауыз әдебиетімен ақын әжесі мен анасынан сусындап, кейін медреседе шығыс әдебиетімен танысты. Одан кейін Семейдегі кітапхана арқылы және алыс-жақыннан алдырған кітаптары арқылы батыс, әлем әдебиетінің өкілдерінің шығармаларымен таныс болды. Осының барлығы Абай ойының, дүниетанымының қалыптасып, дамуына тікелей әсер етті. Қырдағы қазақ адамының осыншама білімді бойына жинауы, талмай ізденуі басқа ұлт өкілдерін таңдандырып, қызықтырды. Соның әсерінен жаңа достар тауып, сырлас болды. Негізгі айтпағымыз, Абай

іліміндегі ұғымдардың қалыптасу арналарын айқындау. Сол арқылы ақын ілімін, болмысын тануға мүмкіндік туады. Ендігі кезекте ақын көзқарастары арқылы жеке тұлғаның кемелденуі туралы мәселеге келейік.

Қазіргі қоғамда жеке тұлға тек қана білімді болып қана қоймай, сол ұлтының болмысын бойына сіңіре алуы керек. Ұлттың негізін құрайтын Абай айтпақтай «единицалар». Осы единица тұлғалар елді дұрыс арнаға бағыттау қажет. Ұлтқа қызмет содан басталады. Себебі қазіргі таңда білімді жастар өте көп. Бірақ барлығында дерлік ұлттық намыс, ұлттық тәрбие жақсы дамыған деп айта алмаймыз. Сондықтан аталған олқылықтың орнын толтыру үшін тағы да Абай шығармаларына арқа сүйейміз. Абай шығармаларында ел мінезін, іс-әрекетін сынау арқылы одан арылудың жолын қарастырды. Сол үшін «толық адам» ілімін негізге алды. Абайдың «толық адамы» тек бір ұлтқа, нәсілге ғана арналған ілім емес. Ол жалпы адамзат қауымына бағытталған. Өйткені Абай адамзаттық дәрежеде «тұлғаның кемелденуі» мәселесін алға қойды. Сол адамзат қауымының ішінде қазақ ұлтының бойынан жақсы мінездер, қазақ ұлтын құрайтын тұлғалар мінезінен осы ілім тармақтары табылса екен деп тіледі.

## 5. Қорытынды

*Абай шығармаларының идеялық лейтмотиві – ұлт бірлігі.* Осы мәселе тұрғысында да Абай мұрасы – қазіргі әлеуметтану, психология, мәдениеттану, саясаттану, дінтану салалары үшін ізгі идеялардың қайнар көзі. Жеке тұлғаның өмірлік бағдар таңдауы, өмір бойы үйреніп-білуден жалықпау, сана мен ар тазалығын сақтау, тұлғалық коммуникациядағы мәдениет пен парасат, білім беру, ғылым игеру істерінің қоғам игілігіне бағытталуы, діни сауаттылық сынды сан салалы ой-толғамдар зияткер қоғам қалыптастырудың базасын құруға негіз болады.

Поэтикалық жағынан ұлттық болмыс пен мінезді сипаттаған туындыларының негізгі ерекшелігі – *ақынның топтық портреттерді сомдауға ден қойғандығында.* Бірінші жақтан айтылатын өлеңдердегі ақын «мені» де, үшінші жақта бейнеленетін топтық суреттемелер де Абай дәуіріндегі ұлт болмысын танытады.

*Абай шығармашылығындағы ұлттық құндылықтар иерархиясы жүйеленді.* Ақын шығармаларында арқау болған тірек ұғымдардың ұлтты сипаттаудағы маңызы мен ролі сараланды. Осы орайда әсіресе білім, ғылым, тәуелсіздік, бірлік ұғымдарының маңызы өте зор екендігі нақты мысалдар арқылы дәлелденді.

## Әдебиеттер:

1. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. Т.1. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2020. – 604 б.
2. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 2-том. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2020. – 604 б.
3. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XXII том. Ойлар мен толғаныстар. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 294 б.
4. Баязитов Б., Дәдебаев Ж., Жусанбаева С. Абай шығармаларының мағыналық-құрылымдық жүйесі. «Keruen» ғылыми журналы, 73(4) 2021. – 374 б. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.4-025>.

5. Қалиева А. Абай мұрасындағы рухани көшбасшы тұлғасы. Современники и наследники Абая. Материалы Международной научной конференции, посвященной 175-летию со дня рождения поэта. – Нур-Султан, 2021. – С.139-143.
6. Мырзахметұлы М. Абайтану: 1-кітап. Өнд., толықт., 2-бас. – Астана: «Interactiv Kazakhstan», 2014. – 432 б.
7. Салқынбай А. Абай сөзінің лингвопоэтикасы: монография / Салқынбай А.Б. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 242 б.
8. Seisenbiyeva, E., Begmanova, B., Aitova, Z., Tulebayeva, K., Madibayeva, K. (2022) The basics of determining the speech of national traditions in literature | Les bases de la détermination du discours des traditions nationales dans la littérature. XLinguaethis link is disabled, 15(4). – P. 28–37 DOI: 10.18355/
9. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары: Өлеңдері, дастандары. – Алматы: Ел-шежіре, 2008. Т. 1. – 480 б.

#### References:

1. Abai. (2020) Academic complete works. In three volumes. Vol. 1. – Almaty: Publishing house «Zhazushy. – 604 p. (in Kaz)
2. Abai. (2020) Academic complete works. In three volumes. Volume 2. – Almaty: Publishing House «Zhazushy». – 604 p. (in Kaz)
3. Abai studies. (2017) Selected works. Volume XXIII. Thoughts and reflections. – Almaty: Kazakh University. – 294 p. (in Kaz)
4. Bayazitov B., Dadebaev Zh., Saule Zhusanbaeva S. (2021) Semantic and Structural System of Abay's Works. «Keruen» scientific journal. Volume 73, Number 4 <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.4-025>.
5. Kalieva A. (2021) The personality of the spiritual leader in the legacy of Abai. Contemporaries and heirs of Abai. Materials of the International Scientific Conference dedicated to the 175th anniversary of the poet's birth. – Nursultan. – P. 139-143. (in Kaz)
6. Myrzakhmetuly M. (2014) Abai study: book 1. Edit., complete., 2nd ed. - Astana: «Interactiv Kazakhstan». – 432 p. (in Kaz)
7. Salkynbay A. (2015) linguopoetics of the word Abai: monograph / Salkynbay A. B. – Almaty: Kazakh University. – 242 p. (in Kaz)
8. Seisenbiyeva, E., Begmanova, B., Aitova, Z., Tulebayeva, K., Madibayeva, K. (2022) The basics of determining the speech of national traditions in literature | Les bases de la détermination du discours des traditions nationales dans la littérature. XLinguaethis link is disabled, 15(4). – P. 28–37 DOI: 10.18355/XL.2022.15.04.03 (in Eng)
9. Kudaiberdiuly Sh. Works: Poems, epics. – Almaty: El-shezhire, 2008. Т. 1. – 480 p. (in Kaz)

**Г.М. Тоқтар<sup>1\*</sup>, Ж.Б. Сәрсенбаева<sup>2</sup>, А.П. Құрманбаева<sup>3</sup>**

<sup>1\*</sup> *Ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,*

<sup>2,3</sup> *М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан*

*E-mail: <sup>1</sup>toktar.gulbanu@mail.ru, <sup>2</sup>s.zhansulu.kz@mail.ru, <sup>3</sup>aizhankurmanbai@gmail.com*

*ORCID: <sup>1</sup>0009-0001-4502-2540, <sup>2</sup>0000-0002-9554-163X, <sup>3</sup>0000-0002-2870-4769*

## **АЛАШ ҚАЛАМГЕРЛЕРІНІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МӘСЕЛЕСІ**

**Аңдатпа.** Алаш әдебиеті кеңінен зерттелсе де әлі де болса бірізділікке түсірілген жаңаша зерттеулерді қажет етеді. Осы күнге дейін алаш қаламгерлерінің еңбектері дәстүрлі әдіспен жалпы танымдық тұрғыдан біржақты зерттеліп келеді. Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап ұлт зиялылары ақталып, өткір еңбектеріне оң баға беріле бастады, осыған орай жаңа зерттеулер қарқын алды. Алаш ардақтыларының шығармаларындағы тәуелсіздік идеясы күні бүгінге дейін құндылығын жоймаған тақырыптардың бірі. Мақалада алаш қаламгерлерінің қалың оқырманын ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке баулитын тәуелсіздік идеясы жайындағы шығармаларын оқығудың өзектілігі тиек етілді. Бұл мақалада алаш ақиықтарының ұмыт болған тәуелсіздік идеясын тұғыр еткен рухани шығармаларын қайта жаңғыртып оқытуға негізделеді. Шығармаларда көтерілген өткір мәселелерді жаңаша ашып, интеллектуалдық рухани деңгейін көтеріп оқыту. Сондай-ақ, алаш қаламгерлері өлең-жырлардағы ұлттық құндылықтарды жаңғырту дәріптелді. Алаш әдебиетіндегі тәуелсіздік идеясының айқын көрінісі, жаңаша зерттеу туралы ғылыми пікірлер тиянақталды. Алаш қаламгерлерінің тәуелсіздікті аңсау негізінде жазылған шығармаларының ерекшеліктерін айқындай отырып, білімсіздікпен күрес, ұлттық рух, тіл, дін, діл мәселесіндегі өмір шындығы мен көркем шындықтың сәйкестігі туралы тақырыптар кеңінен қарастырылады. Алаш қаламгерлерінің мол рухани байлықтарындағы әдеби, мәдени құндылықтардың өркен жолы дараланады. Алаш қаламгерлері еңбектерінің мән-мазмұны сараланып, негізгі олардың шығармашылығындағы өзіндік ұстанымдары айқындалады. Алаш қаламгерлерінің еркіндік жолындағы ұлттық мұраттары, ұлтының тек білім жағынан ғана емес, сондай-ақ рухани ұлттық сананың оянуы турасындағы ортақ толғамдары мен көзқарастары, ағартушылық бағыттағы ортақ сипаттары, ұлттық рух жаңғыруы талқыланады.

**Кілт сөздер:** алаш, алаш әдебиеті, тәуелсіздік, мемлекетшілдік, ұлттық идея, ұлтжандылық, өркениет.

**G.M. Toktar<sup>1\*</sup>, Zh.B. Sarsenbayeva<sup>2</sup>, A.P. Kurmanbayeva<sup>3</sup>**

<sup>1\*</sup> *Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,*

<sup>2,3</sup> *M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan*

*E-mail: <sup>1</sup>toktar.gulbanu@mail.ru, <sup>2</sup>s.zhansulu.kz@mail.ru, <sup>3</sup>aizhankurmanbai@gmail.com*

*ORCID: <sup>1</sup>0009-0001-4502-2540, <sup>2</sup>0000-0002-9554-163X, <sup>3</sup>0000-0002-2870-4769*

## **The idea of independence in the works of Alash writers and issues of national values**

**Abstract.** Alash's literature is widely studied, it still needs new and consistent research. Until now, the creativity of Alash writers is studied one-sidedly, from the general cognitive point of view, using the traditional

method. During the period of independence, the nation's intellectuals were justified, their sharp work received a positive assessment, and new research received a stimulus. The idea of independence in the works of Alash' writers is one of the topics that has not lost its meaning even to this day. The article emphasizes the relevance of teaching the works of writers Alash and the idea of independence, instilling nationalism and patriotism among readers. This article is based on the revival and teaching of the spiritual works of Alash writers who affirmed the forgotten idea of independence. Teaching raises the intellectual and spiritual level by revealing acute questions touched upon in the works. The revival of national values in the poems of writer Alash was also noted. General scientific opinions on the bright manifestation of the idea of independence in Alash of literature, new researches. The features of the works written by Alash writers are widely considered, based on the desire for independence, the struggle against ignorance, the national spirit, language, religion, and the reality of life and the correspondence of artistic perfection. The individualized way of flourishing of literary and cultural values in the rich spiritual wealth of writers Alash. The content of the works of writers Alash is differentiated, their original positions in creativity are determined. The national ideals of writers Alash on the way to freedom, the unity of aspirations and views of the nation not only in terms of enlightenment, but also in the awakening of spiritual national consciousness, common features in the direction of enlightenment, revival of the national spirit are discussed.

**Keywords:** alash, alash literature, independence, statehood, national idea, nationalism, civilization

**Г.М. Токтар<sup>1\*</sup>, Ж.Б. Сарсенбаева<sup>2</sup>, А.П. Курманбаева<sup>3</sup>**

<sup>1\*</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,

<sup>2,3</sup>Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

E-mail: toktar.gulbanu@mail.ru, <sup>2</sup>s.zhansulu.kz@mail.ru, <sup>3</sup>aizhankurmanbai@gmail.com

ORCID: <sup>1</sup>0009-0001-4502-2540, <sup>2</sup>0000-0002-9554-163X, <sup>3</sup>0000-0002-2870-4769

## **Идея независимости в творчестве писателей Алаша и вопросы национальных ценностей**

**Аннотация:** Литература Алаша широко изучена, она все еще нуждается в новых и последовательных исследованиях. До сих пор творчество писателей Алаша изучается только однобоко, с общепознавательной точки зрения, традиционным методом. За период независимости интеллектуалы нации были оправданы, их острые труды получили положительную оценку, а новые исследования получили стимул. Идея независимости в трудах алашоведов – одна из тем, не потерявшая своего значения и по сей день. В статье подчеркивается актуальность обучения произведений писателей Алаша идее независимости, прививающей национализм и патриотизм среди читателей. Данная статья основана на возрождении и преподавании духовных трудов Алашских писателей, утвердивших забытую идею независимости. Знание поднимает интеллектуальный и духовный уровень путем раскрытия острых вопросов, затронутых в произведениях. Также отмечено возрождение национальных ценностей в стихах писателей Алаша. Обобщены научные мнения о ярком проявлении идеи независимости в алашской литературе, новые исследования. Широко рассматриваются особенности произведений, написанных писателями Алаша, на основе стремления к независимости, борьбы с невежеством, национального духа, языка, религии и реальности жизни и соответствия художественного совершенства. Индивидуализирован путь процветания литературных и культурных ценностей в богатом духовном богатстве писателей Алаша. Дифференцируется содержание произведений писателей Алаша, определяются их оригинальные позиции в творчестве.

Национальные идеалы писателей Алаша на пути к свободе, общность устремлений и взглядов нации не только в плане просвещения, но и в пробуждении духовного национального сознания, общие черты в направлении просветительства, возрождения обсуждается национальный дух.

**Ключевые слова:** алаш, алашская литература, независимость, государственность, национальная идея, национализм, цивилизация.



## 1. Кіріспе

Алаш қайраткерлері ұлтына қызмет етуді бойындағы бар біліміне, мінезіне бағындыра отырып жұмсады. Жалпы алаш қаламгерлерінің шығармашылығының бастау бұлағы да, негізгі бағдары да ұлттың еркіндігі мен тәуелсіздігін сақтау екені анық. Өйткені түрлі бұралаң жолдарды, ұлт-азаттық көтерілістер мен дүмпулерді басынан өткерді. Міне осындай қиын кезеңдерді елімайлап өткеріп келе жатқан қазақ халқының елдігін сақтап, тұтастығын ыдыратпай тұратын нәрсе еркіндігі еді. Алаш ұранын ту еткен қайраткерлердің басты ұраны да қазақтың жаны тәуелсіздігін сақтау болды. Оны әрбір қайраткердің қиындыққа қасқая төтеп бергенін жырларынан, жазған шығармаларынан аңғарамыз. Алаштық идея арада ғасырдан астам уақыт өтсе де құндылығын жойған жоқ, жоймайды да. Өйткені алаш қайраткерлерінің ұстанымы мен ұстыны, рухы мен парқы тек елдік мұрат-мүдде жолында құрылды. Алаш қайраткерлерінің аңсаған арман, мақсаты өздері бар кезде орындалған жоқ. Ол мақсат қазақ елінің тәуелсіз ел болып құрылып, қалыптасуы болатын. Ұлттық рухы тәуелсіз елдің іргесін көтеріп, уығын қадауды мұрат тұтып сол жолда жандарын құрбандыққа қиды. XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының шоғыры қалыптасып, мемлекеттіліктің нығаюына бар күшін сарқа жұмсап еңбек етті. Алаш қаламгерлері елдің жоғын түгендеп, айналасындағы ат төбеліндей адамдардың қарекетінен гөрі тұтастай ұлттың уайымын алдымен ойлады. XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиет күрделі саяси-әлеуметтік мәселелерді алға шығарды, себебі бұл кезде қазақ қоғамының алдында өзінің болашағын таңдау, тәуелсіздікке қол жеткізу күн тәртібіндегі басты мәселе ретінде алға шыққан еді (Әбдиманұлы, 2010: 155)

Алаш зиялылары, ұлт қайраткерлерінің шығармашылығын оның ішінде елдік мұрат-мүддеге ойысқан, халықтық мақсаттың туын ұстаған шығармаларын бүгінгі заманның, яғни тәуелсіз елдің тәуменді емес ұрпағына оқыту маңызды. Маңызды ғана емес парыз деп айтсақ та асылық болмас.

Жалпы қазақ интеллигенциясы, оның ішінде қазақ руханияты, әдебиеті мен мәдениеті 1917 жылы өткен революциядан кейін де өзгеше сипат алып, даму жолына түсті. Орыс революциясының нәтижесінде саясат сахнасына шыққан топтар мен күштер өзіндік ұстанымдарын күштеп іске асыруға ұмтылды. Бірақ қазақ зиялылары осындай қысылтаяң шақта ұлтты ұйыстыратын да, ыдыратпай ұстап тұратын да оның тілі мен мәдениеті, әдебиеті, руханияты екенін айқын ұғынды. Алаштанушылар қазақ зиялылары өткен ғасырдың басында ұлттық мұрат-мүдде жолында екі үлкен шоғыр болып ынтымақты қызмет атқарғандарын айтады. Алаш зиялыларының мақсат-мүддесі бір еді, ол қазақ халқының мәдениетін өркениет көшіне ілестіру болды. Алаш қаламгерлерінің түгел дерлік бәрінің шығармаларына арқау болған тақырып та тәуелсіздік, еркіндік еді. Ұлт зиялыларының шығармалары бүгін де маңыздылығын жоймаған, ұлттық құндылықтарды айқындап тұратын көркем шығармалар болатын. Олардың шығармаларының қараңғы халықтың арасына кең тарап, танылуына «Қазақ» газетінің ықпалы зор болды. «Қазақ» газетінің Алаш қайраткерлерінің ағартушылық бағыттағы еңбектерінің таралуы жайында А. Әбсадық, Б. Боранбаева,

К. Мұхитов, Д. Легкийдің мақаласында жан-жақты талданған (Әбсадық, 2022: 1470-1481). «Қазақ» газетінен бөлек, «Ақ жол» газетіндегі материалдар да алаштықтардың негізгі мақсаты мен біртұтас ұлт болу жолындағы идеясының насихатталуына орасан зор ықпал етті.

Бұл жайында ғалым Д. Жақан «Алаш газеті» және ұлт мәдениеті» атты мақаласында: «Алаш зиялыларының қазақ халқының табиғатына тән өзіндік болмыс-бітімін бейнелейтін құндылықтарды сақтау мен болашаққа аманаттау ісіне қатысты ой-пікірлерін газеттің әрбір санында сыналап болса да енгізіп, кейде тура, бірде меңзеу, тұспалдау мағынасында жеткізіп отырған ізгі істері бүгінгі ұлттық руханиятты сақтау мен дамыту бағытында да маңызды рөл атқарады», - деген тұжырымын айтады (Жақан, 2024: 149).

Алаш қайраткерлерінің шығармаларын өткен шақтың дүниесі деп қарауға әсте болмайды. Өйткені бүгінгімен замандас, жалғас, біртұтас идея екені айқындалып отыр. Өйткені қазақтың таланттарын қалыптастырған алаштық идея ұлшылдық, отансүйгіштік, адамгершілік қасиеттерді жоғары қойды. Сондықтан да Алаш қайраткерлерінің негізгі ұстанымы ұлттық рухымызды қайрап, еңсемізді көтеруге ұйысты. Алашорда үкіметін құрушыларды да, алаш әдебиетіне өлшеусіз үлес қосқан зиялалардың да тәуелсіз қазақ елінің егемендігін алуына қосқан үлесі зор. Сондықтан да алаш қайраткерлерінің шығармаларын оқытудың маңыздылығы жоғары. Алаш идеясы ұлтты біртұтас етіп біріктіруші, бір идеяға ұйыстырушы екенін олардың шығармаларынан да айқын аңғаруға болады. Олар осы мақсатқа жету жолында жанын да қиюға әзір тұрды, тіпті солай болды да. Сондықтан да Алаш қайраткерлерінің кейінгі ұрпаққа аманаттап кеткен шығармаларын жаңғырту керек.

## **2. Материалдар мен әдістер**

Ғылыми-зерттеу мақалада Алаш қайраткерлерінің шығармаларындағы тәуелсіздік идеясы мен ұлттық құндылықтар мәселесі жан-жақты талданып, олардың кейбір ұмыт бола бастаған шығармаларына баса назар аударылды.

### **2.1 Зерттеу әдістері**

Алаш қаламгерлерінің ортақ сарындағы көркем шығармалары, өлең-жырлары, ондағы сөздік қолданыстарын талдау барысында салыстырмалы, герменевтикалық, тарихи-жүйелеу, интерпретациялық әдістері қолданылды.

### **2.2 Материалдарға сипаттама**

Зерттеуде материал ретінде алаш қайраткерлерінің ұмыт бола бастаған шығармалары қарастырылды. Алаш қаламгерлерінің кейінгі ұрпаққа белгісіз болып қалған немесе жинаққа енбей қалған әдеби мұраларын енгізу негізгі мақсат болды. Алаш қайраткерлерінің тәуелсіздік, еркіндік тақырыбында жазылып және зерттелген отандық ғалымдардың еңбектері алынды. Атап айтқанда алаштанушы ғалымдар М. Қойгелдиевтің, Д. Қамзабекұлының, Ө. Әбдиманұлы, Е. Тілешовтің, А. Ісімақова және т.б. ғалымдардың еңбектері қолданылды.

Алаш қаламгерлерінің шығармаларының зерттелуі жаңа бағытқа өзгерді. Алаш зиялыларының ұлт-азаттық идеялық зерттелуінің негізгі бастауында

Өмірхан Әбдиманұлының ғылыми зерттеу еңбектерінде дәстүрді жалғастыру мен жаңашылдыққа ден қою ой-сана тұтастығына, идеялық – көркемдік бірліктерін айтуға болады. Әсіресе, алаш қаламгерлерінің шығармашылық өмір жолы мен көркем әдеби мұралары, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мағжан Жұмабаевтың ортақ азаматтық жырлары топтастырылған. Дихан Қамзабекұлының алаш қаламгерлерінің шығармашылығын батыс және шығыс әдебиетінен бастау алады және алаш қаламгерлерінің батыс және шығыс әдебиеті мен мәдениетімен байланысты туған еркіндікті аңсаған шығармалары қарастырған. Қарагөз Тілешова алаш қаламгерлерінің ғылыми – зерттеушілік қырынан зерттеді. Алаштың бастауында тұрған ұлт зиялысы Әлихан Бөкейханұлынан бастаған. Алаш әдебиетін ұлт-азатық идеямен ұштастырып, көркем шығармаларды зерттеуде жаңаша көзқараста зерттеген.

### 3. Талқылануы

Қазақ тарихының тамыры мыңдаған жылдарға бойлайды десек, сол мың жылдық тасқа қашалып жазылған тарихымызды тірілтіп, таспалап жазған осы Алаш қайраткерлері. Сөзімізге ұлт зиялыларының шығармаларында қазақ тарихына қатысты ақтаңдақтардың ақиқатын арши отырып жазылған еңбектері. Алаш қайраткерлері қазақ халқының болмыс бітімін, саясаттағы өзіндік рөлін, азат ұлт, дербес мемлекет ретінде ұйыса алатынын паш етіп, сол жолға бастауға халықты үндеді. Осы жерде Алаш қайраткерлерінің мойнына үлкен аманат жүктелді. Себебі азаттықты аңсап, егемендікке ұмтылған қазақтың тарихында Алаш қайраткерлерінің бірігіп, бас көтеруінде, жұмылған жұдырықтай жұмыс істеген интеллектуалдық қабілет-қарымы жоғары топ болған жоқ. Қандай қиын-қыстау кезеңде де ұлт зиялылары елдің ертеңі үшін бастарын қатерге тіге отырып халықты оятып, соңынан ертуге бар күш-жігерін салды. Алаш қайраткерлерінің халықты еркіндікке бастаған шығармалары бүгінгі күнде де маңыздылығын жойған жоқ. Қайта тәуелсіз Қазақ елінің егемендігін нығайтушы жас ұрпақтың патриоттық рухын қайрай түсуде.

Академик, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Қойгелидев қазақ халқына жалпыұлттық деңгейдей ойлайтын, біртұтас ұғымды қалыптастыратын жалпыға ортақ тарих қажет деген пікір айтады. Сол біртұтас тарихтың өзегі қайсы? Бұл сұраққа тарихшының айтар ойы мынаған саяды. Алаш қозғалысы сол жалпыхалықтық тарихи дүниетанымдық көзқарастың өзегі. Қазақтың жанына қайрат, қуат сыйлаушы ол – ұлттық идея. Алаш ұлтты тұтастай бөлшектенбейтін жер деп ұғынғанда ғана ұлттық идея бас көтереді (Қойгелдиев, 1995: 296).

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы өзінің «Қалам қайраткерлері жайынан» деген мақаласында былай деп толғануы бекерден емес. «Қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілдету, ауырын азайту, жолына жұмсасқа мүмкін емес, кемшілік көрген жұрттан туып, кемшіліктен құтқаруды мақсат етіп, ылғи сол жолда жұмыс қылған қазақ қайраткерлері жұртшыл, ұлтшыл, яғни халқына жаны ашитын, халқының жаны ауырғанда бірге күйзелетін, бауырмал болмасқа тағы мүмкін емес» (Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы, 2007: 309).

Алаш қайраткерлерінің шығармашылығын сөз еткенде ең алдымен тілге оралатыны ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынұлы. 1909 жылы «Қырық мысал» жинағында, 1911 жылы жарық көрген «Маса» кітабында маса болып, қалың ұйқыда жатқан қазақты шағып оятып, халықтың көзін ашып, рухын оятуға күш салғанын аңғарамыз. Бұдан бөлек оқу құралдары, мектеп пәндеріне арналған кітаптары өз алдына бір төбе. Біз Алаш қайраткерлерінің шығармаларын оқыту бағытына басымдық бергендіктен мақаламыздың негізгі арқауын шығармаларға бұруды жөн санадық.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы өлеңдерінде және әдеби шығармаларында адамгершілікті, көркем мінезді ту етеді. Тура жолдан тайқымай, өзгенің ала жібін аттамай, Хақ жолымен жүру біздің парызымыз деп біледі. Алаш ардақтысының әдеби мұраларынан тек өзінің жеке басының қамы емес, халқының ертеңіне алаңдаған алаш ұлын көреміз.

Елім өз жерінде еркін өмір сүріп, еркін күліп жүрсе, жастарымыз білім алып, озық ойлы адам болса, онда біздің елімізді ешбір дұшпан баса алмайды. Сол жолда көп еңбек етіп, ертеңгі жастарға үлкен үміт артады. Ол туралы 1932 жылғы «Йа, Құдайым, аққа жақ» деген өлеңінде айтылған:

Өзіңе аян, мен нақақ.

Аққа деген сөзімнің,

Абыройын ашпай жап.

Аят пенен қадисте,

Адал ниет ақ іске.

Жаңылмасам жоқ еді-ау,

Жаза тартсын деген бап-

дейді. Елімізді қорғауда тек палуандар ғана емес, қазақтың би-шешендерін, батырларын, көсемдерін де күресіп, аман алып қалуға шақырады.

Қара палуан Жәнібек,

Қаз дауысты Қазыбек,

Жетім қалған халқыңа,

Тұлға болып артыңа,

Кім тиянақ, қазық ед.

Құнсыз болып еріміз,

Жесір болып жеріміз,

Мал менікі дей алмай,

Жан менікі дей алмай,

Итке де, құсқа азық ек.

Міржақып Дулатовтың 1909 жылы Қазан қаласындағы «Шарқ» баспасынан жарық көрген «Оян, қазақ!» деп аталатын туындысы қолдан-қолға өтіп кеңінен таралды. Еліміздің әр аймағындағы зиялы қауым өкілдері де бұл кітаптың оқылуына айырықша үлес қосты. Бұлар өздерінің оқуымен тоқтап қалмай кітапта көтерілген мәселелерді жұртшылықты да санасына сіңіре білді. Жалпы бұл кітап елі ішіндегі демократиялық лептің қарқын алуына себепші болды. Әрине тоталитарлық жүйеде

мұндай бағыттағы кітаптардың халық арасынан кеңінен таралып, қарқынды түрде насихатталуы биліктегілерге жаққан жоқ. Олай болатыны, бұл шығарма патша әкімшілігінің әміршіл жүйесін ашықтан-ашық сынаған шығармалардың жиынтығы еді. Осыдан кейін алдымен кітапты құрту, өртеу ел арасында таратпау ісі қолға алынды (Әбсеметов, Дулатова, 1991: 84).

Қазақ даласында небір нәубеттер де, зұлматтар да өтті. Қолдан ұйымдастырылған аштық бар, одан бұрын әр жылдары қайталанған жұттың да зардабы орасан болды. Міржақып Дулатовтың «Жұт» деген өлеңін оқығанда осынау қиын-қыстау күндердің қандай азаппен өткенін бағамдаймыз. Алаш қайраткері Міржақыптың халықты өнер-білімге баулып, оқуға үндеуінің негізгі мақсаты еліне адал қызмет ету болды.

Қазақтың лирик ақыны атанған Мағжан Жұмабаевтың та негізгі миссиясы ұлттық азаттық ағарту саласын сыналап болсын сауаттылықты енгізуге ұмтылды. Абай поэзиясының заңды жалғастырушысы талантты ақын батыс пен шығысқа алтын көпір орнатып, қазақ поэзиясын едәуір биікке көтерді. Мағжан Жұмабаевтың «Шын сорлы» деп аталатын өлеңін оқытуға болады. Неге? Себебі бұл өлеңі арқылы ақын ел ішіндегі әлеуметтік теңсіздікті еш қаймықпай ашық көтере білді. Одан бөлек өнер ізденіп, білім қууға үндейтін «Осы күнгі күй», «Қарағым», «Балалық шақ» деген атпен жарық көрген өлеңдері де құндылығын жоймақ емес.

«Қазақ» газетінің бетінде жарияланған Мағжан өлеңдерінің сезімді селт еткізер жан дауасы, сұлулықтың, сезімдердің мөлдір суреті десек те болғандай. Мағжанның нәзік сыршыл, сезімтал ақын екені белгілі. Бірақ оның жыр дестелерінде азаматтық әуез, саяси әуен басымдау жататын өлеңдері де жоқ емес. Дегенмен ақын сол өлеңдердің өзінде өлеңнің нәзік күйін сезім қытықтайтын әдемі үнін сақтап, мұнның өзін мың бояумен құбылтып, сан алуан сыр шертеді. «Сондықтан оның өлеңдері «Қазақта» көркемдіктің шырқау биік көрінісіндей болып, өлеңге ғашық оқырманның құмыға оқыр жырына, «сөзден сурет салар» үлгісіне айналды» (Тілешов, 2015: 658).

Ахмет Байтұрсынұлының жанкешті қадамымен жазылған хаттары сөзімізге дәлел бола алады. Оқу комиссариатында басшылық қызмет атқарып, лауазымға ие болып тұрғанынан қарамастан Смағұл Сәдуақасұлының да көксегені арманы қазақ тілінің мәртебесі кеңейтіп, дербестігін алу болатын. Тіл ұлттық руханияттың негізі арқауы, үзілмес өзегі екенін көпшілікке ұғындыруға ұмтылды.

Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Құдайберген Жұбанов сынды Алаш қайраткерлерінің оқу-құралдарын жазудағы ұстанған мақсаты, түйген ойы, көксегені бір ғана аманат еді, ол – ұлтының интеллектуалдық деңгейін көтеру. Оны Жүсіпбек Аймауытұлының кешенді оқыту яғни комплексті оқыту жолдары мәселесін көтерген мақалаларынан аңғаруға болады. Ал сол комплексті (кешенді) оқыту дегенді ұлт қайраткері былай тарқатады. «Комплекс деген не жалпы? Өмірдегі құбылыстарды, нәрселерді бір тақырыптың, бір пікірдің төңірегіне жинап, қосып, түйдектеп, біріктіріп оқытуды комплекс деп атайды. Одан да дәлелдеп айтқанда: Өмірде шын жоғалатын нәрселерді, құбылыстарды байланыстырып, ол құбылыстарды байланысқан, іліктескен, бір-біріне әсер еткен

қалпында араларындағы қатынасын зерттеуді комплекс дейді... Комплекспен оқыту кезінде «сабақты қысыр әңгімемен өткізу емес, баланың өзін еңбектендіріп, бірлестіріп, өз бетімен білім тапқандай қылу, оны естен шығармаңыздар» (Аймауытов, 2013: 380-384). Демек, Алаш қайраткерлерінің шығармаларын жас ұрпаққа оқыту арқылы олардың бойындағы патриоттық сезім, отансүйгіштік тәлім-тәрбиені де өрістеуге болады. Қазақ прозасында тыңнан түрен салып роман жанрында көш бастаған Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» өлеңін білмейтін жандар кемде-кем. Шынында да күншілдік, көреалмаушылық, балақтан тартып, аяқтан шалушылық өрге шығармайтынын жастардың санасына сіңіру үшін «Оян, қазақты» жазды. «Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты» деп ұран салған қайраткердің осы өлеңі қазақтың рухын оятты. Жастарды отаншылдыққа баулу, ұлтшыл етіп өсіру жолында «Оян, қазақ!» өлеңінің маңызы зор.

Алаш қайраткерлерінің арасында Ғұмар Қараштың да қазақ әдебиетіне қосқан үлесі зор. Ғұмар Қараштың Уфа қаласынан 1911 жылы басылып шыққан «Бала тұлпар» өлеңдер жинағы қазақ жастарының ұранына айналды. Бұл кітаптың рухшыл екенін аңғарған билік басындағылар түрлі жолмен таралуына тосқауыл қоюды да ойластырған. Бірақ қазақ қоғамының рухын көтеруді көксеген қайраткердің өлеңдері ел арасында кеңінен таралды. Ақынның осы жыр жинағына енген өлеңдерінің бірі «Замана» деп аталады.

Сол қоғамда болған жалқаулық, керітартпалық, көреалмаушылық, жастардың ғылымға, білімге ұмтылысының төмендігі, парақорлық, жалақорлықтың өршуіне қарсы тұратын шоғырдың өсіп жетілуіне үндейтін өлеңдер жазады.

Қазақтың жанды жері – жер мәселесі. Бұл бүгінгі күнде де өзектілігін жойған жоқ, керісінше маңыздылығын арттыра түсті. Ғұмар Қараштың өлеңдерінде де бұл мәселе қамтылған. Өткен ғасырларда қазақ жерін тілімдеп, бөліп алып күштеп тартып алу үрдісі қатты белең алды. Міне, осындай бассыздыққа жаны күйген Ғұмар Қараш ішкі наласын өлеңмен жеткізді.

«Аяғын қозғап баспасаң,  
Жүректен шыққан шын сөзді,  
Құлағына аспасаң,  
Күн ілгері қазағым!

Амандас еркін қонысқа» деп жырлаған «Замана жайынан» өлеңінде айтылған отанды сүю, туған жерді қадірлеу бүгінгі таңда да маңызды болып отыр.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының орыс ақыны И. Крыловтан аударған қырық мысал өлеңдері дәл осындай атпен басылып шыққаны белгілі. Одан кейін жарық көрген кітабы «Масада» ел тағдырына қатысты келелі мәселелер қамтылған өлеңдері топтастырылды. XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының түйіткілді мәселелерін ақын көзімен көріп, жүрегімен жырына арқау етеді. Ұйқыдағы қазақтарды оятудың жолы тек білім мен ғылым екенін аңғарған қайраткер маса болып көпшілікті оятқысы, санасын серпілткісі келгенін аңғартады.

Алаштың қайсар қызы Қазан төңкерісінен бұрын да оқу-ағарту ісіне араласқан қазақ қыздарының арасынан суырылып шыққан Нәзипа Құлжанованың шығарма-

лары еркіндікке, әлеуметтік мәселелерге, қазақ қыздарының білім алып, дала өміріндегі озбырлықтан құтылуға бағытталды. Нәзипа Құлжанованың көп еңбектері жарияланбай қалды, сондықтан алаштың ардақтысын өнерге қатысты тұлға ретінде көбірек танимыз (Жиреншин, 1971). Нәзипа Құлжанованың әдеби мұрасының жаңаша бағытта зеттеген Ә. Жиреншиннің, С. Бегалиннің зерттеулерінен көре аламыз. Нәзипа Құлжанова тек алаш қаламгері ғана емес, аудармашы, ұлт жанашыры, жазған көркем шығармаларының барлығы дерлік ұлт тәрбиесіне арналған. Қазақ қыздарының еркін, көзі ашық болып өсуіне бірден бір үлес қосқан ұлы тұлға.

Айгүл Ісімақованың «Жазған сөз жаным ашып Алашыма» деген келесі мақаласында дін тақырыптағы мына әңгімесі . Жиырма жыл бұрын қазақтың орысша сөйлейтін ақыны Италияда «Литературная газетаға» бір тілшіге сұхбат беріпті. Ол Ватикан папасының уағызын естіген жұрттың атынан таңданып, ризашылығын білдіріпті. Ал орыс тілшісінің «Сіз мұсылмандық насихатқа қалай қарайсыз?» деген сауалына: «Мен сонау 6-7 ғасырдағы ертегі сияқты діннің уағызынан гөрі, ХХІ ғасырдың ғылыми уағызына көбірек сенемін» депті. Ватикан папасының уағызына таңдай қағып, өзін ата дінінен жоғары санап тұрған қандасқа көп уақыт өкпелі болған қазақтар көп. Дегенмен оның кеңес заманындағы білімі атеистік екенін есте сақтауымыз қажет. Бірақ адамға Алла түйсік бермесе, ол қанша оқымысты болғанымен жер бетіндегі заттық әлеммен ғана шектеліп, аспандағы Көктің күмбезін көрмей өтеді екен. Адамзат ұстазы туралы мағлұматы болмаған замандасымызға не дейсің? Барлық қазақ оқығандары алғашқы білімін ауыл медресесінен, молдадан алған. Бес күндік өмірдің жалған екенін білген. Мұсылман болып туылу бақыт деп білген. Алаштың әбүйірі үшін қызмет еткен. Шаһидтік істерімен Алаш ардақтылары – ұлттық мүддені мемлекеттікпен бірлікте ұстана білген. Халқына қызмет ете жүріп алаш ұлдары Алаш ғылымын қалыптастырды: әдебиет, әдебиеттану, тарих, психология, педагогика, есеп, құқықтану, т.б. (Ісімақова, 2022: 304). Алаштың қайраткерлері дінді тек шығармаларында қолданған жоқ, сондай-ақ өмірлерінде де қолданып, мұсылмандық ұстанымдары болды. Алаш зиялыларының өмірі, ғылыми, саяси істері мен көркем туындылары осыны дәлелдеп тұр.

#### **4. Зерттеу нәтижесі**

Алаштықтардың көркем шығармаларындағы ортақ сарын еркіндік, бостандық үшін күрес, бұғауда жатқан қазақты рухтандырып, қалың ұйқыдан ояту болды. Алаш қаламгерлерінің күні бүгінге дейін табылып жатқан тың еңбектерін зерттеу бүгінгі күнде құнды дүние болып табылады. Төте жазудан түпнұсқасын тауып қана қоймай оның мағынасын ашып аударып күллі әлемге паш ету қажырлы еңбек.

Ұлт зиялыларының басты мақсаты мен міндеті қазақ қоғамын білім мен ғылымнан кенде қылмай, ұлттық рухтың құлдырамауын ту етіп, әрбір жазған көркем туындыларда көрсетіп отырды. Алаш қаламгерлерінің, атап айтсақ, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабаев, Нәзипа Құлжанованың ортақ шығармашылығында сарын азаттық, еркіндік, халықтың ауыр тағдыры суреттелген.

Алаш қаламгерлерінің шығармаларына сарында жазуы, ортақ сюжеттер мен ортақ мазмұнда болуына бірден-бір әсер еткен – дін тақырыбы. Шығыс руханияты адамды таза жолға жетелейді, адамгершілік тұрғысынан бір-біріне жақсылық жасауға ұмтылады, Аллаға жақын болады деп расымен де өзінің тарихын жоғалтқан халық бара-бара жер бетінен өзінің жойылып кеткенін де аңғармайды.

Алаш қайраткерлерінің шығармалары өткен ғасырдың 80-жылдарына дейін беймәлім, оқуға да, зерттеуге де белгілі бір деңгейде тыйым салынып, тосқауыл қойылды. Жылымық орнағаннан кейінгі жаппай ақтаудан соң ғана ұлт зиялыларының артына қалдырған мол мұрасын зерттеу, зерделеу ісі мықтап қолға алынды. Алаш қайраткерлерінің шығармаларының негізгі өзегі қазақ елін отарлық езгінің құрсауынан құтқаруға, дәстүріміз бен салтымызды замана икеміне қарай жаңғыртып мәдениеттің даму жолына түсуге бағытталды. Қазақстанның тарихын оқытқанда алаштану бағытын да қосымша кіріктірудің пайдасы орасан. Өйткені Алаштанудың да тарихын оқып білсе, еліміздің тарихының тамыры тереңде екенін аңғарады. Өзінің тарихын жетік білмеген ұлттың да, халықтың да келешегі кемелденбейді. Мұны ұлт көсемі, Алаш қайраткері Әлихан Бөкейханов та өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғанын, не істегенін бағамдай алмайды деп нақты айтқан.

Алаш қаламгерлерінің ұлттық рухани мұраларды байытатын әдеби, мәдени дүниелердің әрбірі жоғары бағаланып, қазақ еліне ғана күллі ғаламға таныстырылды. Ұлттың бірлігін нығайтатын, тәуелсіздікті ту еткен шығармаларды интеллектуалды деңгейде оқытуды негіз етіледі.

## **5. Қорытынды**

Ар білімінің жаршысы болған алаш қайраткерлерінің еңбектері олардың ұлтшыл бола алғанын әйгілей түседі. Сондықтан да шығармаларын оқыту арқылы бүгінгі буынды да ұлтшылдыққа, отансүйгіштікке тәрбиеленеді. Алаш қайраткерлерінің ұлтжандылыққа тәрбиелейтін көркем шығармаларын кешенді оқыту өскелең ұрпақтың жадында ұзаққа сақталатынын дәлелдейді. Алаш қайраткерлерінің кез келген шығармасы ұлттық рухты оятып, ұлттық болмысымызды айқындап тұрады.

Өткен ғасырдың басында тарих сахнасына шыққан Алаш қайраткерлерінің, ұлт интеллигенциясының еңбектері қазақ халқының сана-сезімін оятуға күш салды. Алаш қайраткерлері әрбір аймақта «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» бола білген газет, баспасөзді ашу арқылы, сол үнжарияның жетегімен елдің әлеуметтік тұрмысын, бұқараның жай-күйін жеткізуге мұрындық болды. Ауыр аманатты арқалаған қайраткерлердің ұлттық мұрат-мүдде жолында жанкештілікпен атқарған адал еңбектері ешқашан ұмытылмайды. Өйткені олар оқу-білімнің қандай ауыр екенін, қазақ халқының санасынан сауатсыздықты жояр болса, өзгелердің үстемдігінен кетпейтінін ұғынды. Соның негізінде оқу-ағарту саласын өрістете отырып мектеп оқулықтары, оқу-құралдары, зерттеу еңбектерін ғана жазып шектелген жоқ, әдеби туындылары арқылы да қазақ қоғамының санасына сілкініс әкелуге ұмтылды. Қарақан басының қамынан гөрі ұлтты шексіз сүйіп, елдің келешегі үшін басын қатерге тігу маңызды болды. Халықтың тағдырына алаң көңіл болып өткен



қайраткерлердің қай-қайсының да патриоттық рухтағы, елдік мүддеге үндейтін шығармалары өміршеңдігін жоймақ емес.

Бүгінгі күнде Алаш қаламгерлерінің ұмыт бол бастаған шығармаларын қайта оқыту мен жаңадан табылып жатқан тың шығармаларын оқыту қолға алынып отыр. Алаш қайраткерлерінің атқарған қызметі де, ұстанған бағыты да тек қазақ халқының келешегі үшін болғандықтан да ешқашан ұмытылмайды. Қайраткерлердің артында қалдырған мол мұрасын сақтап, келешек ұрпаққа аманаттап жеткізу борыш. Әдеби шығармалары арқылы да ұлттық сананы оятуға ұмтылды. Алаш қайраткерлерінің шығармашылығын оқығанда олардың арғы ұстанымы ұлттың келешегі екенін аңғару қиын емес. Ұлттық патриотизмді қалыптастырып, халықтың сауаттылығын арттырып, елді сүйетін ұрпақ тәрбиелеуге ұмтылған тұлғалардың шығармалары ешуақытта құндылығын жоймақ емес. Отарлық езгінің табанда қалған халқының келешегіне қайғырған жандардың шығармашылығы тәуелсіз Қазақстанның әдебиетіне қосылған жауһар деп қабылдасақ артық етпейді.

Алаш әдебиеті сонау ХХ ғасырдан басталып, әдебетке жаңа дем беріп, азаттық рухын көтеріп, тәуелсіздік тақырыбын ту еткен әдебиеттің бірі. Халықтың еркіндігін аңсаған, алаш қаламгерлері қызмет пен бірге халықтың ішкі толқынысы мен арманын бүге-шүгесіне дейін қалдырмай жазып жеткізді. Ұлттық рух оянып, тың тақырыптар жазылды. Алаш зиялыларының әдеби мұралары тереңнен зерттеліп, ұмыт бола бастаған жазбалары жаңғырып, алаш әдебиетін зерттеуге нық қадамдар жасалды. Тыйым салынған, проблема тудырған еңбектері тереңнен зерттеліп, жаңаша көзқараста қалыптасты. Алаш арыстарының ұлт-азаттық идеясы халықты оятып, күш-жігер беріп, құлдық санадан арылтып, әдебиеттегі тәуелсіздік тақырыбы кеңінен жайылды.

Алаш қайраткерлерінің ұлттың келешегіне қалдырған мол мұрасын оқыту парыз. Алаштың айбоз азаматтарының қазақ руханиятына қосқан қомақты үлесін құрметтеп, зерттеу-зерделеуге басымдық беру, насихаттауға күш салу әркімге де үлкен міндет. Жалпыұлттық деңгейдің дәрежесін көтеру алаштық рухты, алаштық идеяның тамырынан ажырамау қажет. Алаш ұраны қазақ ұраны.

#### Әдебиеттер:

1. Absadyk AA, Boranbaeva, Kabibek Mukhitov, Dmitry Maksimovich Legkiy. (2022). The Kazakh Newspaper and Its Opponents in Kazakh Society During the First World War // *Bylye Gody*. 17(3) — 1470 — Copyright © 2022 by Cherkas Global University Published in the USA Bylye Gody Has been issued since 2006. E-ISSN: 2310-0028 2022. 17(3): 1470-1481 DOI: 10.13187/bg.2022.3.1470 Journal homepage: <https://bg.cherkasgu.pres>
2. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре. – 1-кітап, 2007. – 309 б.
3. Әбдіманұлы Ө. ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің алғашқы кезеңі (1900-1940). – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 155 б.
4. Әбдіманов Ө. «Қазақ» газеті. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 237 б.
5. Әбсеметов М., Дулатова Г. Міржақов Дулатов шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. – 375 б.
6. Жақан Д.С. «Ақ жол» газеті және халық мәдениеті // «Керуен» ғылыми журналы №3, 84-том, 2024. – Б. 136-151 // <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.3-11>

7. Жиреншин Ә. Ақынды алғаш еске алғандар // «Қазақ әдебиеті» газеті, 21 маусым, 1971. – 5 б.
8. Жүсіпбек Аймауытов шығармалары. Алты томдық шығармалар жинағы. Комплекспен оқыту жолдары (оқу-әдістеме) мақалалар, хаттар. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – Б. 380-384.
9. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 296 б.
10. Тілешов Е. Қайнар: Мақалалар, сұхбаттар. – Алматы: Сардар, 2015. – 658 б.
11. Ісімақова А. Жазған сөз жаным ашып Алашыма. – Алматы: Дәстүр, 2022. – 304 б.

#### References:

1. Absadyk AA, Boranbaeva, Kabibek Mukhitov, Dmitry Maksimovich Legkiy. (2022). The Kazakh Newspaper and Its Opponents in Kazakh Society During the First World War // *Bylye Gody*. 17(3) — 1470 — Copyright ©by Cherkas Global University Published in the USA *Bylye Gody* Has been issued since 2006. E-ISSN: 2310-0028 2022. 17(3): 1470-1481 DOI: 10.13187/bg.2022.3.1470 Journal homepage: <https://bg.cherkasgu.pres> (in Eng)
2. Alash movement. Collection of documents and materials. (2007). – Almaty: El-shezhire. – Book 1, – 309 p. (in Kaz)
3. Abdimanuly O. (2010). The first period of Kazakh literature of the 20th century (1900-1940). – Almaty: Kazakh University. – 155 p. (in Kaz)
4. Abdimanov O. (1993). «Kazakh» newspaper. – Almaty: Kazakhstan. – 237 p. (in Kaz)
5. Absemetov M., Dulatova G. (1991). Works of Mirzhakov Dulatov. – Almaty: «Zhazushy» publishing house. – 375 p. (in Kaz)
6. Zhakan D.S. (2024). «Ak zhol» newspaper and folk culture// «Keruen» scientific journal 3 (84). – P. 136-151 // <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.3-11> (in Kaz)
7. Zhirensin A. (1971). Those who first remembered the poet. «Kazakh literature» newspaper, June 21. – 5 p. (in Kaz)
8. Works of Yusupbek Aimaurov. (2013). A collection of works in six volumes. Ways of complex teaching (teaching-methodology) articles, letters. – Almaty: El-zhezhire. – P. 380-384. (in Kaz)
9. Koygeldiev M. (1995). Alash movement. – Almaty: Sanat. – 296 p. (in Kaz)
10. Tileshov E. (2015). Source: Articles, interviews. – Almaty: Sardar. – 658 p. (in Kaz)
11. Isimakova A. (2022). The written word opened my heart to Alash. – Almaty. – 304 p (in Kaz)

**Г.А. Туякбаев<sup>1</sup>, А.Б. Жолмаханова<sup>2</sup>, Ж.Т. Ботабаева<sup>3\*</sup>**

<sup>1,2,3</sup>Қызылординский университет имени Коркыт Ата, Қызылорда, Қазақстан

E-mail: turmagambet@mail.ru, erke\_zh@mail.ru, janat\_kz\_83@mail.ru\*

ORCID: 0000-0002-5000-2122, 0000-0001-8273-7046, 0000-0002-8631-3619

## ПРОБЛЕМЫ ТЮРКСКОГО МИРОВОСПРИЯТИЯ В ФОЛЬКЛОРИСТИКЕ И ТОПОНИМИЧЕСКИЕ ЛЕГЕНДЫ

**Аннотация.** Советская политика способствовала дистанцированию тюркских народов друг от друга. Однако было много общих устных и письменных литературных источников, свидетельствующих об их родстве. В настоящее время назрела необходимость изучения истории и литературы, искусства и культуры тюркских народов с позиции тюркского мировосприятия. Одной из предпосылок переосмысления тюркской целостности и интеграции является фольклорное наследие, в том числе топонимические легенды, являющиеся объектом данной статьи. Для этого современной фольклористике необходимы новые направления и поиски. Тюркология, по сути, результативна только при параллельном рассмотрении таких областей науки как фольклористика, литературоведение, археология, история, этнография. Целью исследовательской работы является изучение проблемы отражения тюркского мировосприятия в топонимических легендах, которое игнорировалось в предыдущих исследованиях. И тем самым оно выступает как научное обоснование взаимосвязи и единства мышления тюркских народов. Наличие общих сюжетов топонимических легенд у нескольких тюркских народов (казахов, турков, азербайджанцев, кыргызов, узбеков, башкир и др.), несмотря на государственные, региональные, местные различия, показывает, что данную проблему можно обосновать только с учетом рассмотрения тюркского народного наследия как единого целого. В статье в первую очередь анализируются научные концепции известных ученых, касающиеся истории сбора и изучения фольклорного наследия тюркских народов и актуальных проблем отражения в нем тюркского мировосприятия. Выявляются современные перспективные направления изучения проблемы тюркского мировосприятия в фольклористике. Сюжетные линии, отражающие общее тюркское мировосприятие в топонимических легендах, рассматриваются с историко-типологической, историко-генетической и историко-сравнительной точек зрения.

**Благодарность:** Статья написана в рамках проекта AP19678046 «Казахские топонимические легенды за рубежом (Россия, Китай, Монголия): типология, генетика и поэтические особенности» на 2023-2025 годы, реализуемого при грантовом финансировании МНВО РК.

**Ключевые слова:** Тюркское мировосприятие, топонимические легенды, историко-генетический, типология.

**Г.А. Туякбаев<sup>1</sup>, А.Б. Жолмаханова<sup>2</sup>, Ж.Т. Ботабаева<sup>3\*</sup>**

<sup>1,2,3</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

E-mail: turmagambet@mail.ru, erke\_zh@mail.ru, janat\_kz\_83@mail.ru\*

ORCID: 0000-0002-5000-2122, 0000-0001-8273-7046, 0000-0002-8631-3619

## Фольклортанудағы түркілік дүниетаным мәселелері және топонимдік аңыздар

**Аңдатпа.** Кеңестік саясат түркі халықтарын бір-бірінен алыстатуға күш салды. Алайда, түбі бір түркі халықтарының туыстығын білдіретін ортақ ауызша және жазба әдебиет нұсқалары мол болатын. Қазіргі

уақытта түркі халықтарының тарихы мен әдебиетіне, өнері мен мәдениетіне түркілік дүниетаныммен қарап зерттеу қажеттілігі туындап отыр. Түркілік тұтастық пен интеграцияны жаңғыртудың алғышарттарының бірі - фольклорлық мұралар, оның ішінде осы мақала объектісіне айналған топонимдік аңыздар деп білеміз. Ол үшін бүгінгі фольклортану ғылымына жаңа бағыт пен ізденістер керек. Түркітану, шын мәнінде, фольклортану, әдебиеттану, археология, тарих, этнография сынды ғылым салалары қатар қарастырылғанда ғана нәтижелі болмақ. Зерттеу жұмысының мақсаты осыған дейінгі зерттеулерде назардан тыс қалып келген топонимдік аңыздардағы түркілік дүниетанымды зерделеу болып табылады. Сол арқылы түркі халықтарының ой-танымындағы өзара байланыс пен біртұтастықты ғылыми негіздеу болып саналады. Өйткені мемлекет, аймақ, тұрғылықты жер өзгешеліктеріне қарамай, топонимдік аңыз сюжеттерінің бірнеше түркі халықтарында (қазақ, түрік, әзірбайжан, қырғыз, өзбек, башқұрт т.б.) ортақ кездесуі халық мұрасын біртұтас алып қарағанда ғана ұлттық дүниетаным мәселесін негіздей алатынымызды көрсетіп отыр. Мақалада алдыңғы кезекте түркі халықтары фольклорлық мұраларының жиналуы мен зерттелу тарихына және ондағы түркілік дүниетанымның өзекті мәселелеріне қатысты белгілі ғалымдардың ғылыми тұжырымдарына талдау жасалынады. Қазіргі уақыттағы фольклорлық мұраларды зерттеудегі түркілік дүниетанымның перспективалық мәселелері анықталады. Топонимдік аңыздардағы ортақ түркілік дүниетанымды білдіретін сюжеттік желілер тарихи-типологиялық, тарихи-генетикалық және тарихи-салыстырмалылық тұрғыдан қарастырылады.

**Алғыс:** Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2023-2025 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру бойынша АР19678046 «Шетелдердегі (Ресей, Қытай, Монғолия) қазақ топонимикалық аңыздары: типологиясы, генетикасы және поэтикалық ерекшелігі» жобасы аясында жазылған.

**Кілт сөздер:** Түркілік дүниетаным, топонимдік аңыздар, тарихи-генетикалық, типология.

**G.A. Tuyakbayev<sup>1</sup>, A.B. Zholmahanova<sup>2</sup>, Zh.T. Botabayeva<sup>3\*</sup>**

<sup>1,2,3</sup>Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

E-mail: turmagambet@mail.ru, erke\_zh@mail.ru, janat\_kz\_83@mail.ru\*

ORCID: 0000-0002-5000-2122, 0000-0001-8273-7046, 0000-0002-8631-3619

## Issues of the turkish world in folklore studies and toponymous legends

**Abstract.** Soviet policy tried to alienate Turkic peoples from each other. However, many versions of common oral and written literature indicated their kinship. There is a need to study the history, literature, art, and culture of the Turkic nations from the perspective of the Turkic worldview. We believe that folklore heritage, including toponymic legends, which have become the object of this article, is one of the prerequisites for the revival of Turkic integrity and integration. For that, today's folklore science needs new direction and research. Turkic studies will be practical only if such fields of science as folklore, literary studies, archaeology, history, and ethnography are considered simultaneously. The research aims to study the Turkic worldview in toponymic legends, which previous studies need to address. In this way, it is considered a scientific justification of mutual connection and unity in the thinking of the Turkic peoples. Despite the differences in the state, region, and place of residence, the common occurrence of toponymic legend plots in several Turkic nations (Kazakh, Turkish, Azerbaijani, Kyrgyz, Uzbek, Bashkir, etc.) shows that we can justify the problem of national worldview only by looking at the national heritage as a whole. First, the article analyzes the scientific findings of well-known scientists related to the history of the collection and research of the folklore heritage of the Turkic peoples and the actual problems of the Turkic worldview. Prospective problems of the Turkic worldview in studying contemporary folklore heritage are determined. Plot lines representing common Turkic worldviews in toponymic legends are considered from historical-typological, historical-genetic, and historical-comparative points of view.

**Acknowledgments:** The article was written within the framework of the project «Kazakh Toponymic Legends Abroad (Russia, China, Mongolia): Typology, Genetics and Poetic Features» under grant funding of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2023-2025 (AP19678046).

**Keywords:** Turkic worldview, toponymic legends, historical-genetic, typology

## 1. Введение

1980-2000 жылдар аралығындағы қазақ бейнелеу өнерін жалпы қызықты және прогрессивті даму кезеңі деп бағалауға болады. Романтизм осы екі онжылдықта Қазақстан кескіндемесінде маңызды және ықпалды стиль болып қалыптасты. Алайда уақыт өте келе ол жаңа формалар мен интерпретацияларға ие болды. Суретшілер идеялар мен эмоцияларды зерттеуді жалғастырды, бірақ ұлттық бірегейлікке, мәдениетке және тарихқа қатысты заманауи тақырыптар мен мәселелерге кеңінен назар аударды. Олар әлеуметтік, саяси және экологиялық мәселелерге деген көзқарастарын білдіру үшін түрлі көркемдік құралдарды қолданды. Суретшілердің кейбіреулері романтизм дәстүрлерін дамытуда түстер мен пішіндерді қолданса, ал енді бірі символизм мен метафораға жүгінді.

Бұл кезеңдегі ұлттық романтизмнің негізгі тақырыбы – қазақ халқының мәдени мұрасын, оның тарихы мен дәстүрлерін сақтау. Осы кезеңдегі суретшілердің еңбектерінде халық қаһармандары мен тарихи тұлғалардың портреттерін, қазақ даласы мен тау жоталары бейнеленген пейзаждарды, сондай-ақ ұлттық аспаптардың, костюмдер мен әшекейлердің бейнелерін көруге болады. Суретшілер өз жұмыстарында ұлттық мотивтер мен ою-өрнектерді де қолдана отырып, ұлттық дәстүрдің қайта жандануына себепші болды. Суретшілер романтизм бағытының негізгі ерекшеліктерін зерттей отырып, кенеп бетінде жеке тұлғаға және оның ішкі әлеміне назар аударды. Романтикалық өнердің негізгі аспектілерінің бірі драмалық сюжеттер жасау болғандықтан, суретшілер өз туындылары арқылы эмоциялар мен тәжірибелердің қарқындылығын жеткізуге тырысты.

2000 жылдарда басталған мемлекеттік тапсырыстар негізінде жарық көрген суретшілер туындыларынан романтикалық стильде жаңаша үдерістің айрықша орын алғанын байқаймыз. Қазақ өнеріндегі алуан түрлі көзқарастардың, бағыттардың, көркемдік жүйелердің өзара үзенгі қағыстыруы, батыс өнерімен өзара байланыста дамуы бейнелеу өнерін жаңа сапаға көшіріп, жаңа деңгейге көтерілуіне себепші болды. Әлбетте, тәуелсіздік идеясы суретшілерге жаңа серпін берді, шығармаларына романтикалық рух дарытты. Сол себепті де егемендік алған жылдардан бергі қазақ бейнелеу өнерінің мақсат-мұраты, тынысы мен өрнек-айшықтары, орындалу техникасы мен атмосфералық көңіл-күйі де жаңаша болып қалыптасты. Осылайша, қазақтың ұлттық кескіндемесі әлемдік көркем мәдениеттің ұлттық дәстүрлері мен әдістерінің бірегей синтезі болып табылады, ол дамуын жалғастырып, әлемдік көркем мұра мен жалпы мәдениетке маңызды үлес қосады.

Ал енді мүсін өнеріндегі романтизм көріністерінің ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ, «Романтизм – бұл біздің заманымыздың адамдарын бейнелеу» деп Стендаль айтқандай, өз дәуіріндегі қоғамның өзекті мәселелерін көтере алған тұлғалардың көркемдік бейнесін өте өткір драматизммен, жоғары эмоцияда және аса күшті құштарлықта бейнелеу арқылы көрініс табады. Мүсін өнеріндегі романтизм де осындай кереғарлық заңдылығына негізделі отырып, екпіндеп алдыға қарай ұмтылған композициялық құрылым кейіпкердің ішкі жан дүниесі мен эмоционалдық жағдай арқылы тарқатылады. Мүсін өнеріндегі романтизм әдетте тарихи кейіпкерлер мен ұлттық маңыздылығы жоғары сюжеттерге негізделеді. Осылайшы бүгінгі күннің ең маңызды деген оқиғаларын ширықтыра шегіне жеткізе бейнелеу арқылы оны ертеңгі күннің тарихына айналдырады.

Мүсін өнеріндегі романтизмнің негізін қалаушылардың бірі тегі француз мүсінші «Марсельеза» туындысының авторы Франсуа Рюд. Оның шығармашылығында романтизм екпінді әрі қарқынды композициялық құрылыммен, әсерлі эмоционалдық жағдаймен және кейіпкерлердің іс-әрекеттерінің барынша жанды әрі экспрессивті шешім табуымен ерекшеленетін. Романтизм үшін аса маңызды саналатын аллегориялық бейнелер де оның шығармашылығында басты кейіпкердің бейнесі арқылы мейлінше көркем ашылған болатын.

Қазақ мүсін өнерінде өз шығармашылығы арқылы романтизмнің озық үлгісін көрсеткен мүсіншілердің бірі – Төлеген Сәбитұлы Досмағамбетов болды. Оның шығармашылығынан халыққа жол тартқан туындылары негізінен романтизмнің сарынымен айқын көрініс алады. Оны біз Алматы-1 вокзалының алдындағы «Әліби Жангелдиннің», Алматы қаласындағы оқушылар сарайының бақшасындағы «Ғани Мұратбаевтың», Қ.Сәтбаев атындағы политехникалық университеттің алдына орнатылған «Қаныш Сәтбаевтың, Талдықорған қаласындағы «Ілияс Жансүгіровтың», Көкшетау қаласындағы облыстық театр алдына орнатылған «Ақан сері» мен «Біржан салдың» және орталық алаңдағы Шоқан Уәлихановтың толық тұлғалық мүсіндерінің қайсыбірін алып қарасақта баппйқарымыз анық. Осы аталған туындылардың әрбіріне кейіпкер бейнесін романтизмге тән детальдарды

экспрессияда бере отырып оның ішкі жан дүниесі мен эмоционалдық жағдайын тарқату әдісі тән. Сонымен қатар толық тұлғалық мүсінде кейіпкер образын ашуда мүсінші әдеби поэтизациялауды және аллегорияны да пайдаланып, туынды мазмұнын одан бетер аша түседі. Монументалды мүсіндік туындыларда Т.Досмағамбетов детальға барынша мән бергенімен олар ешқашан мүсіннің силуэттік тұрғыда тұтас қабылдануына кедергі жасаған емес.

Романтизмнің айқын белгілерін «Шоқан Уәлихановтың», «Әліби Жангелдиннің», «Қаныш Сәтбаевтың» басын сәл төмен қарай еңкейтіп қабағын түйіңкіреп ойға шомқан күйі алдыға қарай адымдаған қозғалысынан байқаймыз. Ішкі жағдайдың толғанысы мен ой үстіндегі көңіл күйді автор «Шоқан Уәлиханов» мүсінде алдыңғы түмелері ағытылған мундирінің қайрылған жағасы мен етегі, мойнына таққан шарфының желбіреуі арқылы шешсе, «Әліби Жангелдин» мен «Ғани Мұратбаев» мүсіндерінде ол ауыр массалы дене тұрқын кубистік сом пішіндірге сыйдыра отырып, алдыңғы аяғын алдыға қарай адымдатқан күйі ұсталған салтанатты қаһармандық бейнесі арқылы ашқан. Қаныш Сәтбаев пен Ілияс Жансүгіров мүсіндерінде мүсіндік пішін силуэте өте әсерлі шешіліп, кейіпкердің ішкі жан-дүниесін арқасына желбегей жамылған польтосы мен костюмінің алдынан соққан желге желбірей түскен әрекеті арқылы айқындалған. Желбегей жамылған сырт киімнің бұлай экспрессивті желбіреуі арқылы мүсінші кейіпкер тағдырының қиын әрі драмалық тұстарын әсірелейтін романтизмнің белгілеріне жүгінеді.

Ал Көкшетау қаласындағы облыстық театрдың алдында орнатылған «Ақан сері «мен «Біржан сал» мүсіндері де осындай сипатта. Лирик ақын Ақан образын Төлеген Сәбитұлы кезекті шығармасын шығарар алдындағы толғаныс үстінде сомдаған Композиция күрделі ракурста латын S әріпінің пішінінде шешіліп, кереғарлыққа құрылған. Музыкалық шығармадағы драматизм ақын үстіндегі шапанының желбіреуі мен кейіпкердің алысқа көз тастауы арқылы тарқатылады. Осы жердегі композицияны толықтыратын келесі мүсін Біржан салға арналып, оның мағыналық және композициялық құрылымы кейіпкер өмірінің драмалық тұсын тарқатуға бағытталған. Автор Біржан сал өміріндегі қиындықтарды, өмірінің таргедияға толы тұстарын мүсіндік композицияда әдеби баяндау тілі мен символикалық белгілер арқылы сомдаған. Ағаш қазыққа қолы қайрылып арқанмен кеуде тұсынан бастап маталған әншінің бейнесінен өз заманындағы күрескер бенесін танимыз. Сол арқылы мүсінші оның қаһармандық сипатын айқындайды. Оның алдында шанағынан екі бөлініп сынған домбыраның жатуы арқылы мүсін композициясындағы драматизм одан бетер арта түскендей әсер қалдырады. Романтизмнің осындай поэтикалық сарында шешілген көлемді туындыларының бірі көп фигуралы композицияға негізделіп күрделі шешім тапқан «Ақан сері-Құлагер» композициясы.

Бурабайға барар жолдағы жазық алаңқайға орнатылған бұл мүсін композициялық құрылымы жағынан күрделі, көп тұлғалы туынды. Мүсін құрамы тұлпарға жас ерекшелігіне қарамай жеңіл мініп, домбырасын жүйіткіткен ақын Ақаннан, оның атақты қағанаты, бір мың үш жүз атты артқа салып, үш жүз атты Сағынайдың асында

басып озып, бүкіл жұртты таң қалдырған Құлагерден, құмай тазы Базаралыдан, бүркіті Қараторғайдан тұрады. Мүсінді қай жағынан алып қарасақ та ондағы қозғалыс күшті. Тұлпар, тазы, бүркіт бейнелерімен Ақанның серілігі ашылып, толыға түскен.

Көлденеңінен созыла түскен тұлпардың шабысы өте сұлу. Оның денесі алға қарай созыла түскендіктен бұлшықеттері тартылып, қозғалыс күшінен жиырылып нығыздалған. Бұл қозғалыс аттың аяқтары мен құйрық жалынан өз жалғасын табады. Осы қозғалысты оның алға қарай тартыла созылған мойны мен басы айқындай түседі. Бас сүйегінің еттері, әсіресе ауыз қуысы алдынан қарсы соққан екпінді ауаға үрленіп, тамырлары білеуленіп көрініп тұр. Ерен шабыстан танауы делбиіп, көз шарасы үлкейіп кеткен. Ал, едірейе қалған құлақтары желден ыға түскен.

Ақан Сері Көкшенің ұлы перзенті. Қазақ поэзиясы мен өнерінен белгілі ол өз дәуірінің дүл-дүл ақыны мен сазгері болған. Ақан образы сұлулықтың, мәңгі жастықтың символы. Ақанды есіне түсіріп, аузына алғандардың сөзіне қарағанда кәрілік оның сырт пішінін ғана емес, жалпы сыртқы тұлғасымен қоса миын да жаулап ала алмаған көрінеді. Ол қиын-қыстау заманда бабалар өнері мен серілікті жалғастырып, өмірдің мәнін содан іздеген. Әдебиетте болсын, бейнелеу өнерінде болсын Ақан образы осылай қалыптасты. Төлеген Досмағамбетовте Көкшетау қаласында орнатқан Ақан мүсінін осылай сомдады. Ақан бейнесі мүсінші шығармашылығындағы көп қозғалған тақырыптардың бірі. Көкшетау қаласындағы Ақанның толық тұлғалық мүсіні трагедиялық сипатта. Ол мәңгі тартыс үсінде. Өлім мен өмір, қуаныш пен қайғы, сұлулық пен сиықсыздық арасындағы күрес. Әдебиетте «Тарихи тақырыпқа арналған прозадағы көркем шындықты тірілтудің басты құралы ретінде қаламгерлер айтулы тарихи тұлғалардың, хан-батырлардың, би-шешендердің халық жадындағы образдарына жиі жүгінеді, сол арқылы олардың ауызекі сөйлеу машығын, баяндау тәсілдерін жиі пайдаланады.» – екен (Жанұзакова және т.б. 2024:179). Иә, шынында да шешендік өнер қазақ әдебиетінде, әсіресе тарихи шығармаларда көрермендерді автор жеткізген шындықтың маңыздылығына сендіруге көмектесті. Ал бұл әдіс бейнелеу өнерінде тарихи образдардың әсерлі іс-қимылы, бет-бейнесіндегі ым-ишарасы арқылы жеткізумен орын алмастырады. Мұндай «ым-ишаралар» мен экспрессивтілік тарихи оқиғалардың атмосферасын құруға және аудиторияны қызықтыруға көмектесті.

Мүсінші шығармашылығындағы өзекті, комақты да құнды жұмыстарының бірі – Ақан Сері-Құлагер мүсіндік топтамасы. Мүсінші Құлагер образын жасауда қазақ әдебиеті мен мәдениетінің бетке ұстар тұлғалары – Мағжан, Ілияс, Сәкен, еңбектеріне сүйенбеуі мүмкін емес. Әсіресе Ілияс Жансүгіровтің суреттеуі ерекше. Ал мына бір «Салпыйтып саптыаяқтай төменгі ернін», – деген теңеулер Құлагердің екшелеп айтатын ерекше белгілерінің бірі. Шебер бұны да өз назарынан тыс қалдырмайды. Мүсіндегі Құлагердің бүкіл сұлу сипатында мін болмаса да көзге танадай болып түсетіні де дәл осы ерні. Құлагердің екпінді қозғалысын Ақан Серінің жартылай жүресінен отырған кейпі тежейді және тұлпар бойындағы жеңілдікті баса түседі. Мүсінші бұл арқылы композицияны

бір тұғырға орнықтырады. Сонымен қатар ақын қолындағы домбыраның белсенді әрекет үстінде болуын демей түседі.

Алайда, аталған екі пішін де тұтас. Адам мен жылқы бір-бірінен ажыратылмай бір шеңберде алға қарай ұмтылған әрекет үстінде. Яғни, бұл адамның табиғатпен тікелей байланысты екенін нақтылай түседі. Оның үстіне мүсіндік топтама кеңістікке бай алаңқайда орналасқан. Осы орайда, мүсіншіні адам мен табиғат тақырыбы ерекше қызықтырғаны байқалады. Бұған адам мен тұлпардың бір композициялық шеңберде орналасуының өзі дәлел.

Мүсіндік топтаманың оң жақ қапталы құмай тазы Базаралының бейнесімен байытылған. Деректерде бұл тазыны Ақан Сайрат деген төреден алған деген мәліметтер кезігеді. Ол бір жылда тоғыз қасқырға дейін алғанға ұқсайды. Тазының жүгірісі Құлагердің шабысымен үндестік тауып бір ырғақта жасалынған. Оның қозғалысынан жеңілдік сезіледі. Бірақ адам мен тұлпардың алып денесі олардан әлдеқайда төменде орналасқан бұл жеңілдікті басып, орнықтырып тұр. Топтаманың аталмыш қапталында денелер бірінен соң бірі кезектестіріліп баспалдақ тәрізді орналастырылған. Яғни, пастамент, ит, жылқы, содан кейін барып ең жоғарғысында адам. Бұдан адам деңгейінің тірі тіршілік атаулыдан жоғары сатыда екенін ұғамыз.

Мүсін келесі сол жақ қапталынан, композициялық құрылымында силуэтті түрде жақсы шешілген. Адамның қозғалысымен оның шапанының желбіреген етегі және құс бейнесі бір-бірімен астасып жатыр. Бұл Көкторғай деген бүркіт Ақанның Зілғараның баласы Әділбек батырдан алған сыбағасы болатын. Халық аузында бүркіт бір жылда алпыс түлкі алған деген сөздер бар. Деседе, мүсіндік топтамадан бүркітті емес, одан көлемі жағынан әлдеқайда кіші қырғи құсты көреміз. Құс пен адамның портретінде драма мен үрейдің табы жатыр. Ақынның домбыра ұстаған қолдары арқылы бұл үрейлі күй бір нүктеге тұйықталса, желбіреген шапанының етегі оны дамытып, тарқата түседі.

Мүсінші ақынның үстіндегі киімін жалпылама бедерлеп, акцентті тек саптама етігі мен шапанына ғана берген. Саптама етігі арқылы ел ағасы жасынан асқан ақынның көңілінің әлі жас екенін, серілікті серік еткендігін аңғаруға болады. Ал, алуан толқынға түсіп желбіреген шапаны оның өмірінің қуаныш пен қайғыға толы қым-қиғаштығын астарлап жеткізеді. Басындағы ауыр салмақтағы, барынша қарапайым пішілген бөркі Ақан басына бұйырған ауыр өмірден хабар берсе, оның қарапайымдылығы ақсүйек тұқымынан шыққан Ақанның өмір бойы қара халық арасында өмір сүргендігін білдіреді. Мүсін бойындағы барлық белсенді қозғалыс адам портретіне жиналып, домбырада тұйықталады және де домбыра осы қозғалыстың демеуші күші болып табылады.

Композицияға тұғыр, тіреу қызметін шөп бейнесінде бедерленген көлемді, айналмалы рельефті плинт атқарып тұр. Оның қозғалысы жоғарыда баяндалған жылқының әрекетіне қарама-қарсы бағытта сомдалған. Бұл әдіс топтамада белсенді әрекеттегі денелердің шабыстары мен қимылдарын күшейте түседі. Мүсіннің өн бойында өтпелі ауа тесіктері көп. Ол біріншіден, жұмыстың тұтастай

массасын жеңілдетсе, екіншіден, оның әрбір бөлшегін айқындап көрсетеді. Бұл ауа ойықтары тұлпарға ауада шауып бара жатқандай, тіпті, ұшып бара жатқандай әсер қалдырады. Ал, пастамент қызметін ұзынша келген, көлемі тіктөртбұрышты, бір жағы қиғашталған, көлемді, қарапайым пішінді тұғыр атқарады. Ол композициясы динамика мен қозғалысқа толы мүсіндік топтаманы жан-жағынан жинақтайды. Сонымен қатар пішінінің қаталдығы жағынан мүсін композициясын ашып, топтаманың композициялық динамикасы мен пішіндік қозғалысын дамытады.

Т.Досмағамбетов бұл мүсіндік топтамасында дәстүрлі парадтық көріністерден бас тартып, композицияны еркін құруға көшеді. Алдына қойған негізгі мақсаты - Ақан образының тек серілік қырын ашу болып табылады. Сонымен бірге еркіндікті, бостандықты бейнелеуге талпынады. Мүсінші оны қозғалыс, пішін, композиция, образ арқылы ашуды негіздейді. Нәтижесінде, ел жұртқа өзінің дархан даралығымен белгілі болған-Сері Ақан образын ашуға негізделген, көлемді мүсіндік топтама, автор мен ақынның туған жерінің төрінен орын алады. Туған жер қашанда туған баласын шеттеткен емес. Әсіресе топтан озып, барша жұрттың жағдайын ойлаған ұлдарын тағдыр тепкісіне талай салса да тарих бетінен, абырой-даңқтың биігінен түсірген емес.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары мүсін өнерінде романтизмді өз шығармашылығында дамытқан мүсіншілердің қатарында Марат Әйнеков пен Өмірзақ Шанов болды. Марат Әйнековтың Желтоқсан көшесінің Қ.Сәтбаев көшесімен түйіскен жерінде орналасқан «Желтоқсан құрбандарына» арналған ескерткішінен де осы романтизмнің белгілерін айқын көреміз. Қоғамдық саяси жағдайға қарсы шыққан қазақ жастарының ерлігі мен рухын өскелең ұрпақтың жадында мәңгі қалдыру мақсатында орнатылған ескерткіш аллегориялық бейнелер мен пафосты салтанаттылыққа толы. Орталық негізгі фигура әйел адам бейнесінде шешіліп, жазықсыз жапа шеккен қазақ жастарының, олардың бейкүнә жандары мен қаһармандық ерліктерінің бейнесі іспеттес. Ал көгершіндер еркіндікке ұмтылған жастардың жанының символы және бейбітшіліктің белгісі ретінде тарқатылады. Ескерткіштегі кейіпкер киімінің өн бойындағы өткір сызықтар шашында және көгершіндердің қанаттарында бірізді қайталанып, желтоқсан оқиғасының ызғарлы қасіретімен ассоциацияланады. Ескерткіштің артқы жағындағы бедерлі мүсіннің сюжеттік қатарында 1986 жылғы орталық алаңда болған қайғылы оқиғадан үзінділер беріліп, олар кино лента секілді таспалы композицияда шешім тапқан. Мүсіндік композицияның артында ортасынан қақ айрылған символикалық мәні зор стелла орналасқан. Бұлда өзінің мән мағынасында осы желтоқсан оқиғасынан кейін Кеңес Үкіметінен бөлініп өз тәуелсіздігін алған еліміздің еркіндігінің белгісі іспеттес. Осындай символикалық белгілер мен аллегориялық бейнелер негізінде құрылған композиция егемендік жылдарындағы қазақ мүсін өнеріндегі романтизмнің өзіндік ерекшелігін қалыптастырды десек болады.

Станокті мүсін өнеріндегі романтизмді өз шығармашылығында дамытқан мүсіншілердің бірі Өмірзақ Шанов болды. Оның қондырғылы мүсін өнерінде



орындалған туындыларының басым бөлігіне психологиялық портреттер мен әбеди баяндау тіліне ие композициялар тән. Автор өз шығармашылығында станокті мүсіндерді орындауда миниатюралық әдісті пайдалана отырып гротескке де басымдық береді. Оның портреттік туындыларында сыртқы физикалық ұқсастықтан гөрі оның көркем шығармада суреттелген портретін айқындау үшін кейіпкердің эмоционалдық және психологиялық жағдайы мен көңіл күйін бет-әлпетті мейлінше әжуалау арқылы жүзеге асады. Тақырыптық туындыларында композицияны барынша ширықтыра отырып күрделі ракурстарда символикалық пішіндерге ендіре отырып мүсіндеу тән.

Қазақ мүсін өнеріндегі романтизм, жоғарыда айтылғандай, суретшілердің шығармашылық бағыты мен қолтаңбалық ерекшеліктері арқылы дамып, халықтың мәдениетін сақтап, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге ұмтылады. Бұл үрдіс белгілі бір уақыттың шегінде болғанымен, оның көрінісі жалпы ұлттық рухты жаңғыртуға негізделген. Мүсін өнеріндегі романтизмді зерттеу, оның тарихи дамуымен және белгілі бір кезеңдердегі шығармашылық бағыттармен байланыстырыла отырып, ұлттық құндылықтарға деген терең сүйіспеншілікті, сондай-ақ қазақтың тарихи және мәдени мұрасын бейнелеуді мақсат етеді. Мүсіншілер қазақтың бай мәдениетіне, ата-бабалардан қалған мұраға ерекше назар аударып, фольклор мен дәстүрге сүйене отырып, өнердің жаңа түрлерін жасап шығарған.

Ал ұлттық романтизм, әсіресе қазақ кескіндемесінде, фольклорға және дәстүрлі өнерге негізделген. Академиялық доктрина мен салон өнерінен ауытқып, суретшілер халықтың мәдениетін сақтап, оны жаңа формада ұсынуға тырысады. Бұл өнердің түрлері мен бағыттары арасындағы ұқсастық, әсіресе халықтың мұрасын жаңғыртуда көрініс табады. Мүсін өнеріндегі романтизм мен кескіндемедегі ұлттық романтизмнің арасында, қазақ халқының мәдениеті мен тарихына деген сүйіспеншілікті, ұлттық өнерді жаңғырту мақсатындағы біртұтас шығармашылық бағыттар қалыптасқанын көруге болады. «Қазіргі қазақ кескіндемесіндегі ұлттық романтизм белгілі бір дәрежеде алдыңғы бөлімдерде зерттелген қаһармандық жадымен тең түсуде. Бұл бағыттың өкілдері академиялық доктринадан, салоннан кетуге тырысады. Олар басты назарды халықтың дәстүрлі өнер түрлерін қайта жаңғыртып, фольклорға сүйене отырып, ұлттық стилді қалыптастыруға бағыттайды» (Культурная память как духовный ресурс национальной идеи «Мәңгілік ел» в современном изобразительном искусстве и архитектуре Казахстана., 2022:223 бет.) Иә шынменде, ұлттық романтизм өкілдері – қазақи мәдениет пен туған жерге деген сүйіспеншіліктерін, сондай-ақ ата-баба мұрасы мен қазақ елінің бай мәдени және тарихи мұрасын сақтауға және оны келешек ұрпаққа жеткізуге деген қызығушылықтарын фольклор мен салт-дәстүрге жүгіну арқылы көрсетеді.

Қазіргі таңда романтизм бағытында еңбек етіп келе жатқан суретшілердің бірі – Ж. Қайрамбаев. Оның шығармашылығы жұмбаққа, эмоционалды және сонымен бірге терең философияға толы. Суретші басты тақырып ретінде адамды ала отырып, оның әлеммен, табиғатпен, аспанмен және жермен өзара байланысын зерттейді.

Қылқалам шебері адамзаттың эмоцияларын, сезімдерін, құмарлықтары мен оны қоршап тұрған ортаны қабылдауды бейнелейтін ерекше көріністерді кенеп бетіне түсіреді. Шығармалары көрерменнің ішкі жан дүниесін қозғайтын терең руханиятқа толы. Ж. Қайрамбаевтың шығармашылығы адам жанының жаңа қырларын ашуға, оның құпиялары мен тереңдігін түсінуге үйренуге ұмтылатын романтизм идеяларын бейнелейді. Оның суреттері эмоциялар мен түйсіктің маңыздылығын, олардың жоғары құндылықтар мен философиялық идеяларды жеткізу қабілетін көрсетеді. Суретшінің ұлттық романтизм бағытында жасаған еңбектерінде терең метафоралық сипат бар. Себебі оның композицияларында нақты пейзаждардың көрінісі ғана емес, сонымен қатар табиғатты түсіну мен қабылдауды жоғары деңгейге көтеретін ғаламның және рухани әлемнің символдық көрінісі бар. Суретшінің шығармашылығы философия, дін мен өнердің тоғысуының бірегей үлгісі болып табылады. Сонымен қатар оның туындылары табиғат пен адамның ғарышпен және жоғары күштермен өзара байланысының символы болып табылады.

Көрермен көңілінен ерекше орын алған «Абай», «Яссауи», «Райымбек», «Кенесары», «Жамбыл», «Жалаири» сынды еңбектерінің әрқайсысында Ж. Қайрамбаев өз ұлтының тарихына бет бұрып, оны эмоционалды, жарқын бейнелеу формаларына айналдырады. Сонымен бірге ол өткеннің шынайы дәлдігін қайталауға тырыспайды, бірақ өз жұмысын символдық және философиялық терең мағынамен толтырады. Оның картиналарында адамдар, табиғат пен мәдениет біртұтас тұтастыққа біріктіріліп, қазақ халқының даналығы мен ұлылығын бейнелейтін әлемнің үйлесімді бейнесін жасайды.

Аталмыш бағытта өз шығармашылығын жасап келе жатқан келесі суретші – Әділғали Баяндин. Ол Ақтөбе қаласының тумасы, қазіргі таңда өз шығармашылығын елордамызда жалғастыруда. Суретшінің қазақи иіс айқын сезілетін картиналары өзінің ерекше бояу үйлесімімен таң қалдырады. Кенеп бетінде ерекше атмосфераны құру және көңіл-күйді жеткізу үшін түстерді шебер үйлестіре біледі. Ә.Баяндин жиі жылы, қанық реңктерді пайдалануы оның композицияларына жайлылық пен жылулық сезімін ұялатады.

Оның шығармашылығының ең басты ерекшелігі – кенеп бетінде ерекше әлемді туындата алауында. «Атамекен», «Кездесу», «Түркілер», «Астана», «Қыран», «Серуен», «Ана бақыты» атты туындыларында өылқалам шебері энергия мен күш-қуатты жеткізу үшін ашық, қанық түстерді, ал тыныштық пен нәзіктік сезімін беру үшін жұмсақ, пастелді реңктерді қолданады. Баяндин көрерменнің назарын аудару және шығармаларына ерекше тереңдік пен мәнерлілік қосу үшін контрасттармен шебер ойнайды. Нәтижесінде, Әділғали Баяндиннің суреттеріне қарағанда, көрермен өзін жайлы түстер мен таныс реңктермен қоршалған қауіпсіз әлемде тұрғандай сезінеді. Сондай-ақ оның кенептері көрерменді бір сәтке естеліктер әлеміне жетелегендей әсерге бөлейді. Суретшінің көпшілік туындыларына тән қасиет – адамның бет-әлпетін анық бейнелемейді. Дене тұрқында тек сұлбалап көрсетеді.

«Баяндин кенептері сонау уақыт өткелдері арқылы көрінген сағымға ұқсайды. Жақын түстердің бір-біріне көшуі байқалмайтын, кеңістік шекарасы тек кейде ғана түсті қалыңдатып жағу арқылы білінетін, жұмсақ жазылған дала мен шатқалдарының пейзаждық көрінісі оның кескіндемелік техниканы шебер меңгергенін көрсетеді. Қылқаламының жұмсақ әрі байсалды жағысы арқылы ол өзінің «тып-тыныш» табиғат көріністеріне қоршаған орта тіршілігінің біркелкі сарынын бұзатын адамдар мен жануарлар бейнесін енгізеді. Олар кеңістік пен уақытта бізден алыстап, тұманға сіңіп, тіршіліктің қайта қайталанатын шексіздігінің иллюзиясын жасай отырып, мәңгілік әсерін жеткізеді. Адам өміріндегі құндылықтардың, оның іс-әрекеті мен ұмтылысының таразысы секілді. Уақыт пен мәңгілік Баяндин кенептерінде көзге көрінерліктей болмаса да автордың ұстанымдарына айтарлықтай әсер етуші ең басты қозғаушы бейне ретінде көрінеді.» (Суретші Әділғали Баяндин жазған 7 картина., 2020). Бұл Баяндиннің туындыларын жаңа қырынан көруге мәжбүр ететін кенептің керемет сипаттамасы. Ә.Баяндиннің «Абыз», «Қобызшы», «Көш», «Шәмші Қалдаяқов» атты туындылары суретші шығармашылығының тереңдігін және табиғаттың сұлулығын ғана емес, оның адамға эмоционалды әсерін де жеткізе білуімен ерекше. Осылайша кескіндеме өнері көз алдымызда бізді мәңгілік әлемге апарып, құндылықтарымыз бен ұмтылыстарымызды бейнелейтін өмірдің шексіздігі елесін жасай алады.

Өз шығармашылығына қастерлі жылқы малын арқау еткен суретшілердің бірі – Нұрлыбаев Жеңіс Кәкенұлы. Жылқы тақырыбы қазақ өнері үшін қазіргі таңда аса маңызды әрі ауқымды тақырып. Себебі қайсы бір тарихи кезеңді қарасақта қазақ халқының өмірі мен тіршілігі жылқымен аса байланысты. Жылқы малы тектіліктің, еркіндіктің, бостандықтың символы және төрт түліктің төресі болып табылады. Суретшінің өзінің айтуынша ол жылқыны өзге суретшілер сынды адамның тақымының астында бейнелеген жоқ, керісінше туындысының басты кейіпкеріне айналдырып, жылқыны адам деңгейіне көтерген. Осы жылқылар тақырыбына арналған туындылар топтамасын суретші сәйгүлік семантикасы деп атайды. Туындыларды қылқалам шебері түрлі жазу техникаларымен көркемдей түседі. Оның ішінде Жұмақын Қайрамбаевтың қолтаңбасына тән ағызып жазу тәсіліне де көбірек жүгінеді. Суретшінің осы жылқыға арналған «Оралхан Бөкейді оқығанда», «Жасырынбақ», «Бұла мен бұлдырық», «Керме үзген», «Айнакөл», «Арбау өлең», «Кие» және т.б. көптеген туындыларын атап өтуге болады.

Барлық композицияларында жылқыны тек адамның досы, сырласы, саналы тіршілік иесі ретінде сомдайды. Сонымен қатар Ж.Кәкенұлының туындыларында адам жануармен, табиғатпен тығыз байланысты. Суретшінің колориты өте салмақты. Бояулар палитрасында қоңыр-қызылқай, көкшіл, ақ-сары және жасыл түстердің өзара үйлесімін жиі кездестіреміз. Туындыларға қарап отырып автордың кенеп бетіне жаққан әр бір жағысынан, әр бір штрихынан жаны рахаттанып, ләззат алатындығын анық байқалады. Композициядағы көріністен адамзаттың, жылпы тіршіліктің сыртқы кейпінен гөрі, ішкі әлемнің ой-толғаныстарына толы екенін аңғарамыз.

Қазіргі таңда романтизм бағытында еңбек етіп кел жатқан Қазақбай Әжібекұлы – талантты суретші ғана емес, сонымен қатар ұлттық тарих пен мәдениеттің нағыз қорғаушысы. Оның туындылары терең мағына мен тарихи құндылықтарға толы. Суретші туындыларын өз еліне және оның тарихына деген сүйіспеншілікпен және құрметпен жасайды және шығармашылығы біздің шығу тегімізді мақтан тұтуға, дәстүрлеріміз бен құндылықтарымызды құрметтеуге мүмкіндік береді.

Суретшінің «Алаш Орда» атты туындысы қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне терең енген. Қылқалам шебері ұлттың ұлылығы мен күшін өз жері үшін кез келген құрбандыққа баруға дайын алашордалық батырлардың бейнелері арқылы жеткізеді. Ренессансқа тұспалдау мен сызықтық перспективаны қолдану осы тұлғалардың тектілігі мен ұлылығының әсерін күшейтуге көмектеседі.

Жалпы композиция плакаттық сипатқа ие болып, коллаждандыру әдісіне жүгіну арқылы шешім табу арқылы қызықты визуалды әсер қалдырады. Түс схемасы мен контрасттар көрерменнің назарын аударады және эмоционалды шиеленіс пен оқиғалардың динамикасын жеткізуге әсерін тигізуде. Бұл өнер туындысы қазақ халқының тарихи өткенін көрсетіп қана қоймай, оның рухы мен батырлығын да бейнелейді, Суретші көрерменді шабыттандыратын және рухын көтеретін күшті және әсерлі туынды жасай алды деп толық айта аламыз. Шығармада суретші Алашордалықтар мен халықтың бейнесі арқылы сол кезеңдегі атмосфераны толық жеткізуге тырысқан. Кенеп бетінде жарқын көрініс тапқан көк түс алаштықтардың бойындағы рухани күш-қуат пен энергияны сезіндіргендей болады. Түстердің алуан түрлілігі де қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерінің байлығын көрсетеді. Сонымен қатар, автор Алаш-Орда мұрасын және оның болашақ үшін маңыздылығын жеткізу үшін, осы партия тарихының құпиясы мен ұлылығын сезіну үшін түрлі-түсті контрасттар мен реңктермен ойнайды.

Ал «Әбу Насыр Әл-Фараби» атты туындысында суретші әлемнің екінші ұстазы атанған түрік ойшылы Әл Фараби образы арқылы ғылымның дамуын көрсетеді. Қайта өрлеу кезеңінде ғылым мен білімнің жан-жақты дамуы орын алғандығын білеміз. Әжібеков өз туындысында ғылым мен білімнің дамуын адамзатты ұлықтау арқылы жеткізеді. Бұл туындыны Лоренцо Монако, Андрея Мантенья, Джованни Беллини, Пьетро Перуджино, Колантиноның, аннлтелло де Мессина, Паола Веронезе кескіндемелері және Альбрехт Дюрердің «Әулие Иерониум және арыстан» атты графикалық туындысымен салыстыруға болады. Жалпы әулие Иерониум шіркеу жазушысы, Киелі кітаптың канондық латын мәтінін жасаушы ғұлама болған. Мұнда неге әулие арыстанмен бейнеленген деген сұраққа дереккөздердегі жауап Иерониум мен арыстан туралы аңыз жауап бола алады.

Бұл көркем туынды адамзаттың білім мен ағарту, руханият және адамзат прогресі идеалдарын айқын бейнелейді. Әулие мен арыстан бейнесінің үйлесімі, сондай-ақ әр түрлі дәуірлер мен мәдениеттердің рәміздері мен көркемдік әдістерінің бірігуі туындының терең мағыналық деңгейін ашады. Автор адамның білім мен рухани дамуға ұмтылысын, сондай-ақ оның табиғатпен үйлесімді қарым-қатынасын

суреттей отырып, өнердің әлеуметтік және философиялық маңызын көрсетеді. Шығарма адамзаттың қоршаған әлемді өзгертуге, сұлулық пен үйлесімділік құруға қабілеттілігі туралы терең гуманистік ойды насихаттайды. Адам өзінің шығармашылық әлеуетін табиғаттың қамқоршысы, жаратушысы ретінде пайдалана отырып, қоғам мен қоршаған ортаны жақсартуға деген ұмтылысты бейнелейді. Туындының композициясы адамға әлемдегі ерекше рөл мен миссия берілуін, оның өзін-өзі жетілдіру және даму жолындағы терең мәнін көрсетеді. Осылайша, шығарманың гуманизм идеалдары мен шығармашылықты дамытуға шақыруы бүгінгі күнде де өзекті болып қалады.

#### **4. Зерттеу нәтижесі:**

Мүсін мен кескіндемедегі романтизм бағытының өзара байланысы қазақтың мәдениеті мен дәстүрін сақтап, оны заманауи өнер арқылы көрсетуге бағытталған ортақ көзқарас пен шығармашылық үрдістерінде жатыр. Бұл бағыттың дамуы Қазақстанның мәдени тарихымен, халықтың бай мұрасымен тығыз байланысты. Романтизмнің өнердегі көріністері суретшілердің шығармашылығында ұлттық құндылықтарға, фольклорға, дәстүрге деген терең құрметпен анықталады. Мүсін және кескіндеме салаларындағы романтизм өзіне тән ерекшеліктермен дамып, жаңа формада ұлттық мұраны көрсетуге ұмтылды. Мүсін өнерінде романтизмнің даму үрдісі, мүсіншілердің шығармашылық бағыты мен қолтаңбасына негізделі отырып, тарихи ескерткіштерді жаңғырту, халықтың тарихи және мәдени мұрасын бейнелеу мақсатында жүзеге асырылған. Мүсіншілер қазақ халқының бай мәдениеті мен дәстүрлерін өз шығармашылығында терең көрсете отырып, қазіргі заманның талғамына сай жаңа өнер туындыларын дүниеге әкелді.

Кескіндемедегі ұлттық романтизм қазақ мәдениетіндегі қаһармандық жадыны жаңғыртуға бағытталған. Бұл бағыттың өкілдері академиялық салон өнерінен бас тартып, ұлттық стильді қалыптастыруға, халықтың дәстүрлі өнерін қайта жаңғыртуға тырысты. Олар фольклор мен салт-дәстүрге сүйене отырып, қазақтың тарихи мұрасын келешек ұрпаққа жеткізуді көздеді. Заманауи қазақ кескіндемесіндегі романтизмге тән белгілердің бірі – идеализация және эмоционалды қабылдаудың жоғары тереңдігі. Романтизм кескіндемесі мәнерлілігімен және терең символизмімен ерекшеленеді, көбінесе тарихи сюжеттерді, табиғи пейзаждарды және халық өмірінің бейнелерін бейнелейді. Суретшілер романтикалық атмосфераны ашық және қанық түстерді қолдану арқылы, сондай-ақ объектілердің немесе сюжеттің жұмсақ және бұрмаланған формалары арқылы жеткізе алады. Сонымен қатар романтизм бағытының қазақ кескіндемесінде жиі қолданылатын тақырыптардың бірі – табиғат. Суретшілер табиғаттың сұлулығы мен күшін, сондай-ақ адамның онымен байланысын көркем пейзаждар, жарық пен көлеңке сиқыры, мистикалық және фантастикалық бейнелер сияқты романтикалық элементтерді пайдалану арқылы жеткізе алады. Осылайша, романтиктер үшін асқақтық олардың дүниетанымы мен шығармашылығының ажырамас бөлігіне айналды. Қылқалам шеберлері жанның, тарихтың және табиғаттың шындырына саяхат жасауға тырысты. Ал мүсін өнері

қазақ қоғамының мәдени және рухани аспектілерін көрсете отырып, эмоциялар мен идеяларды жеткізу үшін үш өлшемді кеңістіктің маңыздылығын атап көрсетеді.

### 5. Қорытынды

Қорыта келгенде, қазақ бейнелеу өнеріндегі романтизм үрдістерін нақты мындай ғана болды деп сипаттау қиын, себебі ол әр суретшінің өзінің жеке қолтаңбасы мен орындау техникасына байланысты түрліше көрініс тауып отырды. Романтизм дәстүрлерінің даму кезеңдеріне ортақ типологиялық белгілермен ғана жалпылама айта аламыз. Яғни мұндай қылқалам шеберлерінің туындыларынан авторлардың қоғамға деген наразылығын, өмірге деген сыни көзқарастарын, рухани азғындыққа деген іштей қарсылықтарын, азаттыққа ұмтылу идеясын, заман шындығынан аулақ кетуге деген ұмтылысты; арман мен қиялға ерік беру, өткенді дәріптеу арқылы тарихты қайта жаңғырту, соның негізінде фольклорға, тарихқа ден қою, қайғы-уайым, ғажайып жайттарға құштарлық пен әсірелеуге толы лирикалық сарындарды байқаймыз.

Зерттеу көрсеткендей, Қазақстан өнеріндегі романтикалық үрдістер ұлт бірегейлігінің қалыптасуына әсер ете отырып, қазіргі жағдайда да сақталып қана қоймай, дамып келеді. «Көркемөнердегі Романтизм бағыты ұлттық жаңғыру мен өнердегі ойларға сілкініс беретін бағыттардың бірі. Ұлттық өнердің жаңғыруында мәдени мұраны пайдалану, жасампаздығын көрсету қазіргі қоғам мен өнердегі негізгі мәселе.» (Берістен Ж. 2018:25). Сондықтан ұлттық өнерді сақтау және жандандыру мәдени мұраны сақтау мәселесіне ғана емес, сонымен бірге ұлттық бірегейлікті сақтау және ілгерілету құралына айналады. Суретшілер мен мүсіншілер қолданған тақырыптар мен көркемдік құралдардың алуан түрлілігі елдің мәдени мұрасының байлығын және оның әлемдік контекстегі маңыздылығын көрсетеді. Яғни, Қазақстанның қазіргі өнеріндегі романтизм феномені мүсін және кескіндеме арқылы ұлттық идеяны, мәдени мұраны сақтап, оны жаңаша көзқараспен ұсыну мақсатында дамып келеді. Бұл құбылыс өнер саласындағы шығармашылық еркіндік пен жаңа бағыттарды іздеу үрдісін көрсетеді және Қазақстанның қазіргі өнеріндегі ерекше құбылыс ретінде бағаланады.

### Әдебиеттер:

1. Батурина О. В. Пейзажная живопись Казахстана. – Алматы: Арекет, 2009. – 259 с.
2. Берістен Ж. Тұран романтизмі стилі – ұлттық өнерді жаңғыртудың өзіндік жолы. Central Asian Journal of Art Studies, т.3, № 3, 2018, <https://cajas.kz/journal/article/view/156>
3. Вакенродер В.-Г. Фантазии об искусстве. – М.: Искусство. 1977. – 68 с.
4. Грачёва С.М. Границы и горизонты реализма в современной петербургской живописи. Актуальные проблемы в теории и истории искусства. Вып.10. Percentile (Arts and Humanities: Visual Arts and Performing Arts) – 64, Quartile – Q1. СПб.: НП-Принт, 2020: 535-545. <http://dx.doi.org/10.18688/aa200-3-47>
5. Давыдова О.С. Динамика изучения символизма: российский опыт в контексте европейской традиции // Актуальные проблемы теории и истории искусства. сб.науч.статей. Вып.11. – СПб.: Изд-во СПбГУ, 2021. – С.743-756. // Actual Problems of Theory and History of Art. CiteScore 0,19, Quartiles Q 1. <http://dx.doi.org/10.18688/aa2111-07-60>
6. Жанұзақова Қ.Т. Қазақ әдебиетіндегі романтизм құбылысы және оның ұлттық ерекшеліктері Milli Kültür Araştırmaları Dergisi (MİKAD) Cilt: 2- Sayı: 1- Haziran 2018. ISSN: 2587-1331. 10-бет.

7. Жанұзакова Қ.Т., Ахетова М.Қ., Байбатшаева Ж. Қазақ прозасындағы шешендік сөз үлгілері. Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филологиялық серия. № 2. 2024. – 178 б.. ISSN 2710-3528
8. Культурная память как духовный ресурс национальной идеи «Мәңгілік Ел» в современном изобразительном искусстве и архитектуре Казахстана. – Алматы: Service Press, 2022. – 384 с.
9. «Марсельеза» Франсуа Рюда — главная романтическая скульптура Франции | Скрипка Энгра: об искусстве | Дзен <https://dzen.ru/a/ZPme376E2XPK6eeT>, 7 сентября 2023.
10. Суретші Әділғали Баяндин жазған 7 картина. 18.07.2020. <https://madeniportal.kz/article/5354>
11. Омеляненко М. В. Взаимодействие общего и конкретного в изобразительном искусстве романтизма. Вестник СПбГУКИ № 3 (28) сентябрь 2016
12. Панофский Э. Ренессанс и «ренессансы» в искусстве Запада. – М.: Азбука-классика, 2006. – 640 с.
13. Sharipova D.S. Mountain landscapes of Kazakhstan in the work of Aubakir Ismailov // *Iskusstvoznanie: teoriya, istoriya, praktika.* №3 (04). 2012. – P. 55-58 // [https://uyrgii.ru/sites/default/files/documents/iskusstvoznanie\\_dekabr\\_2012\\_0304\\_n.pdf](https://uyrgii.ru/sites/default/files/documents/iskusstvoznanie_dekabr_2012_0304_n.pdf) (impakt-faktor 0,017). ISSN 2227-2577. (in Eng.)
14. Шеллинг Ф. В. Философия искусства. – М.: Мысль, 1966. – С. 67-90
15. Шлегель Ф. Эстетика. Философия. Критика. Том первый. – М.: Искусство, 1983. – 33 с.

#### References:

1. Baturina O.V. (2009) Landscape painting of Kazakhstan. – Almaty: Areket. – 259 p. (in Russ)
2. Beristen Zh. (2018) The style of Turan romanticism is a kind of way to revive national art. *Central Asian Journal of Art History*, Vol. 3, No. 3, <https://cajas.kz/journal/article/view/156> (in Kaz)
3. Cultural memory as a spiritual resource of the national idea «Mangilik el» in modern fine arts and architecture of Kazakhstan. *Kollektivnaja monografija* (2022). – Almaty: Service Press. – 384 p. (in Russ)
4. Davydova O.S. (2021) Dynamics of the study of symbolism: the Russian experience in the context of the European tradition // *Aktual'nye problemy teorii i istorii iskusstva. sb.nauch.statej.* Vyp.11. – Spb.: Izd-vo SPbGU. – 743-756 p. // *Actual Problems of Theory and History of Art.* CiteScore 0,19, Quartiles Q 1. <http://dx.doi.org/10.18688/aa2111-07-60> (in Russ)
5. Grachjova S.M. (2020) Granicy i gorizonty realizma v sovremennoj peterburgskoj zhivopisi. *Aktual'nye problemy v teorii i istorii iskusstva.* Vyp.10. Percentile (Arts and Humanities: Visual Arts and Performing Arts) – 64, Quartile – Q1. Spb.: NP-Print, 535-545 p. <http://dx.doi.org/10.18688/aa200-3-47> (in Russ)
6. «La Marseillaise» Francois Ryuda — the main romantic sculpture of France | Ingres Violin: about art | Dzen (dzen.ru) 7 sentjabrja, 2023. (in Russ)
7. Omel'janenko M. V. (2016) The interaction of the general and the concrete in the visual art of Romanticism. *Vestnik СПбГУКИ № 3 (28) sentjabr.* (in Russ)
8. Panofskij Je. (2006) Renaissance and «renessances» in the art of the West.. М.: Azbuka-klassika.– 640 p. (in Russ)
9. Seven paintings by artist Adilgali Bayandin. (2020)18.07. <https://madeniportal.kz/article/5354>
10. Sharipova D.S. (2012) Mountain landscapes of Kazakhstan in the work of Aubakir Ismailov // *Iskusstvoznanie: teoriya, istoriya, praktika.* №3(04). – P. 55-58. // [https://uyrgii.ru/sites/default/files/documents/iskusstvoznanie\\_dekabr\\_2012\\_0304\\_n.pdf](https://uyrgii.ru/sites/default/files/documents/iskusstvoznanie_dekabr_2012_0304_n.pdf) (impakt-faktor 0,017). ISSN 2227-2577. (in Eng.)
11. Shelling F. V. (1966) *Philosophy of Art.* – М.: Mysl', 67-90 p. (in Russ)
12. Shlegel F. (1983) *Jestetika. Philosophy. Criticism.* Tom pervyj. – М.: Iskusstvo, 33 p.
13. Vakenroder B.G. (1977) *Fantasies about art* — М.: Iskusstvo. 68 p. (in Russ)
14. Zhanuzakova K.T. (2018) The phenomenon of romanticism in Kazakh literature and its national features. *Milli Kültür Araştırmaları Dergisi (MİKAD)* Cilt: 2- Sayı: 1- Haziran . ISSN: 2587-1331. – 10 p. (in Kaz)
15. Zhanuzakova K.T., Ahetova M.K., Bajbatshaeva Zh. (2024) Examples of eloquence in Kazakh prose. *Herald Toraiyrov University. Philological series. № 2.* – 178 p. ISSN 2710-3528. (in Kaz).

**A.E. Alpysbayeva<sup>\*1</sup>, S.A. Ashymkhanova<sup>2</sup>, M.A. Buribayeva<sup>3</sup>**

<sup>1,2</sup>*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

<sup>3</sup>*Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan*

*E-mail: <sup>1</sup>aygul.alpysbaeva.91@mail.ru, <sup>2</sup>Svetlana-1943@mail.ru,*

*<sup>3</sup>Buribayeva.mainura@korkyt.kz*

*ORCID: <sup>1</sup>0000-0002-5947-6084, <sup>2</sup>0000-0002-4167-6985, <sup>3</sup>0000-0002-2739-0905*

## **TRANSLATOR'S LABORATORY OR TRANSLATION HISTORY OF M. ZHUMABAYEV'S POETRY INTO ENGLISH**

**Abstract.** The article considers and presents to the domestic scientific community and the general reader the translation experience of Professor Timur Kocaoglu, who first translated the poetry of the Kazakh poet Magzhan Zhumabayev into English. Among the works of national literature, gradually translated from Russian into world languages so far, this is one of the few works translated directly from the Kazakh language, which has not yet received wide recognition. We can say that this is a breakthrough and important step in the direction of Magzhan studies, Kazakh translation studies and literature. That is why the aim of the study is to perform the poetic translation experience of a polyglot translator who spent more than a half century to render Magzhan's poetry in English. For this purpose, an interview was conducted based on open questions with T. Kocaoglu which solve the following tasks: to determine the background of the translation of Magzhan's poetry by the translator; to form a holistic picture of the translation process itself; to draw conclusions that will lead to deeper understanding of the nature of a poetic translation. Any translator faces linguistic, aesthetic and socio-cultural problems in literary translation. In particular, poetic translation requires a perfect language training, abilities and talent from the translator. Knowledge and study of the difficulties of a translation, special training and translation strategies, principles and solutions in the process of translating Magzhan's poetry, the master of words, into English is an invaluable resource for the emerging national society of translators. The first translations published in 1993 were discussed.

**Acknowledgements:** The research is funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Project No. AP19175235 "Linguopoetics of Magzhan Zhumabayev's poetry: translation features and strategies").

**Keywords:** poetry, language, translation laboratory, poetic translation, literary connections.

**A.E. Алпысбаева<sup>1\*</sup>, С.А. Ашимханова<sup>2</sup>, М.А. Бурибаева<sup>3</sup>**

<sup>1,2</sup>*Ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,*

<sup>3</sup>*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан*

*E-mail: <sup>1</sup>aygul.alpysbaeva.91@mail.ru, <sup>2</sup>Svetlana-1943@mail.ru,*

*<sup>3</sup>Buribayeva.mainura@korkyt.kz*

*ORCID: <sup>1</sup>0000-0002-5947-6084, <sup>2</sup>0000-0002-4167-6985, <sup>3</sup>0000-0002-2739-0905*

## **Аудармашы лабораториясы немесе М. Жұмабаев поэзиясының ағылшын тіліне аударылу тарихы**

**Аңдатпа.** Мақалада қазақтың біртуар ақыны Мағжан Жұмабаевтың поэзиясын алғаш рет ағылшын тіліне тәржімалаған ғалым, профессор Тимур Кожаоглудың аудармашылық тәжірибесі қарастырылып, отандық ғылыми қауым мен көпшілік оқырманға таныстырылады. Осы уақытқа дейін әлемдік тілдерге орыс тілінен сатылай аударылып келе жатқан ұлттық әдебиет туындыларының ішінде тікелей қазақ



тілінен тәржімаланған, әлі көпшілікке таныла қоймаған бірденбір еңбек. Қазақ аударматануы мен әдебиеті үшін, Мағжантану бағытындағы ірі, маңызы зор қадам десе де болады. Сондықтан да зерттеу мақсаты – Мағжан поэзиясын ағылшын тіліне аударуға жарты ғасырдан астам уақыт жұмсаған полиглот аудармашының поэтикалық аударма тәжірибесін зерттеу. Осы мақсатта Т.Қожағлымен ашық сұрақтар негізінде сұхбат жүргізілді, ол келесі міндеттерді шешеді: аудармашының Мағжан поэзиясының аудару алғышарттарын анықтау; аударма процесінің тұтас бейнесін қалыптастыру; поэтикалық аударма табиғатын тереңірек түсінуге жетелейтін қорытындылар жасау. Кез келген аудармашы көркем аударма барысында лингвистикалық, әдебиэстетикалық, әлеуметтік-мәдени мәселелермен бетпебет келеді. Әсіресе, поэтикалық аударма аудармашыдан әбден ұшталған тілдік машық, қабілет пен дарынды талап етеді. Мағжандай сөз өрнегі ерекше ақынды ағылшын тіліне тәржімалау барысында аудармашының басынан өткізген қиындықтары, арнайы дайындығы мен аудармашылық стратегиялары, ұстанымдары, шешімдері жайлы білу және одан сабақ алу қалыптасып келе жатқан ұлттық аударматанушылар қоғамы үшін баға жетпес дереккөз болып табылады. 1993 жылы жарық көрген алғашқы аудармалары талқыланды.

**Алғыс:** Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің қаржыландыруымен жүргізіледі (№AP19175235 «М.Жұмабаев поэзиясының лингвопоэтикасы: аударылу ерекшеліктері мен стратегиялары» жоба аясында).

**Кілт сөздер:** поэзия, тіл, аудармашы лабораториясы, поэтикалық аударма, әдеби байланыс.

**А.Е. Алпысбаева<sup>1\*</sup>, С.А. Ашимханова<sup>2</sup>, М.А. Бурибаева<sup>3</sup>**

<sup>1,2</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,

<sup>3</sup>Кызылординский университет имени КORKYT Ата, Кызылорда, Казахстан

E-mail: <sup>1</sup>aygul.alpysbaeva.91@mail.ru, <sup>2</sup>Svetlana-1943@mail.ru,

<sup>3</sup>Buribayeva.mainura@korkyt.kz

ORCID: <sup>1</sup>0000-0002-5947-6084, <sup>2</sup>0000-0002-4167-6985, <sup>3</sup>0000-0002-2739-0905

## Лаборатория переводчика или история перевода поэзии М. Жумабаева на английский язык

**Аннотация.** В статье рассмотрен и представлен отечественному научному сообществу и широкому читателю переводческий опыт профессора Тимура Коджаоглу, впервые переведшего на английский язык поэзию казахского поэта Магжана Жумабаева. Среди произведений национальной литературы, постепенно переведенных с русского языка на мировые языки до сих пор, это одно из единичных произведений, переведенное непосредственно с казахского языка, которое еще не получило широкого признания. Можно сказать, что для казахского переводоведения и литературы это большой и важный шаг в направлении Магжановедения. Именно поэтому целью исследования является изучение опыта поэтического перевода переводчика-полиглота, который потратил более полувека на перевод поэзии Магжана на английский язык. С этой целью было проведено интервью на основе открытых вопросов с Т. Коджаоглу, решающее следующие задачи: определить предысторию перевода поэзии Магжана переводчиком; сформировать целостную картину самого процесса перевода; сделать выводы, которые приведут к более глубокому пониманию природы поэтического перевода. Любой переводчик сталкивается с лингвистическими, литературоведческими и социокультурными проблемами при художественном переводе. В частности, поэтический перевод требует от переводчика отточенной языковой подготовки, способностей и таланта. Знание и изучение трудностей перевода, специальной подготовки и стратегий, принципов и решений в процессе перевода мастера слова Магжана на английский язык является бесценным ресурсом для формирующегося национального общества переводчиков. Обсуждались первые переводы, изданные в 1993 году.

**Благодарность:** Исследование финансируется Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (проект № AP19175235 «Лингвопоэтика поэзии Магжана Жумабаева: особенности и стратегии перевода»).

**Ключевые слова:** поэзия, язык, переводческая лаборатория, поэтический перевод, литературные связи.

## **1. Introduction**

